



Мәдениет



84(57003)7-5  
Ш134

# Казак айнасы

Өлеңдер мен поэмалар

ШАКЕРІМ  
•



АЛМАТЫ  
«АТАМЫРА»  
2003

ББК 84 Қаз 7-5

Ш 11

Пікір жазған – Серікқазы Қорабай, филология ғылымының кандидаты, доцент

Шекерим

Ш 11 Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 бет.

ISBN 9965-05-904-7

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихындағы ірі тұлғалардың бірі, Ұлы Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырған, эпикалық жанрдың дамуына үлес қосқан Шекерим Құдайбердіұлының бұл жинағына нақты өмір суреттерін, махабbat мәңгілігін, табигат өсемдігін өзек еткен, сондай-ақ ақылгөйлік, әлеуметтік-ағартушылық сипаттағы өлеңдерімен бірге «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Қодардың өлімі» және «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты эпикалық поэмалары берілген.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

III 4702250202-337  
418(05)-2003 хабарландырусыз-2003

499717

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-05-904-7

© Шекерим, 2003  
© «Атамұра» баспасы, 2003

# Өлеңдер

Қазақтың жайнар даласы,  
Жетілер оқып баласы.

## ЖАСТЫҚ ТУРАЛЫ

Гаунардай көзі,  
Бұлбұлдай сөзі,  
Жаннан асқан бір пері.

Жүзі бар айдай,  
Мінезі майдай,  
Өзгеден артық сол жері.

Дариядай ақыл мол еді,  
Жан ғашығым сол еді.

Ұжмақтың хоры,  
Іздедім соны,  
Тал бойының кірі жок.

Бойы бар сымдай,  
Белі бар қындай,  
Мүшесінің міні жок.

Қыз осындай болар ма,  
Оны сөккен онар ма?

Жаудырап көзі,  
Тамшылап сөзі,  
Жібектей шашын тараса,

Қалмайды халін,  
Шығады жанын,  
Қиғаштай көзбен қараса.

Бұл дүниеде қыз қызық,  
Бозбалада ой бұзық.

Сынаптай толқып,  
Тұлкідей жортып,  
Кетеді көніл өр жаққа.

Қырандай кағып,  
Алмастай ағып,  
Мұратын түгел алмаққа.

Ер талабы бос қалмас,  
Толқынды көніл тоқталмас.

Шырайың қашып,  
Асығып-сасып,  
                  Қыз үшін тұнде кезгенде,  
Бар малды салып,  
Шаруадан қалып,  
                  Серілер үйден безгенде,  
Қарамай үят, арына,  
Жанды қып жарына.

Акселеу мініп,  
Қылаңнан киіп,  
                  Қараған жанға көрінбей,  
Ізденіп жарды,  
Пида ғып жанды,  
                  Алыс деп ауыл ерінбей,  
Айлалы жолдас қасқа алып,  
Аң көрген лашын бастанып.

Ауылды барлап,  
Айнала шарлап,  
                  Баруға тұра бата алмай.  
Кезеңнен бағып,  
Жүрегін қағып,  
                  Далада шыдап жата алмай,  
Барып кел деп жолдасқа,  
Бір хабар алсақ болмас па?

Сып етіп жолдас,  
Дыбысы болмас,  
                  Сүр жыландай сусылдап.  
Ілеспей көзін,  
Әкелер сөзін,  
                  Тұрымтайдай қутындал:  
«Тілеймін тілек берсін, — деп, —  
Ер болса, үйге келсін», — деп.

Болды деп қын,  
Женілдеп киім,  
                  Шыр айналып үршықтай,  
Еппенен барып,  
Ынтасын салып,  
                  Тышқан көрген мысықтай.  
Кіргенде еріп есіктен,  
Болмаса жапсар, тесіктен.

Боз үйге кіріп,  
Буының құрып,  
Жарыңның барсан қасына,  
Сипалап жүріп,  
Төсегін біліп,  
Тигенде қолың басына,  
Ақылың кетіп, жан қалар,  
Ғашығың сонда аңғарап.

Колынан тартып,  
Білегін артып,  
Ақ тамақтан шөп етіп,  
Тал бойың еріп,  
Тілінді беріп,  
Сұлдерің қалар ес кетіп.  
А, дүние, дүние,  
Ақылға сонда кім ие?!

Есінді жиып,  
Иіскелеп сүйіп,  
Оған да көнілің басылмай,  
Тілекті алып,  
Тоятың қанып,  
Құйылып түскен лашындей,  
Арманың бітіп жымындал,  
Төсінде жатсан тынымдал.

Таң келсе қуып,  
Бой кетер суып,  
Енді қашан келем деп.  
Ал, жарым, қош деп,  
Пәлен күн тос деп,  
Тез келмесен, өлем деп.  
Болмады деп таң ұзак,  
Сол болар қайғың жалғыз-ақ.

Қысылып таңдан  
Ағарып қалған,  
Жатуға болмас жайланып,  
Қош айтып жарға,  
Амалың бар ма,  
Қайтуға енді айналып,  
Жатайын десен таң қыын,  
Тастайын десен жар қыын.

Боз үйден шығып,  
Дөң асып, бұғып,  
Ертіп алып жарынды,  
Шығарып салып,  
Аулаққа барып,  
Асыққа айтып зарынды,  
Кетесің таңнан тұра алмай,  
Жарыққа кайла қыла алмай.

Шыққан соң белге,  
Көз салсаң елге,  
Қарап түр өлі жарыныз.  
Жолдасқа айтып,  
Ат басын тартып,  
Жүгіртіп қайта барыныз.  
Бір сүйіп алып тамақтан,  
Асасың азар қабақтан.

## КӘРІЛІК ТУРАЛЫ

Бар болса білім,  
Сен сөйле, тілім,  
Жан менен дене бірінде.  
Ойласаң көңіл,  
Өзіңе женіл,  
Қайратың қалың күнінде.  
Жас көнілде жарық бар,  
Кәріде кемдік анық бар.  
Не шықпас жастан,  
Қайтпайды тастан,  
Ізденуге күшің бар.  
Сайрандал жүріп,  
Сансызды біліп,  
Қалыпсыз, қызық ісің бар.  
Жастықтан қызық іс болмас,  
Кәріде ақыл, күш болмас.

Қайратың қалып,  
Ақылдан танып,  
Кәрілік келсе басына,  
Көдірің кетіп,  
Заманың өтіп,  
Жан жуымас қасына.

Сезімсіз жаның  
Болады кәрілік белгісі.  
Оны да сезбей,  
Үмітін үзбей,  
Келмейді шалдың өлгісі.  
Алпыстан өрі бармандар,  
Аңдамай шал боп қалмандар!

## ЖАСТАРҒА

Кел, жастар, біз бір тұрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік  
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал енді, олай болса, кімді алалық?  
Қазакта қай жақсы бар көз саларлық?  
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,  
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!  
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!  
Жұз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,  
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!  
«Әдейі іздел біз келдік сізге» делік.  
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,  
Ақылынды аяма бізге» делік.

«Көп қуға көзінізді сұзбе» делік!  
«Ұқпас деп бізден үміт үзбе» делік!  
«Залымдар зан үйретіп адастырды,  
Бізді сал жөнделерлік ізге» делік!

Тапқан іске таласпай, шын көнелік!  
Жұртқа күлкі болмалық, жөнделелік!  
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,  
Өтірікке өлгенше, шынға өлеңік!

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,  
Әр тұрлі асылы көп өтпей жатқан.

Тегін білсөң – аласың, бос береді,  
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

Құрбыласы құлық пен айла бақкан,  
Олардан алдамшы деп көнлі қайтқан.  
Енді бізге ақылын көрсетіп тұр,  
Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан.

Алмасақ үміт үзер тағы жастан,  
Өлсек те үмтылалық осы бастан.  
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,  
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан.

Қой, ойлалық шатылып, шатаспастан,  
Онамыз ба Абайдан бата алмастан?  
Асыл алсақ, асылын аямайды,  
Келді ғой өз еліне сата алмастан.

Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан,  
Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан.  
Абай кетсе, осы елде кім қалады,  
Не табамыз наданнан сұранбақтан?

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,  
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.  
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,  
Мына заман көрсетер бізге тарлық!

Әзің біліп біреуге қылсан жарлық,  
Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық.  
Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,  
Мен де анаудай болсам деп таласарлық.

Үлкендерде мінез жоқ таңданарлық,  
Олардың қылған ісі ұрлық-қарлық.  
Арам ойды ақыл деп ардан күсіп, .  
Тұбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.  
Амалы жоқ, айналды енді бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық.

Пұл асылы табылса, қолға алалық,  
Кісі емес ескерусіз бос қаларлық.

Күнде осындай табылmas бізге басшы,  
Күн болса кейінгіде қозғаларлық.

Ақыл, білім осындай ар жактарлық,  
Айласыз, отірікесіз жаңа сактарлық!  
Үзіп-жұлып ұтсыз атанбай-ак,  
Ақылмен жол табалық ел бағдарлық!

Осыған қазақ бар ма жанасарлық,  
Ғылым, өнер, ақылмен санаасарлық?  
Жұрт алмаса, ақылын біз алалық,  
Өзгедей надан емес адасарлық.

Бұл елде түк ақыл жок жарасарлық,  
Рахым ғып бір-біріне қарасарлық.  
Өз Абайын өздері ұнатпайды,  
Шын надан осылар ғой біз қашарлық.

Мына жүртта мінез жок ойланарлық,  
Бізге де заман келер сайланарлық.  
Елге еріп есер, бәнгі атанғанша,  
Ой табалық жақсы атақ байланарлық!

Ақыл жок бұл қазакта ойға ұнарлық,  
Өзін-өзі тексеріп, бой сынарлық.  
Білім ізден білуғе кесел болар,  
Көрсекзызар, көзі ашық бос құмарлық.

Ойланар уақыт болды бас қосарлық,  
Дұспан көп енді бізге жол тоғарлық.  
Арамдықтан көнілді арылталық,  
Ақыл ойлап, алалға қол босарлық.

Мидағы ой-тамырға жол салалық,  
Жүрекке оймен сынап апаралық!  
Ак жүректің ғадалат қылған ісін  
Қабылдауға қызығып қозғалалық!

Жарасымды мінезді жатқа алалық,  
Жанға қас жамандықтан сактанаалық!  
Арсыз, ғайбат, өтірік, ынсапсыздық –  
Бұлардан бой тасалап акталалық!

Аспандап аса бермей шакталалық,  
Аласыздық, адалдық жақты алалық!

**Өтіріктен жалығып, өнер тапсак,  
Біз соңда жетілдік деп мактанаңық!**

**Хош енді, коп наланиның тілін алдық,  
Біріміңе бірімі үшіле салдық.  
Ой да жок, үят та жок, құнде аңдысып,  
Жүргенмен жагаласып не таба алдық?**

**Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,  
Құлық пен өтірікті сайлап алдық.  
Ынсан, рахым, үяттан жүген үстап,  
Өзіміз ең түбінде қайда бардық?**

**Елірдік, ерегістік, елді жардық,  
Байлаусыз пайдасы жок іс шығардық.  
Бүгін дос, таң атса қас бола қалып,  
Бұл еттік, мен болдым деп ат аларлық.**

**Тыным жок, тыныш жүріп мал бағарлық,  
Арыз бердік бас кетіп, айдаларлық.  
«Енді бізге ғадалат айта көр» деп,  
Өзіміз ақырында қайда бардық?**

**Бұл іспен бойға мактан кірді тантық,  
Әркімнің әлі бар деп алар аңдық.  
Женгеніміз желіктік желпен қағып,  
Женілгенді жер болған атқа тандық.  
Ортамыздан от жағып, өрт шығардық,  
Көре тұра құтырып, күйіп-жандық.**

**Қой, үйтпелік, өзіміз жарасалық!  
Наданмен неге бірге адасалық?!  
Жаман айла, жат мінез пайда бермес,  
Бойдағы мінімізге карасалық!**

**Жаман әдет тастауға ұнасалық!  
Мына мінез қалай деп сынасалық!  
Тұп-тура бетімізге айтысалық,  
Ашуланбай, ақылмен шыдасалық!**

**Арсыз, арам айланы тастасалық!  
Адал іске талаппен бастасалық!  
Неде болса білімді ізденелік!  
Надандықпен біржола қастасалық!**

Жалған айтып, біреуге жалынбалық!  
Біз, сірө, үлкендердей қағынбалық!  
Наданға өлсек-тағы бағынбалық!  
Өтірік, өсекке еріп сабылмалық!

Рахым жоқ, қанағат жоқ, арсыз болып,  
Жас бойға жаман атақ тағынбалық!  
Таза ойлап, татулық іс табалық!  
Жау жоқта, тіпті жауды сағынбалық!

Адалға әлімізше аяндалық!  
Арамға аяқ баспай шабандалық!  
Елемесен, есіне енбейді ақыл,  
Ескерсен, осы сөзім сендерге анық.

Болмас іске бұртандаң тырыспалық!  
Бетке айтқанның зәрі жоқ, ұрыспалық!  
Көзге жылпың көрініп, сыртқа қылпың,  
Артымыздан құр өсек қылышпалық!

Сөз байласақ, уағдада тұрысалық!  
Сыртымыздан жақсылық қылышсалық!  
«Қашқан – жаудан құтылар» деген қане,  
Надандықтан жиреніп, жылышсалық!

Білмегенді білуғе тырысалық!  
Жалқаулықты көнілден сырышсалық!  
Босқа күлген күлкіні күйлемелік!  
Шын ақылға мойынды бұрысалық!

Жақсы білім іздеуге жалықпалық!  
Табылмаса, тарығып, талықпалық!  
Салақтықты қоялық, сақ болалық!  
Білгенді, білмегенді анықталық!

Ғалым көрсек – өр істі сұрасалық!  
Ондейға басымызды құрасалық!  
Өстіп істеп өзіміз қамданбасақ,  
Бізге ақыл үйрете алмас мына халық.

Кейде бірге жүрелік, кейде ойналық!  
Ойнап, күліп, кешікпей ой ойлалық!  
Ойынымыз аз болсын, ойынымыз көп,  
Оймен талап етпеген іс қоймалық!

Күнде көздел, мінезді тексерелік!  
Айланы ақыл демей, сескенелік!  
Адалдың жолында өлсек, арман бар ма?  
Ақты аныққа шығарам деп көрелік!  
Кісіге оны бұрган өкпелслік!  
Тіл алса, «мұны қой» деп ақыл айтып,  
Тыңдамаса, жау көріп кектенелік!

Білімді неге бойға көп көрелік?!  
Ақтан тауып несіпті жеп көрелік!  
Артық ақыл ойланып таба қалсақ,  
Біз-дағы алушыға тек берелік!

Надандықпен қарнымыз тоқ демелік!  
Біз білмеген еш ақыл жок демелік!  
«Айланы ақыл, арсыздық әдеп қой» деп,  
Арамды адап, асылды бок демелік!

Ақылды сол – ынсан пен ар сақтайды,  
Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды.  
Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,  
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.

Жалғаншылар сөз айтса, «сырым» дейді,  
Біліп қойсан, «бұ да бір қырым» дейді.  
«Әншейін байқайын деп айтып едім,  
Өтірігімді үстап па ең бұрын? » дейді.

Надандар төрт аяқты малға үқсайды,  
Қаңғырған тамақ ізденеп аңға үқсайды.  
Өз бетімен табатын өнері жок,  
Талапсыз, өлі сүйек жанға үқсайды.

Бұлар – мәлім, сатып жүр, көрдің мұны,  
Болмайды кімге залал мұның түбі?  
Өздері біреуіне бірі сатсын,  
Алмалық біз қызығып енді осыны!

Сатады өтірігін шынға жастап,  
Жүрміз деп жарасымды өнер бастап.  
Айналасы белгілі, аз ақша ғой,  
Пәлшесін таусайық жыртып тастап!

Осы жұрт өтірікпен жүр ту ұстап,  
Айланы не қыламың берсе үстап?  
Күні бұрын ондайға жуымалық!  
Орын алғып, кетпесін бой қуыстан.

Айла орына ақылды жұмысталық!  
Өтіріктің орына Шың ұсталық!  
Жалған айттып, жан сатып, жалынбай-ақ,  
Тура жолда тұрып-ақ тынысталық!

Өз әкеміз айтса да ұнамалық,  
Ағамыздың сөзі дең тындаламалық;  
Үйреткені өнер мс, өрекет пе,  
Өзіміз ортамызда сынға алалық!

Олар бізге оқы дер қу болмакты,  
Уағасыз, жалғаншы су болмакты.  
Сыяз сайын әркіммен арпалысып,  
Күнде дау, күнде жанжал, шу болмакты.

Өнер қылма ар сатып, жалданбақты!  
Ұлық болып, елді жеп малданбақты!  
Біреуді жеп, біреуді табамыз ба,  
Қашан жақсы көруші ек алданбақты?

Өлсен де ондай сөзге құлақ салма!  
Ардан құсіп, ақылдан құры қалма!  
Әкен түгіл, арғы атаң айтса-дағы,  
Білімі жоқ наданның тілін алма!

Құлықты біз қылғанмен, ол қылмай ма?  
Бізге де өнкей надан жабылмай ма?  
Айла, арамдық, арсыздық, ынсансыздық  
Бізге бар да, өзгеге табылмай ма?

Жамандық күнә болып жазылмай ма?  
Адалдықпен жиған мал бағылмай ма?  
Уағашыл болған жан өле қалып,  
Өтірікші құдайға шағылмай ма?

Өмір өнбес бір күнгі қылған жалға,  
Көз тоймас үзіп-жұлып алған малға,

Жұрттың ісі неге жөн болмасын деп,  
Ой ұнамай, ондайға өлсөң нанба!

Мактанбалық айламен алдағанға!  
Надан боп, ұқсамалық айуан малға!  
Жан біткеннің бәріне жара салып,  
Жан сақтаған не болар жалғыз таңға?

Залалы тие берсе мұқым жанға,  
Рахымсыз, қайырымсыз боп қысылғанға.  
Не дүние, не болмаса ақыретте  
Болар-ақ бір тыындық шыбын жанға!

Залым кісі кірмейді тіпті санға,  
Сынайтұғын бір сыншы табылғанда.  
Білімдігің бит шаққан құрлы болмас,  
Тамам күнәң жиылып жабылғанда.

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?  
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайды?  
Көз жұмып, «Көппен көрген ұлы той» деп,  
Береді бұл надандық кімге пайда?

Білімдіге білімсіз бағынбай ма?  
Іздесе, пендеге жол табылмай ма?  
Ақты қойып, арамды әдет етсек,  
Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма?

Ажал оғы бір күні атылмай ма?  
Тура келсе, тіл тартпай қатырмай ма?  
«Әлхилла ассалата жаназа» деп,  
Ақ кебінге оралып жатылмай ма?

Қай пенде жолықпайды осындайға?  
Соны ойлап жүрегіміз шошынбай ма?  
«Дүниеде не қылдың, не койдың? » деп,  
Алдында неше жерде тосылмай ма?

Жатпалық жалқауланып тіпті жайға!  
Жайлы ақыл ойланалық жанға пайда!  
Кейінгінің қалмалық обалына!  
Сонда макұл боламыз бір құдайға.

Осы ел жүр өтірікті үнем қылып,  
Ақты қойып, арамға көніл бұрып.  
Кудырандап, ку, білгіш атанам деп,  
Шығарады бір пәле қарап тұрып.

Біреуіне біреуі қакпан құрып,  
Андаусызда кетем дер бір түсіріп.  
Біле сала қылады о да құлық,  
Аяғы сау жан қалмас сүйтіп жүріп.

Мақтанады жетілген кісімсініп,  
Кұлыққа қалыптын деп қатты ысылып.  
«Ел мінезі қолымда санаулы» деп,  
Жан біткеннің айласын өзі біліп.

Айтқанда өтірікті – судай жылып,  
Шынды ескерген адам жоқ көзіне іліп.  
«Кү» десен, құлағына бір кірмейді,  
Езуін тастар ма еді, сірә, тіліп!

Тоқталған бір пенде жоқ қыры сынып,  
Мойнына әбден алған сайтан мініп.  
Айтсан-ак, «анау кү» деп жымындейды,  
Софан ыза боласын іштең тынып.

Арамдыққа осы жұрт жүр үмсынып,  
Аздан бері тым кетті кулай ұрып.  
Білмегені білгеннің тілін алмай,  
Бәрі бірдей шулайды иттей үріп.

Бір күн біреу жалғанмен жүр құтылып,  
Біреу жүр айламенен үзіп-жұлып.  
Ертең көрсөн, екеуі қолға түсіп,  
Кескектеген тұлкідегі тұр тұтылып.

Арамдықтан шығады кім сыйылып?  
Бір желіксе, кетеді тым құтырып.  
«Жығылған жан күрескे тоймас» деген,  
Карта ойнаған кісідегі күнде ұтылып.

Абай жүр соны мазақ өлең қылып,  
Біреуі ұғар ма деп көзі ашылып.

Білмекке талап етіп көрейін деп,  
Шын сөзге көнілімді бөлейін деп.  
Надан болып қорлықты көргенімше,  
Естінің айтқанымен өлейін деп.

Үлкендер ұмтылмайды ұғайын деп,  
Мен-дағы бұл қылықтан шығайын деп.  
Айтқан сайын аяғын кер басады,  
Құлағына мактаны тығайын деп.

Құмары – қулықпенен жығайын деп,  
Айламен аялымға бүгайын деп,  
Бәрі ішінен қанжарын байланып жүр,  
Көрінгеннің көзіне сұғайын деп.

Халалға ойламайды шыдайын деп,  
Арамның түбі болар уайым деп.  
Күнде жау боп, күрілдеп, жұлысады,  
Тек отырған бір жан жоқ құдайым деп.

Байладым белді бекем буайын деп,  
Жүректі адалдықпен жуайын деп.  
Талпынған мақсат ізден маҳрум қалмас,  
Адамдық ғылым жолын қуайын деп.



Жаз келер, қысты құнгі қысым өтіп,  
Қар, сүық, аяз, боран – бәрі кетіп.

Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды,  
Бар құдай барша жанға рахым етіп.

Жетпекке үлкендікке жас балалар,  
Жүгірер қырдан ойға дүбірлесіп.

Шал-кемпір құншуақтап, көнілі жай боп,  
Өткен күн, өмірін айтып, күбірлесіп.

Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы туып,  
Қуанып ойнақтайды, олар да өсіп.

Сүйтсе де адам көзі бір тоймайды,  
Құдайым берсе-дағы қанша несіп.

## АРМАН

Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда,  
Тал гүлден, шалғын осіп, оналғанда.  
Көлбендең көкорайда құрілдетіп,  
Орақшы пішен шауып шөп алғанда.  
Бұлдірген, қаракатты тереміз деп,  
Қызы-келіншек сай-сайға жоғалғанда.  
Аулакта құмарымды қандырам деп,  
Асығы іздеп баар со барғанда.  
Оларға тал – шымылдық, шалғын – төсек,  
Басына жастық қылар томардан да.  
Көз тойып, көніл толмақ пенdede жок,  
Болады айрылған соң со да арманда.

Адамды, санай берсен, көп арманда,  
«Мінсіз бақ, сансыз дәulet» деп арманда.  
Жанның бәрін жалмайтын күш те керек,  
Айлакеске алдайтын еп арманда.

Ит пен қарға, шошқаға боқ арманда,  
Мергенге тұзу мылтық, оқ арманда.  
Тамақсыз, табысы жоқ көріптерге  
Жалғыз күнгі тамақтың тоғы арманда.

Жалаңашқа киімнің жоғы арманда,  
Тонғанға отын менен шоқ арманда.  
Талап қылса, табылар соның бәрі,  
Мал жаусын ба оларға жоғарыдан да.

Жасты көксеп кемпір мен шал арманда,  
Өсіп үлкен бола алмай бала арманда.  
Еркектей еркін өмір сүрмедік деп,  
Әйелдер де болады және арманда.

Тамам жанға бақ пенен мал арманда,  
Ұрыға жүйрік аттың жалы арманда.  
Жердің жүзін жесе де көзі тоймай,  
Патшалар да болып жүр әлі арманда.

Кербезге киімнің сәні арманда,  
Науқасқа жалғыз шыбын жаны арманда.

Кек қуған кер, ызакор, күншілдерге  
Жұтатын дұспанының қаны арманда.

Бағаласам, адамның бәрі арманда,  
Санай берсем, табылар сан арман да.  
Өзі білмес, білгеннің тілін алмас,  
Анық ойлап қарасам, өне, арманда.



Жиырма үш жасымда  
Бұл өлең жазылған.  
Табылмай басында  
Әзіне лайық өн.  
Мұнлы, күйсіз, жесір боп жатыр еді,  
Мінеки, ойланып, өз өні табылған.

Бақытсыз жүрегім  
Жаһындап жаңып тұр.  
Үмітті тілегім  
Орынсыз қалып тұр.  
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,  
Адасқан асығын мұнлы өнге салып тұр.

Көзіме көріндің  
Ашылмас сорыма.  
Байқамай іліндім  
Сиқырлы торына.  
Жаду көзің басымды айналдырып,  
Құрбан ғып шалдың ба жарынды жолында?

Кетпестей сөule бар  
Ойымда нұрынданан,  
Ол неге жоғалар,  
Айрылман мұнымнан.  
Қарақаттай көзіңмен қызықтырып,  
Ұстадың жанымды тұзақ қып тұлымнан.

Қадала қарайды  
Үңіліп маған жар,  
Жүректен тарайды  
Сондықтан мұнлы зар.

Жұзін көрмей тұрганда өлсем нетті,  
Енді жоқ жанымда жанбауға ыктияр.

Нұрындан нұр алып  
Аспанда жарық ай,  
Келеді қозғалып,  
Жақындал бері қарай.  
Аямадың өлер деп мен ғаріпті,  
Мейірімсіз сәулем-ау, сырынды айт, бұл қалай?

Өртеніп, жанды ішім,  
Ақыл жоқ бойымда,  
Кетсен де, сәулешім,  
Суретің ойымда.  
Нұрлы жүзің сипаттап зарланайын,  
Айтайын өлемнің істеген тойында.

Жібектей қап-қара,  
Таралған шашың бар,  
Бұлдырыс з тап-таза  
Жаралған басың бар.  
Қардай аппақ өжімсіз мандайың кең,  
Қынаптан суырған қанжардай қасың бар.

Кірпігің тізіліп,  
Миыма қадалар,  
Нұр көзің сүзіліп,  
Ойыма от салар.  
Сиқыр жүзің ақылды байлап алып,  
Тор шашың шырмалап, басымды нокталар.

Сүйем деп бір рет  
Келді жан ерінге,  
Сезіп тұр қасиет  
Аузындан, тегінде.  
Пәрменінді айт, шықсын ба, не қайтсын ба,  
Жолына құрбан бол, шыдап тұр өлімге.

Күн батып жоғалды  
Нұрындан ұялып,  
Жұлдыз бен ай қалды  
Сәулеңнен нәр алып.  
Жеті қарақшы айналып сені іздеп жүр,  
Бәрі де сені ойладап, мас болып сандалып.

Үркөр мен Таразы  
Шашуды шашуға,  
Шолпан да қарады  
Мауқын бір басуға.  
Темірқазық арқандап қос бозатын,  
Жаратып, ойы бар тойына қосуға.

Таң атты бозарып,  
Жоғалды жұлдыз, ай,  
Шыдасын о неғып,  
Есі ауып жығылмай.  
Тойға келген таң желі сыйырласып,  
Сызылтып ән салып, шырқады бозторғай.

Жүзінді көргелі  
Күн шықты қайтадан,  
Бір көріп өлгелі  
Ұмтылды бері таман.  
Бұлт перде бүркеніп сығалап жүр,  
Көз жасы – жаңбыр ғой, асық боп жылаған.

Гүл билеп жайқалып,  
Бұлбұлдар сайраған,  
Жорға су тайпалып,  
Бұрандап жайнаған.  
Жел мен бұлт – дуана, бақсы болып,  
Дүрілдеп, күрілдеп, от–қанжар қайраған.

Бұл өлем айланған  
Асық боп сен үшін.  
Шашыңа байланған  
Дертінің емі үшін.  
Ұят, ынсан бар ма екен, ойла, менде,  
Жаралдың деп білем, сәулем-ау, мен үшін.

Ақыл-ес сұрама  
Дуана сорлыннан,  
Менде ақыл тұра ма,  
Байқасан, порымнан.  
Жаным, тәнім еркінде не қылсан да,  
Өзінсің аямай өурелеп қор қылған.

Көнілде сәулемсін,  
Көздегі нұрым-ау.

**Ақылды астыртын**  
**Үрлаган, үрим-ау.**  
**Өмір бойы өртеніп жүргенімше,**  
**Не өлтір, не тірілт, осы шын сырым-ау!..**

## **АШУ МЕН ҮНСАП**

Білгенімді жазушы ем,  
Бекем буып белімді.  
Мінін айтып қазушы ем,  
Тұзетпек боп елімді.  
Бұлдарлық ой менде жоқ,  
Бұған шыққан терімді.  
Ұқтырарлық пендे жоқ  
Қате басқан жерімді.

Күні-түні ойланып,  
Жазудан да жалықтым.  
Газет, кітап қолға алып,  
Оқудан да талықтым.  
Ел тіліме көнбеді,  
Жыладым да қамықтым.  
Үмітсіздік дендеді,  
Зорықтым да шалықтым.

Бағасы бір халқыма  
Жабағы мен мамықтың.  
Нанбайды рас антыма,  
Қадірі мол танықтың.  
Айырмайды арасын  
Бұлдыр менен анықтың.  
Енді қайда барасың,  
Түрі мынау халықтың.

Айла таппай адастым,  
Қайғы артылып мойныма.  
Ақылымнан шатастым,  
Жас төгілді қойныма.  
Ойландым да толғандым,  
У жайылды бойыма.  
Мұндасуға қамданым  
Қайратым мен Ойыма.

Үміт үзген қорқақ Ой  
Дірілдейді қалшылдал.  
«Мүмкін емес, мұны қой», –  
Деп жалынды жалпылдал.  
Бір жағынан Еріншек  
Тағы келді салпылдал.  
«Болмаймын, – деп, – келіншек», –  
Ашу шықты арсылдал.

«Елді сөк те жаманда, –  
Деп үрысты Ашым, –  
Жамандықтан аман ба,  
Шыннан қалай қашуын? »  
Киын болды баяндап,  
Аяқты қалай басуым.  
Сабыр келді аяндал,  
«Жарамас – деп, – сасуын. –

Бәріне де хабар сал,  
Рахым, Ұят, Ар қайда?  
Қаруынды жиып ал,  
Құр ашудан не пайда?  
Қайратың мен Сақтығың  
Көріне ме маңайда?  
Өлше істің актығын,  
Ынсан бар ма онайда».

«Өңкей асау, мас халық,  
Бәрін бойдан қашырған.  
Көп наданнан жасқанып,  
Сорлың елге бас үрған.  
Рахым, Ұят, Арының  
Бетін топырақ жасырған.  
Қайраты қайтып көрінің,  
Қайғысын сүйтіп асырған».

Сабыр айтты: «Мына сын  
Сабырымды қайнатты.  
Өңкей ақымақ, шелді көз  
Ақты қайтіп жайратты?  
Мені ұстауға шыдай көр,  
Сүйтіп жұмса Қайратты.

Ыңсабына хабар бер», —  
Деп ақылды сайратты.

Қайратымнан қайтқанмен,  
Ол жуырда келсін бе?  
Келме деп те айтқанмен,  
Дедім: «Мені менсінбе!»  
Біреу шықты қабірден:  
«Баяғы сорым сенсің бе?  
Айрылмасаң Сабырдан,  
Мен келмейді дейсің бе?

Ұмыттың ба ескі жар,  
Аяқ бауым – Сабыр ғой!  
Сабырлы ер де менде бар,  
Ол екеуміз тамыр ғой.  
Қайраттанып шақырсан,  
Қаруларың қазір ғой.  
Бәрін кет деп ақырсан,  
Өзіңе қазған қабір ғой.

Ал ақылдас, бәрі бар,  
Дайын қылдым бәрін де, —  
Сақтық, Ұят, Рахым, Ар,  
Ыңсап деген көрін де.  
Біз тұрғанда арамның  
Дәм бола ма нәрінде?  
Қайғы емес қой наданның  
Тығылғаны әріңе».

Жан кіргендей қозғалдым,  
Тұла бойым шымырлап.  
Жан-жағыма көз салдым,  
Сөйлейін деп қыбырлап.  
Біреу келді жаныма,  
Құлағыма сыбырлап.  
Түртіп қалды саныма,  
«Сөйлеме, — деп, — жыбырлап. —

Және сөйлеп барасын,  
Жай отырсан нетеді?  
Өз мазанды аласын,  
Жан тыныштық кетеді.

Ауыр қайғы, терен ой  
Өкпеге зиян етеді.  
Тілімді ал да, мұны қой,  
Түбіне осы жетеді».

Жалт қарасам бетіне –  
Баяғы құрғыр Еріншек.  
Көзім түсті етіне,  
Бір уыздай келіншек!  
Құры көзбен қарасам,  
Қызығады ой тентек.  
Ақылмен өлшеп санасам,  
Қозады оған ескі кек.

«Ай, Еріншек, қара жұз,  
Не қылмадың сен маған?  
Енді менен күдер ұз,  
Жақында ма бер таман!  
Сенің қылған ісің ғой,  
Харекетсіз көп надан.  
Рахымы жоқ жәдігөй,  
Қойып едің кімді аман?

Жас күнімде ерінтіп,  
Шала қалдым ғылымнан.  
Жау қолында керілтіп,  
Женілдірдің зұлымнан.  
Өмір кесел, ұры, қар,  
Не табасың мұныңнан?  
Мені өлтірсе залымдар,  
Алушы ма едің құнымнан?!

Осы көрген көп бейнет  
Бөрі сенен емес пе?  
Былшылдамай әрмен кет,  
Болмас іске егеспе.  
Әлдекашан ант бердім  
Бал берсен де жемеске.  
Рахаттан да жалт бердім,  
Тыныштық бар демеске».

Кетті Еріншек өкпелеп,  
Қайта келіп қонбасқа.

Өкпеге тағы тепкілеп,  
Тарланды салдым болмасқа.  
Кеткенімен жұмыс жок,  
Қазақ ісі оңбасқа.  
Мен сорлыда тыным жок,  
Ақылдастым жолдасқа.

Сөйлесті бәрі сыйырлап,  
Мен отырдым тындауға.  
Жүрегім түр жыбырлап,  
Дәл тапқанда ымдауға.  
Ойлағанын бәрі де  
Ортаға салды шындауға.  
Қалжың емес, әрине,  
Керек десті шындауға.

Кейбіреуі майда айтып,  
Елжіретті, жылатты.  
Қайсыбірі қайғы айтып,  
Үміттің үйін құлатты!  
Айтып-айтып келді де,  
Бәрі Ынсанқа сынатты.  
Ынсан өлшеп көрді де,  
Былайша деп ұнатты:

«Ел санырау, надан ғой,  
Естіле ме құр айғай,  
Емделмеген адам ғой,  
Ем бола ма құр ойбай.  
Құлағы мен көзін аш,  
Оку оқыт, ғылым жай.  
Насихатты сөйтіп шаш,  
Соны жүрсің біле алмай.

Газетке жаз, кітап жаз,  
Бастыр, оқыт қазаққа.  
Мактағанға болып мәз,  
Қала берме мазаққа.  
Сусыз егін не шықсын,  
Сугар, шыда азапқа.  
Дәмін алып ел ұқсын,  
Сонда ұмтылар тамаққа».

Осы сөзді дұрыс деп,  
Жүрек сокты, құптады.  
Тұзу істі бұрыс деп,  
Ол жасырып, тықпады.  
Айқай салып бақырса,  
Ойсыз құлақ ұқпады.  
Қанша тұқым шашылса,  
Жер жыртылмай шықпады.

Жұқпайды екен айтқан сөз  
Ғылымы жоқ наданға.  
Кеудесінде болса көз,  
Жұғар сондай адамға.  
Ондай адам қазақтан  
Көп туса осы заманға,  
Босар еді-ау азаптан,  
Қазақ шығып самалға.

### ШАРУА МЕН ҮСЫРАП

Қайтер еді, жігіттер,  
Тым қымбатты кимесек.  
Мақтан үшін борышты  
Үсті-үстіне үймесек.  
Қаладағы байлардың  
Ыңғайына билесек.  
Аяғында қайтеміз,  
Банкрот боп құйресек.  
Орта кисек ұрса ма,  
Біз ешкімге тимесек.  
Бұзақылық емес кой,  
Құр нақақтан күймесек.  
Елтірі мен теріні  
Жақсы қылып илесек.  
Әрі берік, әрі жылы,  
Жыртылмайды сүйресек.  
Керім-кербез кей жігіт  
Жек көреді-ау бүй десек.  
Боламыз ба жазалы,  
Шаруаны сүй десек.

Әміркеннен мәсі-етік  
Парыз болып шықты ма?

Аяғынды зорлықпен  
Біреу оған тықты ма?  
Өні жылтыр болмаса,  
Опайкеден мықты ма?  
Етігіңден именіп,  
Жауын қорқып бұқты ма?  
Бұл расходқа еріксіз  
Бізді біреу сұқты ма?  
Науқас болып немесе,  
Қазаққа да жұқты ма?  
Киімі қымбат екен деп,  
Ешкім сенен ықты ма?  
Бұлды киім борыш боп,  
Алқымыңнан сықты ма?  
Орынсыз шашқан ысырап  
Абыройынды жықты ма?  
Ұрсыңқырап айттым-ау,  
Ерегіспей үқты ма?

Үш теңгелік сұкнодан  
Мәлескен берік емес пе?  
Сыпайы пішіп, жөн тіксе,  
Құба төбел демес пе?  
Шайды азайтып сүт ішсек,  
Жуытпай ма кенеске?  
Бал қоймай-ақ, май қойсак,  
Келген қонақ жемес пе?  
Мұнша неге құмармыз  
Тұбі пайда емеске?  
Шалқи бермей шамалан,  
Шаруа кетті келмеске.  
Күміс тұрман тағынып,  
«Мен қалаймын? » деп еспе!

Бәрі мақтан, бәрі борыш,  
Рас сөзге егеспе.  
Не деген мал шыдайды  
Бұл киюмен, бұл жеске?  
Өкінерсің, көрерсің,  
Не таңертен, не кешке.

Тұлкі тымак, сырты пай,  
Мойында бар ақ шарып.  
Қымбат ішік, қыл шапан,  
Папирос тарттым баптанып.

Бешбет, шалбар – сұннодан,  
Тігінші тіккен ақша алып.  
Күміс баулы сағатым  
Қойнымда жүр сақталып.  
Резенкеден калошым,  
Аяғыма шақталып.  
Ер-тұрманым жарқырап,  
Күміс жапқан қақталып.  
Куанып өле жаздаймын,  
Киіміме мақтанып.  
Үйткенменен бәрі – борыш,  
Құтылам ба ақталып?  
Пұл әпердім әркімге,  
Ерте ойланбай сақтанып.  
Бір күн осы кетеді-ау  
Шек-қарнымды ақтарып.

Кел, арзандау киелік,  
Кербездікті тұр қылмай.  
Ойланар кез болды ғой,  
Орынсызды құр қылмай.  
Сабын алып онан да,  
Үстімізді кір қылмай,  
Тазалайық денені,  
Сыртымызды сыр қылмай.  
Жалтырауық тағынып,  
Қылтиғанды қыр қылмай.  
Мазақтатып әркімге  
Өзімізді жыр қылмай.  
Пайдалыны бұл қазақ  
Не себептен тұр қылмай?  
Мақтан қуған елірме  
Шаруаны жүр қылмай.  
Бояу мақтан бола ма,  
Ішімізді нұр қылмай?  
Әтеміз бе осымен  
Жөнді жұмыс бір қылмай?

## АНЫҚ ПЕН ТАНЫҚ

Ойланыз ақыл, білім қайда болмак,  
Денеде қандай орын, жайда болмак?  
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,  
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмак?

Тән – сезіп, құлак – естіп, көзбен көрмек,  
Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.  
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,  
Жақсы, жаман өр істі сол тексермек.

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,  
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.  
Дәл солай қылайын деп ұнағанда,  
Ғаділетті жүргегің бір қозғалмақ.

Бір билік сол жүректен шығарылмақ,  
Денеге ол шымырлап әсер қылмақ.  
Ойынды дұрыс деме, теріс деме,  
Сол арасын анықтап байқа бірақ.

«Жарайды» деп, ұнаса, бас иземек,  
Жек көрсе, жиіркеніп дірілдемек.  
Жүрегіңің тілі жоқ, ымбалы сол,  
Ұғып ал да бола көр соған көмек.

Қазақта жоқ ақылмен ой бекітпек,  
Нәпсі ұнатса болғаны, бәрі бітпек.  
Тәуекел деп ат қойып ықтималға,  
Байлауы жоқ нәрседен пайда күтпек.

Табамын деп талпынып ойына алмақ,  
Өз әлінше о-дағы сынға салмақ.  
Аз ойланса қазақтың басы қатып,  
Зиян істі пайда деп қойып қалмақ.

Ықтималдың есігі екеу болмақ,  
Ішіне пайда, зиян – бәрі толмақ.  
Нысананы сығалап, дәлдеп атпай,  
Көзін жұмып оқ атқан қайтіп онбак?

Іс қылады таптым деп біздің қазак,  
Онан көрген пайдасы болады аз-ак.  
Аяғында ол ісі зиян шығып,  
Көрінгенге күлкімен болар мазақ.

Арам оймен ар сатып үзіп-жұлмақ,  
«Міне, пайда қылдым» деп мақтан қылмақ.

Біреу білген айланы біреу біліп,  
Өзі құрған дарына о да асылмақ.

Шолақ ойлап, шолтандап, сырттансымак,  
Аса мықты жан шығып көзге дым-ақ.  
Аударысып жүргенде ауып кетіп,  
Абыройың ашылар, байқа, шырак.

Шолақ ойдың аяғы осы болмақ,  
Біраз күнге көнілдің хоши болмақ.  
Арсыз, арам, асығыс, айлакерлік,  
Мұның бәрі шайтанның досы болмақ.

Құдай кешер, алла деп күнә қылмақ,  
Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ.  
Не жалғанда, немесе акиретте  
Оңалмастай өкпеден бір атылмақ.

### МАХАББАТ ПЕН ҚҰМАРЛЫҚ

Ашылған көз тұра ма бір зат көрмей,  
Миға хабар бермей ме түсі өзгермей.  
Әдейілеп көрейін демесен де,  
Қарсы алдыңа қоя ма түк кез келмей?  
Сол сықылды көнілдің көзі ашылса,  
Көп ойланып, қынға сермей-сермей.  
Білер, айттар, ойлатар, хабар жетер,  
Еркінді алар, сөйлетер тыным бермей.  
Ойдан маржан, меруерт төгілгенде,  
Отыра алар кім шыдап оны термей.  
Дағды қылсан, дап-дайын істің бәрі,  
Адамзат тұра алмайды әдетке ермей.  
Бал ашқан соң оп-онай бақсы болмақ,  
Ол қоя ма ғайыптан хабар бермей.  
Тоқты сойып дәндеген тоқтай алмас,  
Жылқы үрлағыш батыр боп о да елермей.  
Бір рюмкадан басталар маскүнемдік,  
Наша үстіне нашаға өрлей-өрлей.  
Ойласан, соның бәрі бір құмарлық,  
Куа бермей қайтеді тепши-терлей.  
Аздан кейін араны ашылады,  
Қаза берсе таусылmas шыққан кендей.

Жердің жүзін қыларсың бір-ақ уыс,  
Бәрінен де өзіннің кеуден қендей.  
Жын да жын, құмар да жын, мастық та жын,  
Өлең де жын, қоя ма бойды жеңбей.  
Шын құмар шымырлатпай қоймас сірә,  
Әр жерге соқтықтыраң аққан сендей.  
Әрине, бір құмарсыз өмір қаран,  
Ондай жанның тұра алмас оты сөнбей.  
Сөйтсе де ифрат<sup>1</sup> бар, тафрит<sup>2</sup> бар,  
Жарай ма соны айырып реттемей.  
Не қылсан қыл, адамға махабbat деп,  
Мейлің сөк, мейлің үйрет, айла ізденбей.  
Ол сүюің шын болсын, жалған емес,  
Бұлдыр болма өзіне-өзің сенбей.  
Дүниекұмар, залалкес бола қалсан,  
Өлімді ойла келерлік күні ертендей.  
Маған сөйтсе қайтер ем деп ойлашы,  
Адамның баласы ғой о да сендей.  
Шырактар, ең құмарың осы болсын,  
«Алла сүйсен, адамды сүй» дегендей.  
Құмарың бір, ісің көп болсын, жаным,  
Көпке құмар, еріншек болма мендей.  
«Молданың ісін қылма, айтқанын қыл»,  
Ерте сақтан әр іске өдеттенбей.  
Қапы қалсан, қайта оқып, тағы да ойла,  
Деп жүрме: сөзің қалды ішіме енбей.  
Ой құмар, өлең құмар, малға құмар –  
Бұл үш құмар қоя ма мені көмбей?  
Қайрат қайтса, амалсыз бәрі қалар,  
Қайран ой қартаяды-ау өзім өлмей.  
Ермегім жок, өлімнен үмітім жок,  
Қайтейін осындаймен көніл бөлмей.

## ДҮНИЕ МЕН ӨМІР

Білімділер насихат көп жазады,  
Адам үшін уайым жеп жазады.  
Байқап оқып отырсам, соның бәрі:  
Дүниені «сүм, алдамшы» деп жазады.

<sup>1</sup> Ифрат – тым артық (автор).

<sup>2</sup> Тафрит – тым кем (автор).

Мен-дағы тіршілікке қадам бастым,  
Рахат, бейнет, өр іске араластым.  
Өмір бойы қуанбақ жынды ісі гой,  
Кейде асып, кейде қашып, кейде састьм.

Рахат көрсем, сыйдырып мактанныма,  
Таласы бар кімнің деп тапқанымыма,  
Қарсы жалдап, қайрандап шыға бердім,  
Көнбедім деп жалғанның қаққанына.

Қайғы көрсем: «дүниенің жалғандығы, —  
Дедім, — алдап, мінеки, алғандығы».  
Ол не десең, бұрынғы жазғандардың  
Сөзі орнығып көніліме қалғандығы.

«Мен де соққы жедім, — деп, — сүм дүниеден»,  
Көп жазып ем, оныма өкіндім мен.  
Ойласам, көрген бейнет, тартқан қайғы  
Болыпты не біреуден, не өзімнен.

Дүниенің ол туралы жазасы жок,  
Біз сөкті деп тоқтай ма алла атқан оқ.  
Пәрменімен айналған шархи фәләк<sup>1</sup> —  
Күн мен ай, жұлдыз, әуе, жер менен көк.

Кімде-кім қайғы тартып, бейнет көрсе,  
Сүм жалғанның қылғаны бұл дей берсе,  
Әлбетте, бұл — тағдырға наразылық,  
Түбі аллаға қарсылық, ондайға ерсе.

Кім үйретті дүниені жамандатып,  
Оны сөгіп, өзінді амандатып?  
Мұны үйреткен — білімсіз шала молда,  
Қу қазыққа байлаған табандатып.

Кейбіреулер жазады «ку өмір» деп,  
«Тұрағы жок, алдамшы, су өмір» деп.  
«Көрген қызық, қылған іс — бәрі де ұмыт,  
Иә көленке, яки тұс, у өмір» деп.

Бұған да еріп көп жаздым түшіркеніп,  
Білімділер сөзі деп ентеленіп.

<sup>1</sup> Шархи фаләк — барша дүниенің айналасы (автор).

Өмір емес, алдаган өзінді-өзін,  
Пәленшекем айтты деп қалма сеніп.

Бұл екі сөз айтуға тым орайлы,  
Жүрекке өсер берер сонша жайлы.  
Терісті де дұрыс деп сендіретін  
Шешендердің келеді тілі ыңғайлы.

Дүние деген қызыққан ісің болса,  
Қызықтырған кім сені оған онша?  
Пайдасыз, баянсызын біле тұра,  
Куа бердің ойланбай неге сонша?

Өмір деген жастықтан қартаймақ па,  
Бейнет, рахат, байлықпен мал таймақ па.  
Боларға үмтүл, болмасқа қанағат қыл,  
Жала жауып, салынба жантаймаққа.

Өмір, дүние, жер мен көк, өткен заман,  
Ажал алмай қоймайды ешкімді аман.  
Өлмей, өшпей, қартаймай жүргің келсе,  
Ол – болмай ма тағдырды жамандаған?

Тумак, өлмек, қартаймақ болмай қоймас,  
Қанша қызық көрсе де, пенде тоймас.  
Сол тоймастық – дүниені жамандатқан  
Сен сөкті деп тағдырды қайта жоймас.

Бейнет көрме, біреуге бейнет берме,  
Дүние – алдамшы, өмір – қу деп елерме.  
Қамдан, сақтан, қағып бақ, бәле келсе,  
Бәрін құдай қылады дегенге ерме.

Қаза келсе, өзіннен, иә біреуден,  
Немесе бір нәрсенің себебінен.  
Дауың дұрыс бола ма, ойласаңшы,  
Өмір – қу, дүние – алдамшы дегеніңмен?

Дүние – алдамшы, өмір – қу есерлерге,  
Есерлікпен жолығар кеселдерге.  
Ол екеуі мінді емес, мін өзінде,  
Сөзің бөлек өзгеден десендер де.

## МАҚТАУ МЕН СӨГІС

Біреу сені мақтаса, қуанасын,  
Жамандаса, жабырқап, суаласын.  
Мақтаған кім, сөккен кім – онда ісін жок,  
Бәрібір сен де елірме дуанасын.

Дос мақтаса, не пайда онан саған,  
Дұспан сөксе, не кемдік көрдің жаман?  
Шын сөзбенен мақтаса иә боктаса,  
Мақтау – пайда, зиян ба жамандаган?

Бойда жоқпен мақтаса, яки сөксе,  
Қуанбақ, не кейімек өзіңе еп пе?  
Ғаділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын,  
Солар сөкпес іс қылар жолды көксе.

Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін,  
Дұспан мақтар елірте бермек үшін.  
Есептемей есірік елің мақтар,  
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.

Бұл үш мақтау берер ме саған пайда,  
Мақтаулыны білерлік адам қайда?  
Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік  
Жол тап-тағы ақылды солай айда.

Кейде дос та жамандар жоқ нәрсе үшін,  
Дұспан сөгер сыртыңнан қайрап тісін.  
Өнері жоқ, өсекшіл ел жамандар,  
Өтірік пе, рас па, көрмей ішін.

Келер-кетер зиян жоқ мұнан тағы,  
Мін болмайды наданның қорламагы.  
Білімділер сөгерлік ісің болса,  
Жоғалта бер, айласын ойла-дағы.

Түйіп айтқан талассыз мақтау, боктау,  
Жақсы іске – ындын, зиянға салар токтау.  
Көп наданның сөзімен құйқылжысан,  
Сен де жынды боласың есі жоқтау!

## МІНДЕУ МЕН КҮНДЕУ

Көп сөз айткан бұрынғы білімділер,  
Пайдалансын, үқсын деп кейінгілер.  
Сынға салып талғамай талапты жас,  
Соның бәрін қатесіз жөн деп білер.

Олай емес, ойласаң, талай мін бар,  
Бұрын шын, қаталы шын, анық шын бар.  
У берді ме сусын деп, су берді ме,  
Көзің жұм да жұта бер деген кім бар?

Кім айтса да сынамай қойма, жаным,  
Ақылыңа сынатып ойла, жаным.  
Пәленшекем айтқан сөз дұрыс қой деп,  
Жүректің таразысын жойма, жаным.

Тегіс тексер, сөз көрсөн, сыр мен сынын,  
Тұзетуге именбе, тапсан мінін.  
Әдеп сақта жалғыз-ақ қате айтты деп,  
Былшылдапты дей көрме, білсең шынын.

Біле тұра кім айттар қате сөзін,  
Білімдіге есептер әркім өзін.  
Тұрган жері, әдеті, туған елі  
Адастырар, айтқызар байладап көзін.

Мал іздең, мансап іздең, сауық жиын,  
Дүниенің көрмек үшін әрбір сыйын.  
Адамзат аландықтан босамайды,  
Сол себептен қатесіз сөйлеу қын.

Менің де көп жаралы жүрегім бар,  
Надандықтан қираған сүйегім бар.  
Күн демей, шын міндесең, разымын,  
«Қайта, жастар сөйтсін» деп тілегім бар.

Сынамасаң жаксының сөзін қорып,  
Талабынды жогалтар іштен сорып.  
«Сандалған тұспе ізіме» деген Абай,  
Жүрсіндер осы сөзін қалай жорып?

«Талас, тап» деп айтатын Абай өзі,  
Танамыз ба жоқ қой деп бүгін көзі?

Айтқанымды сынама деген емес,  
«Күндеңе де қарғама» деген сөзі.

Мейлің сөк, мейлің мақта, оған не бар,  
Бізден түк жоқ, өзінің иманы жар.  
Қатесін тап, күндеңе, жамандама,  
Кейде жөн, кейде қате айтқан шығар.

Абай түгіл, ақылды көп жан откен,  
Тұпсіз терең ғылымға көзі жеткен.  
Солардың да бар сөзі бір жерде емес,  
Кейі жөн, кейі қате айтып кеткен.

Алдыңғының соқпағын артқы түзер,  
Ғылым деген нәрсе емес күдер үзер.  
Мінін алып, міндіге мінсіз қосып,  
Бұрынғыны жаңартып, жастар түзер.

Өндіге тағы өң беріп қырған қалай,  
Түзетілмей шаң басып түрған қалай.  
Түзеймін деп қиратып күншілдікпен,  
Дұрыс істі теріске бұрган қалай?

Осыны ұқсаң – ұғарсың көп сөзімді,  
Алласам, алмай-ақ қой еп сөзімді.  
Әнге салып аландал, ұқпай жүрме,  
Әншейін бір өлең ғой деп сөзімді.

## ӨЗІМЕ

Қолда қалам, көзде жас, толқынып ой,  
Шіміркеніп, тітіреп, салқындал бой,  
Тозған мола сықылды сүм көрініп,  
Өткен күнде қызыққан сауық пен той.

Қаның қашып, жасаурап екі көзің,  
Не болдым деп табалап өзінді-өзің.  
Өткен іс ойға түсіп ойлатады,  
Қисынсызды қызық деп қуған кезің.

Және ойына келгенде алдыңғы жак,  
Сүм жүрегің кетеді қозғалып-ақ.  
Артың – анау, алдың – су, көз жетпейді,  
Өтетүғын қамынды ойланып бақ.

Ненді аяйсын, отырсың кімді қимай,  
Құтырдың гой тәуір-ақ жерге сыймай.  
Салып-салып сандалып отырмысын,  
Жок өзің өз нәпсінді ерте тыймай!

Досың қайсы, қимастай елің қайсы?  
Ел салмагын көтерер белің қайсы?  
Аузың темір татиды берін татып,  
Жалғанды қимайтүғын жерін қайсы?

Дүние түр қалыбында, сен өзгердің,  
Бәрін көрдің, түбіне көз жібердің.  
Ешкімнен көретүғын дәнеме жок,  
Өзінді-өзің өлімге үстап бердің.

Пайдасыз бен баянсыз қуған ісің,  
Тұпсізді толтырам деп кетті күшің.  
Ентелеген еңбектің бәрі жанбай,  
Ақ өлімді шақырдың, сол жұмысын.

Енді қайтып сен мықты бола алмайсын,  
Жас күндеңі тұғырға қона алмайсын.  
Кейін баспай, ентелеп ілгери бас,  
К... айналсан, еш жерде оңалмайсын.

Құдайдан жарылқа деп жәрдем сұра,  
Сен талайды қылдың ғой біле тұра.  
Аяғынды андал бас, өлім таяу,  
Қарсы алдында дайын түр қазған ұра.

Соны ойла, өзге қызық істі ойлама,  
Біреуге айла, біреуге күшті ойлама.  
Кеткен қайта келмейді кейісенді де,  
Түнде көрген көленкे түсті ойлама.



Көкіректе толған шер, көніл қаяу,  
Ермейсің деп елім жау, досым баяу.  
Сүйер кісім, сүйенер жақыным жок,  
Бір өзіңе сиындым, бар құдай-ау.

Елге көнсем, ақ жолдан адасамын,  
Көнбей жүрсем, көп итпен таласамын.

Тек отырсам, тепкілеп шыдатпайды,  
Енді қайтіп бұл елмен жарасамын.

Бір момынның ұстасам түзу ісін,  
Жөндейін деп гарыптың жөн жұмысын.  
Ақтан безген ары жоқ өңкей залым  
Ырылдатып жабады ит пен құсын.

Көп тәбетке жетеді қайдан күшім,  
Құтқара алмай адалды пысады ішім.  
Қабағынды қаққанша қас болады,  
Жақыным деп болысып жүрген кісім.

Осы күнде арамның жолдасы мол,  
Қу мен сұмды кім жиса, шын мықты сол.  
Мақтан, атақ іздесен құдайдан без,  
Ардан күсіп, арамның біреуі бол.

Мұны қылсан ғоласың сен де мықты,  
Қайдағы қу, алдампаз төрге шықты.  
Ел ішінде сенен қор жан бола ма,  
Ұстаймын деп отырсан адалдықты.

Елеуреген есірік елдің бәрі,  
Өңкей батыр, пәлекор жас пен кәрі.  
Сені адам деп есіркеп кім елейді,  
Құлап қалған қу молаң кімге дәрі...

Әрине, сен де бірге жүрсөң екен,  
К...інді ашып, көйлекті тұрсөң екен.  
Абұйыр жоқ, сана жоқ, ақтан безіп,  
Дамбал шеш ит зікірге кірсөң екен.

Мен адамын дегенге жолдас қайда,  
Екі көзі төрт болып қалар сайда.  
Сырласы жоқ, сырласар жақыны жоқ,  
Бар сүйеніш, үміт бір құдайда.

## БАЙ МЕН КЕДЕЙ

Бай болдың, батыр болдың, шешен болдың,  
Ел билеп, топ бастаган көсем болдың.  
Сен қылмаған өнер жоқ бола қойсын,  
Бір адам қандай болсын десен, болдың.

Немене, көр да болдын, кем де болдын,  
Малсыз кедей кімменен тен де болдын?  
Екеуінің бірін ал өзің тандап,  
Тұбінде мен не болым, сен не болдын?

Байлықты алып, мұратқа өзің жеттін,  
Кемдікті маған беріп тентіреттін.  
Қымыз ішсөң, көже ішіп мен де жүрмін,  
Бәрі бір, бай болғанмен қайтып өттін?

Сүйткенмен мен де өлемін, сен де өлесін,  
Қаза келсе – қалмайсын, жөнелесін.  
Тәңірі алдында, білмеймін, кім озады,  
Өлгенде малың жалдала не көресін?

Енді маған дейсің ғой көрдің бейнет,  
Сен-ақ тіпті кейімей сөзіне жет.  
Өз көзіңнен басқаның бәрі жауын,  
Қане, сонан қайғысыз құтылыш кет!

Біреу зорлап алады, біреу алдап,  
Ұры-залым... бәрі түр жыланша арбап.  
Жаның толған жалмауыз жаландаған,  
Тілі шыққан бала да сені қармап.

Мал бағусыз, малшыға сөзің батпай,  
Қысы-жазы тынымсыз үйде жатпай,  
«Қарағым, ана малды қайыршы? » деп,  
Қане, сен де жүрмісің көзің сатпай.

Мен бақтаймын малынды ақы бермей,  
Және өзіме ақырма қарсы келмей.  
Көңілім сүйсе ұйықтаймын, не жатамын,  
Енді өзгеге бақтыршы маған сенбей.

Мен сықылды әкелсөң тағы біреу,  
Өз көзіңе қоймайды о да тіреу.  
Аяғында өзіңе келген жоқ па  
Мал бағып, күл шығарып, боктық күреу.

Байлық жақсы екені елге мәлім,  
Өзің істеп әдет қыл, келсе халің.  
Қолың білсе, біреуге жалынбайсын,  
Шыдамды бол, еріншек болма, жаным.

Анық байлық – денеге біткен өнер,  
Білімдінің бәрі де соған төнер.  
Арам жиып мактанған дөulet емес,  
Алдымызда бір күн бар есеп берер.

## АБАЙ МАРҚУМ ӨТКЕН СОҢ ӨЗІМЕ АЙТҚАН ЖЫРЛАРЫМ

«Ажал жетсе өлдің бе,  
Өлім келді, көрдің бе?  
Баянсызға салынба», –  
Десе, тоқтау бердің бе?

Жетпесті қудын, жеттің бе,  
Барша жаннан өттің бе?  
Тағдырың жазған ақ өлім,  
Құтылып онан кеттің бе?

Қарманып едің, таптың ба,  
Қарындасқа жақтың ба?  
Қарсыласқан жауынды,  
Қаніки, жерге қақтың ба?

Білдім дедің, не білдің,  
Басыңа пайда не қылдың?  
Бәрі де болды баянсыз,  
Өзіңнен-өзің женілдің.

Өлмestей оны көруші ең,  
Соған да қарсы келуші ең.  
Алған сонан жанынды  
Кімге сақтап беруші ең?!

Өзің кімнен кем едің,  
Кім үшін уайым жеп едің?  
Күдерінді үздің бе,  
Сүйенішім мықты деп едің!

Қаніки, қайтып келді ме,  
Жаныңа жәрдем берді ме?  
Жаландаган жалмауыз,  
Жан-жағынан көрді ме?

Тиянақ көрме жалғанды,  
Куа берме арманды.

Пайғамбар мен сахаба,  
Сен түгіл содан қалған-ды.

Құтырмай енді тек отыр,  
Күнөңа уайым жеп отыр.  
Алдында кірер үйін бар,  
«А, тоба, онда» деп отыр.

Есің барда елің тап,  
Барғанда кірер жерің тап.  
Жаратқанның құлысын,  
Жағатұғын ебін тап.

Ел мінезін білдің ғой,  
Талай-ақ бірге жүрдің ғой.  
Итпен бірге ит болып,  
Күнәсіне кірдің ғой.

Енді есінді жисаңшы,  
Манаң тауға сыйсаңшы.  
Аласұрып аptyқпай,  
Бұл жалғанды қисаңшы.

Неменені қимайсын,  
Нәпсіні неге тыймайсын?  
Өзінді кімге сыйлатып,  
Өзің кімді сыйлайсын?

Жан аяспас кісің жок,  
Арманда қалар ісің жок.  
Енді жүрер жалғанда,  
Қарасам, сенде пішін жок.

Жалғанды талақ қылыпсын,  
Бас-аяғын біліпсің.  
Есі шыққан кісідей,  
Құр сандалып жүріпсің.

Жалындармай сөне қал,  
Алла ісіне көне қал.  
Бәрінің дәмін таттың ғой,  
У ішкендей өле қал!

Тамам жанды билемек,  
Жалғыз өзің сөйлемек...  
Мұның түбі не болар,  
Үмітің болды не демек?

Досты мықты қылмақсын,  
Дұспанынды қырмаксын.  
Аяғында сен де бір  
Кішірек құдай болмақсын.

Жуаның ойы осы ғой,  
Бұл мінезден шошы, қой.  
Шыға алмассың ыргалып,  
Ол – қайраттың босы ғой.

Шын досың саған не берді,  
Соңынан сенің неге ерді?  
«Арам да болсам актасын,  
Күнәма керек» деп ерді.

Еш нәрсенді алмайды,  
Жұмысы келсе, жалдайды.  
Құй отқа тұс, суға тұс,  
Арам да болсан қалмайды.

Шын жолдасың осы ма,  
Осылар жанның досы ма?  
Ақ ісіңе адам жақ,  
Адамнан тіпті шошыма!

Тұысқан мен жақының,  
Оларға толса тақымың,  
Тату жүр деп зарлаған  
Алынып па еді ақылың?

Адалдық айтып женді ме,  
Немесе сөзге көнді ме?  
Неше жылдай үққан жок,  
Ақылы жаңа енді ме?

Болмасқа бұлай қара тер,  
Алдыңғы жақты қамдай бер.

Жақыныңан жау жаксы,  
Ең жақының – кара жер.

Дұспаның анау, ел мынау,  
Ойласаңшы, япыр-ау.  
Адам болып туып ең,  
Ақылың қайда, батыр-ау?

Құры білген не керек,  
Білгенді қылған, со керек.  
Баянсыздың бәрін қой,  
Боласың сонда шын зерек.

Жаныңа қызық жалғанда  
Неменең қалды арманда.  
Бұл жалғаннан не серік,  
Тәнірі алдына барғанда.

Лапылдадың, жандың ғой,  
Тілегінді алдың ғой.  
Су екен деп, у ішіп,  
Жаның жай боп қандың ғой.

Іздегенің мактан ғой,  
Далақтап құнде шапқан ғой.  
Не құн туды басыңа,  
Тегінде, жын қаққан ғой.

Жын қақпаса мұның не,  
Шынымен қор болдым де.  
Есінді жи, ерте ойлан,  
Қаза келді – өлдім де.

Бір өлген соң жау да жок,  
Алдыңа келер дау да жок.  
Бұл жалғаннан кеткен сон,  
Партия сатқан сауда жок.

Калғандар жүрсін қағынып,  
Қайтесің оны сағынып.  
Тепкілесін моланды,  
Жатырсың деп не қылыш?



Қазақтың жаманы болмас,  
Жаманнан аманы болмас.  
Бірігіп іс қылатұғын,  
Түзелер заманы болмас!

Бұл елде адалдық бар ма,  
Ондайын байқадындар ма?  
Істейді нені де болса,  
Наданға арамдық ар ма?

Ар сатар шайға да болса,  
Бір асам майға да болса.  
Ізденіп табады, жейді  
Арамды қайда да болса.

Жуаны қылады зорлық,  
Момынның көргені қорлық.  
Теп-тегіс құлық пен ұрлық,  
Ал енді қайтіп ел болдық?



Көкорайға қонғанда,  
Қозылар ойнар дүркіреп.  
Жаздың күні болғанда,  
Жаңбыр жауар күркіреп.

Жаралы біздің көнілге  
Бір тамбайды сіркіреп.  
Таянды ғой өлімге –  
Қақырық басты кіркіреп.



Амандаса келісіп,  
Бір бағыланды сойғызыар.  
Кел деп аяқ берісіп,  
Қымызға әбден тойғызыар.

Тері жадырап, жайылды,  
Дене балқып, бой қызыар.  
Қайғы менен уайымды  
Ойлауды да қойғызыар.



Бағылан етін балқытып,  
Біріне-бірі же десіп,  
Шаттанысып, шалқысып,  
Кем-кетігін теңесіп.

Әзілдесіп әр сөзге,  
Қалжың айтып, егесіп...  
Сөз қылар еken сол кезде  
Біз байғұсты не десіп?

Адал кісі еді-ау деп,  
Алғыс айтып алғай ма?  
Әркімді о да жеді-ау деп,  
Әйтпесе сөгіп, қарғай ма?



Мен бір – тілсіз көлікпін,  
Басыма соқпа, дауың жок.  
Тепкілеме, өлікпін,  
Шайтаннан басқа жауым жок.  
Қызығып сендер үмтүлар  
Қасыма ерген қауым жок.  
Жазаны кешіп, мұтындар,  
Жазадан, сірә, сауың жок.



Мен кеттім де, сен қалдың,  
Зияным енді тие ме.  
Ненді жұттым, ненді алдым,  
Кешсөңші жалғыз иеге.

Саған да сауап керек қой,  
Кім сенеді дүниеге.  
Осыны білген зерек қой,  
Жолықпасаң киеге.



Жоқ болса ақың өзімде,  
Қалғандарды зарлатпа.

Өтірік болса сөзімде,  
Ойыма менің алдатпа.

Ақың болса біт алып,  
Көп жетімге қарғатпа.  
Өлгенге өтірік дау салып,  
Қайынды талға жалғатпа.

Өлген жанның моласын  
Тепкілемек өнер ме.  
Онымен қайтіп оңасың,  
Ойласан, пайда келер ме?

Өзімнен басқа әркім бар,  
Бәрін де жендім дей берме.  
Алдында қыын бір күн бар...  
Аптығып, асып, елерме.

Ақың болса басымда,  
Осы күнде мені өлтір.  
Отырмын ғой қасында,  
Өзіннің жазаң деп өлтір.

Жазам болса тартайын,  
Қолынан келсе, әне, өлтір!  
Обалымды артайын,  
Қызықсан босқа, және өлтір!

Ол қолынан келмесе,  
Ойнақтама, дулама.  
Ойлашы өзің, ендеше,  
Соған көнлің тола ма?

Үйтсең – қатын болғаның,  
Ерек олай бола ма.  
Ол емес қой оңғаның,  
Мұнымен кісі она ма?



Біреудің мінін кешірсөн,  
Саған да құдай кешеді.  
Бәрін де қылмай есірсөн,  
Төбенді өлі-ақ теседі.

Көнілі жұмсақ адамның  
Күрмеуін алла шешеді.  
Рахымсыз, пейлі жаманың  
Орны дайын деседі.

Мен досыңмын, жау емес,  
Еліре берме, қайта ту.  
Жүргім дерпті, сау емес,  
Сол себепті сөзім – у.

Аңы деп алмай қойманың,  
Аңсағанда, керек су.  
Абайлап артын ойлаңың,  
Алды ғой алдап өңкей қу.



Мен өтермін, кетермін,  
Жоқтарсың мені бір кезде.  
Жәрдемім тимес, не өтермін,  
Бекінем осы бір сөзге.  
Мақсұтың қайсы, досың кім,  
Осының түбін шын көзде.  
Бар ақылым – осыным,  
Айтарым жоқ тіпті өзге.

## ӨМІР

Біреу маған от жақ деп қылды бүйрық,  
Жағайын деп үмтүлдым, көніл жүйрік.  
От жаққалы жатқаным – бір ұлкен үй,  
Отын жиып қойыпты талай күндік.

Шақпақ жағып жібердім, қуға түсті,  
Тұтандырып алуым болды күшті.  
Қызыл өңеш болғанда азар жанып,  
Соған шейін асығып, ішім пысты.

Отқа өкеліп отынды салып еді,  
Жалын шығып лапылдап жанып еді.  
Үй жылынса, қайтейін, залал да көп,  
Жалын барып талайды шалып еді.

Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды құр,  
Отын бітті, үрсем де жана алмай тұр.  
Жалынды оттай жайнаған, қайран, өмір,  
Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір.



Үш-ақ тұрлі өмір бар – бәрі де мас,  
Бір рәуішті болады шал менен жас.  
Ең керекті дегенің ортанышы өмір,  
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,  
Өкініші қалмайды, кетсе ағатын.  
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,  
Қалсын десең артында адам атын.

Өмірдің басы – бала, ортасы – адам,  
Қартайып, шал болған соң кетті шаман.  
Мақтап жүрген өмірің осы болса,  
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам.

### МАЛ ЖИМАҚ

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,  
Қазаққа көз сұзбестің қамы үшін жи.  
Арын сатпа, терің сат, адалды ізде,  
Ғибадат пеп адалдық, ар үшін жи.

Ерінбесең енбекке, дәulet дайын,  
Жаратқан жоқ жатсың деп бір құдайын.  
Ойласын деп ой берді, көруге көз,  
Аяқ берді, тапсын деп басқан сайын.

Үйде отырып салғанмен сарыуайым,  
Тілегенің тұра ма саған дайын.  
Жүріп-тұрып, ойланып істеп көрсен,  
Харекеттің білесің сонда жайын.

**Жатып ішкен жан** – тыныш, салғырт-салак,  
Оған арам – харекет, ой ойламақ.  
Іздемеген кісіге қайдан келсін  
Таза киім, жылы орын, тәтті тамақ.

Егін сал, не сауда қыл, малынды бақ,  
Білім білмек – өр іске шебер болмақ.  
Қол өнерден пайда қыл үйреніп-ақ,  
Кетпес дәulet осы ғой құдайга хақ.

Қол өнер – өзің өлсөң – бірге өледі,  
Сонда-дағы қалғандар үйренеді.  
Сен кетсөң де өнерің елде қалып,  
Талай жанға азық пен мал береді.

Әрі ермек, әрі пайда, әрі дұрыс,  
Демейді қол өнерді ешкім бұрыс.  
Көрінгенге көз сатып жалынғанша,  
Құндік өмір қалса да соған тырыс.

Деп ойлама бұйрықсыз дәulet қайда,  
Жалықпай талап етсөң – дайын пайда.  
Адал құл аштан өлмес, құры қалмас,  
«Жүрген алар» деген ғой құдай да.

Талаппен адал істі іstemекпіз,  
Тапсырдық бір аллаға біз демекпіз.  
Ындының таза болса, именбеніз,  
Дәuletті осылайша іздемекпіз.

Құдай таза жаратты, сен таза бол,  
Ұқсан, анық айттым ғой, бұл – тура жол.  
Мақтан күйлеп, арамнан мал жинасан,  
Орның – дозақ, сорлы – сен, айтқаным сол!

## НАСИХАТ

Балаңа ғылым үйрет жас күнінде,  
Досына жақында маң күнінде.  
Халқына қайрылар деп насиҳат айтпа,  
Ел бұзық, ерегескен, кас күнінде.

Алған соң әбден қызып, сөз үқпайды,  
Сүзекке елеуреген ем жұқпайды.  
Аз басыла бергенде, ал қолына,  
Қызу кезде сөз үқпай қылжактайды.

Панаңа, пөле шықса, басың сактап,  
Ойлама онамын деп екі жақтап.

Мастығынан айыққан кезін андып,  
Ап-аман қара да отыр атың баптап.

Ол кезде ептең алма жалғыз тиын,  
«А, күдай, есін кіргіз» де де сыйын.  
Мастың малын жеймін деп, жанынды жеп,  
Тәнірі алдында өзіңе болар қыын.

Біреу тисе, құтылар қамынды ойлан,  
Сонда-дағы дәм татпа жынды тойдан.  
«Бұлінгеннен бұлдірге алма» деген,  
Ел бұзылса, момын бол қоныр қойдан.

Елді бұзған не десен – кетті наным,  
«Ант ұрды ма?» – деген сол, ұқсан, жаным.  
Бір көзің бір көзіңе сенбекен соң,  
Аңдиы ана көздің не қылғанын.

«Ол өйтсе, мен бүйтем» деп дайындал түр,  
Барша жан соған бола бәле ұстап жүр.  
Біреуді сендіре алмай, не сене алмай,  
Бірін-бірі жаралап ойменен құр.

Бірлік түгіл иман жоқ, наным кетсе,  
Жуымас алдайды деп бір бұлт етсе.  
Жаулық түгіл жанжал да шықпас еді,  
Ант етпей-ақ айтылған сөзге жетсе.

Адалдың жолы болар заман бар ма,  
Жем болдық шын жексүрын надандарға.  
Адастың деп отырмын айғай салып,  
Бар тапқаным сол болды, амал бар ма?

Осы күнде қазақтың бәрі де мас,  
Жақсылардың біріне біреуі қас.  
Атқа мінген жігіттен үмітім жоқ,  
Сөзімді ұқса, ойланар кейінгі жас.

## СӘНҚОЙЛАР

Шедірейіп, шекиіп,  
Қасын керіп кекиіп.  
Қолдан пішіп жасаған,  
Біреу келер секиіп.

Шырт түкіріп, шынтақтап,  
Жұз құбылып, қылтақтап.  
Сұлуын-ай шіркіннің  
Дегізбекші жұрт мақтап.

Мұнымен мақтау алмақ па?  
Шамалап өзің салмақта.  
Мұнша әдемі көрініп,  
Көнлі қызға бармақ па?

Мен қыз емес, өзің қыз,  
Осы күнде сындасыз.  
Өз бетінді өзің бұз,  
Үйте алмаймыз, жаным, біз.

Бояған пішін бола ма,  
Оны қылған оңа ма.  
Ерте бастан айтқаным —  
Сол пішінге жолама...



Бір салмойын сал келер,  
Омырауы дал келер.  
Бақайынан келмес-ак,  
Өзінен басқа пендeler.

Құлағын киер тымақтың,  
Мойны бостау шырақтың.  
Мас кісідей талтактар,  
Осыны қайтіп ұнаттың?

Жүрсе, тұрса, бұлықсып,  
Мұнысы тапқан қылықсып,  
Өнер қылар, ат мінер,  
Жығыла жаздаپ толықсып.

Осындаі салғырт салымыз,  
Көтеріп аттан алыңыз.  
Аяғын жерге анықтап  
Баса алмайды, наныңыз.

Өзіне-өзі өң берген,  
Терісін түзеп жөнделген.

Осындай шебер елде көп,  
Өз қылышын жөн көрген.

## ЫЗАҚОРЛАР

Ашу келсе, тұрғызбас,  
Артыңа мойын бүрғызбас.  
Көрінеу отқа салады,  
Орынды жұмыс қылғызбас.

Ыза керсе бойынды,  
Ойлатпайды ойынды.  
Басқызып алсан, пайда жок,  
Батпаннан ауыр шойынды.

Ашумен қылған іс емес,  
Қайрат та емес, күш емес.  
Ашуына билеткен,  
Ақылы тұзу кісі емес.

Пішінің кетер қуарып,  
Аузың, ернің ұзарып.  
Тышатұғын баладай  
Екі көзің қызарып.

Қабаған иттей арсылдап,  
Дуанадай қалшылдап,  
Ыза қылған кісінің  
Соңынан қалмай жалпылдап...

Осыдан пайда не шықты?  
Мас күнінде нені ұқты?  
Ақылға салып ойлаши,  
Мұнымен болар кім мықты?

Буындырмай өзінді,  
Бұлтитпай-ақ көзінді,  
Ойланып айтсан болмай ма,  
Керекті ғана сөзінді?

Бойды ашуга билетпе,  
Басынан жаман үйретпе.  
Адырайып, аптығып,  
Бір жерінді күйретпе.

Билеп алсан ашуды,  
Пайдасыз істен қашуды,  
Сонда өдемі байқарсың  
Аяқты қалай басуды.

Ашусыз адам болмайды,  
Ескеру керек ондайды.  
Қапы өткізбей қайырып  
Алмағандар онбайды.

Еріншек, ашу, құмарлық –  
Бұларды істен шығардық.  
Жамандықтың басы осы,  
Кісі болса үғарлық...

### ЕРІНШЕК

Еріншектен – салақтық,  
Салақтықтан – надандық...  
Бірінен-бірі туады,  
Жоғалар сүйтіп адамдық.

Еріншек таза жүре алмас,  
Кірі-қонын жуа алмас.  
Харекет жок, ғылым жок,  
Өз бойынан үялмас.

Жүрейін десен, тұрғызыар,  
Төсекке мойын бұрғызыар.  
Аналар да жүр ғой деп,  
Біреуді мысал қылғызыар.

Тұрайын десен, жатқызыар,  
Буынды сүйтіп қатқызыар.  
Орынды іске кіргізбей,  
Не болса соны шатқызыар.

«Мен емес пе сабырың,  
Жаныңа тыныш тамырың,  
Асықпа, – деп алдайды, –  
Қазулы ма, – деп, – қабырың?»

«Құдайдың, – дейді, – күні көп,  
Асықкан істің міні көп.

Аз ғана рахат қылсаншы,  
Істерсің ертең мұны», — деп.

Осымен-ақ жүре сал,  
Мына бір жерге-ақ кіре сал.  
Бір жырымың үзілсе,  
Қанжығаңмен іле сал.

Тарамыс қайда, біз қайда,  
Асығыстан не пайда.  
Тігіп ала қоярсың,  
Біз табылған бір жайда.

Сонымен қалсан алданып,  
Ұмтылмасаң қамданып,  
Жалқаудың құллы болғанын,  
Жатпақ үшін жалданып.

Шаруа да көп басында,  
Көндіру керек жасында.  
Қылайын десен харекет,  
Еріншек отыр қасында.

Және айтады ақылды,  
Қысып қояр тақымды:  
«Тілімді алсан, тек отыр,  
Менің сөзім макұл-ды.

Жас басынан аптықпа,  
Кіре берме боктыққа.  
Өмір өзі-ақ береді,  
Тағдырға қарсы соқтықпа.

Құлақ қойсаң сөзіме,  
Пайда айтамын өзіңе.  
Арқалатпа бейнетті  
Қызық көрер кезіңе.

Бейнетке жаның шыдай ма,  
Осы сөзім ұнай ма?  
Пендесін аштан өлтірмес,  
Қарсы болма құдайға».

Мұның сөзі макұл деп,  
Айтқаны дұрыс ақыл деп,

Харекетсіз кеткенін,  
Жай іздермін ақыр деп.

Бұл сөзді үғып жас кетті,  
Ішіп алғып мас кетті.  
Бар керектен айрылып,  
Еріншек деген қас кетті.

Еріншектің қақпаны –  
Көрінбей көзге жатқаны.  
Біреу оған ілінсе,  
Оны құдай атқаны.

Іс қалдырmas еселі –  
Ең білімнің кеселі.  
Кірсе бойдан шығу жок,  
Күн сайын өсер бес елі.

Төбені сүйтіп теседі,  
Орнықкан сайын өседі.  
Ғибадат жок, өнер жок,  
Бәрінің жолын кеседі.

Даулассаң желдей еседі,  
Өзі айтып, өзі шешеді.  
Үйір болған кісілер,  
Жан тыныштық деседі.

Жан тыныштық бұл емес,  
Жан дененің құлы емес.  
Өзің байлап бересін,  
Жан жұмысы ол емес.

## ҚҰМАРЛЫҚ

Құмарлық деген бір ит бар,  
Жаныңа жау шын ит бар.  
Алды-артыңа қаратпас,  
Рахымы жоқ тым ит бар.

Бай баласын көп көрдім,  
Кедейлікті жек көрдім.  
Сауық көрсем құмар боп,  
Мен де сүйтем деп көрдім.

Мылтық атты, құс салды,  
Домбыра, гармонь қолға алды.  
Ауыл кезіп, өн салды,  
Көрген адам таң қалды.

Дойбы, қарта – бәрі бар,  
Жүз құбылған өні бар.  
Киім біткен қынаулы,  
Таңырқарлық сөні бар.

Мен де осындай болам ба,  
Бола алмасам онам ба?  
Бар малымды шашсам да,  
Жетпей қойсам соған ба!

Арпалыстым, алыстым,  
Жағаластым, жарыстым.  
Дәл өзіндей болған сон,  
Озамын деп қарыстым.

Жеттім, оздым. Жер білді,  
Маңайдағы ел білді.  
Бәрекелді батыр деп,  
Қыз-бозбала сол күлді.

Мақтағанда бу ала,  
Селкілдедім дуана.  
Баяны жок, пайдасыз  
Бір сағымды қуала.

Әлі келем далактап,  
Қызыл тілім салақтап.  
Менен озған кім бар деп,  
Алдыңғы жаққа алақтап.

Қара көрсем, кетемін,  
Жетуге талап етемін.  
Пайдасында ісім жок,  
Не де болса жетемін.

Заман өтті, жас өтті,  
Қайрат, өнер бос кетті.  
Абұйыр жок, сана жок,  
Өз басына не жетті?

Естігенді ұға бер,  
Ыдысың болса – тыға бер.  
Пайдасыз болса құмарын,  
Сілкініп тастап шыға бер.

## ҚАЛЖЫҢШЫЛ ҚЫЛЖАҚБАС

Жайдары күлдіргіш, қалқам,  
Ұятсыз, әдепсіз, салқам.  
Күлгеним бір сенің арқан,  
Үржакта, қылжақта, әйдә!

Мазақ қыл көрінген жанды,  
Өнер қыл қылжақтағанды.  
Сөзіңе құмарым қанды,  
Жыртақта, бұлғақта, әйдә!

Жолыққан кісіге соқтық,  
Қалжыңға қосып айт боктық.  
Осы ғой сәулесі жоқтық,  
Сен келдің, мен білдім, әйдә!

Ішің у, сыртынды майла,  
Есердің бәрін де жайла.  
Күлкімен көздерін байла,  
Сенделдің, жөнделдің, әйдә!

Сөзіңе күлгенді ұна,  
Күлмесе жалынып сұра.  
Сөйлесен аузынды бұра,  
Жедің бок, өбден соқ, әйдә!

Бай өліп, баласы қалса,  
Қасына сені ертіп алса.  
Қылжақ пен қүлкіге салса,  
Тамақ ток, қайғы жок, әйдә!

Жағасың қүлкімен жүріп,  
Шығасың ішіне кіріп.  
Аласың аузынан жырып,  
Бұлтылда, жылпылда, әйдә!

Маймыл бол есерге сондай,  
Арсылда адамға болмай.

Ит болып өтесің онбай,  
Жырқылда, тырқылда, өйдө!

## СӨЗ СЫНАП, ӨЛЕҢ ӨЛШЕМЕК

Сөз жазамын түнімен,  
Бар үйқымды қашырып.  
Тығып қойман мұны мен  
Еш адамнан жасырып.

Мен кетермін, сөз қалар,  
Ақ қағазға басылып.  
Бозбалалар қолға алар,  
Әр ауылға шашылып.

Окырсың да қолға алып,  
Сөздің мәнін табарсың.  
Өз сөзіңе өң салып,  
Дауды жүндей сабарсың.

Болмасам да қасында,  
Алды-артымды қамарсың.  
Миың бар ма басында,  
Байқастамай шабарсың.

Білімді жүрттың ақыны  
Біздің сөзді сынамас.  
Жазушының жақыны  
Қазақ мұны үнамас.

Сынатарсың өзінді,  
Менің түгім құрамас.  
Өлген кісі сөзімді  
Сынама деп сұрамас.

Сынасын деп жазгамын,  
Сынама деп жатпаймын.  
Қазақтың мінін қазгамын,  
Айтқанымнан қайтпаймын.

Қазақ сыншыл болса екен,  
Болмасын деп айтпаймын.  
Жетегіме ерсе екен,  
Өлсем де тыныш жатпаймын.

Мен жетелеп өлемін,  
Өрге қарай қазакты.  
Өлсем де ойын болемін,  
Сөзбен салып азапты.

Білімдінің сөзіндей  
Сөзім демен таза, ак-ты  
Қазақ болса өзімдей,  
Қыла алмайды мазакты.

Қазактың жайы белгілі,  
Өлеңі өңкей құрама.  
Байқадың ғой ендігі,  
Оны менен сұрама.

«Ауылым қонды Нұраға,  
Мінген атым сұр ала».  
Керексіз сөзбен бұрала.  
Қазақ сүйтпей тұра ма?

Сөзімді өлшеп қараңыз,  
Үәзінге дәл шыға ма?  
Қазақ деген балаңыз,  
Үәзінді де үға ма?

Сөзді өнгө дұрыстап,  
Өлшеуменен сыға ма.  
Сыймаса да сырықтап,  
Зорлық қылып тыға ма?!

### АЖАЛСЫЗ ӘСКЕР

Патшалар сансыз шығын қылады,  
Дайындал соғыс үшін әскерін.  
Аямай бірін-бірі қырады,  
Ел алар окка байлан жастарын.

Тұраксыз шыр айналған дүние,  
~~Жұтады бәрінін де бастанын.~~  
Ел түгіл жерлеріне кім ие,  
Айтпасаң моласының тастанын.

Шын патша мен емес пе уайымсыз,  
Әскерім – өлеңім мен сөздерім.

Олардың патшалығы байымсыз,  
Көреді баянсызын көздерің.

Ойланыз, біздің өскер өле ме,  
Қағазға бір басылып қалған сон.  
Бұл мықты өскер емей немене,  
Жайылып талай орын алған сон.

Қарумен қанша қатты ұрса да,  
Сөзіме жанның әлі келмейді.  
Бұл дүние шыр айналып тұрса да,  
Әскерім қартаймайды, өлмейді.

Білесіз, бұл сөзіме өлім жоқ,  
Тағы да жүрген жерін қырмайды.  
Дүниенің рахатына сенім жоқ,  
Ешбірі баянды боп тұрмайды.

Алмаймын патшалықты берсөң де,  
Қайтейін, өлім тартып алады.  
Мен-дағы ажал жетіп, өлсем де,  
Әскерім ақ қағазда қалады.

Оқиды кейінгілер сөзімді,  
Бірі ұнап, бірі сынап күледі.  
Өзімнің көрмесе де көзімді,  
Зарланып өткенімді біледі.



Өлімнің хақ екенін көрсөң де,  
Өлмestей омыраулап шатасын.  
Дозактың барын біліп жүрсөң де,  
Күнөға әлің келсе батасын.

Сауал көп ғибадатқа десөң де,  
Жалығып, жалқауланып жатасын.  
Алланың адал ризығын жесөң де,  
Арамды өдейі іздел татасын.

Сыртынды сыланасың өң беріп,  
Ішінің түзетпейсің қатасын.  
Айламен алдағанды жөн көріп,  
Адамды аң орнына атасын.

Жалғанның бір пайдасын көргенде,  
Арланбай арынды да сатасын.  
Алланың ақ өлімі келгенде,  
Амалсыз қара тастай қатасын.



Шаранамен туып едін,  
Бөз оранып өтесін.  
Бір сағымды қуып едін,  
Қай уақытта жетесін?  
Қанша дәulet жиып едін,  
Бәрі қалды, нетесін?  
Мал үшін жан қыып едін,  
Қайтіп алып кетесін?!



Достыңыз зор,  
Дұспаның қор,  
Бар тілекке жетсеніз.  
Сансыз бақыт,  
Алтын тақыт,  
Барша жаннан өтсеніз.

Қалса уайым,  
Болса дайын,  
Нені талап етсеніз.  
Бәрі қайда,  
Несі пайда,  
Тұқ ала алмай кетсеніз.

Дүние қу,  
Бір ағын су,  
Түстік онда шөп болып,  
Күнде ағамыз,  
Сандаламыз,  
Бейнетіміз көп болып.  
Кейде тасқа,  
Кейде ағашқа  
Соқтығамыз дөп келіп.  
Суынан да,  
Уынан да  
Құтылармыз жоқ болып.

**3** Дүние ағып,  
Сусыл қағып,  
Фөни көлге құйылар.  
Бірі ерте,  
Бірі кешке  
Шөп те келіп жиылар.

Көлге барып,  
Тыным алып,  
Бәрі сонда сыйылар.  
Алды тыныс,  
Болды тыныш,  
Су ағыны тыйылар.

## НАСИХАТ

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден үк:  
Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт,  
Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.

Өнерінді құр шірітпе, орнына анық жұмсамай,  
Өкініші кетпес оның, өз ойында босқа өлер.

Қай ғылымды білсеніз де, қазір оны елге жай,  
Құр ішінде кеткенінше, пайдалансын өзгелер.

Шын наданға білгенінді үктырам деп ойлама,  
Қанша бидай шашсан-дағы, болмас егін тасты жер.

Тотыға тіл үйретілсе, сөзі – адам, өзі – құс,  
Сол сықылды ол наданды ермек үшін сөйлетер.

Қара тасты қанға малсан, о да маржан бола ма?  
Тесік ыдыс, су құйылса, өзі қалар, су кетер.

Шын залымға берме ғылым, ол алар да оқ қылар,  
Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды хайла етер.

Қарғысына сен қаларсың, елді алдаң ол алар,  
Ақылы жоқ, малы көптің бірталайын еңіретер.

Дүниені түзетуші һөм бұзушы – бір ғылым,  
Әрі залым, әрі ғалым – ел түбіне сол жетер.

Шын надандар білмесе егер естілердің қадірін,  
Оған ұрсып, сөкпеніздер, шын ғұзырлы пенде сол.

Неге десен, білсе надан, өзі надан бола ма,  
Оқымаған бір балаға хат оқытсан, жөн бе сол?

Әр адамның өз жұмысы, қылған ісі әр бөлек,  
Ол наданның жұмысы жоқ ғылымынызбен еш заман.

Білмегенді үйреніп, білгенді қылса, есті сол,  
Білмегенін – білмеген, білгенді қылмау – сол жаман.

Сізге келсе кей надандар үйренемін деп ғылым,  
Үйретудің ақысы деп, бір тиын да алма одан.

Неге десен, сен білесің алғаныңың не екенін,  
Ол біле ме бергеніңің пайда екенін я зиян.

Шикі надан ақылы жоқ жас баламен бір есеп,  
Біле тұра алдап алмақ – естілердің жолы емес.

Ғылым үйретпек, ақы алмақ сауда есепті болса да,  
Балалармен сауда қылмақ шариғатқа жөн емес.

Сізге надан қанша малын босқа берсе алмаңыз,  
Неге десен, ол өзіндей ақылы бар кісі емес.

Пайда қылмай бір адамға, пайда қылма сен де онан,  
Неге десен, «босқа аламын» – ол білімнің ісі емес.

Сен біреудің ғайыбын ашпа, тұн сықылды перде тарт,  
Күн сықылды аша берме жер жүзінің әр сырын.

Kісі бағын деме бағым, өз дененді нұрлы қыл,  
Ай сықылды болма жарық, қарыз алып күн нұрын.

Күн сықылды көпке білдір, шықты ма күн, батты ма?  
Ай сықылды айтып отыр қанша ғұмыр өткенін.

Тұн сықылды тым түнеріп көзді тартып байлама,  
Күндізі бол, байқасын жұрт келгені мен кеткенін.

Сусағанның сусыны бол су сықылды сұп-сұйық,  
Бірак ондай болма салқын ел көнілін қалдырып.

От сықылды жылы болсын жүзініз беріңіз,  
Бірақ ондай мархабатсыз болма өртеп, жандырып.

Жел сықылды желпі жұрттың шаршағанын, талғанын,  
Жықпа үйін, болма құйын, қылма жаман аманын.

Жер сықылды пайдалы бол, пайдалансын ел сенен,  
Тасты жердей болма қатты, тілме жұрттың табанын.

Сен бұлттай бол көленке мен мезгілімен бер жауын,  
Сел ағызба, жай түсірме, бұзба елдің шаруасын.

Дариядай дап-дайын бол пароходпен жүрсе де,  
Болма толқын, ашпа құлқын, жұтамын деп баршасын!

## БОЯУЛЫ СУЫР

Бір суыр адасыпты оттап жүріп,  
Кез болды бір ауылға көп қанғырып.  
Ит куалап тыққан соң иесіз үйге,  
Бояу құйған шелекке кетті кіріп.

Қаранғы түн болғанша сонда жатты,  
Үсті-басы бояуға өбден батты.  
Ит кеткен соң шелектен шықты-дағы,  
Таңға жақын өз інін азар тапты.

Біраз үйықтап, оянды демін алып,  
Байқады өз үстіне көзін салып.  
Қараса, тамам жұні құбылып тұр,  
Ойланды жұнін көріп қайран қалып.

Болады кейде жасыл, кейде сары,  
Құлпырып, тұрленіп тұр жұннің бәрі.  
Көрмеген өмірінде бір түрлі тұс,  
Суыр деп айттар емес жолдастары.

Бұл суыр түрін көріп, көп ойлады,  
Бейшара түкті білмей неге ойлады.  
Құдайдың сүйген аңы мен екен деп,  
Болдым ғой қасиетті деп ойлады.

Шақылдап шақырган соң дыбыс беріп,  
Көп суыр жиылады мұны көріп.

«Батыр-ау, қалай болып қалғансын?» — деп,  
Таңырқап, таңғалады бөрі келіп.

— Бір құс бар тауыс деген жұні жасыл,  
Беріпті құдай маған сондай нөсіл.  
Болыппын бүгін тұнде мен де тауыс,  
Аң бар ма бұ дүниеде менен асыл?

Тауыс дендер мені енді, суыр демей,  
Корқындар рұхсатсыз шөп те жемей.  
Жұнім асыл, сендерден түрім бөлек,  
Немене мен суырдың патшасы емей!

Суырлар шыны қорқып, жөн көреді,  
Түрі жат, бұған қайтіп тең келеді?!  
Ін түбінде бар екен кәрі суыр,  
Аяңдап ең соңында сол келеді:

— Жаным-ау, маза бермей шақылдадын,  
Мақтанып, өз сөзінді мақұлдадын.  
Жұнің жасыл болғанмен, өзің суыр,  
Қалайша тауыспын деп тақылдадын?

Тауыс деген сайрайды, ән салады,  
Дауысын естіген жан таңғалады.  
Қане, сен де сайраши, тауыс болсан,  
Әйтпесе бұл сөзіңе кім нанады?

Сайрайын деп қарады шиқыл қағып,  
Терге батып, көзінен сорасы ағып.  
Келтіре алмай, сілесі өбден қатты,  
Суыр үні ұқсасын құска неғып.

Кәрі суыр айтады: «Кел, қой, жаным,  
Тауыска ұксамайды сенің әнің.  
Ұшқан құс пен жердегі аң бір бола ма,  
Қанатың жоқ екені елге мәлім».

Жетпей, сірә, қойман деп осы сертке,  
Суыр байғұс ілінді мақтан дерктке.  
«Мен де ұшам» деп бір тасқа шығып алып,  
Пәрменінше қарғиды арғы бетке.

Бояуына мақтанып босқа шатып,  
Құс болып ұшамын деп құдай атып.

Аргы бетке жете алмай, орга түсіп,  
Ағын суға күмп етіп кетті батып.

Жігіттер, бұл сұырды қылма мазак,  
Осыдан естілерің болады аз-ақ.  
Бояуды да бағым деп күн өткізіп,  
Кол жетпеске ұмтылған көп қой қазак.

### ҚАНШЫР МЕН БӨДЕНЕ

Бір қаншырға айтыпты бөдене кеп:  
— Сен үшін қатты уайым қыламын, — деп, —  
Соландаған байғұссың ұшуға олак,  
Бір күні кетеді ғой тұрымтай жеп.

Қаншыр айтты: — Қаупім жок тұрымтайдан,  
Шықпаймын қалың қамыс, қопа сайдан.  
Мен сендей жалтаң жерге оттамаймын,  
Тығылған соң мені алып жейді қайдан?

Бөдене айтты: — Қамысың тыныс емес,  
Босқа арықтап жүргенің дұрыс емес.  
Айламен-ақ алғызбай кетіп жүрміз,  
Тұрымтайың біздерге жұмыс емес.

Жұз құбылып, куланып, жылпалақтап,  
Таңырқатты қаншырды өзін мақтап:  
«Тілімді алсан, екеуміз дос болайық,  
Маған ерсен, жүрейін жаудан сақтап».

Аңқау сорлы бір қудан алды сабак,  
Бөденемен дос қылды құлқын тамак.  
Жау міндегі мойнында бөдененің,  
Екеуі емін-еркін қырда оттамақ.

Қыранға шығып алып оттап жүрді,  
Бетегелі мырғайға өбден кірді.  
Тегінде бөдененің айтқаны рас,  
Тарлауға жайылған соң шын семірді.

Бір қырға шығып еді оттай-оттай,  
Зырқырап келе жатыр бір тұрымтай.

Бөдене көре салып бұға қойып,  
Қаншырға хабар қылды: «бұқ, — деп, — ойбай!»

Жалма-жан бұға қалды қаншыр батыр,  
Жер еді панасыздау, шөпсіз, тақыр.  
Екеуі тыптыр етпей жатса-дағы,  
Тұрымтай тұпа-тура келе жатыр!

Бөдене әр айланы көп ойлады,  
Бір түрлі сол арада еп ойлады.  
«Тұрымтай мұны көріп алып кетсін,  
Қаншырды ұшырайын» деп ойлады:

— Қойыпты бұл тұрымтай бізді көріп,  
Мен қашсам, кетер едім бір бұлт беріп.  
Сен ертерек қашпасаң құтылмайсын,  
Бұл сені алып жейді тұра келіп.

Мендей тарғыл емессің, барандаусың,  
Қыбырлап, тыныш жатпай аландайсың.  
Ерте ұшып бір қамысқа тығылып бақ,  
Бұл жерде жатып аман қала алмайсың.

Аңдамай алдауға еріп қаншыр ұшты,  
Тұрымтай оны көріп тым құнысты.  
Қанатының қаққаны көзге ілеспей,  
Адым жерге жібермей қағып түсті.

Бөдене ұшып, жыптылдап, кетті алысқа,  
Дос болыңыз осындай алдамышқа.  
Қасындағы қаншырды қанға бояп,  
Өзі барып тығылды бір қамысқа.

Қамыста жатып алды қылмай қауіп,  
Құтылды досын беріп, айла тауып.  
Қонғанын бөдененің көрген біреу,  
Жүгіртіп сол араға келді шауып.

Бөдене жатыр еді қыбыр етпей,  
Қарап жүр шыр айналып, көзі жетпей.  
Ат басып бөденені жаншып кетті,  
Жазасын о да тартты аман кетпей.

Жігіттер, осы сөзге құлағын сал,  
Басында миң болса, мұны үғып кал.  
Алды-артын ойламаған анқау менен  
Алдампаз арам достан гибрат ал!

## АҚЫЛШЫ ТОРҒАЙ

Бір адам жүреді екен тұзак құрып,  
Бір торғай ұстап алды сүйтіп жүріп.  
Балаларға сатайын деп ойлапты,  
Торғайды жазып алып ұстап тұрып.

Сонда торғай сөйлепті адамдайын:  
— Босатсан, үйретем, — деп, — байлық жайын.  
Азар болса сатарсың үш тыынға,  
Мен саған бір пайдалы сөз айтайын.

Бұрын-дағы саттың ғой талай құсты,  
Қане, соナン қаншалық пайда тұсті?  
Тоймақ түгіл бүйірің шыққан да жок,  
Харекет деп ойлама мұндай істі.

Айтайын үш ауыз сөз, үғып алсан,  
Өз обалың өзіне ұқпай қалсан.  
Соны білсең есепсіз бай боласын,  
Мал табуға айла сол, тілге нансан.

Алғашқы сөзді айтамын қолда жүріп,  
Онан кейін қораға қой қондырып.  
Екіншісін сол жерде ұқтырайын,  
Ең соңғысын айтамын талда отырып.

Тұзакшы қуаныпты осы сөзге,  
«Келдім ғой, — деп, — бақ қонар жақсы кезге».  
Аузынан босатпакқа уәде берді,  
Алдаса, торғай көп деп мұнан өзге.

Торғай айтты: — Әрқашан андағайсын,  
Орынсызға, өтірікке нанбагайсың.  
Ойланбай алдау сөзге сене көрме,  
Тегінде шынның жолын қамдағайсың.

Бұл сөзге тұзакшының көnlі үнады,  
Торғайды бір дуалға қондырады:

— Алғашқы бұл сөзінді өбден үқтym,  
Екінші сөзің қандай? — деп сұрады.

Торғай тұрып айтады тамға қонып:  
— Откен іске өкінбе ыза болып.  
Кеткен қайтып келмейді кейігенмен,  
Құр жүдейсің ішіне қайғы толып.

Соны айтып ұшып-қонды биқ талға:  
— Болайын неге тұтқын сендей шалға.  
Бар еді он мысқалдай гауһар тасым,  
Айрылдың соны ала алмай алдағанға.

Гауһарды саған бермей кеттім алдап,  
Ұстауға қолың жетпес енді қармап.  
Мұны алсаң әлем асқан бай болушы ең,  
Ала алмай өкініште қалдың зарлап.

Торғайдың алдағанын сонда біліп,  
Тұзақшы өкінеді қайғы қылып.  
Құдай берген асылдан айрылдым деп,  
Жылайды өз сақалын өзі жұлып.

Сонда торғай айтады: — Эй, надан, мас,  
Тым ұғымсыз екенсін, ақымақ, нас.  
Үш мысқалдық денем жоқ, кішкентаймын,  
Қай жеріме сыйды ол гауһар тас?

Әуелі — қисынсызға нанба дедім,  
Алдау сөзге бойынды салма дедім.  
Екінші — откен іске уайым жеп,  
Емі жоқ бос қайғыға қалма дедім.

Орынсыз өтірікке сонша нандың,  
Откен іске өкініп қайғыландаң.  
Үшінші сөзді саған үйретпеймін,  
Алдыңғы екі сөзді үқпай қалдаң.

Соны айтып торғай кетті аспанға ұшып,  
Шал қалды дел-сал болып қайғы қысып.  
Сол торғай үшіншіде не айтпақ еді,  
Соны тап, есті болсан, ойға түсіп?

## ТАЛАП НЕН АҚЫЛ

Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды,  
Бабын таптай мінгенді қылар жынды.  
Тауга ұра ма басынды, тасқа ұра ма,  
Ал енді оған кісі қайтіп мінді?

Талап шапса ақылға мініп алып,  
Жақсы, жаман бөріне бірдей салып.  
Анық ақыл адымын аштырмайды,  
Еш нәрсе одан құтылmas жетпей қалып.

Талап деген ындынмен ентелемек,  
Ойға алып, қызыққанын қылсам демек.  
Ол ісі орайлы ма, орайсыз ба,  
Ойланып оны ақылға салса керек.

Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы,  
Тоны жүрек болады, мида басы.  
Орынсызға ұмтылтпай тоқтатуға  
Талаптың алты түрлі бар ноктасы.

Ұнсап, ұят, ар, рахым, сабыр, сақтық –  
Талапқа алты түрлі нокта тақтық.  
Алтауының ішінде ұнсап әділ,  
Әзгесінің тізгінін соған үстіттық.

Ұнсап деген аспайды, кем қалмайды,  
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды.  
Рахым жақсы көреді аяғанды;  
Адамға қаттылықты ойға алмайды.

Ар демек – адамшылық намыс деген,  
Арын кетпес жагына қарыс деген.  
Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,  
Сөз емес күншіл болып, алыс деген.

Намыс сол – өзің корлан кемдігіне,  
Құрбынмен ұмтылып бақ тендігіне.  
Алмай оз алдыңғының аяғынан,  
Соқтықпай өзің ізден енбегіне.

Ұят сол – аулакта ұял көргендей-ак,  
Үрлаған малың шығып бергендей-ак.

Орынсызды істеуге өлгенше үял,  
«Үят күшті өлімнен» дегендей-ақ.

Сабыр деген – әр іске шыдамдылық,  
Қатты керек адамға бұл бір қылық.  
Қолы жетпей талай жан ызданады,  
Осыдан көп шығады адамшылық.

Сақтық деген – әрқашан байқап жүрмек,  
Пайда ма, не залал ма, ескерілмек.  
Көргенін, естігенін есепке алса,  
Сонда оңай әrbіr істі ойлап білмек.

Ойменен, талаппенен болды сегіз,  
Айтылмай ойда қалды неменеміз?  
Өзге жақсы мінездің бәрі-дағы  
Шығады осылардан түгел деңіз.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан  
Анық төмен болмай ма хайуаннан.  
Ынсан, рахым, ар, үят табылмаса,  
Өлген артық дүниені былғағаннан!



Көрілік – шал деген бір, ат қылғандай,  
Айнадай ақылынды тат қылғандай.  
Женілді ауыр, алысты жақын қылып,  
Бір туысқан жақынды жат қылғандай.  
Бойдағы бар қуаттың бәрін алып,  
Қайрат, өнер, талапқа қат қылғандай.  
Ойым – у, өмірім – су, үмітім – бу,  
Қалмады бір сүйеніш шат қылғандай.  
Тоқтаусыз төмендетті күннен-күнге,  
Түрі жоқ аз ғана аял, дәт қылғандай.  
Шатыраш ойнап ұтылған сықылданып,  
Байқаймын, кешікпей-ақ мат қылғандай.  
Ойлай берсем қайғы емес оның бәрі,  
Көп жасаған қоя ма болмай көрі.  
Өкініш сол – өмірді босқа өткіздім,  
Өлсем ойдан кетер ме соның зәрі.  
Білген адам баянсыз іс қылар ма,  
Колда болып түрғанда ықтияры.

Өмірден қымбат нәрсе бар ма адамда,  
Орындыға жұмсасаң өлмес дәрі.  
Қасиетін өмірдің білу керек,  
Басында ми бар болса, бетінде ары.  
«Өлермін, шал болармын» ойында жоқ,  
Мал, мансап, сауық, тамақ, сүйген жары.  
Тенлік бар, тексеру бар деп ойламай,  
Не зорлықшыл, не болар ұры-қары.  
Төбесінен ұрганын бір-ақ білер,  
Арамдықпен шыға алар кім жоғары.  
Кім жалғыз, бұл жалғанда – есті жалғыз,  
Мұндасар болмаған соң бір сынары.  
Жалтандал жалғыз Абай өткен жоқ па,  
Қазақтан табылды ма соның пары?  
Өлеңімен жұбатты өзін-өзі  
Еңбегі еш, іші беріш, жұзі сары.  
Сөзін ұғып, ақылын алмаған соң,  
Патша қойса не керек қазақ шары.  
Не қылса да шыдады, білдірмеді,  
Сол десенші сабырлы қазақ нары.



Ей, көп халық, көп халық,  
Көп те болсан, шөп халық.  
Партияшылды құтыртпа  
Мен сендікпін деп халық.  
Оң-терісін байқамай,  
Таза жолдан тайқамай,  
Ылайлап тұнық шайқамай,  
Тура жолмен кет, халық.  
Таласты көрсөң – басып айт,  
Кемдігін көрсөң – қосып айт.  
Кекеп, мұқап қыздырма,  
Берекесін бұздырма.  
Ыланың айт дегенін  
Желіктіріп сыйзырма.  
Адалдың өділ жолына  
Ақырын басып жет, халық.



Мен қорқамын, қорқамын,  
Қорыққанымнан жортамын.

Ашу менен ызага,  
Толы емеспін, ортамын.

Қыздырманың қызыл тіл,  
Қызған отқа салар ол.  
Кек сактағыш кекекшіл,  
Аямай қауып алар ол.  
Білмесе де білгенге  
Өзін-өзі балар ол.

Қаны қызып құтырып,  
Ар-абыройы ұмытылып.  
Ашуды қару тұтынып,  
Артынан неге қалар ол.

Жақсыны қауып жаманың,  
Қабылмай қалмас аманың.  
Осы емес пе заманың,  
Деме тентек талар ол.

Адалынды арам деп,  
Мен адалға барам деп.  
Ит жемейтін жемтікті,  
Жиіркенбей жалар ол.

Ыздан жетсе бүйрығың,  
Тұтпа ашудың құйрығың.  
Таза ақылды жүйрігім,  
Осы сөзге нанар ол.

Жүйріктерім нанбаса,  
Тура сөзді алмаса,  
~~Қайғылы шалды қармаса,~~  
Жөнін өзі табар ол.

## МҰНДЫ ШАЛ

Жасында араластың малтымага,  
Қызығып есер елдің салтына да!  
Би, болыс, епті жігіт атанам деп,  
Көп түстің ерегіскен талқыға да!

Кейде елді партияма көп жиям деп,  
Әркімге аласардың жалпия да!  
Кей-кейде дүспаның айбар қылып,  
Сөйледің барысының қампия да.  
Аздан соң ақыл кіріп, ой ойладың,  
Жұрсен де сол былықпа партияда!  
Үйткенмен жұлқынсан да шыға алмадың,  
Мықты бол түсken қақпан қапияда!!  
Уа, дүние! Фылым қуып жете алмадың,  
Құр ойбай, көзден аққан қан тыя ма?  
Тырбанғанда тырнақтай фылым таптың,  
Мұнымен кірлі көңіл шалқия ма?  
Қан жұтқан қайран сенің сүм жүрегің  
Тазарып толған айдай маңция ма?  
Тоярлық толық фылым таппадым деп,  
Қабағың, қайғы басқан салпия ма?  
«Ұл жоқ болса, қыз да игі» деген көне,  
Азсынба, өлі де шық сан қияға!  
Фылымға қанағатсыз болу керек,  
Бес түгіл разы болмай алтыға да.  
Қара жерге кіргенше қамданып қал,  
Шалмын деп жатып алма шалқия да.  
Әкенді алып, өзінді көксау қылып,  
Қаны аздық қалып түр ғой артына да!  
Балалар нашарлықтан оқи алмай,  
Келмей түр зор үміттің шартына да!  
Бір кезде үмтүліп ең талпына да,  
Патша өліп бақ ашылған балқымада.  
Білем деген жастармен жолдас болдың,  
Төңкеріс ұлы дүбір, шалқымада.  
Енді қазақ ел болар деп қуанып,  
Жүріп ең орнықпаған қалқымада!  
Жолдастарың жазықсыз «байкот» беріп,  
Кетті ғой бір қарамай артына да.  
Дінің шатак, әдетің арсыздық деп,  
Жақпадың молдалар мен халқына да.  
Ендігі жас ескі иісің шығады деп,  
Олар да келмей отыр қартыңа да!  
Тамам жанға қылып ең не қиянат,  
Бәрі мінімді айттың деп алқына ма?  
Елдің мінін айтуға сайланып па ең,  
Андамай айта бердің анқия да!

Жалғанда сендей жалғыз адам бар ма?  
Ешкім бага бермейді нарқына да.  
Сені көрсө бәрі де сырт береді,  
Қарағызы келмейді калпына да.  
Бәрін ұмыт, балаларға тәлім үйрет,  
Баулиды балапанын қаршыға да.  
Ол түгіл өзгелерге білгенінді айт,  
Тұысқан көзбен қара жалшыға да.  
Ауыз сөз, насхатты неге аяйсын,  
Ақ жүрекпен айтқанға мал шыға ма?

### АҚЫНДАРҒА

Өлең айт дарын өрге өрлегендей,  
Сезімді қозғап, тәтті ой кернегендей.  
Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып,  
Әлдилеп жыр бесігі тербегендей.

Қауымның қалауына тап келгендей,  
Болғанын, болашағын айт көргендей.  
Керістен тартып жырды жебелі октай,  
Дәл тигіз қалағанға қас мергендей.

Сүйсініп ақынға елі мән бергендей,  
Өлеңмен өміріне сән бергендей.  
Қадалып жүрегіне ақ қанжардай,  
Оятсын ойқүйезді жан бергендей.

Ерікті билеп әлсын айтылған жыр,  
Сырты – гүл, жарасымды, ішінде сыр.  
Жаныңың ләzzат алар жарығындей,  
Мәңгілік өшпейтүғын төгілсін нұр.

Үйіріліп көкейіне үйып жатсын,  
Тазартып жүрек кірін жуып жатсын.  
Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,  
Жыр тасып, дариядай құйып жатсын.

Арыңың болсын өлең айнасындей,  
Көрікті, көптің ортақ пайдасындей.  
Жосылып жатсын артта жортқан жолы,  
Арынды асқақ өзеннің арнасындей.



Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық білім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жарқырап қараңғыдан туып күнім.

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,  
Айнадай айқын болды өлем сыры.  
Талпынып орыс тілін үйренумен  
Надандықтың тазарып, кетті кірі.

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,  
Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.  
Жанымен сүйді өділет ардың жолын,  
Сондықтан ол иесі терең ойдың.

Толстой кәпір емес, кәпір өзін,  
Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзін.  
Көнлін соқыр, надансың, бейілін қара,  
Нұр, жарығын қалайша көрсін көзің.

Көнбеймін дінді теріс бұрғанына,  
Сопының бара қойман құрбанына.  
Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың  
Мың сопыны алмаймын тырнағына.

Адаспайсың ақылды, арлыға ерсен,  
Жолай көрме жылмайы сопы көрсен.  
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың  
Алданбайсың артынан ере берсен.



Адамның ең жақсысы  
Үш нәрсеге шоқынар,  
Мақтаны, асы, нәпсісі –  
Шоқынғаны осылар.

Асты билер жас болса,  
Мақтанар, баққа мас болса.

Аулакта арам ас болса.  
Асаудан деме шошынар.

Сайтанимен ойнас жүргі,  
Пайда мен мақтан – тілегі,  
Арамға батса білегі,  
Жақсыга кайтіп қосылар.

Тамак үшін тіл жалдап,  
Арын сатып елді алдап,  
Сауысқанша қылмандалап,  
Әр үйден б... шоқынар.

Бірін-бірі дос десер,  
Жауымның алдын тос десер.  
Дос қолымен от көсер,  
Өзі ап-аман отырар.

Мен де артынан барам деп,  
Өлтірсе, құнынды алам деп,  
Құтылмас менен, бәлем деп,  
Аузымен қоқай-лоқылар.

Тілінде бал, ішінде у,  
Көз байлағыш көп жаду.  
Жақсы атанып өңкей қу,  
Алдан алған досы бар.

Аракты судай сіміріп,  
Тілі мен уын жымырып,  
Маскүнем мәңгі боп жүріп,  
Жауырын жаба тоқынар.

Жүрегі қатып мұз болған,  
Майда тілі біз болған.  
Қызтеке еді қыз болған  
Бейне алдамшы сопылар.

Бар ма маған бір сын деп,  
Үстағаным не дін деп,  
Ойламайды кіммін деп,  
Жүрегінде тоты бар.

Қанша жарық Нұр қүйсам,  
Хақиқаттан сыр қүйсам,

Өршеленер су құйсам,  
Нәпсі деген оты бар.

Күндең іші қайнайды,  
Қызыл тілін қайрайды.  
Әлі-ақ өзі жайрайды,  
Алдында өділ соты бар.

Ашууланып албастын,  
Күндең мені қалмассын,  
Тілімді кесіп алмассын,  
Ақты айтуға еркі бар.

Алдауына сенбейім,  
Алысып сені жеңбейім.  
Аңы тілмен емдейім,  
Жүргегіңің дерті бар.

Адамды жауға бермеуге,  
Жетсе қолды сермеуге,  
Қызтекені емдеуге,  
Ақылдың қылған серті бар.

Айырам деп жендеттен,  
Тазартам деп індettен,  
Құтылам деп міндettен,  
Иманымның беркі бар.



Мен жатырмын онаша,  
Жастанғаным томаша.  
Жан шыдамас мұныма,  
Жалғыз Әупіш болмаса.

## «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ МЕН «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНА СӨЗ ЖАЗУШЫЛАРГА

Дүгай да дүгай сөлем айт,  
«Айқап» пенен «Қазаққа».  
Кекеу, сөгіс сөзден қайт,  
Кез боларсыз мазақта.  
Қарап жүріп қактығып,  
Қатынша сөзбен шаптығып,

Менікі жөн деп аптығын,  
Неге түстің азапка?

Сендерден кім сұрады  
«Кекеуге қайсың шешен?» – деп.  
Елің аңсап тұрады  
Көз, құлағым екен деп.  
Етегіме жабысты  
**Айрылмастай бекем деп.**  
Ойлап ат пен намысты,  
Мұратқа сізбен жетем деп.  
Сүйткен сорлы халқыңа  
Бұл қылышың таза-ақ па?

«Жылы-жылы сөз айтса,  
Жылан інінен шығады.  
Қатты сөзбен бет қайтса,  
Надан дінінен шығады».  
Осыны айтқан есті би  
Есіл сөзін кім ұқты?!  
Елеуремей есің жи,  
Ерегістен не шықты?!  
Қайрылып қара артына,  
Мұныңа жұрт разы-ақ па?

Назаланбай не айтады,  
Сендер бүйтіп тұрган соң.  
Партия шықпай қайтеді,  
Бетті ызаға бұрган соң.  
Бар сүйенген, сенгені  
Бұл қылышты қылған соң.  
Түзетесің сен нені,  
Айыра тартып жұлған соң.  
Қайран елім, қазағым,  
Енді өмірің аз-ақ па?!

Жылы жүрек, тәтті тіл  
Берекені берер, біл.  
Аңы сөзді – өзімшіл,  
Өнері оның қалар тұл.  
Қатесін тап, жұмсақ айт,  
Ызаланба, сабыр қыл.

Аскактамай бері қайт,  
Көп жетімді көзіңе іл.  
Тартпа ашудың азабын,  
Ақ жолыңды адакта.

Кекеп-сөгіп кек алма,  
Келелі сөзбен жығып ал.  
Берсе, ашуды, тек алма,  
Осынымды үғып ал.  
Ызакордың іші тар,  
Сен де қар да, мен де қар,  
Осы мінез кімде бар,  
Оны ұнатсан, тығып ал.  
Көп желігін алған соң,  
Жол бұзуға сеп болар.  
Біреу ыза болған соң,  
Жолдас табар, көп болар.

Газет, журнал тоқтаса,  
Зияны көпке, сен емес.  
Қайтейін, қойсын ұқпаса,  
Деме жалғыз мен емес.  
Деп пе еді ешкім сендерге:  
Оңашаға шығып ал  
Басың үшін еп қылып,  
Елді бөлме, естілер,  
Араз болма деп тұрып,  
Партия салды десті дер.

Сөгілуші, сөгуші,  
Біздің сөзді тындаңыз.  
Ызалы уды төгуші,  
Шатты-бұтты қылманыз.  
Ұқпағанды сынға сал,  
Табалама, таптама.  
Оқ атылса, қайтып ал,  
Улы найза саптама.  
Жаралайсың сен неге,  
Жаралы кісі албырт кой.  
Сенемісің дүниеге,  
Ыланың арты шалғырт кой.  
Ашулы албырт адамның  
Қанжарын ептең, бұғып ал.



Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,  
Жалықсам, аң қараймын тауды кезіп.  
Оңашада жатқанды ұнатамын,  
Елімді ел қылмасын ерте сезіп.  
Жауға – қатын, жақынға – жалмауыздар  
Жалықпай көк малтасын жүрсін езіп.



Адамнан артық жандық жаралмаған,  
Дейді жұрт: «айуан жоқ иттен жаман».  
Бұл туралы менде бір бөтен ой бар,  
Анық ұқсан, айтайын, достым, саған.

Адамның айуаннан айласы мол,  
Кит етсе қиянатқа қояды қол.  
Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек –  
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.

Қанеки, ондай адам қай жерде бар?  
Көбінің сыртында бал, ішінде зәр.  
Жарық алып әлемді араласан,  
Ондай жан неше мындан біреу шығар.

Әйтпесе өзге адамнан ит ілгері,  
Достықты ит ұмытпайды – артық жері.  
Қолындан сорпа жалап өскен күшік  
Өлгенше есігінде жүргендери.

Тұнде тыным көрмейді қораға үріп,  
Шарқ ұрады ауылды шолып жүріп.  
Кетпейді дәмін татқан досын тастап,  
Қуалап анда-санда қойсан да ұрып.

Тоқтамас өзге ауылға сыйласа да,  
Кек қылмас иесі ұрып, қинаса да.  
Жүз жылдық дос бір күнде жау болады,  
Көніліне бір қылышың сыймаса да.

Қарызы бар еді деп мойын бүрмас,  
Сол күні-ақ дүшпаныңмен болар сырлас.

Бұрынғы жақсылықтың бәрін ұмыттып,  
Не қылса, бір зияны тимей түрмас.

Өкпелесе не сөзге, немесе асқа,  
Жау шығады дос, жақын, қарындасқа.  
Ит иесін қаппайды құтырса да,  
Адамның шын досы жоқ иттен басқа.

Біреудің асыраулы иті болған,  
Күшігінен тамақты берген колдан.  
Сол адамның тап-тату жақын досы  
Араз болып кетіпті достық жолдан.

Пәле салып жамандап күнде-күнде,  
Өшігіп, дұспан болып кеткен мұлде.  
Ыза менен күншілдік ойын билеп,  
Өлтіргелі келіпті айсыз түнде.

Арсылдап иті ұрген қараңғыда,  
Иесі жер шалады барады да.  
Бұғып жатқан дұспанын көзі көрмей,  
Итті ұрады бір таяқ алады да.

Қанжар ала жүгірген жауды көріп,  
Қашады қатты аттанды салады да.  
Мына жақтан жүгіріп ит те келіп,  
Тастайды өлгі жауын жарады да...

Аланда май тында да, сөзімді тос,  
Айтылған сөз емес қой қалжыңмен бос.  
Дос деп жүрген кісінің көбі дұспан,  
Шын досың – жақсылықты ұмытпаған дос.



Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,  
Ортасы – өмір, жоқтық қой – екі басы.  
Сағымдай екі жоқтың арасында  
Тіршілік деп аталар біраз жасы.

Жоқтық, барлық – жоғалмақ араласы,  
Үш еріксіз болады мағынасы.  
Нажағайдай жарқ етіп өшпек болса,  
Өмірдің он тындық жоқ бағасы.

Патса, батыр, бай, бағлан, ел ағасы,  
Өнерпаз, ойшыл, білгіш, ғұламасы,  
Мақтанып жердің жүзін жалмаса да,  
Көрілік пен өлімге жоқ дауасы.

Енді өмірдің қызықты қай арасы,  
Өлімді ойлап сіне ме ішкен асы?  
Оны ұмытып, өлмestей өзеленер,  
Әлі тірі жүргендей түп атасы.

Адамзат – айуанның арам, насы,  
Жаннның да, ақылдың да дұспандасы.  
Жанды сурет сияқты қуыршақ боп,  
Жаралыстың ойнаған тамашасы.

Менменсінген керденнің керген қасы,  
Ішімді күйдіреді сол ызасы.  
Жер тәнірсіп, кісімсіп желіксе де,  
Төбесінен бір түсер жайдың тасы.

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,  
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.  
Мейірім, ынсан, әділет, адал еңбек,  
Таза жүрек, тату дос – сол шаrasы.



Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,  
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсал жүр.  
 Тағдырдың қыын, сырлы сиқырымен  
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы түр.

Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,  
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп,  
Ыстық, сұық, аштықтан сақтау үшін  
Зұлымдық пен Айланы қылады сеп.

Айуан етін, терісін, сұт пен күшін,  
Ара балын, су балық, жер жемісін,  
Құс денесін, жұні мен жұмыртқасын  
Сақтап жүр ғой дейсіз бе адам үшін?

Олардың да ойы бар өсіп-өнбек,  
Кімге онай өмір өтіп, оты сөнбек?

Адамның таза ақылы жанды қимай,  
Амалсыз қиянатқа о да қөнбек.

Сөйтіп ақыл бере алмай адал көмек,  
Зұлымдықпен адамды адам жемек.  
Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жок –  
Осы болар таза ақыл өлді демек.

Сондықтан адам – залым, әлемге жау,  
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау.  
Жер білсе адамзаттың бұл қылышын  
Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау.

Олай қылмай, билесе бәрін ақыл,  
Еш қиянат қылмаса зорлық, тақыл.  
Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса,  
Адамды сонда адам деген мақұл.



Наушеруан анда жүріп киік атқан,  
Аң етін жемек болып асып жатқан.  
Ет піскенше тез кел деп бір жолдасын,  
Тұз әкел деп жұмсалты бір қышлақтан.

Қайтадан шақырып ап талай жерден,  
Тұзды тегін алма деп әмір берген.  
«Шымшым тұз бір тынға татымайды,  
Бұ қалай? » – деп уәзірі тұра келген.

Наушеруан айтқан сонда: – Ей, уәзірім,  
Айтайын, жақсы тында мұның сырын.  
Басшы алса бір алманы баға бермей,  
Косшы құртар алманың түп тамырын.

Мен алсам елдің жалғыз жұмыртқасын,  
Кесерсің мың тауықтың сендер басын.  
Сүйте-сүйте ашылып арандарың,  
Ағызарсың бұл елдің қанды жасын.

Жебір ұлық халқына кас қылады,  
Көңілін шерлі, көздерін жас қылады.  
Киянат қылдай істен басталмақшы,  
Ескермесе, аз науқас асқынады.

Мал, мансап, адамзатты мас қылады,  
Мейірімді ет-жүрегін тас қылады.  
Тәкаббар, өділестіз залымдарды  
Бағы қайткан сорлы елге бас қылады.

Шын атын Наушеруаның ел білмейді,  
Тілі келмей «Мұсырауын өділ» дейді.  
Ақ жүрек өділдердің қылышы анау,  
Жебір ұлық зарлатып елді жейді.

Мұны айтсан әлатындай тілді кесіп,  
Мақтанады менен кім өділ десіп.  
Тендіктің атын естіп, дәмін татпай,  
Өтеміз де жүректі қайғы тесіп.



Ескіден қалған сөз теріп,  
Әз ойымнан өң беріп,  
Үйретуді жөн көріп,  
Түзетпек едім адамды.  
Қышыған жерін қасуға,  
Әділет жолға басуға,  
Алдына салып ашуға  
Жақсылық пен жаманды.  
Ешкім бұған сенбеді,  
Әз қылышын жөн деді,  
Көре тұра көнбеді,  
Кетірді қуат-шамамды.  
Мұндаид елде туғанша,  
Бұл сағымды құғанша,  
Еркін тілді буғанша,  
Жеткізсе нетті қазамды.  
Адамшылық міндетім  
Айт дейді адам індетін.  
Еріксізбін, шын ниетім,  
Алды деме мазамды.  
Демеймін мені ел білсін,  
Не ұнасын, не күлсін.  
Ел білмесе, жел білсін,  
Жүректен шыққан назамды.  
Тұзулік көрсө күйленген,  
Зұлымдық көрсө жиренген,

Күншілдік найза түйрелген,  
Қызыл тілім, кел бері!  
Тамам жанның мінін айт,  
Жалған айтпай, шынын айт.  
Аяп, ішің жылып айт,  
Адамды бастыр ілтері!  
Сөккенің болсын сүйгенін,  
Достығың болсын күйгенін,  
Аңы тілмен тигенін,  
Жоғалсын деп міндері!  
Мақтанды деп құлер де,  
Кейбір миға кірер де,  
Біреу сырын білер де,  
Кете берме тым кері!  
Мұнша неге сасқамын,  
Аяқты шалыс басқамын.  
Аптығып неге асқамын?  
Ел жаратқан мен емес!  
Сыртқы сөзің шын болса,  
Ішің толған жын болса,  
Жүргегінде мін болса,  
Айтқан сөзің ем емес!  
Жүрегі таза адамдар,  
Зұлымдықтан амандар,  
Киянатсыз надандар  
Әулиеден кем емес!



Өлім шыққан ауылға  
Ойбайлап қазақ шабады.  
Өтірік жылап көз жасын  
Қайдан да болса табады.

Қаралы қатын, қыздары  
Дауыс қып өнгө салады.  
Таяқ ұстап еркектер  
Бүкшиіп тұра қалады.

Епті жігіт ентелеп,  
Тұсіріп аттан жетелеп,  
Бата оқыршы бауырымдаپ,  
Еркектерге барады.

Кезекпе-кезек көрісіп,  
Көзінің жасын тогісіп,  
Көңіл айтып берісіп,  
Азар тыным алады.



Ойбайлап шабу мақұл ма?  
Жыласа да жақынға,  
Қазақтың мұндай өдеті  
Тіпті теріс ақылға.

Аяндап-ақ жүрсеші,  
Бақырмай үйге кірсеші.  
Жылы жүрек шын сөзбен,  
Көңіл айтып көрсеші.

Бір күні сондай ауылға  
Үшеу шауып келсе егер;  
Таяқ ұстап еркегі  
Дайындала берсе егер;

Үшеуі болса қалпақты,  
Оны көзі көрсө егер;  
Амандаспай ешкімге,  
Сұрланып үйге кірсө егер;

«Ойбай, орыс келді! » – деп,  
Балалар қашып кетсе егер;  
«Бір ұстел тап жылдам! » – деп,  
Біреуі әмір етсе егер;

Ауыл-атком бір уәкіл,  
Бірі болса комсомол.  
Қағаз алып жалма-жан  
Жазып жатса протокол.

Бұлар жуан мықты деп,  
Қару алып шықты деп,  
Тізіп алып кетпекші  
Болса оларды қолма-қол.

Қаралы ауыл едік деп,  
Таяқ ұстап келдік деп,  
Бата оқыршы едік деп,  
Жалынып азар ұқтырса ол.

Шай менен ет асылса,  
Қант-бауырсақ шашылса,  
Ашу, аптық басылса,  
Сөз аяғы болса сол.

Неден болды бұл жұмыс?  
Орынсыз өдет, қылған іс,  
Ұлықсып асқан бос шабыс –  
Екеуі де теріс жол.

Бұл өдettі тастаңыз,  
Тура жолға бастаңыз.  
Ұлығымсып аспаңыз,  
Ел түзеуге епті бол.

Чиновник ісін қылмаңыз,  
Әділет жолын тынданыз,  
Корқытып елді қойсаныз,  
Тез түзеліп, жылдам тол!



Кәрілік – құтылмайтын бір қазған ор,  
Кайратсызыға өмірдің бейнеті зор.  
Өлмейтін, жазылмайтын сол аурумен  
Жалғанда жан болмайды кәріден қор.

Жас баласын өлпештер ата-анасы,  
Бәйік болып келгенше бар шамасы.  
Сүйткен ұлы ержетіп жігіт болса,  
Бұзылар ата-анаға көзқарасы.

Қартайған соң балаға ата жақпас,  
Атанады алжыған бір қу қақпас.  
Сүйген жары тілінен сүймек түгіл,  
Оның етін менсініп жылан шақпас.  
Жар сүймесе, баласы жай білмесе,  
Канды жасы көзінен қайтіп акпас,  
Ием деп еркелеген ит болмаса,  
Ол сорлы жылы жүзді бір дос таппас.

Әрине, балаң білсе қадірінді,  
Орындалап екі айтқызбай өмірінді.

Жасындан жаны сырлас жарын болса,  
Қылп еткізбей білетін тамырынды.  
Олай болса тілегін табылынды.  
Назаланба, бойга жи сабырынды.  
Ол болмаса, өмірден өлім артық,  
Өзің казып дайында қабырынды.

## ШЫН БАҚ ҚАЙСЫ? КҮНШІЛ КІМ?

Бай, ұлық, жуандарды бақты көрмек,  
Ол мисыз шолақ оймен баға бермек.  
Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:  
Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал енбек.

Бұл үшеуі біріксе, сорды жоймак,  
Шын бақ осы деп бұған ақыл тоймак.  
Бір адамға мұндай бақ біте қалса,  
Өзімшіл қөп күншілдік көзін оймак.

Жарқанат жек көреді күннің нұрын,  
Күншілдің ұқсатамын соған түрін.  
Өзге жанға біткенін ұнатпайды,  
Әлгі айтылған бақтардың бірде-бірін.

Өзімшілдің іші тар, ойы шартық,  
Ала алмас ол біреудің бағын тартып.  
Күндейді деп күн нұры жоғалғанша,  
Мың жарқанат сокыр болып қалғаны артық.



Айна қойдым алдыма,  
Көрейін деп өзімді.  
Екі құлақ тарс бітіп,  
Шел басыпты көзімді.  
Иіс білер мұрын жок,  
Түзелерлік түрім жок,  
Жалған деме сөзімді.  
Ақ ниетім бұрын жок,  
Жүргімде нұрым жок,  
Жасыратын сырым жок,  
Айтпай арам безімді.  
Жалғыз мені деме қор,  
Мені көр де, сене көр,

Сен де емессің менен зор,  
Дөл мен деп біл өзінді.

Адамның бөрін слесе,  
Аламын деп ірісін,  
Бөрі өтеді өрі қарай,  
Сен де соның бірісін.  
Електе қалмасын бір адам,  
Не ғылымды, не надан.  
Біз сияқты барша жан  
Сорға сатқан ырысын.  
Ындыны таза ешкім жок,  
Сыртында май, ішінде ок.  
Түп қарыны толған бок,  
Жасырып жүр мұнысын.

## ҚАЗАҚ

Жер жүзі жабылғанда ғылым жакқа,  
Қазақ жүр құмарланып құр шатаққа.  
«Анау – қу, мынау – пысық, мен – батыр» деп,  
Айналды бірін-бірі құрытпакқа.

Ойда жок: «өнер біліп, жол табайын»,  
Жалмауға жалықпайды өз маңайын.  
Мұның түбі не болар деген жан жок,  
Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын.

Өтірікпен өткізіп күн мен айын,  
Демейді жамандықтан жалығайын.  
«Анау – шыным, мынауым – сырым ғой» деп,  
Сонша жақсы біледі алдау жайын.

Жаз жалымен жібермей жалғыз тайын,  
Тыныштықпен ішкізбей тақта шайын,  
Ұрысы ұрлап, куы алдап, сұмы елертіп,  
Құрытады үш жақтап тамам байын.

Байдың да ойлағаны – ел алайын,  
Білмейді, қу шағып жүр өз бақайын,  
Көзі аспанда, көнілі мактанды бол,  
Тауысқанын сезбейді ішкі майын.

Демейді ғылым біліп жанданайын,  
Максаты – мактанды іздеп панданайын.

Қанша үктырып айтсан да – қалыбында,  
Ойда жоқ жігерленіп, қамданайын.

Мінеки, естісөніз елдің жайын,  
К...інен кейін кетті басқан сайын.  
Қайран елім, қазағым, қалың жұртый,  
Көп айтып, а, дариға, не қылайын!..

## НАСИХАТ

Кел, байлар, баланды оқыт, ғылым ізде,  
Қазақты бастайтұғын қару сізде.  
Партияға шашқанша осыған сал,  
Қолында қорегің бар кезінізде.

Білгіштер, білімінді өнерге сал,  
Жарты өмір жалғыз күндік болмайды жал.  
Тіленіп, тілің безеп қу атанбай,  
Ғылым білсен, табасың қадір мен мал.

Есті жи, ел шаңына ер, мұны тастап,  
Қайғы жоқ басқа жатсаң ғылым жастап.  
Сен – батыр, мынау – білгіш, анау – есті,  
Апардың қазақ көшін қайда бастап?

Көрмедім көш бастаған қазақ ұлын,  
Кеңірдек, өңеш кетіп, қалды жұлын.  
Бәрің есті, батырсың, айлалысың,  
Қазақтың түзеттің бе жалғыз қылын?

Жарлылар, жаландама, сендер де ойлан,  
Кер кедей, кежірлікті шығар бойдан.  
Бойың жалдал қор болма, ойың жалда,  
Түк өнбес алты ай жүріп алған қойдан.

Онан да өнер үйрен тек жүрсөң де,  
Ақы алмай, тамак қана жеп жүрсөң де.  
Өнер білсөң – он күнде жүзді аласың,  
Басында пайда алмай-ақ көп жүрсөң де.

Жастарым, құмар болма көрінгенге,  
Жас күнде бойды үйретпе ерінгенге.

Аз ойна да, көп ойла, осынымды үк,  
Өкінбе жастық бойдан серілгенде.

Ғылым тап жас күнінде буын қатпай,  
Басында байқамассың дәмін татпай.  
Менің көрген жайымды сендер білсөн,  
Ғылым үшін жүрер ең тыным таппай.

Адамнан адам озар немен артып,  
Бұл сөзді ақылға сал, кірге тартып.  
Залымдықпен ел алса, сол оза ма,  
Маңайының бәрін де оттай шарпып?

Біреу жүр алдап алып қайта малын,  
Жалындай тыска жаққан күнде шалқып.  
Көпке пайда тигізіп біреу жүрсе,  
Ғылым іздеп жап-жатық майдай балқып.

Осылардың қайсысын ұнатасың?  
Ақылға өрбіреуін сынатасың.  
Көпке пайда тигізген жақсы десен,  
Оны неге іздемей тек жатасың?

Егерде ел алғанға қуанасың,  
Немесе алдау қылып жұбанасың.  
Бұл екеуін көнілің жақсы көрсе,  
Бәрібір, сен де сондай дуанасың.

## КОШ!

Жас өтті тынымсыз,  
Әнерсіз, ғылымсыз.  
Надандық жолымен  
Кеттім-ау білімсіз.

Оқытпай баламды,  
О да өсті тыюсыз.  
Ойламай шамамды,  
Алды-артым жиусыз.

Бақ қайда қынсыз,  
Бос тілек сыйымсыз.

Қазақ та қажытты,  
Күнім жоқ жиынсыз.

Бір жол бар келгісіз,  
Қайта өмір көргісіз.  
Ізім жоқ, тұзім жоқ,  
Өттім-ау белгісіз!

Қағазым – жолдасым,  
Қаламым – сырласым,  
Өлген соң белгілі,  
Қайта кеп тұрмасым.

Тіл сорлы – сырласым,  
Бекерге тұрмасым,  
Алдынан жарылқап,  
Алла кәр қылмасын.

Ел анау, мен мынау,  
Қайтейін, бір басым.  
Аман бол, ағайын,  
Татуым – қимасым.

Надандық жаман ғой,  
Оқыған – адам ғой.  
Ізденіп көріңіз,  
Ғылымды заман ғой.

Насихат тегін ғой,  
Салулы егін ғой.  
Еңбек қыл, ерінбе,  
Араздық кегін қой.

Ғылым бір кенің ғой,  
Ауырсаң емің ғой.  
Бәріне жетеді,  
Таусылмас көлің ғой.

Мен қайғы жедім ғой,  
Қапы өттім дедім ғой.  
Қазағым, қам ойлан,  
Сен де адам едің ғой.

## ШОШЫМА, ОЙЫМ, ШОШЫМА!

Шошыма, ойым, шошыма,  
Келмейді жындар касыма,  
Танааты<sup>1</sup> жок сайтан  
Жоламас менің қасыма.  
Қажыма, ойым, қажыма,  
Қарама тозган жасыма.  
Адаспасаң ақ жолдан,  
Қонады бақыт басына.  
Билет бәрін сабырға,  
Кірме ажалсыз қабырға.  
Сырласатын күн туар,  
Жан қияр жақын тамырға.



Кейбіреу безді дейді елден мені,  
Есалан айтады екен сезіп нені.  
Хақиқатты танитын баста ми жок,  
Ондайлардың сау емес анық дені.

Көре алмас өзімшілдер пейілі тар,  
Жуандық, зорлық, күншіл, мақтаны бар.  
Касқырша жемтік жеуден тартынбайды,  
Адамшылық бойында қалмаған ар.

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,  
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып.  
Елу бес жыл жинаған қазынамды  
Оңашада қорытам ойға салып.

Зорлығын елге істеген басшылардың,  
Алдаған арам молда, бақсылардың  
Жариялап жайларын, жайып жұртқа,  
Құлағына салмақпен жақсылардың.

Жалмаудан жалықпаған елді талап,  
Нашарды момынменен күнде сабап.  
Өсектеп мені елге жамандайды,  
Көрмейді арсыз қылышын өзі санап.

<sup>1</sup>Tahaarat – дәрет.

Жетім менен жесірдің алып малын,  
Малын қойып, талайдың ішіп қанын,  
Жазықсыздан накаққа жала жауып,  
Аямай шырқыратар шыбын жанын.

Көрген соң ел жарасын анық сезіп,  
Андаійн айдалаға кеттім кезіп.  
Ел емес, елге істеген қылығынан  
Қашқамын, шынымды айтсам, сонан безіл.

Елсізде неге жалғыз қалғанымды,  
Қырық жыл нені жинап алғанымды  
Сезбейсің тартпаған соң көп қайғысын,  
Сен емес үғатұғын арманымды.

Арманым байлық, мансап, мақтан емес,  
Ойлы адам оны өсте олай демес.  
Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы  
Итше талап өз елін, жырып жемес.

Партия, алдау, құлық – қылған ісін,  
Жылмайы сыртың таза, арам ішін.  
Саған ақыл айтудан жалыққамын,  
Сарп еткен бар еңбегім кейінгі үшін.

Айтамын, сөзімді ұқсан, кейінгі жас,  
Киянатсыз адамға емеспін қас.  
Жүректегі дертімді білер едің,  
Өсекке ермей, менімен болсаң сырлас.

Арамнан адалды актап ала алмадым,  
Жанғанның жанын сақтап қала алмадым.  
Ел зарлатқан арсыздың қылығынан  
Жанына жаным шошып бара алмадым.

Елді сөктік сайтанға ересің деп,  
Неге оларға тізгінің бересің деп.  
Елерткенге елігіп ере берсен,  
Ескерттім азып-тозып өлесің деп.

Сұрашы, не айттым екен жақыныма,  
Біреуі көнді ме екен ақылым?  
Сырт беріп, сырдан тартып жүре берді,  
Қыстырмай ақылымды тақымына.

Еті кетіп, қауқиган сүйегім бар,  
Жай таппай жанып жүрген жүрегім бар.  
Жайнаған таза жүрек, талантты жас,  
Үгар деген созімді тілегім бар.

Жоспарым, жайым осы, мактанным жок,  
Ел жеген өкімдерді актарым жок.  
Олгенімше жазумен еңбек етем,  
Қажыдым, көртәйдім деп жатқаным жок.

### АДАМ НЕМЕНЕ?

Білімділер сөз жазып, зарлағанда,  
Ой кезіп, жердің жүзін шарлағанда,

Алдаусыз адам өмірін түзетерлік  
Әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда?

Әйтпесе мәз боп жүр ме қиянатқа,  
Зорлықпен бірін-бірі жалмағанға.

Мен адамнан таза ақыл таба алмадым,  
Ойланып, өзеленіп, қармағанда.

Көрсекызыар, жалмауыз, бәрі алдағыш,  
Көп адамның қылышын барлағанда.

Өнерпаз, білімді елдің мінезі осы –  
Аяу, жәрдем, махаббат қалмаған ба?

Немесе бұлар бұрын жок болса да,  
Әншейін бар деп бізді алдаған ба?

Көрінер ғылымды елдің сырты таза,  
Тексеріп терен ойға салмаганда.

Ақымақ пен айуанның ісі аңқиды,  
Істерін өбден сынап талдағанда.

Кей-кейде «түзелейік, кел» деседі,  
Кешікпей соғыс ашып, белдеседі.

Айласы артық, каруы сайы жеңіп,  
Мактаннып «бар ма біздей ел? » деседі.

Тамам жан өзін-өзі «мен» деседі,  
Өзгелерді жатырқап «сен» деседі.

«Біз» дейтүғын бір елді таба алмайсын,  
Бұл қайтіп әділетпен тендеседі?

Ойласан, барша адамзат – туған бауыр,  
Бірін-бірі шұқылап қылды жауыр.

Балалық, айуандықтан шықкан ел жоқ,  
Бұл сөзім талай жанға тисе де ауыр.

Европа білімді жұрт осы күнде,  
Шықкан жоқ айуандықтан о да мұлде...

Бақ-дәулетті мол берді жаратылыс,  
Пайдаланып, қылсайшы жаксы жұмыс.

Табиғаттың таусылмас қасиетін  
Жұрттың жұмсаپ жүргені – ақылсыз іс.

Қайда кетті жарапыс берген байлық,  
Ұстанғалы өскер мен қару сайлық?

Жаны ашымай өлсізді аңша қырып,  
Мейірімсіз, озырлығы осындайлық.

Мұнысы айуаннан қалай дейсін,  
Бір жана өнер шықса, «пәлі-ай» дейсін.

Ол өнермен өзгені құлданып ап,  
Аямай өз баурынды қалай жейсін?

Күн көре алмай жақының жатыр өліп,  
Шіміркенбей жемтігін жейсің бөліп.

«Ғылым деген бұл болса, адыра қалсын», –  
Демеске бара жатыр ішім толып.

Қанеки, ақ жүрекке қайсың жеттің?  
Жеттім деп тамам жанды тентіреттің.

Жиырмасыншы ғасырдың адамынан  
Анық таза бір елді көрмей өттім.

«Мен – ак жүрек» деген сөз босқа шығын,  
Қару, күшпен корсетіп қасқырлынын,

Мылтық билеп тұрганда өділет жок,  
Алдамай-ак аулақ өл, жарықтығым.

Қару, өскер тастаудың жөні келмес,  
Неге десен, біріне-бірі сенбес.

Тамам адам періште болмай тұрып,  
«Ал, түзелші» дегенге ешкім көнбес.

Айла, күш – айуандықтың ең жаманы,  
Боқты боқпен жуғанмен ел түзелмес.

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,  
Зұлымдықты жалғанда өділ жеңбес.

Құр айтқанмен қолынан түк келмейді,  
Ақ жүректі таза адам болса кем-кес.

Қас түзеймін деп жүріп көз шығарып,  
«Қалмақ ойын» ойнаумен ештеме өнбес.

Жас баланы ұрғанмен шырылдатып,  
Ойы толмай тұрганда ақылы өнбес.

Араны ашық жалмауыз, арсыз төбет  
Аулақта жемтік жеуден жиіркенбес.

Адамның сыртқы дене жааралысы,  
Нәпсісі айуанмен анық тендес.

Бөлектігі – жалғыз-ак таза ақылда,  
Әлің келсе, жол тап та, осыны емдес!

## СЕРІГІМ ЖАЛҒЫЗ ӨУПІШ ҚАСЫМДАҒЫ

Серігім жалғыз Өупіш қасымдағы,  
Ертеден жолдасымсың жасымдағы.  
Таза жүрек, ойында арамдық жок,  
Қайғымды сен үгасың басымдағы.

Неше жыл бірге жаттың меніменен,  
Ойласам, еркінді мен алдым неден?

Елге бар, рұхсат бердім ырзалықпен,  
Қош, Әупіш! Айрылым сеніменен.

Ол айтты: «Кетем деген ойымда жоқ,  
Киім бүтін, қайғысыз, тамағым ток.  
Бірге жүріп, бір жусап, үйір болдым,  
Айрылым, жүргегімде жанбай ма шоқ?»

«Адалсың, жүргегінді айтпай білем,  
Елсізде енді жалғыз өзім жүрем.  
Адам еркін байлауды ар сүймейді,  
Өлгенше енбек етіп, өмір сүрем».

Мінезімді білетін адал жолдас  
Айтқаныма «құп» деді, бұрмады бас.  
Аттандырып саларда амандастып,  
Еріксіз шығып кетті көзімнен жас.

Оның жоқ тілегінің алалығы,  
Менімен бірге өткен балалығы.  
Үқтиярсыз көзімнен жас шығарған –  
Қаяусыз ыдысының тазалығы.

Қайраты зор, білмейтін ерінуді,  
Не асып, не мактандып желігуді?  
Еңбегімен күнелткен, сырға берік,  
Ұнатпайтын орынсыз елігуді.

Әупіштер ғой өсірген малын байдын,  
Еңбегі – жемі болған қомағайдың.  
«Адалдық – борышым» деп санайтұғын –  
Бар ниеті Әупіш пен Том ағайдың.

... Көзіме елестейді құлдық дәуір,  
Адамды «құл» деген сөз маган ауыр.  
Шын ойласам екеуін салыстырып,  
Том ағайдан Әупіштің несі тәуір?

Том ағайды сатады базарға айдан,  
Көнбесе, басын алар, қылыш қайрап.  
Еркін байлаап отырмын мен де Әупіштің,  
Босаттым оны елге осыны ойлаап.

Әупішті ұмытпаймын өлгенімше,  
Не оны, не ол мені көмгейніше.  
Барлығын шаруамың өзім қылам,  
Қажымаймын көрлік женгендініше.

«Әупіш аға» дейді оны балаларым,  
Сыйлайды деп тек ата-аналарым.  
Жанының сырын олар сөзде алмайды,  
Мен көрем оның артық бағаларын.

Білу қын сырласпай біздің жайды,  
Көленкеге пішken тон жараспайды.  
Адам үшін арымен ойламаган  
Жұксіз, ойсыз жұктімен санааспайды.

Тату тұрса, адамға дүниес кен,  
Еңбек ет, жер жеткілік береді кен.  
Адамның адал ұлы болам десен,  
Алдыменен өзіңнің нәпсінді жен.



Анадан алғаш туғанымда,  
Жыладым неге дыбыстап.  
Кіндік кесіп қинағанда,  
Анамнан кеттім алыстап.

Ақ бүйымға орап алғанымда,  
Құндаққа қойды таңып сап.  
Жып-жылы суға салғанымда,  
Денемді өбден арулап.

Емуді қайдан үйрендім тап,  
Емшектен сүтті сорғанда.  
Кіш-кішке неге күлдім ұнап,  
Үш айлық бала болғанда?

Бір түнде жылап дамыл бермей,  
Ояттым неге анамды?  
Емізген мені қын қөрмей,  
Алды гой демей мазамды.

Ақ сүтке өбден тойғанымда,  
Аштықты ұмыттым аныктап.

Туғанда кейіп, жыладым мен,  
Сездім бе өмір сырларын?  
Өмірді сүйіп, ұнадым мен,  
Білдім бе мұндай қырларын.

Аспанда көріп жұлдыз беріп ай,  
Ержетсем, дедім: соны алам.  
Ата-ана қалды, аһ, дариға-ай,  
Күн болды Жермен ата-анам.

Жылылық, жарық нұрын беріп,  
Сездірген атам – Күн шебер.  
Балына қосып уын беріп,  
Өсірген анам – қара Жер.

«Мұқтаждық өмір жолы бұл» деп  
Мұнайтып ақыл жылатқан.  
«Жас өмір қызық, оны біл» деп  
Алдамшы үміт уатқан.

Тамақ пен киім, ат керек деп,  
Өмірім кетті қындалап.  
Құмарлық мақтан қуып ем кеп,  
Көбейді мұқтаж жиындалап.

Осыны сезіп жыладым мен,  
Анадан алғаш туғанда.  
Қызық деп өмір ұнадым мен,  
Сағымды су деп қуғанға.

Жұлдыз беріп айды аламын деп,  
Аптықтым неге жасымда?  
Еркіндік жолын табамын деп,  
Ойлаған екем басында.

Жыладым ба екен өлде сонда,  
Азаттық көрмей өлем деп?  
Кіш-кішке күлдім білмей онда,  
Мазакқа талай көнем деп.

Табылмас анық азат адам,  
Жаралыс билер заманды.

Көрсөтер мұқтаж, азап саған,  
Тартқызыар өмір жазанды.

Көрілік жетсе аяу білмей,  
Жас өмір келмес қайтадан.  
Бұзылмай, өлмей, өзгерілмей,  
Қалады дейсің кім аман?

Кіндікті кесіп тастамағы –  
Жас өмір сүйтіп қылған.  
Ақ бұйымға орай бастамағы –  
Кебінің сондай бұйымнан.

Қуыстап салса құндағына,  
Кіретін көрге ұсамақ.  
Тағдыр жоқ өлмей тұрмағына,  
Өмірді өлім тұсамақ.

Алдауға құліп, қуанғаның –  
Алданып өтпек адам ол.  
Ашығып емсе, уанғаның –  
Өмірде көрмек ісің сол.

Еңбекке шыда, ебін тап та,  
«Сабырдың түбі – сары алтын».  
Өзімшіл болма, көпті ардақта,  
Адамның бәрі – өз халқын.

Ынсап пен мейірім, өділетті,  
Жанындей көріп, жан сақта.  
Ол жолда өлсек, неміз кетті,  
Мақсұтқа жетпей қалсақ та.

Залым боп елді қырсан-дағы,  
Қожаңыз себеп болмай ма?  
Патса боп қанша тұрсан-дағы,  
Бір күні ол дәурен солмай ма?



Бұл ән  
Бұрынғы өннен өзгерек,  
Бұған  
Үйқасты өлең, сөз керек,  
Өзіне орайлы.

Денең  
Жан нұрлы болса, жөнделмек.  
Өлең  
Әнгे өлшеп айтса, өнделмек,  
Үйқасса қолайлы.

Ән – өлшеуіш,  
Өлең – күміс,  
Қоспаңыз мыс аралас.  
Артық алу,  
Не кем салу,  
Қарпі қалу жарамас.

Ауыр  
Осы әнгे тауып сөз салмақ.  
Тәуір,  
Татымды үйқас жиналмақ  
Теренен толғанып.

Сырын  
Бұл әннің айтып қарайын,  
Түрін  
Сипаттап, тізіп санайын,  
Өлең тап ойланып,  
Буыны сегіз,  
Алтау, егіз,  
Үшеу деңіз екеуі.  
Кім дәл басты,  
Кілтін ашты,  
Жақсы үйқасты нешеуі?

Қайран,  
Қайғысыз, қамсыз күндерім,  
Сайран,  
Сауықты, рахат түндерім!  
Сендерден не пайда?

Асқан  
Алпыстан мынау жасымыз,  
Қашқан  
Шалдықтан гаріп басымыз,  
Қаласың қай сайда?!  
Ноқталы бас,  
Ағызып жас,  
Қызуыз мас, желіксіз.  
Хаққа көніп,

Жалын сөніп,  
Көрге төніп еріксіз.

Жастық  
Жалынсам жөне келер ме?  
Мастық  
Денеме қызу берер ме?  
Суынған тұла бой.

Маган  
Қарама, көңілім, мұңайып,  
Саған  
Жеткізбес кеткен ол ғайып,  
Жас өмір, откен той.

Бұл алпысты,  
Тұскен тісті,  
Тозған түсті жасымда  
Сөгуші едім,  
Опық жедім,  
Бәрі менің басымда.

Тағдыр  
Адамды айдал туғызбак,  
Әрбір  
Сүйгенін нәпсі қуғызбак –  
Өмірдің жолы бұл.

Жақсы  
Нәпсісін өзі билемек,  
Тапшы  
Наданды нәпсі сүйремек,  
Мақтанға болып құл.

Ата-анасы,  
Айналасы,  
Замандасы қылған іс  
Тәлім берер,  
Соған ерер,  
Тағы келер бір туыс.



Қай жолдассың, айтшы, сен?  
Адамды аңша атасың.  
Өз анаңның сүтінен  
Қанды адап деп татасың.

Өмір қылмен байлаулы,  
Өз қамынды жесенші.  
Заманды себеп жайлаулы,  
Онда нем бар десенші.

Жақсы уақыт кез келсе,  
Жаралыстың сыйын біл.  
Істің түбін тексерсе,  
Не боларын білмес ол.

Айла, күшке таянба,  
Болар-ау деп сол себеп.  
Өлшеуі оның заманда,  
Бұйырады ол не деп.

Өмір деген – үйқы ғой,  
Түс көргізбей қоя ма?  
Қын-қызық, әр түрлі ой  
Іс көргізбей қоя ма?

Түстегіні шын ғой деп,  
Шынды ұмытқан жарай ма.  
Әл жеткенің бәрін жеп,  
Арды жұтқан жарай ма?

Таза емес деп шекпенін,  
Сыртын көріп сын тақпа.  
Әркім орап еккенін,  
Өз ішінді салмақта.

Ол – не жақсы, не жаман,  
Оның жүгі сенде емес.  
Десе біреу, «мен аман»,  
Ол зияннан кенде емес.

Сопылар да күтіп жүр  
Бейістің тәтті шарабын.  
Маскунем де жұтып жүр  
Мас қылатын арагын.

Шымылдық артын кім білер,  
Шын иесі болмаса.  
Соның жолы жөнделер,  
Кімді сынап ондаса!

## КӨҢІЛ

Басында жас бала едің сен,  
Ойың бұзылмаған, көңіл!  
Перштеден таза едің сен,  
Киянат қылмаган, көңіл!  
Ата-анаңа махаббатың,  
Бояусыз нүр, көрөматың,  
Жоғары гарыштан затың,  
Анық шын бұл маған, көңіл!  
Жігіттікке жетелеген  
Секунд, минут, сағат деген.  
Жаралыс бұл солай деген,  
Балалықты ұрлаған көңіл!  
Білем, болам, озамын деп,  
Биікке қол созамын деп,  
Ақыр бір күн тозамын деп,  
Асығыс зырлаған көңіл!  
Атақ, мақтан, құмар, пайда,  
Өзімшілдік, зұлым, хайла  
«Жетесің, ку, – деді – әйда»,  
Боялып, сырлаған көңіл!  
Бұ болды қайта бір туыс,  
Тысы толық, іші қуыс.  
Әлемді қылды бір уыс,  
Теренге зымдаған көңіл!  
Балалық-тазалық өлді,  
Жүректің ақ нұры сөнді.  
Амалсыз осыған көнді,  
Дұрыс деп тындаған көңіл!  
Түзелмес мін емес бұлар,  
Әр өмір өз ісін қылар.  
Сынарлық тағы мезгіл бар,  
Ауыспай тұрмаган көңіл!  
Қырық жылдан жас өткенде,  
Қызудың көбі кеткенде,  
Есептер кезі жеткенде,  
Не болар бұрмаган көңіл!  
«Келіп қайдан, барам қайда?  
Не қылғаным болар пайда?  
Қалам ба мола боп сайда? » –  
Деген ой тырнаған көңіл!

Жиырма жыл жүректі тесіп,  
 Бір олай, бір бұлай десіп,  
 Алынғанша анық шешіп,  
 Тынымдап тынбаган көніл!  
 Бүгін тауып тілегенді,  
 Хақиқатқа көніл сенді.  
 Куанып, түрленіп енді,  
 Бозторғай шырлаған көніл!  
 Бүгін менің ұлсыс құнім,  
 Бағымды ашқан қадір тұнім.  
 Жетіліп тұр қызыл гүлім,  
 Бұлбұлдай жырлаған көніл!  
 Көзім көрді дегендей іс,  
 Табылды, кет, жоғал кейіс!  
 Өлімнің шын түбі бейіш –  
 Анық деп ымдаған көніл!  
 Тазалыққа тағы кеттім,  
 Балалықты қып жеттім.  
 Жоғары ғарыштан өттім,  
 Осыны шындаған көніл!  
 Терең ойсыз кей арамтер  
 Өлімнен соң өмір жоқ дер.  
 Өкініп, қайғымен өтер,  
 Мойыны сынбаған көніл!  
 Келем десен, өлім, маған,  
 Досымсың, жау емен саған.  
 Есікті аш жолды байлаған,  
 Жөнелсін ұнаған көніл!

## ТАУ БАСЫНДАҒЫ ОЙ

Шыққаным Шыңғыстағы бір биік тау,  
 Жақсы екен тауға шығып тағдыр сынау!  
 Қайырлы тұн болсын деп үнсіз айтып,  
 Күн кеткен соң, тұн келді қараңғылау!  
 Аспандағы ай, жұлдыз – бәрі айналды,  
 Жалғыз-ақ Темірқазық тапжылмайды-ау!  
 Күн батып, ай, жұлдыздың айналуы –  
 Шынында, дөңгелеген жер жүрісі-ау.  
 Күн жауды, көз шағылды нажағайлап,  
 Судан от жаратылып шыққаны анау.  
 Көктен жаңбыр құяды, жерден бұлак,  
 Қанша акса да оларда бар таусылмау.

Жылылық пен салқыннан жаратылған,  
Ойласам, оның түбі жердің буы-ау.  
Көз адасты, ой тапты, көрдіңіз бе?  
Ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау.  
Көз, құлак, қол, мұрын, тіл – бәрі алдайды,  
Тетігі – таза ақылмен өлшеп сынау!  
Терең ойлап, тексеріп, күн батырып,  
Сонда тауып байлаған ойым мынау:  
Тұнғиық қараңғы тұн, жарық күндіз,  
Қуалап бірін-бірі жүр тынымсыз.  
Біржолата қараңғы болмасын деп,  
Көмескі сөүле берер ай мен жұлдыз.  
Жүрісі шатаспайды, шаршамайды,  
Дыбыс жок, кідіріс жок, не қылмайды із.  
Күн нұрын, жер жүрісін, көлеңкені  
Жарық уақыт, қараңғы деп атаймыз.  
Жоқ болса ыстық, жарық, қараңғылық  
Біздің де мүмкін бе еді барлығымыз?  
Сыртын біліп, сырынан хабарсыз боп,  
Надандықпен айтамыз осыны біз!



Күннен неге түсіп түр мұнша жарық,  
Сегіз минут, шерікте жерге барып.  
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,  
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.  
Бұл дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,  
Әлемнен кім жүре алар пайдаланып?  
Дүние атаулы теп-тегіс мөлдір болса,  
Көлеңке орнығады қайда барып?  
Барша әлем тапжылмай тұрып қалса,  
Бола ма уақыт деген өлшеу салып?  
Мақсат, тәртіп керексіз тозаңы жоқ,  
Тексермей неге отырмыз мұны ойланып?



Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп,  
«Құнгірт, жарық, қараңғы, көмескі» деп.  
Жыл мен ай, сағат, минут, секунд дейміз,  
Секундты мың бөледі хроноскоп.

Жүйрік оймен оны да бөле берсек,  
Кетпей ме ең аяғы есепсіз бол?  
Қай жерден былайғысын жуан дейміз,  
Бас қанттай агаш жонсақ тым ұшкірлеп.  
Жұпардан неше жылдай ііс шығар,  
Сол иістің ұсағын бөлші есептеп!  
Мұхитқа тозаң құрлы тұз салайын,  
Ойлайсыз сол нешеге бөлінді деп?  
Жаралыс жұмбағының ісі өлшеусіз,  
Білдім деген, білмедім дегенге есеп.



Шымды жерде көресіз қара топырак,  
Шіріген шөп, тозаңнан болған құрак.  
Егер оған дым тиіп, күн жылдытса,  
Жан кіріп, шөп шығады гүл, жапырак.  
Өлген шөптің күлі еді тозған тозаң,  
Онан тағы не шықты, байқа бірақ.  
Әлемде жоғалатын ешбір зат жок,  
Өзгеріп, түрленеді, ойла, шырақ.  
Бұл соңғы шөп – өлген шөп емес дерсін,  
Шөп жанынан білдің бе оны сұрап?  
Дене – киім сияқты, күнде ауысар,  
Жан ауысты деуініз қынырақ!



Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?  
Мұны бүйтіп жаратқан қандай нәрсе?  
Білімсіз мақсұтсыздан шыққан болса,  
Мақсұт, білім, ой шықты мұнан неге?  
Керексіз жаралған бір тозаңы жок,  
Тәртіпті, таңғаларлық зор машине.  
Алыстан іздемей-ак, ойласаңыз,  
Көру үшін жаралған көзіңіз де.  
Себебі, толымдының ісі толық,  
Ең түпкі жаратушы – мінсіз ие.  
Күш, білім, шеберлікті іс білгізер,  
Есті, мінсіз – шебердің ісі емес пе?  
Ұлықтарша қорқытпай законменен,  
Молдаларша теңемей кәпірменен,  
Егер сөзім қонбаса көкейіңе,

Жығатын дәлелінді айт ақылменен.  
Ар, Ыңсапқа не жауап берер едін,  
Түзу істі қисайтсаң тақылменен.  
Құдай жоқ, қиямет жоқ дессен-дағы,  
Арың жолdas емес пе мақұлменен?



Бұл кездегі діндердің бәрі нашар,  
Ешбірі түзу емес көңіл ашар.  
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,  
Тексерсен, ойың түгіл жаның сасар.  
Әлемдегі діндердің түп мақсұты  
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:  
Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,  
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.  
Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,  
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.  
«Інжіл», «Құран» — бәрі айтып тұрса-дағы,  
Адасып ардан күсіп қара басар.  
Сөйтіп бұзып, бұлдіріп есіл дінді,  
Дін десе білімділер тұра қашар.  
Ешбір дін өйтіп дұспан бол демейді,  
Қанеки, бұл сөзіме кім таласар?



Бейіс, дозақ молда айтқан сияқты емес,  
Ақылды адам оны анық сондай демес.  
Құрсақтағы балаға осы өмірді  
Ұқтыр десе, айттар ең қандай кенес?  
Сол сияқты, мысал ғой ұқтыруға,  
Осы қыздай қыз құшып жеміс жемес.  
Бірақ қатты қуаныш, не кейіс бар,  
Дәлелім — ұждан, зұлым бар тетелес.  
Сондықтан бір тексеру болмай қоймас,  
Мұнымды өділетпен ойла да шеш!  
Егер құдай барлығы анық болса,  
Тең болмас ақ жүрек пен сүм залалкес.  
Бұл сөзге құндей ашық дәлелім көп,  
Не дінмен, не ақылмен қылсан да егес.  
Соқыр ойлы бір езу өзімшілге  
Қанша ғылым білсе де кіре алмайды ес!



5

Үждандыны мақтайды тамам адам,  
Мейлі ғалым болса да, мейлі надан.  
Ар, ынсаппен іс қылып азап тартып,  
Ақ жолында өледі бірталай жан.

Ыразы қылам дейтүгyn құдайы жок,  
Өлген соң тірілмеймін деп ойлаған.  
Осыны терең ойлап, тексерейік,  
Сорлыны ер ынсабы неге айдаған?

Өлген соң жұрт мақтасын дей ме мені,  
Олай болса іс бар ма мұнан жаман?  
Ел түзеуге құрбанмын деп-ақ айтар,  
Өзі қалай пайда алар онысынан?

Адал жолда өлгеннің арманы жок,  
Дегені болмай ма екен құрғақ мақтан.  
Ар, ынсаптың құмары осы десе,  
«Құмарың не» деп сұра зұлымдықтан?

Артында азап та жок, рахат та жок,  
Емес пе ерегіскең екі дұспан?  
Сен ананы сүйесің, ол мынаны,  
Мұнан ақыл жиренді не қылмыстан.

Ар, ынсаптың осыдан үміті не?  
Ел түзелсе, өлген соң, не пайда оған?  
Не дін емес, не тыныш өмір емес,  
Артқы үшін арпалысты неге осыған?

Ел түзеп тарихта аты қалар дейді,  
Ақылым тоя алмайды менің бұған.  
Жок, шырағым! Жанымыз жоғалмайды,  
Екі өмірдің азығы – осы үждан!

Әйтпесе оған бұл өмір төлеу емес,  
Төлеуі: түпсіз рахат, тозбас заман.  
Ар, ынсаптың пайдасын жан сезеді,  
Өлген соң бәйге аларын біліп тұрган.

Ақ жүрек, адал ниетті бола алмайды,  
Үжданның бұл сырына шын нанбаған.  
Шын нану – ақылымен қабылдауы,  
Қалады зұлымдықтан сүйткенде аман.

Әйтпесе өлген соң да мақтанбақшы,  
Жорымасқа жолым жоқ солай таман.  
Ақ, арам, үждан, зұлым деп не керек,  
Сый алмай, не қиналмай жоғалса жан.

6

Шолак ойлы дәлелсіз шолтандаган,  
«Фанатик» діншілсің ғой дер-ақ маган.  
Тамам дерттен сау ақыл, менің сыншым,  
Мың айтып ұқтыра алман деймін саған!



Тура жолда қайғы тұрмас,  
Шат болайын бер шарап.  
Қайғы, рахат – бәрі бір бәс,  
                         Ешбірінде жок тұрак.  
Келсе бейнет, келді-кетті.  
Болса уайым – болды не?  
Ақ жолына бүрма бетті,  
                         Бас нығыздап, мықтырақ.  
Мен мешітке келмеді-ау деп,  
Сөкпе, сопы, молдалар.  
Еркін аяқ кетті билеп,  
                         Шын хақиқат жолды ұнап.  
Сіз бояулы дін тұтасыз  
Мақтаның мен пайда үшін.  
Сусынным деп у жұтасыз,  
                         Кетпегейсіз бір құлап.  
Таза ақылмен таппаған дін  
Шын дін емес – жындылық.  
Қармалаған бір соқырсың,  
                         Өлген ой мен көз, құлақ.  
Ескілерше қу қазыққа  
Байланып мен тұрмадым.  
Және емеспін жаңалыққа  
                         Көрсекізар қиқырақ.  
Мен хақиқат құрбанымын,  
Берді бізге сәулесін.  
Кетті сүм тұн, шықты нұр күн,  
                         Мінді көніл шын пырақ.  
Кезсе ойым барша, барлық –  
Ақылымның тұтқыны.  
Неге болды, не боларлық...  
                         Бәрін өлшеп тұр сынап.  
Тән көретін бастағы көз  
Байқамайды жан сырын.

Көр де ақылға сал деген соз,  
Көз керек қой ойлырақ.  
Хақиқатты дәл көруге,  
Жан көретін көз керек.  
Бас көзімен сенделуге  
Бізге рұхсат жоқ, шырак!  
Сөнген ойды жандыруға  
Жан берерлік сөз керек.  
Жаны жоқты нандыруға  
Жан керек қой мильтырақ.  
Молдалардан дін сұрасан,  
Сандырақтап сандалар.  
Пәншілермен бас құрасан,  
Жан, құдай жоқ, дер тұрақ.  
Біз хақиқат елегіне  
Осы екеуін елесек,  
Түкке тұрмас керегінے,  
Екеуі де қалжырақ.  
Пәнші дейді: «қайда тәңірі?»  
Дінші дейді: «менде тұр!»  
Екеуі де сөзге нанды,  
Таза ақылдан жоқ сұрап.  
Пәнші нанды бес сезімге,  
Дінші адасты жолынан.  
Сал ақылға, дұрысы не?  
Дәлелін тап жақсырақ.  
Кім жасаса зор машине  
Онда одан не қалар?  
Құдіретімен қалды, әрине,  
Сайраган із шам-шырак.  
Тұп негізді жаратушы  
Меніреу ме, есті ме?  
Таза ақылға сыннатушы,  
Тайқымай айт сен, бірак.  
Шынды білмек ойласаң сен,  
Алдыменен жанды біл.  
Ең керекті үш сұрақпен  
Жан құлағын қой бұрап.  
Келді қайдан, қайтсе пайдам,  
Өлгеннен соң не болам?  
«Мен» деген жан – ақыл айнам,  
Жоғала ма сол шын-ак?  
Бар болған зат жоғала ма,

Жоқтан өсер қала ма?  
Аш көзінді түмшалама,  
                                 Кетпе ақылдан тым жырак.  
Осы әлемде барша, барлық –  
Жанды ақылдың табысы.  
Нәрсесі жок бос қаларлық –  
                                 Мейлі, шөп пен топырак.  
Шын сую бар, жирену бар,  
Мақсұты бар, еркі бар.  
Жаратылған неге бұлар?  
                                 Осыны тап ой құрап.  
Барша әлемнің нәрселері  
Болса жанның өсері.  
Есті сол жан, тәнірі өсері  
                                 Тазалықты түр сұрап.  
Шын таза жан тазалықпен  
Тәнірісіне бармақ ол.  
Мейірім, ынсан, әділеттен  
                                 Ағызам деп нұр бұлак.  
Мына жақта нәпсі жатыр  
Кияннатты жастанып.  
«Бармайық, – деп, – қойши, батыр»,  
                                 Етегінен жүлқылап.  
Ыңдыныңа сен иесін,  
Кімге көндің ерік беріп?  
Міне байқа жан жүйесін,  
                                 Аса берме бұрқырап.  
Әділет пен мейірім, ынсан,  
Құлшылығым тәніріме.  
Киянатқа жанды жұмсал,  
                                 Жанбан отқа шырқырап.  
Жанға көнсем, жан иесі –  
Тәніріге де көнгенім.  
Таймай өлсем, жолым осы,  
                                 Нәпсі қалсын зар жылап.  
Таза діннің шын негізін  
Ұстаған бір пенде жок.  
Дүние толған көп шатақ дін,  
                                 Бөрі бірдей шатпырак.  
Дін тазасын діннен ізде,  
Дін шатағын сынға сал.  
Анық айна өзінізде,  
                                 Айда ақылды қаттырак.

Шала дінді пәнде таппас,  
Дін тазасын ой табар.  
Еркін ақыл тіпті адаспас,  
Кезсе кірсіз жарқырап.  
Шынды таптым, қайғы басты,  
Шын сырымды айтайын.  
Дін де, пән де қатты адасты,  
Дау сабасты барқырап.

АДАМШЫЛЫК

Кісіге адамшылық неге керек?  
Адамдық – өзге айуаннан артық, демек!  
Ит талаған тәбеттен қалай дейсін,  
Аямай өл келгенін жұлып жемек.  
Мейірімсіз қасқырда да қүшті өмір бар,  
Артылған жерің қайсы онан бөлек?  
Үнемі сен жерінді қайдан білдің?  
Бұл дүние кезек берер істі өңгелеп.  
Онан қорқып, обырлық қоймасаң да,  
Адам боп, хайуаннан болсаңшы ерек!  
Жалмағанша, жәрдемің тигізсенші,  
Жығылған, жылағанға болып көмек.  
Мархабатты<sup>1</sup> теріс деп кім айтады?  
Адамшылық сол дейді тамам зерек.  
Мейірім – жақсы, зұлымдық – жаман дейсін,  
Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.  
Жаны ашып жәрдем қылмай откен адам –  
Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек.



Қаламым – қарындастың – жан жолдасым!  
Жау болды, жан аяспас сан жолдасым.  
Қайрылып, мейірімденіп қарамайды,  
Кеше аласа, бүгін зор, паң жолдасым...

**Жарқырап нұрын шашып, жанады шам,  
Талайлар пайда алады жарығынан.**

<sup>1</sup> Мархабат – «рахым» дегендей мағына береді. Рахым етіңіз, келіңіз, алының т. б.

Су тамып, не жел тиіп сөне калса,  
Көрмей, басып, таптайды пайда алған жан.

Демеймін мұңымды айтып зарланайын,  
Жаралыс солай қылған адам жайын.  
Жарық алып жалғанды тексерсөн де,  
Таза жүрек таппайсың, сол уайым...

## «ТАҢ» ЖУРНАЛЫНА ЖАҢА ӘНМЕН БАЙГАЗЫ

Жаңа ойдан  
Шығарған  
Бір бөлек бұл ән.  
Жақсы үнді,  
Ұғымды  
Жас керек бұған.  
Толға,  
Шырқа,  
Байқап жас жүрек.  
Әншілерден  
Сол тілек.  
Жорғалат,  
Сорғалат  
Мұндандырып,  
Тамылжытып сал.  
Бойды еріт,  
Ой кеніт,  
Әсер беріп.  
Тыңшы жанын  
Билеп ал!  
Бос айғай,  
Құр ойбай  
Ән деме, ойла.  
Тұз-дәмсіз,  
Тұқ нәрсіз  
Ас жеме тойда.  
Жасық етген  
Қандай пайда бар,  
Болмас онда  
Тәтті нәр.  
Ұйқасты,  
Сипатты,

Ішкі сырлы жырынды  
Әнге қос.  
Сөзі – жан,  
Әні – тән,  
Жарасымды болса,  
Тындар оны дос.  
Жыршылар  
Ән салар,  
Толғанып ойдан.  
Мұнды зар,  
Козгалар  
Байқалып бойдан.  
Жанынан  
Бір майда  
Сыр шығар.  
Сезімі ояу  
Оны үғар.  
Тіл билеп,  
Үн күйлеп,  
Суреттесе,  
Өмір жайын ән.  
Мұнлатса,  
Шырқатса,  
Ентелесе,  
Оянбай ма өлген жан?  
Жаңа әнім –  
Байғазым,  
Күттүктаң журнал.  
Кәрі жан.  
Салып ән,  
Жыбырлап қозғал.  
Алдынан шық  
Майда ән сала,  
Қабыл алсын жас бала.  
Домбыра ал,  
Әнге сал,  
Шілдехана күзет енді сен.  
Ер жетсін,  
Тербетсін  
Елді жаңа,  
Нұрлы, әсерлі сөзімен.  
Толқынға,

Күлкынга  
Соқпас бұл жас,  
Зорлықтан,  
Корлықтан  
Тоқтасын жолдас.  
Еркіндікпен  
Өсіп көп жаса,  
Ел қамынды ойласа.  
Қаламды,  
Табанды  
Жастар,  
Жатпай жақсы сөзді жаз.  
Емделмей,  
Жәнделмей,  
Басын ашпай,  
Сорлы елінді қылма таз.  
Тілменен,  
Пұлменен  
Көмектеп, қолда.  
Әр бойға,  
Соны ойла,  
Сараң болма.  
Жәрдемінен  
Жасқа толар ол.  
Адасқанға табар жол.  
Болма қор,  
Үміт зор,  
Хат білгенің алып оқы, бар.  
Көксеген,  
Жетпеген  
Ойың сенің үйренеді талай зар.



Молдалар өзгелерді көпір дейді,  
Өзі надан, наныңыз, түк білмейді.  
Өзімшілдік көкейін тескен сорлы,  
Аузына келгенді айтып жанын жейді.

Орыстың жақсыларын білмес қазак,  
Болып жүр сондығынан көпке мазак.  
Өнерлі, білімді елден тәлім алмай,  
Куларға еріп, момындар тартар азап.

Үйрәнсе ғылым менен сан өнерін,  
Білер еді-ау өнердің не берерін.  
Танысса ақын, ойшыл адамымен,  
Табар еді-ау адалдық ар көмегін.

Білсе егер Салтыков пен Толстойн,  
Сезсе олардың айтылған терең ойын.  
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алса,  
Казактың бөлөр еді-ау нұрға бойын.

Лермонтов, Некрасовтай ақындарын,  
Өнеге етсе солардың макұлдарын.  
Өзімшіл, надандықтан көзі ашылып,  
Анғарап адап жолға жақындарын.

Сұрқия, сопылардың алма тілін,  
Беті тұнық, асты лай ол бір жылым.  
Әнерсің өнеге алсаң үлгілі елден,  
Адамшылық әнермен берер білім.

Алайқ сүмдарға ерсен, болмас жолын,  
Қазағым-ау, қаңғырып қайнар сорын.  
Әнер-ғылым үйренсең еңбек етіп,  
Мазақ болмай елдікке жетер қолын.

## **«ТАҢ» ЖУРНАЛЫНА ТАҒЫ БІР ӘНМЕН БАЙҒАЗЫ**

Кейіме, көрі жан,  
                  Өмірің тозғанға,  
Оянып үйқыдан,  
                  Әнге сал қозғал да.  
Жаңа тілек,  
                  Жарық таң атты, міне,  
Байғазы  
                  Қада сен  
                  Мынау жас журналға.  
Аямай ақшасын  
                  Оқысын азамат,  
Еш бөгет қақпасын,  
                  Жасасын саламат.

Ойлы,  
Шешен,  
Каламды таланттылар,  
Жан беріп көркейту –  
Сіздерге аманат.

Жаны – сөз,  
Тәні – ақша,  
Бұларсыз ер жетпес,  
Әсерсіз сөз жазса,  
Көнілді тербетпес.  
Осы екеуі  
Пар келсе,  
Көп жасайды.  
Сөз жазып,  
Пұл беріп,  
Ел болса, көмектес.

### «АДАМНЫҢ ЕРКІ ҚАЙДА», – ДЕП АҚЫЛДАН СҮРАҒАНЫМ

Шын жаным,  
Қорғаным –  
Жалғыз сен, ақыл.  
Жүрегім,  
Тілегім –  
Шын менен мақұл.  
Ақыл үшін құрбан барлығым,  
Анық ұқсам жарлығын.  
Налындым,  
Жалындым,  
Шиені шеш,  
Еркім, емін тап.  
Ойымды аш,  
Дертім бас,  
Жазамды кеш.  
Рахым етіп,  
Мені аяп.  
Бар ма еркім,  
Сол дертім,  
Жетекшім себеп,  
Тым күшті ол,  
Бермес жол билеттім деп.

Тұғызган,  
Сол айда,  
Жүргізген.  
Әр өмірге  
Кіргізген.  
Жылатқан,  
Уатқан,  
Қуантқан,  
Құлатқан да сол.  
Ерік қайда,  
Не пайда,  
Жұлқынсам да табылар ма еркін жол?  
Жүрмек те,  
Өлмек те,  
Тумақ та сонан.  
Кім көнбес,  
Кез келмес,  
Салмақта, ойлан,  
Себебі жоқ бір іс қайда бар?  
Бәрі соған байланар.  
Ерік жоқ,  
Атқан оқ,  
Бір мен емес,  
Барша өлемге жол.  
Ойға да,  
Бойға да  
Еркін бермес,  
Неге осынша күшті сол?  
Ойласам,  
Барша адам —  
Суға аққан дөңбек,  
Себепке,  
Кезекке  
Тамам жан көнбек.  
Әлсіз бен күш тағы себептен,  
Кім құтылар кезектен?  
Жақсылық,  
Жамандық,  
Бәрін себеп билеп алған зат.  
«Мен білдім,  
Іс қылдым  
Өзім билеп» дегеніміз, тіпті, үят!

## АҚЫЛДЫҢ ЖАУАБЫ

Шын ақыл,  
Бір макұл  
Түсірді ой маган.  
Мақсұтың,  
Ыңдының  
Еркін ғой саған.  
Жаралыстың берген еркі сол,  
Талап ет сен таза жол.

Бұзыққа  
Қызықпа,  
Ыңдыныңды  
Тура жолға сал.  
Жетсөң де,  
Кетсөң де,  
Мақсатыңды бұзба,  
Осыны ұғып ал!

Бұл өмір,  
Екі айыр,  
Өзендей ағар.  
Сен қақсан,  
Әр жақтан,  
Кез келе кағар.  
Таза жолдан  
Таймай барғаның –  
Жетпесең де алғаның.

Құбылсан,  
Бұзылсан,  
Не қызығып,  
Не именумен,  
Қайта алмай,  
Байқалмай,  
Себепке еріп,  
Жетектеліп өлдің сен.

Міне еркін,  
Шын көркін,  
Ыңдынды таңба.  
Болмасқа,  
Толмасқа,  
Мақсатты салма!

Ие бол,  
Тура жол,  
Берді хабар анық.  
Ақыл нан,  
Терен ой,  
Ыңдын қой,  
Мұны табар,  
Сезімі ояу, есті жан.



Аңшылық өуелінде қандай тәтті,  
Еркіндік, кім жек көрер салтанатты.  
Бұл күнде қоңлы тұғыр табылса да,  
Аздан соң желдіктерсің жауыр атты.

Айтпаймын сөгейін деп азаматты,  
Дей көрме мұны осы шал неге шатты.  
Салынбай біржолата аң қуғанға,  
Еңбек пен ескере жүр қанағатты.

Толғанып ақын айттар әрбір затты,  
Сөзімнің іші жұмсақ, сырты қатты.  
Алпыс жыл аңшы болып алжыған шал,  
Дерсіндер бізге ашады насихатты.

Ойласаң, біздің заман мұнан жат-ты,  
Ол дәурен ойран болып, құмдай батты.  
Жұмысы бұл уақыттың – адал еңбек,  
Заманың көтермейді бұл саятты.

## ҚОРҚЫТТЫҢ САРЫНЫ

Кешегі кеткен ер Қорқыт  
Кейінгі жанға болды ұмыт.  
Сарынын соның салайын,  
Ескі өуез демей құлақ тұт.

Аңгармай кетпе арынмен,  
Қобызбен Қорқыт сарнаган.  
Болмады жері бармаган.  
Мұнды өнмен өмір суреттеп,  
Сол өнін соған арнаған.

Ашулы, зарлы сарынмен,  
Қорқыт – түбі түрік, қалмақ.  
Ойы – өмір мен өлім жайын өнге дәл  
салмақ.  
Ол өн аяғын сөзсіз сарынмен,  
Шер тарқатыпты, зарлап.

Басында жырмен бастаған,  
Екі рет жырлап тастаған.  
Аяғын өнмен шырқатып,  
Бір ауыз сөзді қоспаған.

Әсерлі үнмен толғаған,  
Сол өнді ойым үнады.  
Зарласам, көнлім тынады,  
Сарынға өлең салдым мен,  
Түп-түгел сөз боп шығады.

Көрінді түзу сол маған,  
Жасқа үнамайды сарын.  
Қайдан біледі ол,  
Көрілерде не сыр, ой барын.  
Жат құлағына жастың мұндай өн,  
Ол сезе ала ма нәрін?

Бұл өнге өлең салғаным –  
Бұрыннан ойдағы арманым.  
Сарнайтын мұны бақсы жок,  
Жек көрдім ұмыт қалғанын.

Ескіден қалған бір жұрнак,  
Жақпаса қойсын жастарға.  
Жырлаймын ойлы достарға,  
Мен өлсем, сарын жогалар,  
Қимадым көміп тастарға.

Сондықтан айтқан бұл жұмбак  
Сарын тез жайылар бойға.

Айдап тұсірер сен білмеген  
Тіпті жат ойға.  
Жын-бақсыларға келер сондықтан,  
Жас жиылғандай тойға.

Сарынға жастар салмасын,  
Арам жын келіп қалмасын.  
Таза ақыл табам деп жүріп,  
Абыройын жойып алмасын.

Ол дайын болар қасында,  
Шақырма ішпей мастарын,  
Байқа, ал, шақырам жынды,  
Ойла тереңнен,  
Нені ішемін, шақырам мен кімді?  
Ол адамдыққа мені жеткізер,  
Сол жояды шер-мұнды.

Алып кел шарап тазасын,  
Денеме нұры тарасын.  
Ұйқыдан әбден оятып,  
Жаралы жүрек жамасын.

Мас болмай кіrmес ақылым,  
Қойқаптан қозғал жындарым,  
Тауып кел істің шындарын.  
Хақиқат айтсам адамға,  
Білмеймін кімнің тындарын?

Сынайын теріс, мақұлын,  
Бері кел, тотсыз асыл айнам,  
Білдір анығын, не хақиқат,  
Не жөн, не пайдам?  
Сал тура жолға мені, жетекшім,  
Бұл – сынасатын майдан.

Бақсымын жырлап сарнаған,  
Денем жоқ өсер бармаған.  
Мидағы жыным, түгел кел,  
Хақиқат іске арнаған!

Басайын қобyz пернесін!  
Монтаны талай мұндар бар.  
Нәпсіге ерген сүмдар бар,  
Адамды аңша аулатқан.

Алдамшы, арсыз жындар бар,  
Ондайлар маган келмесін,  
Олар – жөдігөйлер жайтан,  
Ойды улатып,  
Көзді байлап жүрген қу сайтан.  
Сол хақиқатты айтам!

## ТІРШІЛІК, ЖАН ТУРАЛЫ

Қасына қылыш қайратқан,  
Досына ғұлдей жайнатқан.  
Ерік пен талап, ой беріп,  
Ойынды сөзбен сайратқан  
Жан емес дейді «білгіштер».

Осыған нанған есерлер,  
Ойы кем, сөзге шешендер,  
Ақылмен жанды тексермей,  
Денешіл, пәншіл кеселдер  
Дәлелсіз сөзбен ілгіштер.

Бұл жан басынан бар,  
Ойла, тексер ақылмен,  
Құр сөзге нанып ден қойма!  
Шын таза ақылдың таппас заты жок,  
Ол қасиетін жойма.

Оларды сөзбен қайраган,  
Ақылдан алыс айдаған,  
Ойменен тапқан бұлдыр деп,  
Дене мен пәнге байлаган,  
Баяғы Конттың<sup>1</sup> сөзі еді,  
Жананы көрсө жүгірген,  
Ақылдан өбден түнілген,  
Осыдан дұрыс жол жок деп,  
Бұл уды судай сімірген,  
Дененің соқыр көзі еді.

Дене сезіміне нанба!  
Сағым су ма еken?

<sup>1</sup> Конт – Август Конт – 1797 жылы туған, 1857 жылы өлген (автор).

Барып көрсөң таяу сол маңға,  
Бар дене, сезім түгел алдайды,  
Бұл сөзімді өбден анда.

Радийді бұрын біліп пе ең,  
Электр ұстап көріп пе ең?  
Бәрін де тапқан таза ақыл,  
Аспанда ұшып жүріп пе ең?

Көрінбес зат бар бірталай,  
Шығады жаннан көп қуат.  
Спирт, гипноз, телепат,  
Пакризм мен лунатик,  
Жан сезу, тұскер – бәрі жат!

Жан жоқ болса, бұл қалай?  
Ойла, жанның жоғы шын ба.  
Сал сөзімді терең ақыл менен ой сынға,  
Сен бұл дәлелге кетсең тоқтамай,  
Мен тағы айтамын, тында!

Электриядан не шықты,  
Істедің талай қызықты!  
Дәл өзін көрген адам жоқ,  
Шын затын оның кім үқты?  
Ісінен білдік барлығын.

Жан ісі онан бір бөлек,  
Еркімен ойлап түрлемек.  
Жан қожа тәнге, тән құлы,  
Еріксіз айдал жүр демек,  
Тән істер жанның жарлығын.

Жанды билей ме екен дене,  
Болса бір сипат тәннен шыққан?  
Билер жан неге?  
Жан өсіріп түр тәннің баршасын,  
Тән жан жаратты деме!

Басында жоқты бар қылған,  
Жоқтықты жойып көр қылған.  
Есепсіз дене жаратып,  
Еріксіз жиып нәр қылған  
Жан емей енді немене?

Жарықтан бізді бу қылған,  
Құбылтып буды су қылған.  
Суынан топырак қатырып,  
Топырактан жасыл тұғызған  
Ие кім сонда денеге?

Жансыз тән қалайша жүрмек?  
Сол жан емес пе денелерді қозғап өсірмек.  
Бас қозғалыс қой жанның атасы,  
Ол жаратады түрлеп.

Сол жаннан талай жан өскен,  
Жанына қарай тән өскен,  
Өсімдік жаны нашар боп,  
Олардан жәндік және өскен.

Жәндіктен адам жараган.

Жадында қанды емізген,  
Ауызсыз қорек жегізген,  
Туғызып түзеп өсіріп,  
Өзінді-өзім дегізген

Тіршілік сөйтіп таралған.

Енді тоқтадың ба жаным?  
Жолдан тіршілік шықты деген сөзге жок  
наным,  
Қой пәленше-екем айтты дегенді,  
Ол қате екені мәлім!

Таза ақыл анық адамда,  
Әлім бе мейлі, надан ба?  
Айтқанға нанба шынға нан,  
Жетектеп ойды әманда!

Ойланбай салма жарысты.

Ақылдың көзін байлама,  
Білгіш деп басшы сайлама.  
Оқуым дінім наным деп,  
Әдетке қарай айдама.

Ақылға сыннат өр істі.

Үқсан әйтқанымды шындалп,  
Тағы сөзім бар,  
Ақылыңмен оны көр сындал!

Ол – басқа жанда бар ма таза ақыл?  
Сен осыны түр тыңдап.

Күбылған өлем жарысы,  
Ақылды жанның табысы!  
Басында-ақ онда ақыл мол,  
Мақсатты ретпен өр ісі,  
Теренен ойла аңғар да.

Көресің, шырақ сен мені,  
Көрсін деп бүйткен кім сені?  
Теп-тегіс қара денене,  
Ойламай ақ қой өзгені,  
Максатсыз біткен тән бар ма?

Ойлы адамсың ғой сен де,  
Бар ма мақсатсыз, тәртібі жоқ нәрсе  
әлемде?

Ол меңіреу күш емес байқасан,  
Пән айтты ғой деп сенбе!

«Сезімің заттан жарады», —  
Деген сөз мұлде арам-ды.  
Ақылды жанның мүлкі әлем,  
Тәртіппен өсіп тарады,  
Осыны неге білмеген!

Меніреуде мақсат бола ма?  
Ақылға осы қона ма?  
Құбылтып түрлеп бояған  
Ку сөзге көніл тола ма?  
Дәлелі миға кірмеген.

Олар шатақ діннен қашқан,  
Сөйтіп жан жоқ деп тіпті  
Алысқа кетіп адасқан.  
Бар обалы оның шатақ дінш  
Сол дінді бояп басқан.

Еркіндік талап, шын сүю,  
Жирену, мақсат, ой түю,  
Қуаныш, қайғы, күлкі, ашу,  
Денесі сау боп жан күю...  
Жансыздан бұлар шығар ма?

«Айуаннан адам өзгерек,  
Жаралған дене бір болек.  
Сондықтан ойлап білді адам,  
Жаны жоқ» дейді психолог,  
Сау адам мұны үгар ма!

Көзге көрінбеген затты «жоқ» деп отырып,  
Ертеңінде талай сыр тапты.  
Ол жан туралы оны ойламай,  
Бар жанды жоқ деп шатты!

(Бұл Жан туралы өлеңнің мұнан кейінгісін басқа бес буынды, екі тұяқ жырмен жазып, аяғындағы сарынга салған жыр қалдырылған.)

Жаралыс басы – қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлің, бір мән де,  
Сол қуатпен бол таныс.

Әлемді сол мән жаратқан.

Қозғалмаса көшпейді,  
Көшпеген нәрсе өспейді.  
Өспеген нәрсе өзгермес,  
Тұрден ол түрге түспейді,  
Қозғалыс түрлеп таратқан.

Қозғаған қуат – жан дейміз,  
Жан өсті жаннан сан дейміз.  
Сол жандар өсер берген сон,  
Жаралды сансыз тән дейміз,  
Жанына қарай тән солар.

«Өсімдік күннен алады ас,  
Күн сүық болса, түпке қаш,  
Дым тиіп, нұр кен жылытса,  
Өс тагы жайнап, қөніл аш! » –  
Дейтүғын жанда мән болар.

Жұмыртқада ұрық жатпай ма?  
Олар да тамақ татпай ма?  
Жылынса, яки егілсе,  
Онан да таны атпай ма?  
Орасаң да өлмес бидайы.

Жандықта шаһуат болмай ма?  
Жатынға барып қонбай ма?

Құбылып қаннан тән жасап,  
Түзеліп өбден толмай ма,  
Сіздерге мәлім әр жайы.

Осыны ақыл үқпай ма?  
Дене жаның тықпай ма?  
Бастапқы есті, жанды ақыл  
Адамнан келіп шықпай ма?  
Осыдан өзге шын бар ма?

Айтамын мұны жастарға,  
Таза арақ ішкен мастарға,  
У ішіп, құлық жинаған,  
Айтпаймын қуыс бастарға.  
Ол үғынбас, тындар да.

Анықты білмес діншілдер,  
Өзімшіл, ойсыз, күншілдер.  
«Жаныңды жолдан қосты» деп,  
Шарифат айтып күнқілдер.  
Ойында биттей сәуле жок.

Дін айтты: «маған нан», – дейді,  
Адасқан дінді пән дейді.  
Мағынасын анық біле алмай,  
«Рух» деген сөзді жан дейді.  
Осыдан жаман өуре жок.

Рух деген дінсіз таза ақыл,  
Мінсіздің ісі шын макұл.  
Айуандағы ақыл ол емес,  
Аз ғана сөзім – аз тақыл.  
Құраныңды оқы нанбасан.

Аз ақыл ондай көpte бар,  
Айуанда айла, еп те бар,  
Өсімдіктерде сезім көп,  
Көбелек жейтін шөп те бар.  
Әлемнен сұра, алдасам.

Нәпсі дер рухсыз жандарды,  
Мейлі адам, мейлі андарды.  
Үстіртін қарап үқпайды,  
Қай молда мұны аңғарды?  
Мәнісін білмей шатасқан.

«Төпсірші» деген атақ бар,  
Қарсы айтсан, молда қақақтар,  
Анығын таптай айтылған  
Төпсірде талай шатақ бар,  
Ой-жотамен адасқан.

Пәнші мен дінші тындарас,  
Жиреніп мұны ұнамас.  
Әйткені олар бір езу  
Әдетін тастап, шыдамас,  
Арланбай бұған еруге.

Бұлқынып, тулар, зарланар,  
Дәлелін іздең қарманар,  
Иманын бұзу оңай ма?  
Күндерде қызар, арланар,  
Дәлел жоқ жауап беруге.

Пән менен дін деп қор болар,  
Ойында – өзі зор болар,  
Ноқтадан басын ала алмас,  
Жетекшіл айуан сол болар,  
Ақылға анық жүгінбес.

Көнбеуге талай бұлтақтар,  
Күдікті болып қипактар,  
Миына түсіп біздің шок,  
Желкесін қасып сипақтар,  
Онысы бізге білінбес.

Өзімшіл, нәпсі, жайдары-ай!  
Көгенде қойың бірталай.  
Күңгіртке көзін қадалттың,  
Аныққа қарап ол қалай?  
Бастағы мига қол жетпес.

Ақылын сатып есер қу,  
Бал екен деп ішкен у.  
Онысын өзі сезбейді,  
Тәні сау болса, жаны ауру,  
Емдейін десен, емдепес.

Күлерсің мас деп сөзіме,  
Мастығым жақсы өзіме.  
Тазасын тауып бір жұтсан,

Көрінер еді-ау көзіңе,  
Алдыңғы айткан емдерім.

Жарамсыз болса біздің жол,  
Дәлелінді айт, жакпаса ол,  
Үқпасан, қылар лажым не?  
Мен кеттім, сіздер аман бол,  
Айуанмен анық тендерім!

Жалындал жанба, жүрегім!  
Табылар өлде тілегін...  
Адамның арты бұл емес,  
Кейін де келер, білемін.  
Сынайды солар мұнынды.

Таза ақыл ақты барлайды,  
Дәлелсіз сөзді алмайды.  
Танитын жанға кез болса,  
Хақиқат жерде қалмайды,  
Жалғанға сатпас шынынды.

Көнбеді деп күйгенің –  
Тіріде мақтан сүйгенің.  
Ақылды өбден тасалап,  
Мақтаннын перде кигенің,  
Жолама, сірө, мақтанға!

Баршаға жаның ашысын,  
Қышыған жерін қасысын.  
Аузыннан мейлі сары алтын  
Бұлактай ағып тасысын,  
Сонда да түспе қақпанға.



Кетті – келді,  
Толды – семді,  
Өзгеленді бұл ғалам.  
Туды – өлді,  
Жанды – сөнді,  
Өршіп, өнді қайтадан.  
Дәңгелеткен,  
Өңгелеткен  
Түк білімсіз күш пе екен?

Тіпті мінсіз,  
Кемшіліксіз,  
Есті қылған іс пе екен?  
Жан деген не,  
Мұлде өле ме,  
Шын жоғалып, сөне ме?  
Дене жөндеп,  
Жоғары өрлеп,  
Тағы «мен» деп келе ме?!



Аурусыз жанға айла жок,  
Аурулы жанға дәрі бар.  
Аурусыз адам қайда жок,  
Аурудың онда бәрі бар.

Аурусыз жандар – мисыздар,  
Мисызда ауру бола ма?  
Тәні сау, миы науқастар,  
Ондайға дәрі қона ма?

Мильтыда ойсыз күн болмас,  
Ауырмай миы тұра ма?  
Миынан басқа ем қонбас,  
Емдейін бе деп сұрама!



Мал да аяулы,  
жан да аяулы болса егер,  
Малды аяма,  
жаның үшін малды сат!  
Жан да аяулы,  
жар да аяулы болса егер,  
Жанды аяма,  
жарың үшін жанды сат!

## ИМАНЫМ

Қырықтан соңғы иманым –  
Отыз жылдай жиганым.  
Көп ғалымның сөзінің  
Ақылға алдым сыйғанын.

Молдалардың әдісін,  
Пайғамбардың хадісін,  
Әулиелік жәдісін,  
Алмадым ақыл тыйғанын.

Айтса қандай ғалым зат  
Дәлелсіз болса, бәрі ағат.  
Даусыз таза хақиқат  
Жолында жанды киғаным.

Үйретсем иман адамға,  
Әлімге, мейлі наданға.  
Қолы жүйрік, көзі өткір,  
Көнілі соқыр шабанға.

Тұзетсем оның тілегін,  
Тірілтіп өлген сүйегін.  
Жұлып алсам жүрегін,  
Кеудесін басып табанға.

Айқын аққа сенбейді,  
Теріс деп дәлел бермейді.  
Көкейіне енбейді  
Құлағына құйғаным.

«Білмеймін» деген иман ба?  
Ол ақылға сыйған ба?  
Айтудан ақыл тыйған ба?  
Жасырады иманын.

Философ сөзін оқыдым,  
Талайын ойға тоқыдым.  
Кітабын да көргемін  
Әулие мен сопының.

Бәрін де сынға салғамын,  
Керектісін алғамын.  
Ашып, алып таstadtым  
Таз басының қотырын.

Саяз ақыл бас үрган,  
Мактауын көктен асырған,  
Жаба тоқып жасырған,  
Талайдың жардым шиқанын.

Ақылдан адас қалмайым,  
Дәлелсіз сөзді алмайым.  
Бос жетекке бармайым,  
Көтермеймін қиқаңын!



Шошыма, достым, сөзімнен,  
Сөз – құдайдан шықкан бу.  
Ұқпасаң көр өзіннен,  
Жұтқызайын нұрлы су.

Ішіп алып мас болып,  
Мал, мақтанға қас болып,  
Нәрестедей жас болып,  
Қайта жарал, қайта ту.

Арак ішіп құтырсан,  
Бар киімді сыпырсан,  
Дүниеден мұтылсан –  
Жолға түстің тұп-тұзу.

Қанжармен ішің тілемін,  
Бар сырынды білемін,  
Мазактаймын, құлемін,  
Деме сиқыр, неткен ку.

Өлсен, сөзбен түрғызам,  
Еріксіз мойын бүрғызам.  
Айтқанымды қылғызам,  
Жүргегіне төгіп у.

Сиқырыммен жүгіртем,  
Жар бетіне үнілтем.  
Дүниеден тұңілтем,  
Кереметті мен жаду.

Қасиетті баламын,  
Жанынды билеп аламын,  
Дененді отқа саламын,  
Жалыны шықсын гу де гу.

Байлаймын да көзінді,  
Патса қылам өзінді.

Ұғып отыр сөзімді,  
Ел билетем жеті ру.

«Мейірім», «Ынсан», «Әділет»,  
«Шыдам», «Шыншыл», «Харекет»,  
Тұп қазығы: «Ақ ниет» –  
Бұл жетеуін ел қылу.

Ешкімге зиян тигізбей,  
Көріптің қөңілін күйгізбей,  
Сайтанға беттен сүйгізбей,  
Жүргінді нүрмен жу.

Мақтанды алма ойына,  
Кек сақтама бойына.  
Барма дүние тойына,  
Ойнаса да уда-шу.

Егер мұны қылмасан,  
Айтқаным тұрмасан,  
Өз нәпсінді бұлдасан,  
Саған арам сөз үғу.

Мақтанып оттай саулама,  
Жақынды жаттай жаулама,  
Өлсен де адам аулама,  
Аң жейтүғын болма аю.

Оқуың, дінің, дағдың көп,  
Не бір білгіш айтқан деп,  
Кетпесін сол жетелеп,  
Жарамас үйтіп ой көму.

Ақылыңа ұстарат қол,  
Тура апарар сені сол.  
Жардың жолы қын жол:  
Шытырман тогай, қалың ну!



Шын асықтың әрбірі  
Өліп топырақ болды да,

Жаралыстың тағдыры  
Жаратты мені орнына.

Бәрінің нұры қосылған  
Мол керемет менде бар.  
Жалғыз жарға шоқынған  
Қайда мендей пенде бар?

Менің жарым қызы емес,  
Хақиқаттың шын нұры.  
Оны сезер сіз емес,  
Көзге таса бұл сырьы.

Жасырып түр жар өзін,  
Бас көзімен қарама.  
Жүргінің аш көзін,  
Жанның сырын арала.

Көрем десен жарымды,  
Мас бол, жүрек тазала.  
Әртеп жібер барынды,  
Қарсы үмтүл қазага.

Көрсөң оған бас ұрып,  
Етегінен айрылма.  
Не көрнеу, не жасырып,  
Нәпсісіне қайрылма.

Бұл сәлемді есіне ал,  
Егер жетсең тілекке.  
Жар қанжары – маған бал,  
Сүксын сорлы жүрекке.

Талай асық жарапсын  
Жар ағызған қанымнан.  
Жер жүзіне таралсын,  
Жерді жусын қызыл қан.

Сайтан қашып асықтан,  
Асыл озып жасықтан,  
Бейіс болсын бұл жалған  
Жүректен кетіп сасық қан.



Элемді түгел мен көріп,  
Ешкім мені білмесе.  
Мұқтажым, нәпсім жоқ болып,  
Зияным жанға тимесе.

Мисыз мына көп жынды  
Осы биін билесе.  
Залым жеңіп момынды  
Басылған нандай илесе.

Партия болып таласып,  
Біріне-бірі шүйлесе.  
Боқ жеген аузын жаласып,  
Ұлыққан иттей күйлесе.

Түзеттік деп өмірін,  
Бұзғанын өзі түймесе.  
Томаша етсем көмірін,  
Өртенсін деп күймесе.

Биікті десе аласа,  
Жалғанды шынға баласа,  
Ұлыққа шағып момынын,  
Тамтығын қоймай таласа.

Қиянат қылса иманын,  
Арамнан тапса жиғанын.  
Айламен төрге сыйғанын  
Ұлықтап бәрі қаласа.

Кешегі уағда бүгін жоқ,  
Кейде жалын, кейде шоқ.  
Балшық қора бұз да сок,  
Батпакта жүрген балаша.

Шынды біреу жақтаса,  
Жазасызды ақтаса.  
Адалдықты мақтаса,  
Арсылдан оны қамаса.

Мінезін көріп шошынсам,  
Түзеймін деп қосылсам,  
Орныкты деп отырсам,  
Сырганай берсе шанаша,

Қараса да көз ашып,  
Көрмесе менен адасып,  
Қасына тұрсаң жанаңып,  
Мені жоқ деп санаса.

Сайтанға иген мойынын,  
Кұлыққа толған қойынын,  
Көп жындының ойынын  
Қылсам-ау сөйтіп тамаша!



Күндегі таныс күн мен түн,  
Жалықтым мұнан, кетемін.  
Қайта-қайта бір ойын  
Ұялмай ойнап нетемін!

Өзгермейтін, өлмейтін  
Өмірді талап етемін.  
Қайталап ойын көрмейтін  
Қызыққа түпсіз жетемін.

Теріс десен, дәлел сал,  
Тұзу көрсөң ұғып ал!  
Кетпей тұрып сұрап қал,  
Мен өлікке тетемін.



Шыннан өзге құдай жок,  
Анық құдай – Шын құдай.  
Ұқпай қалма алаң бол,  
Шын болмаса, кім құдай?

Бұрын шын бар, бүгін шын,  
Ертең шын бар – үш бөлек.

Керегі жоқ бұлардың,  
Бұзылмайтын Шын керек!

Шын махабbat қылуға  
Шын сабырың жетер ме?  
Керілген әрбір сұлуға  
Көнілің толқып кете ме?

Олай болса таза ақыл,  
Әулиелік сенде жоқ.  
Баянсызға бәрі құл,  
Жынданбаған пенде жоқ.

Әулиедей асықтың  
Қасиетін былғайсың.  
Қылығын қылып жасықтың,  
Бір қалыпта түрмайсың.

Әлде сайтан, әлде жын,  
Бірін тастап, бірін мін.  
Адам емес, айуансың,  
Неге тұрсын сен де Шын!



Анық асық – өулие,  
Кереметке сол ие.  
Жаны құрбан жарына,  
Керексіз оған дүние.

Жарынан бөлек жаны жоқ,  
Табатын басқа жары жоқ.  
Асықтан аяп қалатын  
Иманы, малы, ары жоқ.

Жарының жаны – жандары,  
Жалынға жанбас тәндери.  
Дозактың отын өшірер  
Жүректен аққан қандары.

«Шын қасиет соларда», –  
Дегенім күнә болар ма?

Құбылма мінез, тайғақ ой,  
Екі сөз болмас оларда.

Тасбик, солде, жайнамаз  
Тастамасаң қыс пен жаз.  
Жүрегің болса тайғақ саз,  
Сопысынып қылма наз!



Тәніріні іздең бір мұнғыл,  
Тас суретке шоқынса.  
Өлсе де болып соған құл,  
Иманын бұзбай отырса.

Атак, пайда іздемей,  
Ойында мақтан жоқ болса.  
Қияннатты көзdemей,  
Қанағатқа ток болса.

Молдеке-ау, оған танданба,  
Сол кіреді бейіске.  
Екі жұзді сандалма,  
Сен қаласың кейісте.

Құдайың мен дүниеге  
Кезекпе-кезек шоқынсан.  
Инедей пайда тие ме  
Мешітте мың жыл отырсан?

Кімде болса шын мінез,  
Болмас онда екі сөз.  
Әлтірсе де көзбе-көз,  
Иманын сатып алmas бөз.

Иман да сол, дін де сол –  
Аласпайтын айқын жол.  
Күнде, мейлің, ыза бол,  
Бейіске анық кіреді ол.

Мысал емес, ындыным,  
Әлгі мұнғыл – өулие.

Иман сатқан жындының  
Іздегені дүние!



«Бейісте бар сұлу жар,  
Мінсіз таза, хор қыздар.  
Рахат берер бал кәусар»  
Дейді біздің молдалар.

Айтады да бұл сөзді,  
Арудан тыйды ол бізді.  
Сүйме дейді бір қызды,  
Молда-екемнің жыны бар.

Кәусарың рахат бермесе,  
Мас қылмай ішті кернесе,  
Хорды асық боп көрмесе,  
Несін мақтап қылдың зар?

Кәусары болса шараптай,  
Хор қызы болса қарақтай.  
Қоймас па еді жаратпай,  
Бейіске ондай арам нәр.

Қызына асық болмаса,  
Мастықпен көңіл толмаса,  
Көкейіме қонбаса,  
Бейісің маған мұз бен қар.

Молдеке-ау, олай емес қой,  
Қыз сүйіп жеміс жемес қой.  
Мысалмен айтқан кеңес қой,  
Тәпсірлеуге миың тар.

От емес қой тозақ та,  
Дүние ісі жоқ о жақта.  
Барамыз ғой қонаққа,  
Сонда анықтап байқалар.

Жалықпас, бітпес рахат бар,  
Азабы оттан қыын, тар.

Нәпсіге ерген молдалар  
Қыз құшуға тым құмар.



Ортейін деп отқа көмдім, от жүрегім жанбады,  
Жанды апарып жарға бердім, пара ғой деп алмады.

Жан, тәнімді, иманымды – асылымды бойдағы,  
Аямадым жиганымды, сонда да көз салмады.

Жар қараса тірілуші ем, қарамаса, мен – өлік,  
Рахым етіп қылмады-ау ем, енді үмітім қалмады.

Сүйтсем, онда сыр бар екен, байқамаппын мен оны,  
Қосылайын, өлсем деген амалы екен, аллады.

Өліп едім, жар бірігіп, бір бейісті таңдады,  
Ләйлі – Мәжнүн қарсы шығып, ерулігін қамдады.

Тірілікте қосылысқан –шын жар емес, ойнас ол,  
Ондай асық шынға дұспан, ол бейіске бармады.

Жар сипатын білсеңіз де, нәпсің «өлмей» деме жар,  
Айла, алдау өзінізге, шын хақиқат қанбады.

«Сен – жарым» деп, алдаған еп, тиеді оқ боп кеудеге,  
Өкінеді уайым жеп, ол аныққа нанбады.



Жар көрмеген надандар  
Жарың кім деп құледі.  
Оқыған, ойсыз адамдар,  
Жансыз өмір сүреді.

Ойласам, олар – жанды өлік,  
Меніреу, мисыз бір көлік.  
Осыдан жоқ өнгелік,  
Адаммын деп жүреді.

Нұрынмен жарық жүрегім,  
Ғайыптан хабар біледі.

Жарымнан алған тілегім  
Қап тауын нандай тіледі.

Қанжарың бер, барайын,  
Меніреудің ішін жарайын.  
Нұрындан сәуле салайын,  
Сонда оған жан кіреді.

Нұрынды көрсө болып мас,  
Мейлі көрі, мейлі жас,  
Меніреу мұны жаратпас,  
Деп тәнірі ісін біледі.



Сиқыр сөзбен арбасан,  
Табиғат басын иеді.  
Кәрленіп кімді қарғасан,  
Қатесіз оған тиеді.

Нұрынды түгел жасырсан,  
Жаралыс кебін киеді.  
Өлшемей шектен асырсан,  
Көз шағылып күйеді.

Өлшеп жібер нұрынды,  
Білсін асық түрінді.  
Бір-бірлеп аш сырынды,  
Сонынды көнілім сүйеді.



Өмір сырын көздесен,  
Жарға шоқын, жаннан без!  
Сыр қаласын іздесен,  
Сырлы, сұлу тамнан без!

Болат кісен – тақ саған,  
Темір нокта – бақ саған,  
Дәулетің у мақтаған,  
Пайда, мақтан, малдан без!

Жақын сыйлас, жатым деп,  
Ешкімді айтпа халқым деп.

Бірінен-бірі тартып жеп,  
Таласып жүрген аңан без!

Дүниекұмар, өзімшіл  
Нұр таба алмас, анық біл.  
Жардың сөзін құран қыл,  
Шатақ дін мен заңнан без!

Пән жамылған өлімдер,  
Дін жамылған зәлімдер,  
Бере берсең бәрін жер,  
Сол жалмауыз паңнан без!

Пайғамбар қыл ақылды!  
Сол табады макұлды!  
Адасып өлім шатылды,  
Ол шатасқан шаңнан без!

Қараңғыны көріп қас,  
Шарап ішіп болып мас,  
Жар нұрымен көнілді аш,  
Күн менен ай, шамнан без!

Бұл насихат тыймаса,  
Ойыңа сезім сыймаса,  
Дағдыны көнілің қимаса,  
Жалмауыз бол да жардан без!



Жүректен акқан қанымнан  
Жиіркенбе, нұр деп біл.  
Сайраған бұлбұл зарынан  
Нұрланады қызыл гүл!

Гүлге асық бол сайраған,  
Қызыл тілді қайраған,  
Жүрегі оттай қайнаған,  
Мұнлы, шерлі мен – бұлбұл!

Қайық қылып денемді,  
Ақыл билеп кемемді,  
Ой сарқырап жөнелді,  
Шетсіз судан өтер, біл!

Жарға жетсем болғаны,  
Суалған көніл толғаны.  
Басыма қызыр қонғаны,  
Ақсам-дағы миллион жыл!

Басқаны сенен білмесем,  
Қайғырмасам, құлмесем,  
Дүниені көзге ілмесем,  
Кім мендей ер, кім әділ?!

Жендет көзің маған сал,  
Иманым мен жанымды ал!  
Жана жанмен иман сал,  
Қайта жарат, рахым қыл!

Бұл мен емес, шын мені  
Жарат, жоғалт өзгені.  
Тазарт, мына дүниені,  
Бұл адамнан қалсын тұл!

Әлемді мен билейін,  
Зұлымдықты сүймейін.  
Залымды ұндай илейін,  
Нәпсі болсын маған құл!

Дұспаным атса маған тас –  
Жар жіберген көз бен қас.  
Ұстап, сүйіп, болам мас,  
Бал ғой мені сөккен тіл!

Діншіл, мені құндысек,  
Бұл сөзімді мін десек,  
Тілінді кесек, ұндысек,  
Мейлің жыла, мейлің құл!



Ақылдан бойға сыр тарап,  
Үміттің шамы жанған күн.  
Жар есіркеп, бері қарап,  
Нұрына жүрек қанған күн.

Ескі иманды отқа өртеп,  
Асыл иман алған күн.

Асық жарды таптым деп,  
Хақиқатқа нанған күн.

Саяз ойлы «шыншылдың»,  
Қаруы адыра қалған күн.  
Кеудесі тар күншілдін,  
Үмітін өрт шалған күн.

Жар нұрына мас болып,  
Жаралы жүрек талған күн.  
Баянсызға қас болып,  
Аққа көніл салған күн.

Тауып алып тілекті,  
Ұстап тұрып білекті,  
Саналы, шерлі жүректі  
Сары алтынға малған күн.



Ғылымсыз адам – айуан,  
Не қылсан да ғылым біл.  
Ғылымға да керек жан,  
Ақылсыз болса, ғылым тұл.

Ақылға еркін ой керек,  
Матаудан ойды азат қыл.  
Әдеттеніп ертерек,  
Өрісін кеңіт жылма-жыл.

Қырық жасымды ойладым,  
Жетпіstemіn мен биыл.  
Белді бекем байладым,  
Әдеттенді ой мен тіл.

Атағы шыққан жақсыға  
Ақылды бойлап қылма құл.  
Шатақ дін мен дағдыға  
Шоқынба, досым, зиян бұл.

Дұрыс емес құр ойлап,  
Ақылға сынат, сабыр қыл.  
Жығылмайтын дәлел тап,  
Бір езу болма өзімшіл.

Мінінді тапса кім сынап,  
Аяғына бар, жығыл.  
Қап бөлем деп кекті ұнап,  
Сактай көрме ойға зіл.

Бақ-дәuletке сыйынып,  
Болма боран, жел, дауыл,  
Аса сөнді киініп,  
Қуыршақ болма сөкекүл.

Тікенің болса бойында,  
Ауырса да өзің жүл.  
Сергек болсын ойың да,  
Еріншек болма, құр масыл.

Адамның ең асылы —  
Қиянатсыз, ақпейіл.  
Ең зиянкес жасығы —  
Тайғақ міnez, екі тіл.

Сөз, міnezі құбылса,  
Ар, иманы жоқ деп біл.  
Аулақта жемтік сыйырса,  
Оны ойыңмен айуан қыл.

Дұспанға да бол әділ,  
Тұсірме ойға тат пен ніл.  
Ұмытпа, болсан біздің ұл,  
Осы өлеңді құлаққа іл!



Көбызым неге сарнайды?  
Ажалдан хабар береді.  
Сыбызығым неге зарлайды?  
Деп тұр ием өледі.

Дүниедегі қуаныш —  
Бір азғантай жұбаныш.  
Оның түбі бір налыс,  
Қайғы мен рахат тел еді.

Басқа тұскен әрбір іс,  
Не қызықты, не кейіс,

Ойласан, ол – көрген тұс,  
Соғып өткен жел еді.

Бақ бермейді есіркеп,  
У салады жесін деп.  
Иманың мен жаның жеп,  
Жерге апарып көмеді.

Ақ малтадай сезеді,  
Түбінде сенен безеді.  
Оны ақылың сезеді,  
Неге нәпсің сенеді?

Біле тұра талай жан  
Саудаға салып ар-иман.  
Алдан берген уынан  
Көп жұтқысы келеді.

Сұлу бетін сүйгізсе,  
Улатып, жанды күйгізсе,  
Мандайын жерге тигізсе,  
Ешкім өрі жүр демеді.

Ас бергенін дейді той,  
Ол – қасапшы, бұлар – қой,  
Көп мисызда болмайды ой,  
Бұл не қылған ел еді!



Зұлымдық қылып елді жеп,  
Ойладың әбден байырды.  
Атану үшін мырза деп,  
Көріпке бердің қайырды.

Құлшылық қылым деме құр  
Қобызға жаққан шайырды.  
Жазалы жаның сезіп тұр  
Жасырганмен зайырды.

Құдайға пара бересін,  
Ылақ пен қотыр тайынды.  
Жоғалтқандай көресін  
Ел жылатқан жайынды.

Олай емес, шырагым,  
Мұның тұбі уайым-ды.  
Парага берген ылағың  
Ар, иманнан айырды.

Елден кешу алмасан,  
Жалмауыздай жалмасан,  
Тәңіріні малмен алдасан,  
Алдында орның дайын-ды!



Әбден толып жарық ай,  
Жоғарылап өрледі.  
Таласып жарға байқамай,  
Нұры кемін көрмеді.

Жар киесі атқан соң,  
Секпіл түсті бетіне.  
Асылық айтып шатқан соң,  
Қаяу түсті шетіне.

Күн сайын кетті шегініп,  
Кетіле берді, кетіле.  
Ұялып әбден женіліп,  
Жете алмады ниетіне.

Қабағы ғана қылтиып,  
Қара салды бетіне.  
Нұрының мінін ол түйіп,  
Сонда түсті есіне.

Қармақтай белі бүгілді,  
Таласудан тұңқілді.  
Жаны шықты, жығылды,  
Таласты екен несіне?!

Ай өлген соң Күн шықты,  
«Мен жеңемін оны» деп.  
«Айдан гөрі мен мықты,  
Болмады Айдың жолы» деп.

Біздің жарды көргенше,  
«Қап, бәлем-ай, сені?! » деп,

«Айша кеміп өлгениші,  
Тәнір алсын мені» деп.

Күннің нұрлы бетінде,  
Алты-жеті дағы бар.  
Уайым сол ниетінде,  
Көреді-ау деп тағы жар.

Жарым нұрын шашты да,  
Күн бетіне қарады.  
Күн ұялыш қашты да,  
Тым төмендеп барады.

Нұрын сұртіп топыракқа,  
Зәресі әбден ұшты да,  
Қашарын білмей қай жаққа,  
Тығылды жерге тұсті де.

Менің жарым қандай жар?!  
Ай өлді де, Күн қашты.  
Мағынасын байқандар,  
Сырлы сөзім сырды ашты.

Кімге келсе бір бәле –  
Жар жіберген көленкे.  
Жақсылық болса егерде –  
Жар нұрынан бір сөуле.

Бұл әлемнің әр түрлі,  
Бөлек емес ешбірі.  
Бәрі де жардың бір сыры:  
Не көленке, не нұры.



Қырық жылдан өтіп жасым,  
Ақылым болды сырласым.  
Отыз жылдық замандастым,  
Иманым – басшы, жолдастым.

Оқи алмай ғылым тілін,  
Тұман болып жарық күнім,  
Қасықпен аршыдым жылым,  
Не көрмеді ғаріп басым.

Әлемді ойменен кездім,  
Перевод малтасын ездім.  
Жарымның сөулесін сездім,  
Моланың актарып тасын.

Қабірден шықты көп нұрлар,  
Нұры өлшеусіз сұлу бір жар:  
«Деме, – деді, – гылымым тар, –  
Ерінбесен, мені аласың».

Есім шығып қуанғаннан  
Адастым мен ар-иманинан.  
Күдер үзіп шыбын жаннан,  
Болып тұр иманым – қасым.

Жарымның нұрына жанып,  
Тәнім көмір бола қалып,  
Жүрегімді жарып алып,  
Ағызды арамын, насын.

Беріп тәнірім тілегімді,  
Тазартқан соң жүрегімді,  
Деді: «ұстат білегінді»,  
Дедім: «қайда апарасың?»

«Адамзаттың қылар ісін,  
Иманын, ары, нәпсісін,  
Жарамын, көрсетем ішін,  
Ниеті мен ішер асын».

Әуелі сопыны сойды,  
Жүрегін алдыма қойды.  
Көріп ем талай тойды,  
Дедім мен – «астапыралда!»

Қылыпты тасбиғын тұзак  
Ілміген бір момын қазақ,  
Буынып, көрген ол азап,  
Дедім мен – «астапыралда! »

Попы мен молдасын жарып,  
Көрсетті алдыма салып.  
Кереметін көріп қалып,  
Дедім мен – «астапыралда! »

«Құран», «Інжіл» қылып қаклан,  
Адам аулап сойып жатқан,  
Шапанымен қанын жапқан...  
Дедім мен – «астапыралда!»

Біреуді сойды «бұл – пір» деп,  
Қияннатты қылып жүр деп,  
Жүргегіне қара бір деп,  
Дедім мен – «астапыралда!»

Айуаншы лықылықтап,  
Мұритін жүр бұғалықтап.  
Таңып сәлдесімен мықтап...  
Дедім мен – «астапыралда!»

Алып келіп ақ патсаны,  
Бауыздалған шығып жаны.  
Жарып, «көрші, – деді, – кәні»,  
Дедім мен – «астапыралда!»

Іші толған адам тәні,  
Баласы һәм зорайғаны,  
Кейінің шықпаған жаны,  
Дедім мен – «астапыралда!»

Ақ жүрек қой дегендерді  
Терісін сойды да берді.  
Еті – қасқыр, көзім көрді!  
Дедім мен – «астапыралда!»

Және сойды би-екемді,  
Жедің ғой деп талай жемді,  
«Анықтап қара, – деп, – енді».  
Дедім мен – «астапыралда!»

Жылан, шаян – жеген жемі,  
Көңілге аян пара екені.  
Сасыпты жемінің дені.  
Дедім мен – «астапыралда!»

Ұлық болған талай мықты,  
Қылып жүрген жуандықты,  
Ішінен көп пәле шықты.  
Дедім мен – «астапыралда!»

Кедейдің енбегін жеген,  
Жылатқан ол талай неген,  
Ісінен сескеніп денем,  
Дедім мен – «астапыралда! »

Қиянатшыл арам досты  
Басын кесіп, ішін осты.  
Ол аузынан боғын құсты.  
Дедім мен – «астапыралда! »

Әсер алғыш өнершілді  
Алып келіп ішін тілді.  
Қиянатын аян қылды.  
Дедім мен – «астапыралда! »

Бір саудагер – өсімшіл бай,  
Оны сойды аналардай.  
Сасығанда шыдай алмай,  
Дедім мен – «астапыралда! »

Паралап ол ұлықты алған,  
Қиянат пен қосып жалған,  
Сомына сом өсім салған.  
Дедім мен – «астапыралда! »

Көбімен бір істеген ісім,  
Бұрын көрген бұ бір түсім...  
Бозарған соң сонан ішім,  
Дедім мен – «астапыралда».



Ақыл құсы адаспай аспандаса,  
Әлемде нәрсе болмас көзден таса.  
Жеті көк жерден онай басқыш болып,  
Фарышқа қол жетеді, қармаласа.  
Жанның бәрі мендей жар табар еді,  
Терең ой, сау ақылмен шамаласа.  
Өлім маған өмірден мың есе артық,  
Жарға құрбан болуга жан жараса.  
Дозақ отын күл қылып сөндіремін,  
Жаралы жүрегімнен қан тараса.

Жарды көрген көзімнен сүймек болып,  
Ғажап па таман айуан анталаса.  
Хакикат жар нұрына қанса біреу,  
Шықпайды оның жаны балталаса.  
Жар нұрының үшқыны осы гой деп,  
Жанган отқа шоқынам, жар қараса.  
От арқылы жарыма бас ұрамын,  
Тыңдаман, көпірсің деп, табаласа.  
Адамға періштелер сәждे қылған,  
Адамнан жарым артық тым тамаша.  
Жалтарып жардан нұрын жасырғаны,  
Күн батып, жер жамылып, қорғаласа.  
Жер жүзіне қып-қызыл гүл бітірем,  
Көзімнен қанды жасым сорғаласа.  
Жарды көрген көзіме шоқынып жүр,  
Су бұрандап майысып жорғаласа.  
Тау тапжылмай, ағаштар қалғыр ма еді,  
Бастарын жар сиқыры торламаса?  
Көрсе еріксіз сайрай ма ақын-бұлбұл,  
Көніліне гүлдің нұры орнамаса?  
Асықсың деп айықтар сөккенменен,  
Ұялмай ма мас ақыл қорламаса?

Сау жүрек тесіле ме оқ батпаса,  
Оқ орнынан біздің ой – шыққан маса.  
Айық адам аңғармас ішкі сырды,  
Байқайды, сол тесіктен мас қараса.  
Араққа ақыл, мастыққа ой билетпек –  
Оңай емес ертерек ойланбаса.  
Тәкаббар өзімшілді құдай ұрап,  
Ақылына бас имей шалқаласа.

Сопыларға біздің жар бір қараса,  
Жар нұрымен жүрегін араласа.  
Жанын жан, ескі иманын иман демей,  
Байғұстар қалар еді-ау таң-тамаша.



Тауық неге шақырап сағат сайын?  
Дей ме уақыт өткенін ұқтырайын.  
Кейде зарлы дауыспен ит ұлиды,  
Білемісін, қылып түр нені уайым?

Гүлді көрсө мұңлы өнмен бұлбұл сайрап,  
Айтып тұр ма баянсыз өмір жайын!  
Таң бозарса, аспанда құйқылжытып  
Әнді неге салады бозторғайың?!  
Ғылымдылар тексеріп көрді ме екен,  
Әлемнің қыны сырлы осындағын?  
Ақылым соның сырлын тап деп отыр,  
Десем де ой жетпесті мен қумайын.  
Саламын сасқанымнан ой-жотаға,  
Қыла алмай айуан тілін тіпті пайым.  
Бос сайрап, текке ұлиды дейін десем,  
Ол дәлелсіз екені ойға дайын.  
Әрине, мұнда бір сыр болса керек,  
Дейім де шешу таппай алақтайым.  
Әншайін керексізді елең қылып,  
Дегем жоқ ермек етіп бос ойнайын.  
Бұл да бір жаралыстың қыны сырлы,  
Деп едім білгендерден сыр сұрайын.  
Ешкім жауап бермесе бұл сөзіме,  
Өзімнің ой-жотамды енді айтайын:  
Айуанда да ақыл бар адамдайын,  
Десен ойлап ондайдан сыр табайын:  
Көңіл көзін аш-тағы ақылға сал,  
Құр құлақпен тындарма, қалқатайым!

Олар деп тұр: — ойға алып бір құдайын,  
Зор құдіретін әлемге үқтырайын.  
Құлшылық, намазы мен иманы сол,  
Күнде бір, айында бір, сағат сайын.  
Демейді босқа ұлып, тек сайрайын,  
Деп тұр ол өз тәңірін сипаттайын.  
Нәпсі көзін байлаған адамзаттан  
Айуан артық біледі өмір жайын.  
Суыр неге қазады таудың сайын?  
Жаз жиып қыстық азық қылар дайын.  
Қыс болса шала өлерін қайдан білді,  
Деді ме азық жастап бір үйіктайын?  
Сондай өмір келерін сезіп тұрган,  
Жан сырлы ғой, сіздерге байқатайын.  
Жана туған жас қозы тамақ іздел,  
Енесінің емшегін тапқандайын.  
Ұядан ұшқан үйрек бізді алдайды,  
Далбырлап, қанат қирап жатқандайын.

Жайын, андар үйірге қарамайды,  
Есептемей туатын мезгілді айын.  
Қысты жердің қояны күздігүні  
Дей ме өдейі қардай боп ағарайын?  
Көгалдағы шегіртке жасыл болып,  
Көрдің бе қырдағысы қоңырқайын?  
Осылар өзін-өзі жаратты ма,  
Жауымнан түсіммен деп құтылайын?..  
Осындай сезімдерді қуа берсен,  
Тұпсіз терең, сондықтан тоқтатайын.  
Ғылымда мұны «соқыр сезім» дейді,  
Оны айтқан ғылым – соқыр, олда, онбайын.  
Меніреуден мақсұт, білім шығады деп,  
Бүтін әлем айтса да мен нанбайым.

## ДІН

Жер жүзіне қарасам,  
Неше түрлі халық бар.  
Дін, иманын санасам,  
Мыңдан артық анық бар.

Бұл қалай деп ойласам,  
Мұның да бір сырғы бар.  
Терең ойға бойласам,  
Дәл мынадай түрі бар:

Жардың шашы сансыз көп,  
Ол санауға келмей тұр.  
Анық нұры осы деп,  
Әркім бір тал ұстап жүр.

Біреу отқа жағынды,  
Нұрдың түбі құдай деп.  
Не суретке табынды,  
Олай емес, былай деп.

Бірі: «құдай бір десе»,  
Бірі айтады: «көп құдай».  
Бірі: «тәнірі – Күн» десе.  
Бірі дейді: «жоқ құдай».

Міне, осыдан байқалды –  
Бәрі іздең жүр иесін.

Табамыз деп ойға алды,  
Жаратқанның киесін.

Жас қозыдай болып тұр,  
Білсек, мұның мысалы.  
Қолтық, шабын түртіп жүр,  
Аңың соған ұсады.

Ойды кімнен алғанын  
Адам өзі сезбейді.  
Жанның айдал салғанын  
Сезбесе де іздейді.

Хақиқаттың тарауы  
Түгел жетпей қалмайды.  
Әр түрлі боп қарауы,  
Көбі анықтай алмайды.

Жердің жүзін дәл тауып,  
Ешбір дін жоқ орнықсан.  
Бәрінде де бар қауіп,  
Дін көбейді сондықтан.

Сол көп дінде шешу бар,  
Ол шешудің арты бар.  
Адасқанға кешу бар,  
Кешудің де шарты бар.

Мейлі, кімге шоқынсын,  
Шын іздесе тәңірісін.  
Қиянatty жау білсін,  
Онан тыйып нәпсісін.

Тәңірі жолы – ак жүрек.  
Сайтан деген – қиянат.  
Ак жүректі ертерек,  
Ескер-дағы, қыл өдет...

## ТӘҢІРІ МЕН ЖАН

Күн аязда терезеге  
Неше түрлі гүл түсер.  
Мұнша өдемі түсті неге,  
Кім түсірді? Ой жібер.

Нысабынмен ойласаң сен,  
Істей алмас оны адам.  
Ең адамның шеберінен  
Соны салған жан шебер.

Сипатын көр тосып ал да,  
Жапалақтап жауса қар.  
Таза тексер көзді сал да,  
Қандай оның түрі бар?

Таңғаларсың, ойға салсан,  
Қар жасаған шытырасын.  
Жаралыстан ғибрат алсан,  
Болар едің ойқұмар.

Неше түрлі гүл, жапырақ...  
Әрбіреуін қолына ал.  
Құры көріп қойма бірак,  
Онда не бар ойға сал.

Тұсі қандай, түрі қандай,  
Тамыры бар неше тал.  
Тесе қара, тексере алмай,  
Ұқпадым деп айтпа жал.

Өлсе өсімдік, тіріледі,  
Күн жылынып, тамса су.  
Кейі тамак, кейі шарап,  
Кейі дәру, кейі у.

Тән – терезе, ой қожасы,  
Оймен анық байқасаң.  
Бар ғылымның түп атасы –  
Таза ақыл мен ойлану.

Тағы бір шөп ортасында,  
Тіпті, тәтті балы бар.  
Тарауының ең басында,  
Өткір ине талы бар.

Балға қонса бір шыбын кеп,  
Шаншылады инелер.

Қылды қорек шыбын шөп жеп,  
Таңғаларлық халі бар.

Зор мұхиттың дариясының  
Ең түбінде бар балық.  
Денесінде сол балықтың  
Бір нұры бар жап-жарық.

Сол жарықтың арқасымен  
Тамақ аулап күн көрер.  
Оқы ғылым, нанбасаң сен,  
Жалған емес, бұл анық.

Сиқырына таңғалатын  
Тас бар, аты — магнит.  
Темір оған құл болатын,  
Бар осындай қасиет...

Магниттің қуаты еді  
Қыбылнама дегенің.  
Терен оймен тексереді,  
Табады ақыл керемет.

Мына маржан — судан өскен  
Тал сияқты, жануар.  
Адам еді оны кескен,  
Тағы өсетін жаны бар.

Тіпті кетпес еш жоғалып,  
Байқасаңыз, барша жан.  
Тағы дене тауып алып,  
Тағы өседі қайтадан.

Тұрлі жанда дене тұрлеп,  
Өзгеріп тұр бұл ғалам.  
Жоғалатын нәрсе жоқ деп,  
Айтты ғылым байқаған.

Көзге сеніп, ойға сенбей,  
Жанды жоқ деп қаңғырып.  
Адасып жүр акты көрмей,  
Көнzlі соқыр көп надан.

«Ана сансыз кереметті  
Кім жаратса – тәнірі сол! » –  
Десе нетті, қойса бетті,  
Хақиқатқа жайнаған.

Шала дін мен қате пәннің  
Сөзіне ерме, маған ер.  
Міне жаның, міне тәнірің,  
Міне дінің, міне иман.

## АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ

Адамдық борышың –  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта, оны біл.  
Талаптан да білім мен өнер үйрен,  
Білімсіз,  
Өнерсіз,  
Болады ақыл тұл.  
Мақтанға салынба  
Мансаптың тағы үшін,  
Нәпсінде билетте  
Басыңың бағы үшін.  
Әмірінді сарп қыл өлгеніңше,  
Жоба тап,  
Жол көрсет,  
Келешек қамы үшін.  
Қайтадан қайрылып  
Кауымға келмейсің,  
Барынды,  
Нәрінді  
Тірлікте бергейсің.  
Ғибрат алар артыңа із қалдырсан,  
Шын бақыт –  
Осыны үк,  
Мәңгілік өлмейсің!



Ойдан шығарылған бар  
Түрлі өндерім,  
Үйрен,  
Білсең әннің мәндерін.

Дәл толқындарын толғап,  
Бұлжытпай,  
Келтір кемеліне сәндерін.  
Ән менен күйдің тілі – үн,  
Үқпасаң оны, саған мін.  
Жасыңнан талаптан білуге сырын.  
Жете үғып алған сон,  
Жарасады әнге қоссаң жырын.  
Мұнлы,  
Зарлы  
Үндер еріксіз жылатар,  
Қамыққанды кейі жұбатар.  
Ой, ақылымды  
Қозғар ән-күйді  
Жаным жай тапқандай үннатар.  
Маңызсыз айғай ән болмас,  
Татымды онда мән болмас,  
Сазды үнмен билеп ал  
Тындаушы ойын.  
Елжіретіп жүргегін,  
Әсер беріп, ән балқытсын бойын.  
Әсем әннен ғажап  
Ләzzатты үн шығар.  
Ойы сергек оны жан ұғар.  
Бар сезімінді билер  
Ән-күйге,  
Жастар,  
Тілімді ал,  
Бол құмар.  
Үн сырын сезер адам аз,  
Айғайға құры болар мәз.  
Үқпайды тас құлақ  
Ән мен күй мәнін.  
Сезер ме еді,  
Оларға салып берсе Сиреннің әнін?  
Гомер ән сиқырын көрсеткен Сиренниен,  
Киялдаған оймен тереңнен.  
Ол әннің жайын ашып берумен  
Күткен сондай әнді өреннен.  
Шығардым әндер жаңалап,  
Саларсың сынға сарапалап.

Жараса, ойладым,  
Әншілер салсын деп.  
Белгі болып бір мұра,  
Кейінгіге өнімнен де қалсын деп.

## ҚОШ, ЖҰРТЫМ!

Шарлайсың, ойым, шарлайсың,  
Алыстан мені барлайсың.  
Таяу тұр ажал алдында,  
Сарынға салып сарнайсың,  
Мақсатың не ендігі?

Бостандық таңын көргенім –  
Кемеліме келгенім.  
Қорқытпайды мені ажал,  
Арман емес өлгенім,  
Кейітер істің кемдігі...

Қазақтың жайнар даласы,  
Жетілер оқып баласы.  
Шошыннатын мені сол –  
Олардың күндес, таласы.  
Дағдысы сіңген бойына

Тастандар күндес, мақтаның,  
Көрген соң таңың атқаның,  
Жөн емес жай жатқаның!  
Нұр құйып елдің ойына,  
Баста адап жолға елді!

Еңбек жанатын заман мынау,  
Ерлерім келді,  
Қош, арманым жок, жұртым,  
Жасарсың.  
Мен сапар шегем енді!



Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей,  
Олар мінді көреді, қисық жерін жөндей.  
Бара-бара айқындалып актық істің анығы,  
Адасқанмен хақиқатқа қоймак емес сенбей.

Ақ жүрек пен таза ақыл, қылсан адал еңбек,  
Бәрінен де сол мақұл – артқыға жол бермек.  
Арсыздардың арам ойы түкке тұрмай жойылып,  
Аяғында хақиқатты бұл үшеуі жеңбек.

Сен бола көр аққа жақ, болам десен адам.  
Адал еңбек берер бақ, бассан соған қадам.  
Айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды жаннның  
Таппасы жоқ бұл өмірде, осынымды үқ, балам!

### ...ҒА ЖАУАП

Тием  
біреуге нахақ демесе,  
Күйеу  
арға деп арам жемесе,  
Тыйылып зорлықтан.  
Бәрі  
адамның бірдей ағарып,  
Ары  
нәпсіні женсе тазарып,  
Құтылар қорлықтан.  
Бар еңбегін,  
шын тілегін,  
Салса адалдық жолына.  
Алып білім,  
төгіп нұрын,  
Түссе адамдық сонына.  
Kici  
адамды ала көрмесе,  
Ici  
санамен алға өрлесе,  
Бірігіп бастары.  
Тамак,  
керегін жерден іздесе,  
Қалап,  
еңбекті ғана көздесе,  
Болмайды қастары.  
Табиғаттың,  
барша заттың  
Білер адам айласын.

Орнар бейіс,  
кетер кейіс,  
Көрсе еңбектің пайдасын.  
**Жойып**  
зорлық пен қару жолдауды,  
**Қойып**  
күндестік, мақтан, алдауды,  
Мансапқор жойылса.  
**Ерді**  
адалдық жолға бастайтын,  
**Елді**  
арамдыққа өсте баспайтын,  
Басшы адам қойылса.  
Еңбекпенен,  
өрнекпенен  
Өнер ойға тоқылса.  
**Жайнар көніл,**  
қайнар өмір,  
Ар білімі оқылса.

## ЖАЙЛАУДЫҢ БАЛАСЫМЕН АЙТЫСҚАН ӨЛЕНІ

Наданның көзі соқыр, көnlі қара,  
Қазаққа надан болмай бар ма шара?  
Бір күні аңдан қайтып келе жатсам,  
Жүр екен далада ойнап бір топ бала.

Бәрі де шуылдады сәлем беріп,  
Олармен ісім бар ма, өттім желіп.  
«Kici-ay, кісеп езіліп тұсті ғой», – деп,  
Тамам бала айғайды салды келіп.

Қарадым кісем түсіп қалды ма деп,  
Балалар соған айғай салды ма деп.  
Анықтап, алдағанын білгеннен сон,  
Ұрыстым балалардың алдына кеп.

Ұйлықты менен қорқып тамам бала,  
Ақырдым «антұрған» деп келе сала:  
– Міне, кісем өзімнің белімде тұр,  
Неге өтірік айтасын, жүзі қара?

Бір бала жауап берді жақын келіп:  
— Алыстан сөлем бердік сізді көріп.  
Үлкен кісі деп құрмет қылсақ-тағы,  
Сөлемді алмадыңыз бізді ескеріп.

Сөлемді дұрыс па еken алмағанын,  
Тым болмаса құлақты салмағанын.  
Шынды алмаса, алар деп өтірікті  
Сол еді жалған айтып алдағаным.

— Сен, бала, бұл амалды қайдан таптың,  
Тілін кесіп алайын бұл қу жақтың.  
Әкесіндей кісіні алдаймын деп,  
Айтқан сөзін қарай көр ақымақтың.

— Ақымақ кім, ақылды кім, білсен, жаным,  
Әлімше менің де бар байқағаным.  
Үлкендермен баланы салыстырсақ,  
Кімнің ақымақ екені болар мәлім.

— Үлкенге келе алмайды бала жуық,  
Жол көрмеген анадан жаңа туып.  
Не мал емес, немесе тамақ емес,  
Тас алып не қыласың торғай қуып.

— Біз ойнаймыз торғайды ұрып алып,  
Оны да қалып па еді көзің шалып.  
Сен-дағы азаптанып аң қумасаң,  
Мойныңа неге жүрсің кесек салып?

— Пайдалы іс қой керекті аң ауламак,  
Ондайдан сендей бала алсын сабак.  
Мен атсам — іске жарап аң атамын,  
Терісі киім болар, еті тамақ.

— Біз баламыз күнәсіз ойынға мас,  
Үлкендердің құлқыны — мал менен ас.  
Өзеленіп, өлгенше тамақ іздең,  
Арғы атаңыз өлген бе аш-жалаңаш?

— Сен ұрасың жазасыз бір торғайды,  
Ұғанмен ол керекті аң болмайды.

Еш адам аш-жалаңаш олмесе де,  
Мал мен азық жинаитын жаң болмайды.

— Бұл заман біз түзелер заман ба еді,  
Күнөдан үлкен кісі аман ба еді.  
Сөз сөйлесен, мал демей сөйлемейсін,  
Мал сенің атаң ба еді, бабаң ба еді?

— Үлкенмен теңдесуге бала қашық,  
Көйлек жыртып ойнайсың, к....інді ашып.  
Ескі жұртты тіміскең топай іздең,  
Өнер ме екен топай мен жиған асық?

— Біз ойнасақ, үлкеннің несі шықты,  
Залалымыз тимейді жанға тіпті.  
Қанағатсыз қасқырша ел зарлатып,  
Өзіңше қыл дейсің ғой жуандықты.

— Етік былғап, балшықты былшылдатып,  
Үйде күл, тыста топырақ бұрқылдатып.  
Тас қора әлі соғып, әлі бұзып,  
Біз сендердей жүрмейміз қыртылдатып.

— Сізде де бар әлі жау, әлі тату,  
Алдаймын деп арамға дінін сату.  
Қалжақтап бірін-бірі мазақ қылып,  
Ку жігіт атанам деп босқа шату.

Мінездерің бір жұмсақ, бірде қату,  
Мақтандып, өтірікті сүйлдату.  
Зорлық, қорлық, алдамшы, ары жоктық,  
Не қалды мұнан артық былжырату?

— Мына бала — қу бала, неткен залым,  
Шын келмей ме осыны женуге әлім.  
Жас басыннан бір қу жақ бала екенсін,  
Әкең аты кім еді, айтшы, жаным?

— Өтірік сөз болмайды жанға байлау,  
Жарамас жақсымын деп колмен сайлау.  
Мен сендей жуан ата баласы емен,  
Әкем атын сұрасан ұры Жайлау.

— Адалдық, тазалықтан құры екенсін,  
Бағанадан байқатпай түр екенсін.  
Сені адам деп несіне айтысайын,  
Бок жейтін жолкесердің ұлы екенсін.

— Айтысқам жоқ ақылым молдығынан,  
Сөзім дұрыс, айтамын сондығынан.  
Ұрлық жаман болып па, ойлаңызшы,  
Ел зарлатқан жуанның зорлығынан?

— Апырай, мына бала, неткен бала,  
Бос ойыны түбіне жеткен бала.  
Татумыз деп ойнасып, уағдаласып,  
Асық үшін араз боп кеткен бала.

— Қарай көр мына сөздің шатасына,  
Үлкендер мойынсұнбас қатасына.  
Ойында ортамыздан талас шықса,  
Жүгінеміз асықтың сақасына.

Алшылы-шік болғанның жолы болса,  
Біз мойынды бүрмаймыз шақасына.  
Қысқа күнде қырық құран соқса-дағы,  
Үлкендер тұра ма екен батасына?

— Айбарым, ақ патсадан кем емеспін,  
Қалжақтама, мен саған тең емеспін.  
Өзіндей бір қу жақты өкелейін,  
Сенімен айтысарлық мен емеспін.

— Әкелсен өкеле ғой, отырайын,  
Сырттан қорқып несіне шошынайын.  
Өз қойнынды толтырдым көп мініңе,  
Оны да әпкел, етегін толтырайын.

— Қап, бәлем, қашпай, енді қара да отыр,  
Үш қу жақ бар, жап-жақын арада отыр.  
Әбдіахмет дейтүғын есепқор бар,  
Бір-бірлеп ұсақ құмды санап отыр.

Таңсық — қожа өкендей бір жолкесер,  
Өткен, кеткен кісіні қанап отыр.

Байділда – айласы көп жәдігей бар,  
Бір өзін мың кісіге балап отыр.

Не қылсам соның бірін өкелейін,  
Қорықпасаң осы орында, балам, отыр.  
Үйтсем де, бар мінімді бетке басып,  
Бала қылды бетімді қара қотыр.

Бұл өлеңді жақтырmas заманасым,  
Заманыма байлаулы менің басым.  
Ойласам, өзімнің де қылығым сол,  
Өкпелеме бұл сөзге, үш құрдасым.

## ЖҰМБАҚТАР

### I

Өлшеусіз, тұпсіз терең бір дария бар,  
Көрмейміз, құр естіміз анық хабар.  
Дарияның суын түгел құятұғын  
Ол сыйрлық ыдыс бар кішкентай, тар.  
Дарияны сол ыдысқа құя білсен,  
Керек суы болады көзге даяр.  
Ондай бірақ дарияны естімейміз,  
Көзбен анық көреміз байқа, дос-жар.  
Ол суда лай да бар, тұнық та бар,  
Лай судан тұнықты кім айырар?  
Лай судан тазасын айыруға  
Дария көрген адамның бәрі құмар.  
Дария не? Үйдиси не? Тазасы не?  
Көрген кім? Айырған кім? Табыныздар.  
Бес шешуі бір жерден табылмаса,  
Шешкен емес, бірталай ой сандалар.

### II

Тамам сөзді сөйлейді, сөйле десе,  
Етінен ет кесемін, сөйлемесе.  
Айт десем, айтпайтұғын жауабы жок,  
Сүйгенімді сөйлеттім өлденеше.

### III

Бір нәрсе, жүртқа мәлім, көзден ғайып,  
Үстауга еш болмайды қолдан тайып.

Не сынап, не түстеуге ұқсамайды,  
Кейде көп, кейде кетер тіпті азайып.

#### IV

Киім, тамақ, денеден жоқ бір нұсқа,  
Жылдам кіріп, шығады жылдам тысқа.  
Мандайда жалғыз көзі жарқыраған,  
Тұлымының бірі ұзын, бірі қысқа.  
Кей-кейде екі ұрыттау мінезі бар,  
Шағып алып жүрмесін, байқап ұста.  
Бір кеткен соң қолыңа тұсу қын,  
Айрылып қалып жүрме қапылыста.  
Шаршau жоқ, арықтау жоқ, талабы жоқ,  
Адам оны жұмсайды көп жұмысқа.

#### V

Тоғыз қатын жиылып бір толғатқан,  
Бірін-бірі буаз ғып, жуандатқан.  
Тоғызының киімі тоғыз түрлі,  
Келген кісі сияқты әр тараптан.  
Босанғанда, тоғызы бір ұл тауып,  
Балаға екі түрлі киім жапқан.  
Бір киім шешесіне ұқсаса да,  
Бір киімі келіп түр бөтен жақтан.  
Қатындар не? Киім не? Баласы не?  
Көпке киім жетеді не себептен?

#### VI

Кішкентай күрең қызыл, дөп-дөңгелек,  
Тамаққа әбден тойса, болады көк.  
Қанға тойып алған соң қарны үлкейіп,  
Үлкендігі кетеді он есе бол.

#### VII

Бір нәрседен үш сипат қылдым хайла,  
Бұл жұмбақты шешерлік адам қайда?  
Бір сипатын ортадан кесіп алсам,  
Орнында тағы болар екеу пайда.

Біреу деп кесіп алып тастағаным,  
Үшеу болып жатады басқа жайда.

## VIII

Бір де емес, тамам санның бірі де емес,  
Не үлкен, не кішкене, ірі де емес.  
Ғылым тапқан сипаттың бірі онда жок,  
Бұл жұмбак өлі де емес, тірі де емес.

## ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ШЕШУІ

### I

Жұмбак ойды кенітер, бермейді бөз,  
Таза суы – шешендік, дариясы – сөз.  
Әншейін ауызбенен айтылғанда,  
Сөзді құлақ естиді, көрмейді көз.  
Үйдис – қаріп, көз көріп тізбелейміз,  
Оның айтқан дыбысын естімейміз,  
Дария көрген – хат білген жалпы адамдар,  
Лай, тұнықты айырған есті дейміз.

II – қарындаш.

III – жел.

### IV

Ине керек қылмайды, киім, тамак,  
Ұйықтайын деп ешқашан жаппас қабак.  
Жыпылдатып бұйымды тігесіз ғой,  
Тұлымдары – өткізген жіптен сабак.

### V

Тоғыз қатын, тоғыз сан, тоғыз бөлек,  
Тоғыз цифр келеді түсі өзгерек.  
Бірінен-бірі жуан бола беріп,  
Ойласақ тоғыздан «он» туса керек.  
Киімі оның бір цифр, бір нөл болар,  
Нөл деген – цифрдан жат бір дөңгелек.  
Қанша санды жазса да осы он цифр,  
Жететінін байқарсыз, болсан зерек.

## VII

Деп ойларсың таба алмай бұл немене?  
Таба алмасан, айтайын, ол таз – кене!  
Түйе кене атанып қанға тойса,  
Көк сұр болып кетеді күреңдене.

## VIII

Бір қағазды қи-дағы үш бұрыштап,  
Бір бұрышын ортадан кес дұрыстап.  
Қалған қағаз болады төрт бұрышты,  
Үш бұрышты қызығын тұрсан ұстап.

## VIII

Жұмбак айтып не керек өуре қылмақ,  
Керегі сол, ойланып, ой ашылмақ.  
Әлемде әр нәрсенің қарсысы бар,  
Бар қарсысы – «жоқ» еді осы жұмбак.

# Пәннәр

*Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,  
Бүл екі істен болмайды өмір босы.*

Жет ғалас таңдаған - жаңа күн  
Шалғаны, сөзгін айдаған  
Сүркөт, шағындықпен, шашын солғасы  
Демек, шағындықпен, шашын солғасы  
Жет ғалас таңдаған - жаңа күн  
Шалғаны, сөзгін айдаған  
Сүркөт, шағындықпен, шашын солғасы  
Демек, шағындықпен, шашын солғасы

## ҚАЛҚАМАН – МАМЫР

Өткен іс – ойға күңгірт, көзге танық,  
Көрмесе де білгенге бәрі қанық.  
Мың жеті жұз жиырма екінші жыл  
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық.

Әнет бабаң Арғынның ел ағасы,  
Әрі би, әрі молла, ғұламасы.  
Орта жүзге үлгі айтқан әділ екен,  
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген – бабаңның өз атасы,  
Мәмбетей ол Кішіктің бір ағасы.  
Мәмбетсопы, Кішіктің шешесі бір,  
Қатаған Тұрсын ханның ханышасы.

Біздің жетінші атамыз Әйтек деген  
Бабаңның бір туысқан інісі екен.  
Әйтектің бәйбішеден жалғызы Олжай,  
Тоқалынан Байбөрі Қалқаманмен.

Бәкең деп атап кеткен Байбөріні,  
Бұл сөзім ертек емес, сөздің шыны.  
Бір қыз үшін Қалқаман елден кеткен,  
Соның жайын айтайын тында, міне:

\* \* \*

Мәмбетей өсіп, өнді бара-бара,  
Сол таптан бір бай шықты жеке-дара.  
Сол байдың он бес жасар қызы Мамыр  
Әрі сұлу, әрі есті, еркекшора<sup>1</sup>.

Онан басқа бала жоқ әлгі байда,  
Оны қыз деп еш адам айту қайда.

<sup>1</sup> Еркекшора – еркек балаша киінген қыз (автор).

Байдың көнілі жабырқап қала ма деп,  
Жұрт жүрді құда болам дей алмай да.

Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен,  
Мамырды жас күнінен біледі екен.  
Асықтығын айта алмай іштен жанып,  
«Кұрбымыз» деп құр ойнап-құледі екен.

Мамыр жылқы бағады күндіз барып,  
Тымақ киіп, қолына құрық алып.  
Қалқаман Мамырменен малда жүріп,  
Біраз сөз сөйлесіпті, кез боп қалып.

Жігіт сонда қызға өзін сүйдірмекке,  
Асық болса оны да күйдірмекке –  
Жұмбак-мысал сықылды бір сөз айтты,  
Көніліндегі мақсұтын түйдірмекке:

– Эй, Мамыр, адамды алла жаратыпты,  
Хая-Ананы Адамға қаратыпты.  
Бірін ерек, біреуін әйел қылып,  
Екеуінен көп жанды таратыпты.

Құдай неге қылмаған адамды так,  
Балаларын өзінен өстіріп-ак.  
Хауаны жаратудан мақсұты не?  
Сол арасын білуге ақылым шақ.

– Эй, Қалқаман, теңі жоқ, құдай жалғыз,  
Мұқтаж емес жолдасқа тіпті армансыз.  
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз  
Өмір қызық дегенді естен қалғыз.

Жоқ болса махаббатлы бір сүйгенін,  
Ойлаши, керегі не дүниенін.  
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты алла,  
Бұл туралы білгенім осы менін.

– Тауып айттың, Мамыржан, үктым жайын,  
Сүйтсе-дағы тағы бір сөзім дайын.  
Махаббатлы жарым жоқ, жәрдемшім жоқ,  
Өлейін бе, қайтейін, кімге айтайын?

Қалқаманың мақсұтын Мамыр білді,  
Аз ойланып үндеңей сабыр қылды.

Жылы жүрек өзіне жар тапқандай,  
Тыншымады, тулады, жұз құбылды.

Қызарды, бір ағарды байдың қызы,  
Бетке шықпай тұра ма жүрек ізі?  
Іші ыстық, сыртқы дене сұық тартып,  
Салқын термен мөлдіреп нұрлы жүзі.

Аздан соң Мамыр айтты: – Эй, Қалқаман,  
Байқадым сөз аяғы бізге таман.  
Қазір жауап берерлік уақытым емес,  
Сүйтсе де үміт үзіп өлмек жаман...

Мұны айтып амандастып Мамыр кетті,  
Күн сайын Қалқаманнан сабыр кетті.  
Мамыр бүгін қыздарша киінді деп,  
Қалқаманға бір күні хабар жетті.

Куанды атқан оғым тиді ме деп,  
Мен үшін қыз киімін киді ме деп.  
Қауіп шіркін тағы да ойлатады  
Менен басқа біреуді сүйді ме деп?

\* \* \*

Ол күнде жерге талас қазақ, қалмақ,  
Атысып, ауыл шауып, жылқыны алмақ.  
Бір соғыста қалмақты қазақ женіп,  
Тобықтының бәрі де тойға бармақ.

Той қылған Орта жүзде Сәмеке хан,  
Жиылды той болған соң бірталай жан.  
Бай-бәйбіше, ұлкендер сонда кетіп,  
Жас жігіт, қыз-келіншек үйде қалған.

Қазақта бастан<sup>1</sup> деген бір ырым бар,  
Мал сойып, жастар ойнап, бір жиылар.  
Қалқаман «Бастан қыл, – деп қызға келді, –  
Азар болса бір тоқты шығын шығар».

Сойғызды Мамыр сонда тоқтыны әкеп,  
Ойнады қыз-бозбала етінен жеп.

<sup>1</sup> Бастан – әке-шешесі үйде жокта қыз-бозбала мал сойып, құрбыла-рын жиып ойнайды (автор).

Онашада Қалқаман Мамыр қызға  
Ымдады «бір жауабың болмай ма?» деп.

Айтса да қыздан жауап үміт етіп,  
Есітпеген кісі бол қалды кетіп.  
Сүйтсе де сондағы айтқан сөзі мынау,  
Еш адамға елеусіз өлеңдетіп:

— «Ауылымның күнбатысы қалың қамыс,  
Бұрсігүннен арғы күн болады алыс.  
Жас кісіде бар болса жігер-намыс,  
Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс».

Солайша жауап берді Қалқаманға,  
Бұл сөзі байқалмады басқа жанға.  
Бұрсігүні қамыстан жолықпасаң,  
Мен саған жоқ деді ғой байқағанға.

Қалқаман оймен шешті қыздың сөзін,  
Таптым деп шешуінің анық өзін.  
Бұрсігүні күн бата сол қамысқа  
Келіп кірді сол ғой деп айтқан кезін.

Ел жата қыз да келді шоқ қамысқа,  
Қалқаман айтты сонда көз танысқа:  
— Бүгін кешке осынан жолықпасаң,  
Кетемін деп неге айттың тіпті алысқа?

— Әй, Қалқаман, аңғалсың анқылдаған,  
Біржолата келген жоқ Мамыр саған.  
Тағдыр бізді қоспады, айып етпе,  
Ертен құда түседі біреу маған.

Кеше білдім тәбемнен ұргандығын,  
Құдалықтың дап-дайын тұргандығын.  
Бұрсігүннен кешіксең жауап жоқ деп,  
Сол еді сөз ишарат қылғандығым.

Әке берсе, қыз болмас кімге қатын,  
Қайтейін сенде-ақ еді махаббатым?  
Ерекеше киімімнен ұялам деп,  
Уакыт өтті, сол болды қатты оғатым.

Алдыңа кешу сұрай келіп тұрмын,  
Көзге тірі болсам да өліп тұрмын.

Қалқаман, осы саған қоштасқаным,  
Денемді емес, жанымды беріп тұрмын.

— Әй, Мамыр, бұл іс оңай, алдамасаң,  
Зорлық жоқ өзін сүйіп тандамасаң.  
«Ер жеткен қыз еркімен ерге баар» —  
Молдалардан есіттім өлдекашан.

Мамыр-ау, мені сүйсөң, кетпе жатқа,  
Құдайға хак, сөзім жөн шарифатқа.  
Басы Бабан, аяғы шала молда,  
Бәріне анық оқыған жамағатқа.

— Қалқаман, рас болса айтқан сөзін,  
Сен үшін келіп тұрмын, көрді қөзін.  
Сүйген жарым, сүйенген жақыным — сен,  
Не қылсан да біле бер, мейлің өзін.

— Олай болса кетейін қазір алып,  
Тұрсақ жазым болармыз қапы қалып.  
Азар болса мал алар, адам алмас,  
Тобықтыны жиярмын бара салып.

— Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты өзір,  
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір.  
Өзімді аяп тұрғам жоқ, сізді аяймын,  
Сен сау болсан болар ем мен-ақ нәзір.

— Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені,  
Шарифат қосады еken немерені.  
Қайғы ойлад жаман ырым айта берме,  
Алансыз сүйген болсан анық мені.

Мамыр айтты: — Мен сенсіз тірі тұрман,  
Үш қайырдым сөзінді мен антұрған.  
Бір құдайға сыйынып ал да жөнел,  
Жолында өлсем разымын, жаным құрбан.

Алдандырдым мен сізді сөзбенен құр,  
Төуекел деп аллаға тез, жылдам жұр.  
Заман қандай болар деп дайындар ем,  
Боз жорға атым белдеуде ерттеулі тұр.

Мінді де екі ғашық кетіп қалды,  
Ауылға бір сағатта жетіп барды.  
Не де болса қылдым деп бір жұмысты,  
Бара сала Олжайға кісі салды.

Олжай барды Бабаңа тұн ішінде,  
Қысылшандық бар еді жүрісінде.  
Бабаң басын көтеріп Олжайға айтты:  
«Неге келдің, асыққан жұмысын не? »

— Қалқаман қашып келді Мамырды алып,  
Қапы болдық өзгеміз білмей қалып.  
Алыс жерге кетсін бе, тоқтасын ба,  
Ақыл сұрай келіп ем сізге салып.

Бабаң мұны есітіп қайғы жеді,  
— Бір жаман тұс көріп ем бүгін, — деді. —  
Бітімсіз іс кез болып қалар ма екен,  
Көкенайдың міnezі қатаң еді.

Көкенай — Мәмбетейдің бастаушысы,  
Өзі батыр, міnezі қатты кісі.  
Сол кісінің алдынан тараушы еді,  
Бабаңдан соң бұл елдің көп жұмысы.

Бабаң айтты: — Кете алмас бір жас бала,  
Тобықтыға хабар қыл бара сала.  
Болар іс болған шығар, малды аяма,  
Өзі ондасын ақырын хақ тағала.

Тобықты, Қанжығалы, Бәсентиін,  
Атығай, Қарауыл мен бәрі жиын.  
Бабаң хабар айтқан соң ел жиылды,  
Сүйтсе де сөз аяғы болды киын.

Мәмбетей жатып алды ырық бермей,  
«Қалың мал ал, біт» деген сөзге келмей.  
Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе,  
Кетеміз деп Бабанды тіпті көрмей.

Бабаң айтты: «Өлтірер жұмыс емес,  
Таспен атып өлтірмек — бұл іс емес.

Біреудің иекелісін бұзбаган соң,  
Қанына ортақ болу дұрыс емес.

Көкенай тағы көнбей жатып алды,  
Бітім болмай, неше күн жұрт сандалды.  
«Қалқаман мен Мамырдың дауындай» деп,  
Мақал болып бұл елге сонан қалды.

\* \* \*

Бітім болмай созылды сөз аяғы,  
Белгісіз кімнің соры, кімнің бағы.  
Бір күні төркініне амандаса  
Мамыр келді, тағдыр ғой ол баяғы.

Көкенай бітпей жұрген сөзді ұзартып,  
Сол күні келген екен аңнан қайтып.  
«Анау бір топ жаяу кім?» – деп сұраса,  
«Ол – Мамыр» деп бір қойшы қойған айтып.

Ести сала садағын қолына алды,  
«Мамырдан аулак жұр» деп айғай салды.  
«Ұялмай жүзіқараның жұргенін!» – деп,  
Аямай дәл жүректен атып салды.

Бұкшиіп, иман айтып, қаны қашып,  
Қолтығын қолыменен тұрды басып.  
Бейшара бір-екі ауыз тілге келді,  
Өзін атқан кісімен арыздасып:

– Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бак,  
Ісім жөн, бір құдайға көңілім хақ.  
Мойның менің қаным халал болсын,  
Болма енді Қалқаманның қанына ортақ.

Екі кан ауыр болар бір өзіңе,  
Сүйсінбе бұл рақымсыз міnezіңе.  
Айырган екі асықты оңа ма екен,  
Деп тұрсың алғыс айттар кім өзіңе?

Тілегім келді орнына, арманым жок,  
Артында Қалқаманның қалғаным жок.  
Мені сен өлтіргенмен жасармайсың,  
Сүйткенмен жас жанымды алғаның жок.

«Қалқаман, аман бол!» – деп көзін ашты, –  
«Алла...» – деп алақанмен бетін басты.  
Қоштасып қасындағы қатындармен,  
Опасыз бұл жалғанға амандасты.

\* \* \*

Көкенай жиды барып Мәмбетейді,  
«Өлтірдім тентегімді өзім» дейді.  
Бабана кісі салды дамыл бермей:  
«Ол неге Қалқаманды өлтірмейді?!

Жақыным қызыымды алды, ұнамаймын,  
Қорлыққа тартып алған шыдамаймын.  
Егерде Қалқаманды тірі қойса,  
Ел болып Кішікпен бас құрамаймын.

Уа, алла! Біз кетеміз, қазір ауып,  
Менен басқа туысқан алсын тауып».  
Бұл хабар Тобықтыға жеткеннен соң,  
Сөзінен елдің бәрі қылды қауіп.

Бабаң айтты: «Ел бітпес оныменен,  
Жүрелік шариғаттың жолыменен.  
Бір еркек, бір қатынның құнын алсын,  
Мәмбетей разы болсын соныменен».

Көнбеді Мәмбетейлер оған тағы;  
«Ауамыз біз болсақ, – деп, – қор қылмағы, –  
Әнет бабаң әділет қылмаған соң,  
Көз көрмеске жат болып кеттік-тағы».

Көп берген түкке тұрмай қалың малы,  
Ем болмады жалынып айтқан жалы.  
Тобықты осы сөзге қак бөлініп,  
Болысты Мәмбетейге Қанжығалы.

– Эй, Баба, тәніріге аян адап ісің,  
Сүйтсе де ел бүлінер бір бала үшін.  
Болған соң қазақ та жау, қалмақ та жау,  
Бұл елдің обалына қалмаймысың?

Болсын да Мәмбетейдің бір айтқаны,  
«Еркек тоқты құрбандық» деген қані.

Қалқаман Тобықты үшін жанды қиса,  
Кетпей ме шаһит болып оның жаны?

Сол сөзге аударылды жұрттың бәрі,  
Не қылсын көп наданға жалғыз кәрі.  
«Кеселі көпке болып жүрмегей» деп,  
Бабаңың шын кейіген шықты зары.

Салған соң өңкей надан көптік күшке,  
Қалыпты қайран Бабаң қын іске.  
«Бір алла, өзіңе аян жүрегім» деп,  
Байлапты өлтірмекке ертең түсте.

Бабаңың нұр жүрегі болды мұздай,  
Жазасыз жасқа ешкімнің қаны қызбай.  
Мысалы көз алдында тұрған жоқ па,  
Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай?

Аллаға Бабаң сонда сыйыныпты,  
Аққан тер нұр жүзіне құйылыпты.  
«Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін,  
Көкенай сонда атсын», – деп бүйірыпты.

Өлтірсе, оғы тисе, өзі айтқан жол,  
Аман кетсе, түк те жоқ, бітімі сол!  
Мәмбетей шуылдады разымыз деп,  
Осыған тамам Арғын басыпты қол.

Көкенай құлдық деді бұл билікке,  
Мәмбетей шығып тұрды бір биікке.  
Мінгізді Қалқаманды алып келіп,  
Дейтүғын «Ардакүрен» бір жүйрікке.

Төгілді көзден жасы көрген жанның,  
Шолағын қарай гөр деп бұжалғаның.  
Жиналған көп қауымға қарап тұрып,  
Қоштасқан сөзі мынау Қалқаманың.

«Әй, жұрттың мен өлемін, сендер қалдың,  
Орнына бауыздадың айтқан малдың.  
Өз бауырын оққа байлап өлтірді деп,  
Қалдыңдар обалына мына шалдың.

Назасы нақақ жастың қате кетпес,  
Деймісің қалмақ сені тентіретпес.  
Мамырдан қалған жанның керегі не,  
Ісім ақ, қосылармын, еш нәрсе етпес.

Белгілі Мамырдан соң көп жүрмесім,  
Тұз-дәмін Орта жүздің жеп жүрмесім.  
Жалғыз-ақ Тобықтының дүшпандары  
Рахымсыз, бауырсыз ел деп жүрмесін.

Қош, Баба, бата бер!» – деп түрегелді,  
«А, құдай, сактай көр...» деп бата берді.  
Жөнелді күрен атпен сырылдатып,  
Ажалға көпе-көрнеу байладап белді.

Көкенай садақ тартты дүрілдетіп,  
Қақ жарды ердің қасын оғы жетіп.  
Әйтеуір, ұлы дене аман қалды,  
Оң жақта қара саннан өтіп кетіп.

Атының жалын құшып жүріп кетті,  
Басына бір төбенің барып жетті.  
Бір женін көйлегінің жыртып алып,  
Аузына жарасының тану етті.

Ат қойды «а, құдайлап» көп бозбала,  
Ажалдан қакты ғой деп хақ тағала.  
Той қылышып, ат шаптырып ойнаймыз деп,  
Жабылды үйге жүр деп бара сала.

Қалқаман айтты: «Токта, құрбыларым,  
Жоққа есеп осы күнде менің барым.  
Аямай елім оқقا байлаған соң,  
Кетер ме өлгенімше ойдан зарым.

Ел қылышып Тобықтыны тұра алмаймын,  
Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын.  
Өлерде аямады, қайда аяды,  
Сендерге енді мойын бұра алмаймын».

Соны айтып қамшы басты күрен атка,  
Қуса да жеткізбеді жамағатка.

Ұлы жұз Елібайда нағашысы,  
Жөнелді соған қарай – Бұхар жаққа.

Қалқаман сол кеткеннен кетіп қалды,  
Халқына Әнет-Бабаң хабар салды.  
Жаз шыға Қалқаманды іздейміз деп,  
Тобықты ат жаратып дайындалды.

\* \* \*

Мың жеті жұз жиырма үшінші жыл,  
Қазақ, қалмақ атысқан, мұны да біл.  
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан,  
Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл.

Шеп құрып соғысыпты қазақ, қалмақ,  
Қорқаққа оңай емес шепке бармақ.  
Бабаңың бес баласы садаққа ұшып,  
Бұл соғыста қазаққа түсті салмақ.

Қазакты ол ұрыста қалмақ алды,  
Үш есенің екеуін қырып салды.  
Женілген соң тұра алмай Сыр бойында,  
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Осы жол – бар қазаққа белгілі жол,  
«Ақтабан шұбырынды» дегені сол.  
Жаяу жүріп табаны аппақ болып,  
Корлық көріп қазақтың шұбырганы ол.

Сол себептен Қалқаман қалды ізделмей,  
Іздемейін деген жок, шама келмей.  
Ол түгіл Әнет-Бабаң көшке ере алмай,  
Тірідей дөң басында қалған өлмей.

Тұқым бар Қалқаманнан осы күнде,  
Шын болса, Ұлы жүздің жүр ішінде.  
Өздері Елібаймыз десе керек,  
Білмейді кейінгісі бізді мұлде.

Бар болса Қалқаманның нәсілдері,  
Оқығын осы өлеңді талапты ері.

Осында туысқаны Олжай, Бекен,  
Семейпалат облысы тұрған жері.

«Хан Шыңғыс» деген тауда тұрмыз біз де,  
Егерде іздесендер, сонан ізде.  
Тобықтыда Құнанбай қажы десе,  
Басты кісі – біледі Орта жүзде.

## ЕҢЛІК – КЕБЕК

### *Әңгіме алдында аз сез*

Откен адам болады көзден таса,  
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса.  
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,  
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.

Ақыл деген денеге егулі дән,  
Суғарылса кіреді оған да жан.  
Ақылдың өсіп-өніп зораймағы –  
Көрген, білген нәрседен гибрат алған.

Естіп, біліп, көз көріп, ойға салмақ,  
Откен істен адамзат бір ұлгі алмақ.  
Қызықпақ, не жек көрмек, жиіркенбек,  
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.

Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,  
Бұл екі істен болмайды өмір босы.  
Досынды жау, дүшпанды дос көрсетіп,  
Көзді байлап нәпсінің қылғаны осы.

\* \* \*

Қалмақ шауып, казактан алған кегін  
Қалқаман қиссасында жазып едім.  
«Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл  
Ақтабан шұбырынды болды» дедім.

Сырдан қалмақ қуған соң біздің елді,  
Құні-тұні шұбырып Шуга келді.

Табан тиіп жүре алмай, халі құрып,  
Сұлап жатты айнала Саумал көлді<sup>1</sup>.

Сонда Шақшак Жәнібек<sup>2</sup> сөз сойлепті:  
«Балалар! Осы жолды ұмытпа, – денті, –  
«Ақтабан шұбырынды» мұның аты,  
Күдай қосса, алармыз біз де кекті! »

Сол жерде тамам қазақ жыласыпты,  
Күдайдан артын бер деп сұрасыпты.  
Тынықкан соң қалмактан кек алуға,  
Сөз байласып, уағдамен ұнасыпты.

Арғындар сол көшкеннен көшे берді,  
Батырлары жер шалып, қоныс көрді.  
Ешім, Нұра, Сарысу, Қарқаралы,  
Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді.

Орнығып қалың Арғын сонда қалды,  
Жеті Момын<sup>3</sup> олардан өте салды.  
Ор, Елек, Ойыл, Қыыл қыстамақ боп,  
Жаз жайлауға Мұғажар<sup>4</sup> тауын алды.

Кіші жүз өте көшті Орал жаққа,  
Әбілқайыр хан еді мінген такқа.  
Мың жеті жүз отыз бір шамасында  
Патшаға уағда берген қарамаққа.

Соны естіп Жеті Момын қайта ауыпты,  
Осыдан көреміз деп бір қауіпті.  
Мұғажардың күншығыс жағына өтіп,  
Ыргыз, Торғай дейтүғын жер тауыпты.

Сол жерде жайлап, қыстап жатып алды,  
Қалмактан барымталап жиды малды.

<sup>1</sup> Саумал көл – Шудың күйғанында, Бетпақ шөлдін күнбатыс жағында (автор).

<sup>2</sup> Шақшак Жәнібек – Арғын, Шакшак табынан шықкан ақылды хіс (автор).

<sup>3</sup> Жеті Момын – Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобыкты һөм Босен-тииннің үш баласы, бәрінің үлкен шешесінің аты – Момын (автор).

<sup>4</sup> Мұғажар – Актөбенің онтүстік күншығысындағы тау.

Ұлы жұзде үлкен хан Әбілмөмбет  
Қалмақпен соғысам деп хабар салды.

Орта жұзден де аттанды Сәмеке хан,  
Үш жұзден жиылыпты бірталай жан.  
Шеп құрып қара-қарсы соғысканда,  
Қазақ женіп, қалмақтан кегін алған.

Сол соғыс – хан Абылай келген кезі,  
Қалмақтың сыбағасын берген кезі.  
Керек болса оқындар шежіремнен,  
Жазылған сонда анықтап түгел сөзі.

Сонан кейін қалмақты қазақ қырған,  
Жиылып шаба берді ойдан, қырдан.  
Тарбағатай, Шыңғыстың жан-жағында  
Көшпелі көп қалмақ бар бұрын тұрған.

Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,  
Нор-Жайсан, Шәуешектен аса қашқан.  
Ата қоныс – Арқаны босатып ап,  
Қазақ келіп қалмақтың орнын басқан.

Қалмақты шабысуға Мамай<sup>1</sup> келген,  
Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.  
Барған соң Жеті Момын баласына,  
«Хан Шыңғыс босады» деп хабар берген.

Момынның жартысы айтқан барамыз деп,  
Ата қоныс Шыңғысты аламыз деп.  
Атығай, Қарауыл мен Бәсентиін  
Көшпейді біз осында қаламыз деп.

Тұысқанын кия алмай жүр деп сен де,  
Көп айтқан Кеңгіrbай мен Қараменде<sup>2</sup>.  
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,  
Біздің ел өне-міне деп жүргенде.

Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда,  
Өзге Момын көше алмай, қалған онда.

<sup>1</sup> Мамай – Тобықтының бір табының атасы, Жұмағұлдың баласы.

<sup>2</sup> Кеңгіrbай, Қараменде – Тобықтының екі біi.

Шыңғысты Матай алды дегенді естіп,  
Қанжығалы қалыпты орта жолда.

Келгені Тобықтының осы маңға  
Мың жеті жұз сәксенге тақалғанда,  
Елді бастап өкелген Мамай батыр  
Орда, Көкен, Ашысу, Догалаңға.

Әр тапта да батыр бар некен-саяқ,  
Сүйтсе де батыры көп Жуантаяқ<sup>1</sup>.  
Қырды алып, бөктерге таласыпты,  
Матай-Сатай дегенді тын dampай-aқ.

Қабекең<sup>2</sup> де өрлепті Шидің бойын,  
Шөбі шүйгін жер ғой деп малға тойын.  
Кейде жау боп Матаймен, кейде бітіп,  
Есі-дерті Шыңғыста, айтпайды ойын.

Қалқаман мен Мамырды жаздым бұрын,  
Оқығандар, байқадың оның сырын.  
Енді айтамын Еңлік пен Кебек сөзін,  
Тағысынан көрініз мұның түрін.

### *Еңлік–Кебек әңгімесі*

Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы –  
Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі.  
Жамағайын жақыны сол кісінің  
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан,  
Токан да тастамайды өз қасынан.  
Жасы бала болса да, жаны отты деп,  
Артық көріп не сабаз жолдасынан.

Он бесінде Кебектің аты шықты,  
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.  
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,  
Орта бойлы, тапалдау, кең иықты.

<sup>1</sup> Жуантаяқ – Тобықтының бір тап елінің аты.

<sup>2</sup> Қабекең – Кенгірбай биге қойылған ат. Қабан сықылды бұрылмайтын мықты деген сөзден шықкан (автор).

Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,  
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.  
Жауға батым, жақынға және әдепті,  
Кішінің іні, үлкенді ағатайладап.

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,  
Шын дәүлескер бақсының өзі нағыз.  
Жыны айта ма, кім білсін, шын айта ма,  
Айтқаны келеді деп қылады аңыз.

Кебек батыр өз бақытын сынамаққа,  
Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа.  
Оңашада жалынды абызға кеп,  
Бал ашып бер деді де біздің баққа:

«Ей, абыз! Аш балынды, қобызынды тарт,  
Алар ақын бар болса, мойныма арт.  
Балыңа не түссе де жасырмай айт,  
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт».

«Шырағым, бал аштым деп мал алмаймын,  
Ол үшін саған ақы сала алмаймын.  
Жаман айтсам жабығып қала көрме,  
Жынның сөзін жасырып қала алмаймын».

Соны айтып қобыз алды Кебекке арнап,  
Шақырды жындарының атын зарлап.  
«Қара қалмақ», «Қорқыттың қүйін» тартып,  
Қобызына өн қосып кетті сарнап.

Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,  
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.  
Ындың қойып тындасан қарнағанын,  
Сақтанбасаң алғандай ақылды үрлап.

Мұнлы қоңыр дауысы шықса зарлап,  
Іқтиярсыз кетеді бой шымырлап.  
«А?..» – дейді де тындаиды анда-санда  
Құлағына кеткендей жын сыйырлап.

Екі көзін қан жауып, өңі қашып,  
Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.  
Шұлдір-шұлдір сөйлесіп жыныменен,  
Өзін-өзі тоқтатты өзер басып.

Нысан абыз қысылып батқан терге  
Қарады да сөйледі Кебек ерге:  
«Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан,  
Батырым, ондай қызға көніл бөлме.

Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр,  
Жын шіркін осылай деп айтқызып тұр.  
Қара жартас түбінде кез келеді,  
Шырағым, сондай қыздан сақтанып жұр.

Әдейі іздең бармассың, кез боларсың,  
Кез болсан, алыс емес, тез боларсың.  
«Сақтыққа қорлық жүрмес» деген бар ғой,  
Сақтанбасаң артқыға сөз боларсың».

Оны естіп Кебек кетті өз жайына,  
Батса да балгер сөзі шымбайына.  
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,  
Деді де жынның сөзін тындайын ба?

\* \* \*

Мұнан кейін азырақ заман өтті,  
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті.  
Қарашаның алғашқы қары жауып,  
Кебек батыр құс алып аңға кетті.

Қойтастан бір тұлқі алды інге тығып,  
Ойлады кетейін деп Ханға шығып.  
Мұнарда ізге түсіп келе жатса,  
Бір тұлқі жөне қашты жатқан бұғып.

Қамшылап күрен атты жамбасына  
Тұлқіден бұрын шықты Хан басына.  
Жел шығып, боран болып кеткен екен,  
Аң қуған аңғал батыр андасын ба.

Құс тұлқіні көрген соң кетті ұшып,  
Бір жерге жарқ-жүрк етіп қалды түсіп.  
Бораннан байқай алмай өтіп кетті,  
Тұлқіні жатса-дағы бүркіт қысып.

Таба алмай олай шауып, бұлай шауып,  
Құсымнан айырылдым деп қылды қауіп.

Құс әбден тұлқіні жеп тойған кезде  
Алыпты құн батқан соң өзер тауып.

Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды,  
Аяң-бұянқ еткенше тұн боп қалды.  
Ел жатпай бір ауылға қонайын деп,  
Шыңғыстың бөктерімен қайта салды.

Бораннан байқай алмай барап бетті,  
Тұн ішінде адасып Кебек кетті.  
Осы Ҳақан<sup>1</sup> өзеннің аяғында  
Қыстаған бір Матайға келіп жетті.

Белдеуге атын байлады Кебек сері,  
Боз қырау бүркыраған аттың тери.  
Осы құнгі Боқтыбай қыстап жүрген  
Қара жартас Кебектің келген жері.

Сол үйге кіріп келсе «кеш жарық» деп,  
Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.  
Ол кезде шай болмайды, сусыны құрт,  
Ұсынды қарсақ жон қып, езіп өкеп.

Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала  
Бар еken бір бойжеткен қызы және.  
Киіз үй, малды айнала шарбак қорған,  
Там, қора жоқ, кісісі төртеу ғана.

Құрт ішіп, әбден көніл жайланған соң,  
Бекітіп шарбакқа аты байланған соң,  
Үй иесі қонақтан жөн сұрады,  
Асын жеп, өңгімеге айналған соң.

Кебек айтты: «Аң қуған Тобықтымыз,  
Мен Кебекпін дегенмен білемісіз?»  
«Атым – Кебек» дегенде жалт қарады,  
Бағанағы айтылған бойжеткен қыз.

Бай қайтадан сөз сұрап қайырмады,  
Әлгі қызы Кебектен көз айырмады.

<sup>1</sup> Ҳақан өзені – Баяғы Шыңғысхан ҳақан болғанда осында қоныпты. Ҳақан деген хандардың ханы деген сөз (автор).

«Қарағым, қонағыңа төсек сал», – деп  
Үй иесі жатуға дайындалды.

Тысқа шықты бай, қонақ – бәрі бірдей,  
Шал айтқап тыста жүр үйге кірмей.  
Кебек келсе, төсек жоқ төр алдында,  
Қай араға жатарын тұрды білмей.

Күлімсіреп қыз айтты Кебек ерге:  
«Қонағым, неге тұрсың құр бекерге.  
Мен сізге өз төсегім дайындағым,  
Бұрын жатқан жоқ па едің ондай жерге?»

Тең шешіп, манлық көрпе алды тауып,  
Кебектің де қызға тұр көнілі ауып.  
«Анық Кебек сен болсан, арызым бар,  
Бір айтармын», – деді де салды жауып.

Кебек батыр жатқан соң төсекке кеп,  
Қыз мінезін ішінен қылады есеп.  
«Танымайтын қонаққа сыр білдірген  
Көрсекзызар, жеңіской үрғашы-ау», – деп.

Тұн ортасы ауғанда шал да жатты,  
Қорылдап қатты үйқыға әбден батты.  
Үйдегілер теп-тегіс үйықтаған соң,  
Кебекті келді-дағы қыз ояты.

– Ай, батыр, сен жатырсың үйқың қанбай,  
Мен жүрген бір сорлымын бағым жанбай.  
Көрінгенге көз сүзген көрсекзызар,  
Әдепсіз қыз дейсің ғой әлдеқандай.

Өз әлімше сынадым мен де сені,  
Сен қалай деп ойладың, айтшы, мені?  
Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда,  
Кез болмаса өзінің сүйер тені?

Атым – Еңлік, мына шал – менің әкем,  
Малы көп, бірақ еркек баладан кем.  
Жасында бұл да өзіндей батыр еді,  
Кор болып, осы күнде әркімге жем.

Нагашым – Байжігітте ер Қабанбай,  
Шешемді де берген жоқ бай таба алмай.  
Ес білмейтін есекке кез болыптын,  
Жайды білер жақсыға қосақталмай.

Мені де кедей емес, байға берген,  
Күйеуім өткен жазда ұрын келген.  
Қасына жатпақ түгіл жуымадым,  
Білген соң шіріктігін келген жерден.

Нышан жоқ бет-аузында сақал, мұрттан,  
Бұрын да естуші едім жайын сырттан.  
Тұн болса ұйқыдан бас көтермейді,  
Күндіз асық іздейді ескі жұрттан.

Бетіне тумай тұрып тұскен өжім,  
Күнге де есіктегі қылды тәжім.  
Кер кеткен кеселдіге душар болдым,  
Осыдан құтыларлық бар ма лажым?

Оң қолының бармағы тағы шолақ,  
Бармақсыз қол ұстауға қандай олақ.  
Мен сорлы емей, кім сорлы, ойла, батыр,  
Күйеуімнің болған соң жайы сол-ақ.

Көп жігіт жұр сыртымнан қылып кенес,  
Мен ұнатсам, алмаймын сені демес.  
Солардың біреуімен кетер едім,  
Байқаймын, бәрі менің теңім емес.

Көрсекызыар, лап бергіш өр елде көп,  
Атын атап не керек пәленше деп.  
Аз күндік әзіл іздеп жүргенім жоқ,  
Өнімсіз іс болмайды өмірге сеп.

Бүгін мұнда кез болдың құдай айдал,  
Атынды естіп жүруші ем сырттан сайлап.  
Тасыр болса, талғамай тап берер деп,  
Тұні бойы сынадым сізді абылап.

Мен татысам, жігітсің маған татыр,  
Міне, осындей ішімде қайғым жатыр.

Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,  
Беремісің уәде, Кебек батыр?

Кебек мұны есітіп көп ойлады,  
Асықпай біраз ғана еп ойлады.  
Түні бойы қыз мені сынапты ғой,  
Мен де мұны сынайын деп ойлады.

— Эй, Еңлік! Сөзің рас, нандым саған,  
Бәрін ұқтый, жерім жоқ байқамаған.  
Артқы өмірді азырақ қоя тұрып,  
Ойнап-күлсек қайтеді біраз заман?

Қаза келсе малдыдан мал таймай ма,  
Ажал жетсе батырдан жан таймай ма.  
Азар болса күйеуің жастау шығар,  
Жарлы байып, жас өсіп, қартаймай ма?

Жас түзеліп, түрленіп ержетпей ме,  
Бойындағы балалық бір кетпей ме,  
Асыққандық емес пе мына сөзің,  
Жақсы өйел жаман ерді түзетпей ме?

Талпынғанмен тағдырды бұра ала ма,  
Құдай қоспай, басымыз құрала ма.  
Аз күн қызық көрелік онан-дағы,  
Бұл дәурен бір қалыпты тұра ала ма?

Еңлік айтты: — Таң қалдым бұл сөзіне,  
Ұқсамайды түндегі мінезіңе.  
Егерде біреу айтса ұнар ма едің,  
Талап қылма, талпынба деп өзіңе.

Рас, құдай жазбаса, бітпес жұмыс,  
Сөйтсе де бізге міндет талап пен іс.  
Әрекетсіз отырмақ дұрыс болса,  
Неге берген аяқ-қол, тіл менен тіс?

Күйеуімнің жүрген жоқ жасы жетпей,  
Ынжықтық қайтуші еді тентіретпей.  
Ақыл салып, бармағын сау қылуға  
Пенденде күш бола ма құдіреттей.

Талап қылмай бола ма құтылуға,  
Оттан қашып кірсем де терең суға.  
Пәледен машайық та қашқан жоқ па,  
Қайтіп разы болайын берген уға?

Тобықты неге келді мұнда көшіп,  
Мұғажардан Шыңғысты көзі тесіп.  
Қара қазан, сары бала қамын ойлап,  
Келді ғой жайлы қоныс табам десіп.

Бір құдай жер жүзіне шашқан несіп,  
Барша жан жүрген жоқ па теріп жесіп.  
Аз күндік арам жүріс аужал емес,  
Жүрмесен үағданды мұлде кесіп.

Айтып үағда бермесен, әуре етпе,  
Тен қөрмесен телміртіп, тентіретпе!  
Қайда барсан обалым жібермейді,  
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе!

Қалай айла қылса да бір қоймады,  
Жал айтқан жауабына қыз тоймады.  
Еңліктің бұл жауабын есіткен сон,  
Кебек батыр тағы бір ой ойлады:

— Эй, Еңлік! Айтқан сөзің – сөздің шыны,  
Сөйтсе де бір сөзім бар, тында мұны.  
Софыска сылтау таппай отырганда,  
Бұлдірмелік Матай мен Тобықтыны.

Онсыз-дағы біріне-бірі қырын,  
Ала ғой деп береді кім жесірін.  
Адам тұғіл мал үшін ел шабады,  
Қыз болсан да білесің елдің түрін.

Мен сені алып жөнелсем осы тұнде,  
Жиылмай ма бар Матай жалғыз күнде?  
Тобықтыдан жылқыны тиіп алып,  
Басталмай ма бітпестей бұлік мұлде.

Барымта алмай бітімге көнсө елің,  
Қанша мал алса аярым жоқ кой менің.

Қызды қайтар, әйтпесе бітпейміз деп,  
Жатып алса табамыз қайтіп жөнін?

Матай алса, Тобықты тек жата ма,  
Азбын деп жанын аяп, ар сата ма?  
Ауыл шауып, мал алып, қан төгілсе,  
Ойла, қалып жүрмелік теріс батаға!

— Эй, батыр, бұл сен айтар сөзің емес,  
Уайым қып сескенер кезің емес.  
Келер істі жалғыз-ақ алла білер,  
Ол сениң өлшеп сатар бөзің емес.

Кімнің көзі жетеді күні ертеңге,  
Тенін тапқан сені мен жалғыз мен бе?  
Ел шабысып кетті ме соның бәрі,  
Алып қашып алды ғой талай пенде!

Мал аямай пейілді салсаң кенге,  
Жаразтырап табылар аға-женге.  
Жер өртеуге жетеді бір шағым қу,  
Кім кепіл бола алады осы екі елге?

Бұлт шықпай жауа ма құры желге,  
Бізсіз де таласады жалғыз белге.  
Құдай жөнін берейін деген болса,  
Көнер әлде мал алып біт дегенге.

Сен мені бүгін алып кет демеймін,  
Осы екі елдің түбіне жет демеймін.  
Шын ішің сүймей, сыртың сүйген болса,  
Әуре боп саған уағда ет демеймін.

Шын сүймесең сүйдім деп айтпа маған,  
Шала сүйген болады құр алдаған.  
Ындыныңмен ұнатсан, бер қолынды,  
Саған сөзім қалмады енді айтпаған.

Кебек те отыр еді өзер шыдал,  
Сөзін айтып болғанша қызды сынап.  
«Сен өлген жерде мен де өлемін» деп,  
Кол алысып біржола кетті құлап.

Кебектің колын Еңлік қысып алып,  
Шөлдеп сусын ішкендей мейірі қанып.  
Бармағынан бір сүйіп, беті тершіп,  
Ыстық жасы көзінен кетті тамып.

\* \* \*

Таң жарығы тұсken соң шаңыраққа,  
Кебек тұрды арқандап at қоймаққа.  
Еңлік үйден арқанды ала жетіп,  
Құшақтасып жөнелді жартас жаққа.

Келе жатып қыз айтты:

— Батыр, саған

Бір сөзім қалған екен айтылмаған,  
Тобықты мен біздің ел бітім қылса,  
Сонда алып қаш кезінде жақындаған.

Мына жартас табыспақ болсын бізге,  
Мені ұмытып, жатып ап күдер ұзбе.  
Осы араға үш күнде бір келіп жүр,  
Ең болмаса жұманы құр өткізбе.

Соны айтты да, от жақты үйге барып,  
Су жылытты қазанға қарды салып.  
Оятып ап қойшыны, құрт езгізіп,  
Сары май салып қойды аяқ алып.

Ат арқандап болды да Кебек өзі,  
Қыз артынан қадалып екі көзі.  
Еңлікке бір, тасқа бір қарады да,  
Сонда тұсті ойына балгер сөзі.

«Япыр-ау! Әлде сайтан, әлде жын ба,  
Кім бастап алып келді мені мұнда!  
Осы көрген тұсім бе, иә өнім бе,  
Қалжыраған бақсының сөзі шын ба?

Біржолата кім тұрар бұл дүниеде,  
Әлім көрмей қоя ма туған пендे.  
Қарап жүріп қанғырып босқа өлгенше,  
Еңлік үшін өлгеннің қапысы не!...»

Соны айтып көнілін басты Кебек батыр,  
Құдай қосқан іс болмай қоймайды акыр.

«Тамақ дайын» деп хабар бергенин сөн,  
Аяндап үйге таман келе жатыр.

Бетін жуып, отырды төрге барып,  
Құрт берді сары майды және салып.  
Қазы-қарта, жал-жая жасап Еңлік,  
Бір табақ ет алдына қойды апарып.

Жалынан бір кесті де «бісміллә» деп,  
Ұсынды ақсақал мен кемпірге әкеп.  
«Иесімен ас тәтті» деп Еңлікке,  
Шақырып ап екеуі отырды жеп.

Қойшыға да ұстатты сүйек-саяқ,  
Ет артынан сорпа ішті бірер аяқ.  
Бата қылып, қол жуып болысымен,  
Еңлік атты ерттеді айтқызбай-ақ.

Кебек сонда шалға айтты: – Ай, ақсақал,  
Өзің тандап түлкінің біреуін ал.  
Бағына кезі келген бір олжа ғой,  
Жығыттымақ істетіп сандыққа сал!

Еңлік шығып қонағын аттандырды,  
Қоштасып Кебек батыр, елге жүрді.  
«Қайда жүрсөн, аман жүр, батырым», – деп,  
Бел асканша артынан қарап тұрды.

\* \* \*

Ер Кебек тыным алып үйде жатпай,  
Еңлікке келіп жүрді дамылдатпай.  
Кейде түзден жолығып, кейде қонып,  
Алты ай қыс аттың терін бір құрғатпай.

Екі ел бітті сөйлесіп жазға салым,  
Қайтарысып барымта алған малын.  
Тамақ үшін қызырган Матай айтып,  
Бұл бітім Еңлікке де болды мәлім.

Кебек келді бір құні қызға тагы,  
Ойында бар, ел бітсе, іс қылмағы.  
Еңлік те дайын болды сол арада,  
Қара жартас белгілі табыспағы.

Қыз айтты: – Тұнеугі айтқан уағда қайда,  
Кел, кетелік, кідірмей осындаиды.  
Азық-түлік, киерлік киімдерім  
Дайындал әкеп қойдым мына сайға.

Қосылған соң кешікпей болдым буаз,  
Онан бері қыс өтіп, болды ғой жаз.  
Босансам, өз қолында босанайын,  
Құры бүйтіп жүргенге болмалық мәз.

Екеуі тәуекел деп кетіп қалды,  
Таң атпай-ақ Ордаға жетіп барды.  
Ағаштан балаған қып, арша жауып,  
Бекініп бір дарада жатып алды.

\* \* \*

Еңлік, Кебек кеткен соң таң тағы атты,  
Күн шыққанша кемпір-шал тұрмай жатты.  
Қойши Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,  
«Қызың қашып кетті», – деп шалды ояты.

Шал жылап, өлі келді екі көзге,  
Қолынан не келеді онан өзге.  
Қойши барып еліне хабар айттып,  
Матай келді жиылып осы сөзге.

Жан білмейді Еңлікті кім алғанын,  
Қайда кетіп, қалайша жоғалғанын.  
Алты ай қыстай кім келіп, кім кетпейді,  
Қайдан білсін күдікті кім қонғанын?

Тұлқіні бір Матайдың көзі шалды,  
«Мынаны кім берген» деп қолына алды.  
Шал айтты: – «Мұны берген бір Тобықты,  
Атын ұмыттым, бір қонып кетіп қалды».

Қойши айтты: – Оның аты Кебек еді,  
Сонан соң да осында келмеп пе еді?  
Ұмытпасам, соны Еңлік аттандырып,  
«Қош аман бол, келіп жүр, Кебек», – деді.

Куа-куа осы сөз анықталды,  
Матайлар Тобықтыға кісі салды.

«Қыз дегенің немене, білмейміз», – деп,  
Тобықты оны елемей жатып алды.

Кебектің қайда екенін ел білмейді,  
Не жылқыда, не анда жүр ғой дейді.  
Жалғыз-жарым сыр шашпас құрбы арқылы  
Елден Кебек азықты алып жейді.

Сөйтіп жүріп бірталай заман өтті,  
Еңлік қашып кеткенге айға жетті.  
«Қыз алды да, жөн жауап бермеді», – деп,  
Матайлар бір қос жылқы алып кетті.

Тек жатсын ба бұл елдің көп саңлағы,  
Жуантаяқ бір ауыл шапты тағы.  
Матай – қызды, Тобықты – Кебекті іздең,  
Шатаққа соқты сөйтіп сөз аяғы.

Бір күні Қабекене Көбей<sup>1</sup> келді,  
Үйге кіріп келді де сәлем берді.  
«Қыз да жок, Кебек те жок, ел шабысты,  
Мен сізден ақыл сұрай келдім» деді.

Қабекен сөз айтпайды жұмбақтамай:  
– «Ай, Көбей, сұңқар қалай, тауық қалай?  
Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді,  
Сол келгенше өтпей ме уақыт талай...»

Көбей мұны ұқты да, қайтып кетті,  
Тобықты кенес қылған топқа жетті.  
«Қабекен екі-ақ ауыз жұмбақ айтты,  
Ол сөзінің мағынасы мынау, – депті: –

Еңлікті алып қашқан Кебек батыр,  
Оны айтпай-ақ біздің би біліп жатыр.  
«Тауық» деп қызды айтады, «Сұңқар» – Кебек,  
Тоқтамысқа қаратып қой дейді ақыр».

<sup>1</sup> *Көбей* – Жұзбенбет деген таптан шықкан кісі, өрқашан Кенгірбай бидің сөзін сол шешкен (автор).

Осылай деп жұмбағын Көбей шешті,  
Матаймен байлау қылып, сөз сөйлесті.  
«Кешіктірмей табалық Кебек алса,  
Бір ай тоқта, Тоқтамыс келсін» депті.

Сонымен тағы да өтті бір жарым ай,  
Тоқтамыс Арғын жақтан жүр келе алмай.  
Намыс қылып жиылды тамам Найман  
Көнбейміз деп мазаққа мұнан былай.

Матай да соқтыққан жоқ тіпті неген,  
Мақал бар «ел құлағы елу» деген.  
Қыздың қайны Сыбандар және білді,  
Екі елде де адам жоқ есітпеген.

Найманның тым көп болды жиылдысы,  
Жиылған соң белгілі қылар ісі.  
Алдынан бір арылып алайық деп,  
Тобықтыға жіберді елші кісі:

«Ел бүлдірмей бітелік, жөнге келсін,  
Еңлік, Кебек екеуін ұстап берсін.  
Шариғаттың әмірімен өлтіреміз,  
Малға бітім қылмаймыз, оған сенсін.

Тентегінің жазасын мойынға алсын,  
Егер оған көнбесе, дайындалсын.  
Қырылыштай бітпейміз таусылғанша,  
Не Найман, не Тобықты бірі қалсын.

Жауапты да тез берсін кешіктірмей,  
Ертең бесін намаздың уақыты келмей.  
Өзге бітім болар деп ойламасын,  
Бітімім жоқ не өліп, не өлтірмей.

Ұйлықты Тобықтылар осы сөзге,  
Бітімі жоқ болған соң мұнан өзге.  
Найман тым көп, Тобықты аз, Арғын алыс,  
Қорықпауга да болмайды көрер көзге.

Бірі ол деп, бірі бұл деп көп кеңесті,  
Біле алмай не берерін, не берместі.

Қысылғанда баратын Қабекене,  
Ақыл сұрай бір-екеу барсын десті.

Кенбай<sup>1</sup> мен Көбей барды биге тагы,  
Сөзін айтып, сәлемін берді-дағы.  
Қабекеңің қабағы қарыс түсіп,  
Мінеки сондағы айтқан бір жұмбағы:

«Әнет-Бабам емес пе менің атам,  
Бірақ ондай қабыл ма менің батам?  
Көшсем – қоныс, отырсаң – көмегім жок,  
Көрсетемін, қайтемін, тыныш жатам».

Бұл сөзі – Бабаң айтқан сөздің көзі,  
Өзі өлтірмей, амалсыз атқызды өзі.  
Женілсен енді барап руың жок,  
Көрсетпеуге шама жок деген сөзі.

Соны естіп Көбей топқа қайтып келді,  
Жұмбағының шешуін айтып келді.  
Тобықтылар Найманды ертіп әкеп,  
Кебектің жатқан жерін айтып берді.

\* \* \*

Ұйықтамайды сақтанып Кебек тұнде,  
Үш айдай бір дарада жатқан мұлде.  
Толғатып Енлік сұлу бір ұл тапқан  
Айы толып, мезгілі жеткен күнде.

Екеуі сол баланы қылады ермек,  
Кезек ұйықтап, сақтанып жүрді сергек.  
Қыз ояу, Кебек ұйықтап жатыр еді,  
Қозықүрен кісінеп қағады елек.

Енлік тұртіп оятты Кебек ерді,  
Атқа қарғып мінгенше жау да келді.  
Қүрен атқа мінгесіп жөнелгенде,  
Баласы бесігімен қала берді.

Баланы бір Матай кеп қолына алды,  
Кебек қашты, жабылып жау да салды.

---

<sup>1</sup> Кенбай – Байгара деген таптан шыққан кісі (автор).

Қозықүрен жартастан қарғығанда,  
Ауып кетіп Еңлік қыз түсіп қалды.

Не күшті, ойласаныз, тағдыр күшті,  
Кім тоқтатар өзелде болмақ істі.  
«Өлсем бірге өлмекші сертім бар», – деп,  
Мінгестіріп алуға аттан тұсті.

Жау жетті де, қамауда Кебек қалды,  
Әрі-бері қанжармен соғыс салды.  
Бірталайын жарагы қылса-дағы,  
Көпке топырақ шашсын ба, ұстап алды.

Байлап алып жөнелді Ащысуға,  
Тамам Найман жиылған қалың дуға.  
Қайран жастар қапыда қолға тұсті,  
Елтіген бөрідей боп жеген уға.

Шеткі Ақшоқы басына алып шықты,  
Қалайша өлтіруге кеңес қыпты.  
Жас қой деп жаны ашыған бір адам жоқ,  
Қолға түскен кісіге қатын мықты.

Кейбіреуі таспенен атпақ болды,  
Кейбіреуі дарға да аспақ болды.  
Аяғында мойнына арқан салып,  
Атқа байлап сүйретіп шаппақ болды.

Көп Найман екеуіне тұр анталап,  
Бейне бір соятұғын малға балап.  
Еңлік сонда еліне сөз сөйлепті,  
Қасындағы жиылған көпке қарап:

– Ай, жұртый! Бір-екі ауыз сөз айтайын,  
Әйтеуір, өлтіруің тұр ғой дайын.  
«Өлерде үш тілек бар» деуші еді ғой,  
Құдай үшін беріндер, мен сұрайын.

Кебекпен мені азғана арыздастыр,  
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.  
Мына бала – Тобықты баласы ғой,  
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.

Үш тілегін алсын деп жұрт кеңесті,  
«Бердік» деп екеуінің қолын шешті.

Құшақтасып сүйісіп, қош айтысып,  
«Ал енді өлтіре бер мейлін» десті.

Екеуінің мойнына арқан салып,  
Екі аттың құйрығына байладап алып,  
«Матайлап» ұран салып шауып-шауып,  
Өлтіріп, бір төбеге қойды апарып.

Тастады бесігімен баласын да,  
Обалға өшіккен ел қарасын ба?..  
Еңлік – Кебек моласы бүгін де бар  
Таймақ пен Ералының арасында.

Надан жұрттың болады діні қатты:  
Қабекене тапсырмай аманатты,  
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала  
Шырқырап күн батқанша жылап жатты.

Жуантаяқ баланы тұнде білді,  
Тұн ішінде жиылып атқа мінді.  
Таң ата келіп ізден таба алмады,  
Қисыны біреу ұрлап кеткен сынды.

Ертеде, міне, осындай қызық өтті,  
Әр дәурен заманында қызып өтті.  
Алдамшы сүм дүниенің аясында  
Әр түрлі жақсы, жаман, бұзық өтті.

Талайдың таудай күшін талқан қылып,  
Емі жоқ екпінді ажал бұзып өтті.  
Жете алмай мақсұтына Еңлік–Кебек,  
Арманда екі ғашық өліп кетті.

\* \* \*

Жігіттер! Бұл өленді жазған мәнім:  
Емес қой жастықпенен салған өнім.  
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы?  
Аларсың көп ғибрат байқағаның.

Қыз, қызық, батыр жазар кезім емес,  
Жастарды қызықтырган сезім емес.  
Ертегі емес, ертеде болған бір іс,  
Ойдан жазған, шығарған сөзім емес.

Әншейін әңгіме деп құлақ салма,  
Құрғана қызығы мен қызын алма.  
Ғаділ – залым, шафқатлы – мейірімсіз,  
Соларды айыра алмай қапы қалма!

А, құдай! Кінөмді өшір, сауапқа жаз,  
Таусылмайды ракметін, не болмайды аз.  
Жан кетіп, ағайын, мал қалған кезде  
Өлмес, өшпес дәuletім осы қағаз!

## НАРТАЙЛАҚ ПЕН АЙСҰЛУ

(Әңгіменің сырты)

Естілер көп жазады әңгімені,  
Жазбайды ермек үшін әлденені.  
Жиреніп жаманынан, жақсыны ұғып,  
Алсын деп жазады ғой өнегені.

Залымды жек көргізіп, күйгізеді,  
Ақ жүрек әділетті сүйгізеді.  
Өгейлік, өзімшілдік, бақ-күнестік,  
Мейірімсіз залалkestі білгізеді.

Қос қатын алу жаман салт екенін,  
Күнестік араздықтың шарты екенін,  
Қыз бермей сүйгеніне, малға сату  
Адамның ең рахымсыз анты екенін;

Аямай жетімдерді үргандығын,  
Азаматты құң менен құл қылғандығын.  
Не пайда, не өзінің мақтаны үшін,  
Дап-дайын қан төгуге түргандығын.

Махабbat шын асықты неткендігін,  
Құрбан боп жар жолында кеткендігін.  
Түрганда өлі жетіп, ашу кешіп,  
Мархабат дүшпанға да еткендігін.

Айтады осы өңгіме соның бәрін,  
Байқаста, сыртын ұқпай ішкі нәрін.  
Жана өскен жасыл гүлдей жас ұландар  
Дей көрме бір ескіден қалған сарын.

Откен іс ойға түсер өлдекайдан,  
Айтайын аз өңгіме ескі жайдан.  
Атақты Әмір-Темір заманында  
Арқаны мекен еткен Арғын, Найман.

Арғынның тоқалынан Бозша деген  
Момындық, әділдікпен ел билеген.  
Жәнібек жалғыз ұлы жастау өліп,  
Артында үш ұл қалды немереден.

Құр – үлкен, Балға – оған тетелесі,  
Қаранай – үшеуінің ең кенжесі.  
Бұл жонды үшбозша деп атайтыны –  
Жайлаған Бозшаның үш немересі.

Солардың осы үш өзен мекендері,  
Жаз жайлап, сән-салтанат құрған жері.  
Бұл жерден өзі кетіп, аты қалған,  
Құр, Балға, Қаранай деп соナン бері.

Құр менен Қаранайдан басы бөлек,  
Бір су бар ортасында шолақ өзек.  
Күнбатыс жағасында бір Ақтас бар,  
Сөйлеуге соның жайын келді кезек.

Сол тастың жырасында бір үңгір бар,  
Жатуға екі кісі болмайды тар.  
Ол тасты «Айсұлудың Ақтасы» деп,  
Атапты бізден гөрі бұрынғылар.

Мен көрдім сондай үңгір қыз мекенін,  
Асықтың арманда откен із мекенін.  
Талпынған талапты жас, тындасаныз,  
Айтайын Айсұлудың кім екенін.

Балғаның ол – Айсұлу – үлкен қызы,  
Нартайлақ – Қаранайдың бір жалғызы,  
Қосылып, асық болып сол арада,  
Үңгірде өзі кетіп, қалған ізі.

Айсұлу ол Ақтаста жүрген ойнап,  
Қараған өлгі үңгірге бір күн бойлап.

«Дариға-ай, асық жармен құшактасып,  
Үнгірде жатар ма еді», – дегенді ойлап.

Айсұлу ол кезінде он бесте екен,  
Күн сайын сол араны қылған мекен.  
Бірге ойнап Нартайлақпен сол үнгірде,  
Байласқан асықтыққа белді бекем.

Екі жас жылға жақын ойнап жүрді,  
Сезген жоқ ешкім өлі осы сырды.  
Қосылған жазға салым бұл екеуі,  
Жаз өтіп, келетүғын күз де кірді.

Мен бардым сол Ақтасқа тұлкі қағып,  
Үнгірде өткенді ойлап тұрдым бағып.  
Тастағы қырау еріп күн нұрымен,  
Тастан да, көзімнен де жас кетті ағып.

\* \* \*

Самсы да асық болып Айсұлуға,  
Бата алмай жүреді екен сөз айтуда.  
Сүйтсе де жанасалап бір қалмайды,  
Дегендей «бұка буға, азбан дуға».

Балғаның екі қызы, бір ұлы бар,  
Ерте өлген бәйбішеден туған бұлар.  
Тай еді ұлдың аты жастай өлген,  
Былқылдақ келіншегі қалған шығар.

Бір ұл бар тоқалынан Барғана атты,  
Қоя ма қазақ тұтпай ескі салтты?  
«Аға өлсе, женге мұра» деді-дағы,  
Қатын ғып Былқылдақпен бірге жатты.

Құнсұлу, Айсұлумен – екі қызы,  
Бір туған өлді олармен Тай жалғызы.  
Қолында өгей аға қорлық көріп,  
Қыздарға жетімдіктің батты сызы.

Айсұлу Нартайлаққа болған асық,  
Үнгірде қосылысып мауқын басып.  
Балғаның тірісінде Айсұлуды  
Матайға бермек болған баталасып.

Ол күйеу Балқыбектің баласы еді,  
Кортықтау, Барлы деген аласа еді.  
Әкесі бай болса да, бала нашар,  
Жынды ма, ынжық па деп талас еді.

Сондыктан Балға онан мал алмаған,  
Аулына құдам деп те бара алмаған.  
Бермеймін Айсұлуды деп жүргенде,  
Тағдырдан қаза жетіп қала алмаған.

Сол Барлы Балға өлген соң ұрын келген,  
Қыз оның сырттан байқап, түрін көрген.  
Қасына күйеуінің бір күн жатпай,  
Менсінбей тіпті қисық, қырын келген.

Ол күйеу қызға өкпелеп үйге барған,  
Барған соң әкесіне кісі салған.  
«Болса да аузы қисық, байдың ұлы»  
Бақаның көп мал беріп қызын алған.

Бака да, Балқыбек те Матай еді,  
Бір суды өрлей-жайлап жата берді.  
Тантық қыз Ханым деген ол алғаны,  
Аузына келген сөзді шатар еді.

Балқыбек сұы атанған сол атпенен,  
Беріктас, Үйтас, Томан — мол атпенен.  
Шоқыда жалғыз қызыл Барлы туып,  
Атанды Барлы қызыл ол атпенен.

Бағана Самсыны біз бастап едік,  
Жай-күйін біраз айтып тастап едік.  
Байқатып Айсұлуға асықтығын,  
Онан соң не қылғанын ашпап едік.

Бір күні Самсы келді Барғанаға:  
«Ағатай, — деді, — сөкпе, қарғама да.  
Асық боп Айсұлуға өлер болдым,  
Мені өлтір құлат-дағы жарғағана.

Ұнатсан егер тірі қалғанымды,  
Орында малымды ал да арманымды.  
Сізбенен ақыреттік дос боламын,  
Алсан да аямаймын бар малымды».

Тагы да Былқылдаққа айтты ойды,  
Алдына асыл шапан, жамбы қойды.  
«Періште алтын көрсө жолдан таяр»,  
Ку нәпсі мал көрген соң женді бойды.

Өгейлік Барғананың ойын бұзды,  
Көрдің бе, міне, осындай қара жұзді?  
Шапан мен алдындағы жамбыны алып,  
Үш күнде көндірмекші болды қызды.

Нартайлақ келді бір күн Ақтасына,  
Үңгірдің уағдаласқан қақ басына.  
Былаудай екі көзі өксіп жылап,  
Айсұлу келіп тұрды қақ қасына.

Көрді де Нартайлақтың есі кетті,  
«Сәулем-ау, мұнша жылап саған нетті?  
Құшактап, рахаттанып жатпақ едім,  
Көз жасың жүрегімді елжіретті».

Қыз айтты: «Асық жарым, тында мұны,  
Немене жетім қыздың көрген күні?  
Қолында өгей аға қор қылғанша,  
Алмады-ау ажал жетіп мен сорлыны!

Бастады аға-женғем бір жұмысты,  
Самсымен тамыр бол деп көрдей қысты.  
Көзімді жаудыратып малға сатпақ,  
Көрем деп ойлап па едім мұндай істі?

Көнбедім мен олардың ептеріне,  
Түкірдім жүзіқара деп беттеріне.  
Көндірем көнбесен де деп ақырып,  
Барғана қамшы басты еттеріме.

Қоймады бір-ақ ұрып, көп сабады,  
«Жетім қар» деп етімді жеп, сабады.  
Самсыға Күнсұлуды күң қылам деп,  
Барлыға сені ұзатам деп сабады.

Тай ағам бүйтпес еді-ау тірі болса,  
Не өкем, не әжемнің бірі болса.  
Дариға! Бұл өмірден өлім артық,  
Жетімнің көрген күні осы болса!

Өгей үл Барғана ойлап қастық жағын,  
Былқылдақ ұмытты Тайдың аруағын.  
Ағам мен ата-анамды қабат алып,  
Құдай да қайтып алды-ау берген бағын!»

Нартайлақ деді қызға: «Қалқатайым,  
Мәнісін бұл сөзіңнің қылдым пайым.  
Шынымен құдай қосқан жарым едің,  
Сені алып алыс жерге, кел, қашайын».

Қыз айтты: «Күнсұлуға қоштасайын,  
Айттым ғой күң болмақшы оның жайын.  
Оны да, реті келсе, бірге алып қаш,  
Бола алсақ ертең кешке мұнда дайын.

Тайлақжан, аз күн көрдім қызығынды,  
Мұндайда тағдыр жазған сызығымды.  
Босатпай егер кетсем ұзатылып,  
Жіберем Күнсұлуға жүзігімді.

Сол жүзік тиісімен өз қолыңа,  
Құрбанмын, кел де алып қаш, мен жолыңа.  
Алты айлық құрсағымда балаң жатыр,  
Тапсырар соны өзіне күн болар ма? »

Қош десті бір сүйісіп амандастып,  
Нартайлақ кете берді белден асып.  
Ауылға қыз қайтарда солай қарай,  
Былқылдақ келе жатыр жебей басып.

Келді де: «Қайда жүрсін, еркем, – деді, –  
Бір адам дөңнен асып селтендеді,  
Женгеден қайынсінлі сыр жасырмас,  
Разымын, жөнін айттып берсен», – деді.

Қыз айтты: «Елестеген сайтан-дағы,  
Құнде ойнап осы арадан қайтам-дағы.  
Сен маған не пөлені салмай жүрсін,  
Бір жала жаппақ болған айлаң-дағы».

Ол айтты: «Өкпелеме, еркем, маған,  
Жүргем жоқ қылайын деп қастық саған.  
Қатында ері айтқан соң ерік бола ма,  
Бәрін де істеп жүрген Барғана аған.

Барғана сен кеткен соң өзі барып,  
Қайныңа Байқошқардан хабар салып,  
Қалыңмал, ілу, жыртыс әкелмей-ак,  
Келінін кетсін депті жылдам алып.

Байқошқар – Барғаның нағашысы,  
Дәулетті, заты Матай, ұста кісі.  
Сөз салып сол арқылы Балқыбекке,  
Құтылмақ қайтсе сенен бар жұмысы».

Айсұлу айтты ызалы құлкіменен:  
«Барлыға қосылмайды менің денем.  
Не басқа біреу алар, не жер алар,  
Ол сырды жасырмаймын, жеңгем, сенен».

Барғана үйге келсе ұнатпайды,  
Сұрланып жотығырсып сөз қатпайды.  
Өмірін өксіп жатып ақылдасқан,  
Сорлыға екі жетім таң атпайды.

Күн шықты, бесін өтіп, кеш те болды,  
Екі қыз байлап қойған баар жолды.  
Күндегі ойнайтұғын Ақтасына  
Жөнелді айқастырып белден қолды.

Барғана жүгірген соң «ей, тоқталап»,  
Былқылдақ: «Қой, барсын», – деп келді жанап.  
Қамшилап бәрін үйге қуып тықты,  
Қатының қыздарменен қоса сабап.

Шығармай бірін тысқа қойды қамап,  
Көзінен жетімдердің қан сорғалап...  
Әлі түр аңы дауыс құлағымда,  
Сорлының жылағаны «Тай ағалап».

Жас дауыс жылағанмен қарлыға ма,  
Ой жібер міне осындай зарлыға да.  
Осымен бұл сөзіміз тұра тұрсын,  
Келелік Балқыбек пен Барлыға да.

Байқошқар Балқыбекке кеше барған,  
Барлыны жіберуге дайындаған.  
Дарақы, тантық өскен Ханым қатын  
«Оны алсан, мен кетем» деп азап салған.

Жиылып ақсақалдар маңайдағы,  
Сөз айтқан келісімді қай-қайдағы.  
Дегеннен жесір кетті өлген артық,  
Келгенмен бір қызметкер малай-дағы.

«Ей, Ханым! Сен тұрасың үлкен үйде,  
Бір күннің келгеніне жанып-күйме.  
Болғанда көсеу ұзын қол күймейді,  
Керек қой бір қызметкер мұндай үйге.

Сол күні Барлы күйеу келіп жеткен,  
Барғана тоқты сойып ырым еткен.  
«Тойындей жетім қыздың» деген бар ғой,  
Зарлатып ертеңіне алып кеткен.

Айсұлу кете барған көзі жайнап,  
Осы ғой берді деген қолын байлап.  
Тілеген жылап тілек Барғанадан:  
«Былқылдақ апарсын, – деп агатайлап, –

Женгемнің, қандай болам, көзі көрсін,  
Жай-жапсар, көргенімді айтып берсін.  
Мен кештім, тәнірі кешсе, қылығынды,  
Ол байғұс аздан соң-ақ өлді дерсің».

Қасына Былқылдақты қосып берді,  
Сол күні-ақ Балқыбекке жетіп келді.  
Отауын оқшау тігіп бөлек қойды,  
Той қылып бір күң үшін жисын ба елді!

Былқылдақ қызды қимай, екі ай өтті,  
Көп жатты, қайтатұғын мезгіл жетті.  
Отауға сонан бері бір жатпаған  
Барлыға: «Бір сөзім бар, тында», – депті.

«Айтатын тілегім бар, күйеу, саған,  
Осы тұн отауға жат, берсөң маған.  
Барған соң қарындасты не болды деп,  
Сұрайтын онда бар ғой бір қайнаган.

Сұраса, отауына жатты дейін,  
Екеуі махаббатты татты дейін.  
Күйеуің, қарындасың, құдаларың  
Разы боп бәрі саған айтты дейін».

Барлы айтты қыбыжықтап басын қасып:  
«Өзім де Айсұлуға едім асық.  
Ұрсады мұнда жатсам Ханым маған,  
Отырмын сонан қорқып қатты сасып».

Былқылдақ ол күйеудің сырын білді,  
Білдірмей езу тартып іштеп күлді.  
«Ханымға айтатұғын арызым бар», –  
Деді де жолдасынан хабар қылды.

«Ей, Ханым, тоты құстай біткен денен,  
Бір тілек қабыл алши, қалқам, менен.  
Отауға бүгін кешке жат деп едім,  
Именіп мына Барлы отыр сенен.

Орында, рұқсат бер де, тілегімді,  
Ашылтып нұр құйғандай жүрегімді.  
Осында жалғыз түні жатсын күйеу,  
Білерсің кейін өзің күндегінді».

Ол айтты: «Көп оттамай кет үйіне,  
Тек берген теңдік бар ма жетіміне?  
Көзіне көк шыбынды үймелетіп,  
Мұны күң, қолынды әпкел, етуіме! »

Ай-үйге қарамай-ақ ол жүзіқара,  
Барлыны сүйреледі бара сала:  
«Ұмыттың ба, ақсақалдар не деп еді,  
Бұл үйде отырмысың күнге бола! » –

Деді де жетіп барды Айсұлуға:  
«Бай керек пе салдақы сендей қуға! »  
Жұлқылап бүркеншігін, ішке тепті,  
Ойнастан дайынсың деп ұл табуға.

Былқылдақ барып еді арашалап,  
Қоймады Айсұлуды иттей талап.  
Енесі, ауылдасы бәрі келіп,  
Шығарды өзер үйден көптеп қамап.

Былқылдақ қайтпақ болды атын ерлеп,  
Боқтап жүр Ханым қатын бәрін жерлеп.  
Айсұлу Былқылдақты шығарып сап,  
Қошасты құшақтасып бері кел деп.

«Женеше-ау, айтпап па едім бұрын саған,  
Барлының түк керегі жоқ деп маган.  
Мейірімсіз өгей ағам ұстап берді,  
Ол түгіл құдай мені аямаған.

Тайды алды жан жақыным, жалғыз көзім,  
Сол Тайдан жесір болып қалдың өзін.  
Ұмытпасаң, ағам қонған тұғыры едін,  
Аманат тапсыратын бар бір сөзім.

Тез тапсыр жүзігімді Күнсұлуға,  
Ұялман енді саған сыр ашуға.  
Жүзікті Нартайлаққа жылдам берсін,  
Сол келсін меніменен қоштасуға.

Женеше-ау, жасырайын сенен несін,  
Сәлем де Нартайлаққа, жылдам келсін.  
Беретін бар бір асыл аманатым,  
Үш күннен қалса мені өлді десін.

Сәлем де үш қайтара Барғанаға,  
Тапсырдым аруақ пен аллаға да.  
Әжемнен тумаса да әкем бірге,  
Бармайды аузым оны қарғауға да...

Айта бар барсаң сәлем Самсыға да,  
Самсыға сүймеген қыз жар шыға ма?  
Шөгеріп шөкпес нарды мінемін деп,  
Тастады-ау талай бүлік артына да.

Сәлем айт жалғыз бауырым Күнсұлуға,  
Қор болып жетім қалған сүм сұлуға.  
Құшактап үш қайтара сүйер едім,  
Еркім жоқ көремін деп үмтүлуга.

Барғана екеуінен бір тілегім –  
Кетпесін ақыретте сізде кегім.  
Беріндер Күнсұлуды сүйгеніне,  
Самсыға қор болмасын жеткіншегім! »

Соны айтып талып кетіп бөгеледі,  
Былқылдақ жылап елге жөнеледі.  
Қыламыз енді әңгіме Нартайлақты,  
Ол байғұс не қылады, не көреді.

Әрине, осы сөзден екі ай бұрын,  
Ұқтыңыз Нартайлақтың кеткен түрін.  
Самсы мен Барғанага қор қылам деп,  
Әкетпек балдызы мен асық нұрын.

Ол қайтып өз үйіне барып еді,  
Қыз үшін екі ат ерттеп алышп еді.  
Құрдасын Бөбек деген қасына ертіп,  
Күн бата Ақтасқа кеп қалышп еді.

Сол тұні отыр еді қызды тосып,  
Артынан дыбыс естіп қалды шошып.  
Екі атты қараңғыда келе жатыр,  
Отырды жылқышы ма, жау ма десіп.

Жүгірді екеуі аттан түсе сала,  
Ұстасты біреуімен Бөбек бала.  
Қолында біреуінің қылышы бар,  
Ұмтылды Нартайлаққа тұра ғана.

Нартайлақ құр қолымен қылыш қақты,  
Қызыл қан оң қолынан судай ақты.  
Ұстапай шыр айнала қашып жүріп,  
Қылышпен тұла бойын шабактапты.

Жүзі өткір қылышының, ұшы қайқы,  
Әр жерін жараптты үйқыш-айқыш.  
Қайран ер белдесе алмай қанға батты,  
Қарусыз қапияда келген байғұс.

Бірталай арпалысты соныменен,  
Басынан қан сорғалап жоныменен.  
Ұстаяға оң қолымен келмеген соң,  
Солақай таспен атты қолыменен.

Қолына тигеннен соң тас қапыда,  
Деді де, «ойбай, ұрды», мінді атына.  
Бөбектей жолдасы да босаныш ап,  
Қарамай қашты екеуі алды-артына.

Нартайлақ атқа мінді қумақ болып,  
Бөбек тұр қаласың деп қапыда өліп.  
Есіл ер есі кетіп аттан түсті,  
Жені де, қойны-қоншы қанға толып.

Батырды ыза қысты қапы қалып,  
Кейіді келмедім деп қару алып.  
Жарасын көйлек жыртып байласа да,  
Қансырап таңға жақын қалды талып.

.....  
Мінгесіп аш белінен ұстап алды.  
Қолында үш жетегі, алдында ол,  
Күн шыға азар жүріп үйге барды.

Келген соң Тайлақ батып қызыл қанға,  
Ауылдың адамдары қалды таңға.  
Қызды айтпай «жылқыға жау тиді» дейді,  
Бөбектен не болды деп сұрағанда.

Нартайлақ сол жарадан екі ай жатты,  
Батырға екі қайғы бірдей батты.  
Білмейді дүшпанының кім екенін,  
Қайғысы Айсұлудың одан қатты.

Ойға алып жазылған соң асық нұрды,  
Сандалып Ақтасына қарай жүрді.  
Алдынан бір ауылдың өтіп еді,  
Токта деп бір бүркенген қыз жүгірді.

Батырдан қыз қарайды алмай көзін,  
Нартайлақ шырамытты қыздың өзін.  
Әперіп алтын жүзік қалтасынан,  
Айтыпты Айсұлудың сәлем сөзін.

Таныды Күнсұлуды келбетінен,  
Бір сүйді аттан түсіп оң бетінен.  
Не қылсам Айсұлуға жолығам деп,  
Жөнелді Балқыбекке сол бетімен.

Барғана қалмаушы еді күндіз малдан,  
Сол күні сол ауылға Самсы барған.  
Үйіне соны көріп қайтарында,  
Тайлақ пен Күнсұлуды көзі шалған.

Алыстан Нартайлақты танымаган,  
Тұскенін, еңкейгенін байыптаған.  
Ауылға келе сала Күнсұлудан  
«Жолыққан жолаушың кім? » – деп сұраган.

Ол айтқан: «Мен ешкімді көргенім жоқ,  
Жолығып жолаушыға келгенім жоқ.  
Жазықсыз жала жауып неге ақырдың,  
Ешкімге ештеңемді бергенім жоқ».

«Сен бердің сол аттыға бірдемені,  
Бауырына аттан түсіп басты сені.  
Көргенді көзімменен танып тұрсың,  
Шынынды айт шатпақтамай әлденені! »

Кыз айтты: «Айтарым жоқ өлтірсөн де,  
Аузымнан қара қаным келтірсөн де.  
Көрдім деп көрмегенді айта алмаймын,  
Аптығып ашуланып желпінсөн де».

Ақырып Күнсұлуды ұстай алды,  
«Айт-айт» деп өрі-бері азап салды.  
«Көзінді шын айтпасаң шығарам», – деп,  
Пышағын он көзіне тұра оқталды.

Кой-қойлап Самсы келді арашалап,  
Жақындалап Күнсұлуға жанасалап.  
«Ағаңың көрген ісін танба, қалқам,  
Айта ғой, қарашығым» деп майдалап.

Барғана айтпадың деп тағы да ұрды,  
Ұрғанға болмаған соң буындырды.  
Бұлығып дем ала алмай өліп жатып,  
Бірталай уақыттан соң жаны кірді.

Арсызға Барғанадай малы тәтті,  
Жетімге Күнсұлудай жаны тәтті.  
Амалсыз жылап тұрып сырын айтты,  
Қайтсін-ай, қатты қинау жанға батты.

Тайлақты жасырмады көргендігін,  
Жүзігін Айсұлудың бергендігін.  
Үш күннен қалмай жетсін Нартайлақ деп,  
Тағы айтты сөлемінің келгендігін.

Сөлемді есіткенде күйгендігін,  
Бетінен балдызым деп сүйгендігін.  
Не қылсам Айсұлуды аламын деп,  
Сол жерден Балқыбекке жүргендігін.

Күнсұлу мұны айтқанда жылап тұрды,  
Барғана жылама деп тағы да үрды.  
Бұл сұлу Самсыға айтты апасынан,  
Осымен ойнап-күл деп тілек қылды.

Самсы айтты: «Тым жас қой бұл өзір маған,  
Айтайын бір сырымды, достым, саған.  
Кез келіп Айсұлудың Ақтасында  
Мен едім Нартайлақты қылыштаған.

Үш күн деп маған уағда қылып едін,  
Шыдамай ертеңінде-ақ жүріп едім.  
Ойнасы Айсұлудың осы ғой деп,  
Қылышпен тұла бойын тіліп едім.

Не қылсам өлтіруге асық едім,  
Қылышты аямай-ақ басып едім.  
Болған соң қаруы жоқ таспен ұрып,  
Қалған соң қолым сынып қашып едім.

Тоғысай құлым едім қасымдағы,  
Бұл сырдың маған сор ғой ашылмағы.  
Білсе кек алмайды деп ойламаймын,  
Корқыныш, қатерім сол басымдағы.

«Ол енді, — Барғана айтты, — маған да жау,  
Ойнас боп Айсұлуды бұзғаны анау.  
Матайдан тағы барып алып кетпек,  
Аулақта, өттең дүние, жолықпайды-ау! »

Самсы айтты: «Ескерелік жолын тосып,  
Отырмын әрі ыза боп, әрі шошып.  
Сездірмей еш адамға өлтірелік,  
Жолықса онашада құдай қосып».

Екеуі Балқыбекке қадам басты,  
Не қылса өлтірмек боп Тайлак жасты.  
Егерде ойлағаны бола қалса,  
Айтпасқа ант етіспіп уағдаласты.

Адамзат өрбір іске кез болады,  
Біреуге жай, біреуге тез болады.  
Бұлар да, Нартайлақ та бара тұрсын,  
Айсұлу енді азырақ сөз болады.

Бір күн бар Балқыбекте Томан деген,  
Күн сайын сөгіс естіп, таяқ жеген.  
Отауда жалғыз жатқан Айсұлуды  
Еш адам онан басқа елемеген.

Күзетші карашада өлгі Томан,  
Біржола қой күзетпек міндеп оған.  
Отаудан жас баланың үні шығып,  
Жүгіріп Томан кемпір келді соған.

От жағып үйді жарық еткен кемпір,  
Бұл не деп Айсұлуға жеткен кемпір.  
Қараса бір ұл тауып талып жатыр,  
Кіндігін баланы орап кескен кемпір.

Жүгірсе сүйінші деп таяқ жейді,  
Ол кемпір соны біліп үндемейді.  
Баланы әбден жайғап болғаннан соң,  
«Қалайсын, Айсұлужан, қалқам», – дейді.

Аздан соң есін жиды сорлы келін,  
Байлады құлдірамен кемпір белін.  
Бір қарап баласына, кемпірге бір,  
Көзінің айтып болмас аққан селін.

Қандарын, жолдас, шелін тазалапты,  
Көрпеге киізбенен орап сапты.  
Көне ғой күң де болса көпті көрген,  
Бәрін де өр нәрсенің сол жайғапты.

Күн шықты, сөске болды, ел де тұрды,  
Жоқ еді ешкім білген мына сырды.  
Баланың шырылдаған даусын естіп,  
Отауға Ханым қатын келіп кірді.

Ұмтылды жас баланы көре сала,  
«Өлтірем, ойнастан, – деп, – туған бала».  
Қусырып Томан қолын арыз айтты,  
Алдына көлденендең тура қала:

«Өлтірме бұл баланы тектен-текке,  
Мұныңыз қисынбайды ашу-kekke.  
Басшымыз сол кісі ғой, не дер екен,  
Туғанын білдірейік Балқыбекке».

Томан мен Ханым қатын сонда барды,  
Балқыбек мұны есітіп ойға қалды.  
«Бетіме дұспандарым күнде басар,  
Құрғырдың көзін жоғалт», – деп-ақ салды.

«Бай, сізге, – Томан айтты, – арызым бар:  
Бұл бала тағдыр айдап туған шығар.  
Нәресте жас баланың жазығы не,  
Боласың қан жүктеуге неге құмар?

Елу жыл күн қылғаның саған дайын,  
Құлдық қып бәрін ұмытып бас ұрайын.  
Бала құл, мен күн болсам – екеуміз сай,  
Маған бер бұл баланы, асырайын».

«Алсан ал» дегенді есітіп Ханым тұрып,  
Деді: «Сен асырамайсың мұнда жүріп.  
Бұл үйде, баланы алсан, тұрғызбаймын,  
Ауылдан көз көрмеске кет қаңғырып! »

«Шының ба, – деді Томан, – ойының ба,  
Болады бала қалса қойынымда.  
Балқыбек, енді маған бостандық бер,  
Қалмасын менің хақым мойыныңда».

Балқыбек азат қылып бата берді,  
Отауға Томан кемпір қайта жүрді.  
Кетпегін баланы алып айтып еді,  
Айсұлу мынаны айтып, мақұл көрді:

«Ей, шеше, сені құдай жарылғасын,  
Мен енді ақыреттік қарындастың.  
Қалған соң балам тірі арманым жок,  
Не болса бола берсін менің басым.

Бұл бала – Нартайлақтың аманаты,  
Атақты Бозша байдың жұрагаты.  
Шешеке, сенен қатты тілегім сол,  
Баланы соған тапсыр, келсе сәті».

Ол Томан сол ауылдан азық алды,  
Емізік, бір сауыт сүт тағы да алды.  
«Тапсырам, құдай қосса, Тайлаққа», – деп,  
Қоштасып баланы алып кетіп қалды.

Аяндап Қандығатай байға келді,  
Білетін бұрын өзін жайға келді.  
Қантекең қойын өзі бағушы еді,  
Қоралап кешкі малын жайлап еді.

Жолшыбай дірдек қағып тонды кемпір,  
Кешке кеп сол ауылға қонды кемпір.  
Өз жайын, бала жайын байға сөйлеп,  
Үш күндей сол ауылда болды кемпір.

Болса да екі ағамның бірі жетім,  
Бұл бала өзгелерден ірі жетім.  
Тірідей ата-анадан айрылған соң,  
Баланың аты болды Тіріжетім.

Сапанай – Қантекеңнің үлкен ұлы,  
Үш қызыл тұмсығына қонған жылы,  
Қатыны жесір қалған бір қыз тауып,  
Қыз өлген Томан сонда келген күні.

Баланы сол емізген үш күн ұдай,  
Кез қылған өлмесін деп оны құдай.  
Сөйлелік, бұл тоқтасын, Айсұлуды,  
Көрді ме тағы қорлық бұрынғыдай.

Тағы үрған Ханым оны «жыладын, – деп, –  
Ойлама енді мұнда тұрармын деп,  
Боласың, Томан кетті, сен күзетші,  
Қонақ үй бұл отауды қыламын», – деп.

Тепкілеп үйден шық деп шаштан алған,  
Көсеумен шыдай алмай о да салған.  
Ханымның үрған көсеу басын жарып,  
Жығылып сол соққыдан талып қалған.

Айсұлу енді ойлаған: «Тірі қоймас,  
Кор қылар, не өлтірер – бәрі бір бәс.  
Онан да өзімді-өзім өлтірейін,  
Бұл өмір болмайды, – деп, – маған жолдас».

Желбауды бұғалықтап қойды жайлап,  
«Нартайлақ, аман бол» деп үш айғайлап.  
Бақанды өрлең шыққан алып тастап,  
Мойнына бұғалықты салды байлап.

Есітіп айғайлаған сол дыбысты,  
Жүргендер алыстағы жүгірісті.  
Буынып өлген қатын, талған қатын,  
Үстінен екеуінің келіп тұсті.

Аздан соң Ханым есін жиып алды,  
Балқыбек ақыл таптай көп сандалды.  
Ел білсе, қашып кетті демек болып,  
Қорымға жаназасыз көме салды.

Айсұлу бұл жалғаннан сөйтіп өткен,  
Өгейлік, күндестікпен түпке жеткен.  
Әйелдер ол кездегі мал есепті,  
Кім сатса, қайда айдаса сонда кеткен.

Ол өлген бір көре алмай сүйген жарын,  
Ішінен тарқата алмай мұң мен зарын.  
«Елу, – деп, – ел құлағы» мақал бар ғой,  
Естіген Қандығатай мұның бәрін.

Біз тағы сөз басталық Нартайлактан,  
Жолығар қайсысына сор мен бақтан.  
Не қылсам Айсұлуға жолығам деп,  
Бағана кетіп еді-ау Ақтас жақтан.

Жолшыбай бір қойшыдан жөн сұрасқан,  
Қойши айтқан: «өз жайынды айт өуел бастан».  
Нартайлак аты-жөнін түгел айтқан,  
Бармағын Балқыбекке жасырмaston.

Қойши айтқан: «бағың да бар, сорың да бар,  
Кез болған керегіңе жоғың да бар.  
Айсұлу дүниеден өтті, балам,  
Бір ұлың сонан қалған қолымда бар».

Нартайлак айтты: «сөзге көнілім сенді,  
Аманат тұра тұрсын балам енді.  
Оны да білесіз ғой, мұны білдін,  
Сүйегін Айсұлудың қайда көмді?»

«Айтайын мен бір ақыл сен балаға,  
Қанғырма сүйек үшін құр далаға.  
Үйтастың маңайында бір қорым бар,  
Көміпті жаназасыз сол араға».

«Ата-ай! Сол молага барам-дагы,  
Бір көріп бетін ашып қалам-дагы.  
Сізбенен қайта келіп ақылдастып,  
Баламды Томанменен алам-дағы».

Соны айтып қамшы басып жүріп кетті,  
Тапты да Айсұлуды, ашты бетті.  
Бір сүйіп суық беттен қайта жауып,  
Аулына Қандыгатай түнде жетті.

Қойшыға бұл кеткен соң екеу кепті,  
«Ауылы Балқыбектің қайда?» – депті.  
Әлгі шал ауыл жөнін айтып беріп,  
Қайтам деп амандастып сонда кетті.

Ол екеуі Барғана мен Самсы болар,  
Тайлақтың жолын тосып жүрген болар.  
Айсұлу қашып кетті дегенді естіп,  
Нартайлақ әкетті-ау деп қайтқан олар.

Қантекен айтқаннан соң түсін, өнін,  
Барам деп Балқыбекке кеткен жөнін.  
Нартайлақ терең ойға түсіп кетті,  
Білген соң Барғана мен Самсы екенін.

Япырау, неге келді олар мұнда?  
Бермек пе Айсұлуды Самсы сүмға.  
Күнсұлу айтып қойып кеткенімді,  
Тықпақ па өлде өлтіріп мені құмға?

Нартайлақ бұл туралы көп ойлады,  
Кейде ашу, кейде айламен еп ойлады.  
Айсұлу өлді олардың салдарынан,  
Кек алам, құдай қосса, деп ойлады.

Ол сүйтіп отырғанда ойға кетіп,  
Кемпір де баланы алып келді жетіп.  
«Мынау, – деп, – Айсұлудың аманаты»,  
Сүйгізді бетін ашып иіскетіп.

Ол күні тыным алып сонда жатты,  
Ел тұрып, ертеңіне таң тағы атты.  
Жайланаңып тамақтанып болғаннан соң,  
Нартайлақ Қантекене жауап қатты:

«Көлік пен кісі өкелем үйден барып,  
Қайтамын Томан менен баламды алып.  
Сүйегін Айсұлудың тастамаймын,  
Қоямын жаназалап елге апарып».

Қантекен аз ойланып бас көтерді,  
Бір дара ат, бір жолдас пен атан берді.  
Дара атқа Томан мініп баланы алып,  
Айсұлу моласына бері келді.

Атанға Айсұлуды артып алып,  
Еліне жиылсын деп хабар салып,  
Арулап, жаназалап болғаннан сон,  
Басына Тазқызылдың қойды апарып.

Нартайлак сол арада айтты көпке:  
«Ей, халқым, сөйледі деп мені сөкпе!  
Самсы ма, мұны өлтірген Барғана ма?  
Матай ма, не болмаса мен тентек пе?

Рас, Балға Балқыбекпен баталасқан,  
Деген соң баласы ынжық қайта басқан.  
Самсыға сатқаныма көнбедің деп,  
Барғана берді обалға қарамастан.

Мен едім Айсұлудың сүйген жары,  
Арманда кетті ішінде қайғы-зары.  
Өлтірді Ханым қатын тепкісінде,  
Самсы мен Барғананың қылғандары».

Үйлықты қауым бұған жауап таппай,  
Кеңесті аксақалдар сөзді саптай.  
Самсы мен Барғанага хабар салды,  
Берсін деп көпке жауап үйде жатпай.

Олар да келіп айтты білген дауын,  
Тайлактың бозбастық қып ойнактауын.  
Әр түрлі өркайсысы жауап айтып,  
Бұл сөзге как жарылды қара қауым.

«Жазалы Барғана гой Самсыменен,  
Қыстаган ойнас қыл деп қызды неген.  
Косылған өзі сүйіп Нартайлакты,  
Демекті жазаласын жөн көрмеген.

Рас, қазақ қыз алмайды жеті атадан,  
Мұны айтқан дінсіз кезде өткен адам.  
Қосады немерені шаригатта  
Ақтығы Нартайлақтың осы арадан.

Айсұлу күйеуіне көнбей кеткен,  
Басы бос қыз есепті сол себептен.  
Еркімен ер жеткен қыз байға тиер,  
Ондайға жарамайды зорлық еткен.

Беріндер Күнсұлуды Нартайлаққа,  
Разылығын керек бірақ сұрамакқа.  
Самсы мен Барғана көп айып тартсын,  
Барайық құнын сұрай Матай жаққа.

Біз оған күң қылсын деп бергеміз жок,  
Не қылдың, не қойдың деп тергеміз жок.  
Барлы мен, мұны өлтірген, Ханым қатын,  
Қанды қол онан өзге көргеміз жоқ».

Барғана: «Разымын», – деп құлдық етті,  
Самсы: «Мен көне алмаймын бұған, – депті, –  
Нағашым қазақ жолын қайта бұзды,  
Бұл елде тұрмаймын», – деп қашып кетті.

Барғана тоғыз-тоғыз айып берді,  
Жасаулап Күнсұлуды алып келді.  
Басқаға бір Самсыдан хабар айтып,  
Той қылып тойғызыпты Тайлақ елді.

Қырық құрдас Самсы қашты жып алып,  
Жер ізден жасырынар орын шалып.  
Тазқызыл, Балғашоқы арасында,  
Аласа Қызылжалға жатты барып.

Елеусіз елсіз су деп соған барған,  
Күн көріп, үрлік қылышп жатып алған.  
Бөтен жау жататұғын орын емес,  
«Қызыл, – деп, – қырық қарақшы» сонан қалған.

Ел қонса Көксенгір мен Шакпаққа кеп,  
Самсы елді шыдатпаған мал үрлап жеп.  
Қаранай сағасында Қараша адыр  
Атанған сол себепті «Тектүрмас» деп.

Матайдан ел жиылып құн сұраған,  
Жасау мен қыздан қалған пұл сұраған.  
«Қалыңмал, ілу, жыртыс алғамыз жок», –  
Деп даулап, соның бөрін шын сұраған.

Жүгінген Қантекең мен Досқанаға,  
Сұраған адам құнын бос қала ма?  
Басы атан, ең аяғы сүт тайлақ деп,  
Бұл құнды олар кескен жүз қараға.

Мал тандап аламыз деп ел өштескен,  
Сондықтан әлгі екі би қайта кескен.  
Жартысы мал, жартысы жер болсын деп,  
Байқошқар Балқыбектен Матай көшкен.

Бұл бітті, тағы келдік Самсы жаққа,  
Ол кеткен айып бермей жамағатқа.  
Тындаушы керек қылар соның жайын,  
Үрды-ау деп не бітімге, неше таққа.

Нартайлақ оны іздеген астыртындал,  
Әркімнің Самсы жүрген малын ұрлап.  
Елеусіз кісі тонап, ен малды алып,  
Шыдатпай «Тектүрмастан» қарауылдап.

Бір күні жатқан жерін білген Тайлақ,  
Қарумен дайындалған жолдас сайлад.  
Соқтығып түн ішінде талқан қылышып,  
Самсының қол-аяғын алған байлап.

Тимеген қасындағы жолдасына,  
Не қылсам қыламын деп бір басына.  
Ет кесіп оң бетінен алақандай,  
Сүйретіп алып шыққан қыр басына.

Бетіне көмір жағып күйе сепкен,  
Қара бет қыламын деп үйе сепкен.  
«Ақтаста мені аямай қылыштаған  
Сен бе едін, шынынды айт», – деп басқа тепкен.

Самсы айтқан: «Рақым ет те күнөмді кеш,  
Кешпесен көп қинамай басымды кес.

Жұргенше қара бет болған артық,  
Не өлтір, не кеш-тағы қолымды шеш».

Нартайлак көнілі толқып көп ойлады,  
Кейде аяу, кейде ызамен кек ойлады.  
«Тұрганда әлі жетіп ашу кешпек –  
Адамның ең асылы-ау», – деп ойлады.

Соны ойлап аяды да қолын шешті,  
Шынымен екеуі де кештік десті.  
«Қызғану Айсұлуды айып емес», –  
Десті де дүшпандықты мұлде кесті.

«Бірбет» деп онан кейін атанған ол,  
Сол аттан кейінгіге қалған бір жол.  
Бұл күнде Әбден ауылы қыстап жүрген,  
Самсының «Бірбет» деген мекені сол.

Томанды шеше қылған батыр Тайлақ,  
Бәйек бол қатты күткен әжетайлап.  
Құнға алған Балқыбекте Томан өліп,  
Күмбездеп мола соғып қойған жайлап.

Самсы өлген аз жылдан соң бала қалмай,  
Айтылсын аяқ жағы шала қалмай.  
Барғана – баласыз шал қой тоғытып,  
Сүйегін, суға кетіп, қалды ала алмай.

Қараған ошақ салып, жарда шауып,  
Денесін ала алмаған судан тауып.  
Өткен соң бір талай жыл бір жиені  
Таптым деп мола соққан жала жауып.

Тұқымы Үшбозшаның Нартайлактан,  
Қалған жоқ ерек бала өзге жақтан.  
Құнсұлу Айдаркені тапқан жолы,  
Баладан жазым болып қаза тапқан.

Оны да қойған Тайлақ Тазқызылға:  
«Көремін анда жүріп әрбір жылда».  
Айсұлу, Құнсұлумен елестейді,  
Дегендей ишаратпен біздер мұнда.

Жүргім көрген сайын кетер жанып,  
Білгендей сол екеуін анық танып.  
Қорамнан Шақпақтағы көрініп тұр,  
Екі оба дәл екі емшек сияқтанып.

Ол оба бұрыннан да болған еді,  
Хан Шыңғыс жайлап бұған қонған еді.  
Шыңғыстың өскер басы нояндары  
Жебенің Сүбетей мен қорғаны еді.

Нартайлақ оның жайын білуші еді,  
Болам деп мен де ноян жүруші еді.  
Сол жерге екі жарын қойғандығы  
Батырдың орнын құрмет қылушы еді.

Тұған жан бір өлмекке тағдыр еткен,  
Елуде Нартайлаққа қаза жеткен.  
Құр менен Қаранайдың қүйғанында  
Тайлақтың моласы бар жер боп кеткен.

Шын аты Айдаркенің болған Шақпақ,  
Шақпақтан бұзып айтып деген Шақшақ.  
Басына айдар қойып Айдарке деп,  
Салты бар бір адамға екі ат тақпақ.

Қазақта, ойласаныз, осындай көп,  
Болады жалған аты шын атқа есеп.  
Болған соң шашы сары бұзып айтып,  
Аталған Тіріжетім – Сарыжетім деп.

Бұл жерден, Тайлақ өліп, ел кеткенде,  
Айдарке Тіріжетім ержеткенде,  
Бөлініп орта жүзден сол екеуі  
Кетіпті кіші жүзге сол кеткенде.

Сол елде Шақпақ пenen Сарыжетім бар,  
Айдарке, Шақшақ дейді ондағылар.  
Оларды Тоқал арғын деп атайды,  
Тұқымы Нартайлақтың, міне, осылар.

Оқыған осы өленді жана талап,  
Мін тағар төрт тарабын бірдей қарап.

Сыртынан сырын үқпай сыр береді-ау,  
Отыр деп өтірікті жұндай сабап.

Шынды айттым, не өтірік қисындырып,  
Өнеге, тәлім ал деп исіндіріп.  
Сөккенмен олген шалды түк өнбейді,  
Айтқанмен сыбыр, өсек сырттап жүріп!

## ЛӘЙЛІ – МӘЖНУН

Біле ме сіздің қазақ ғашық жайын,  
Ұқсаныз, білгенімше сипаттайын.  
Ғашықтық – махаббаттың ең күштісі,  
Жүрекке қатты орнығар басқан сайын.

Әркімде ондай ғашық жаралмайды,  
Шын асыл көп халыққа таралмайды.  
Мәжнүннің Ләйліменен сыры қын,  
Еш адам байыбына бара алмайды.

Талай жан оның жайын ұға алмаған,  
Ойсыздың жүргегіне жұға алмаған.  
Тез онар, өсірекзызыл болмаған сон,  
Әр елге өлең болып шыға алмаған.

Бұрынғы бәйітшіні білемісін?  
Мен айтсам, оның кім деп күлемісін.  
Сабыrbай, Жанак, Шөже, Кеншімбай деп,  
Түк білмей онан өзге жүремісін.

Науаи, Сағди, Шәмси, Фзули бар,  
Сайқали, Қожа Хафіз, Фердаусилар...  
Бәйітші, елден асқан шешен болып,  
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.

Мәжнүннің Ләйліменен аз жұмысы,  
Әне сол шын ғашықтың қылған ісі.  
Бұлардың әпсөнәсін жазған адам –  
Фзули Бағдади деген кісі.

Ондай гып еш бәйітші жаза алмаған,  
Нақысын шын келтіріп қаза алмаған.  
Кітабын Фзулидің ізден тауып,  
Кез болды былтырғы жыл азар маган.

Мен оның келтіре алман мындан бірін,  
Айтуға тіл жетпейді тәтті жырын.  
Мәжнүннің атын білер, жайын білмес,  
Қазақта үктырайын біраз сырын.

\* \* \*

Ғарапта бір бай болды дәулеті асқан,  
Саудасы әр патсамен араласкан,  
Құдайдан бір мираскор бала сұрап,  
Малының садакаға көбін шашқан.

Бай еді қайыры мол, бек қабағат,  
Тіледі бала бер деп көп жамағат.  
«Көп тілегі – көл» деген макалдайын,  
Болыпты бәйбішесі екіқабат.

Босанып есен-аман, бір ұл тапты,  
Жан-жакқа сүйіншіге кісі шапты.  
Жақсының тойға келген бәріне де,  
Сый қылып ат мінгізіп, шапан жапты.

Қайыс деп ол баланың атын қойды,  
Қуанып неше түрлі қылды тойды.  
Қырық күндей кедейлерге тамақ беріп,  
Мекеде талай түье – құрбан сойды.

Келбеті бұл баланың өзгеден жат,  
Бір көрсөн, көргің келер неше қабат.  
Бетінде бек сүйікті бір нұры бар,  
Қыласың ықтиярсыз шын маҳабbat.

Балқытар жылы жүзі сүйегінді,  
Бергендей аса мұқтаж тілегінді.  
Неге жақсы көргенің мағұлым емес,  
Арбап түр нұрлы жүзі жүрегінді.

Баланың қырқы толып өтіп еді,  
Тойдың да тарқар кезі жетіп еді.  
Шырқырап бала жылап қоя берді,  
Қатындар тойға келген кетіп еді.

Көтерді уата алмай қолына алып,  
Ойласты қалды ма деп науқас щалып.



Бар екен әлем асқан бір дәрігері,  
Әкелді соны біреу жылдам барып.

«Баланың, – деді дәрігер, – дені таза,  
Науқасын білмей қалсам, менде жаза.  
Бір түрлі жүрегінде қайғысы бар,  
Білмеймін не себептен болды наза.

Көтерсін бұл баланы даяшы қыз,  
Сыртынан байқап отыр өздеріңіз.  
Көшеде балалармен алдандырысын,  
Болмаса біле алмадық мәнісін біз».

Баланы даяшы қыз алып жүрді,  
Артынан ата-анасы қарап тұрды.  
Көтерген бір баланы даяшыға  
Құдайым өлгі қызды жолықтырды.

Көрген соң бірін-бірі жақындасты,  
Баланы уатқан ақылдасты.  
Қолында екеуінің екі бала,  
Біріне-бірі қарсы бетін ашты.

Баласы оның-дағы жылайды екен,  
Көтеріп уатқаны ұнайды екен.  
Балалар жылағанын қоя қойды,  
Себебі әр нәрсенің құдайда екен.

Үйіне даяшы қыз қайтып келді,  
Қалайша уатқанын айтып келді.  
Тағы да ертең түстеген жылаған соң,  
Қайысты қыз қолына қайтып берді.

Базарға даяшы қыз тағы барды,  
Біреуді бала уатқан тауып алды.  
Баланың бетін ашып көрсетсе де,  
Шырқырап онан жаман ойбай салды.

Сол кезде кешегі қыз келді тағы,  
Баласы зар қағып жүр қолындағы.  
Қайыска бетін ашып көрсетеді,  
Жылауын қоя ма екен деді-дағы.

Жүрген соң бірін-бірі жақындастып,  
Уанды екі бала мауқын басып.  
Күн сайын сол арада жолықпаққа,  
Екі қыз уағда қылды сөз байласып.

«Ата мен жөн сұрастық анамыздан,  
Көтерген таныс болдық баламыздан.  
Бала кім қолындағы?» – деп сұрады,  
Қайысты көтерген қыз ана қыздан.

«Бұл бала бір төренің жалғызы еді,  
Демесен айыбы әйел хан қызы еді.  
Өзіммен осы бала туған бөле,  
Төренің менің шешем балдызы еді.

Қырық күнге туғанына жаңа толды,  
Шешесі сіздің тойда үш күн қонды.  
Жылаған емес еді одан бұрын,  
Келген соң тойдан қайтып былай болды.

Бұл қыздың сұрасаныз аты Ләйлі,  
Біз таптық жылағанға мұндай айла.  
Далада күнде бүйтіп отырмалық,  
Бір үйден күндіз кірер пәтер сайла».

Бір кемпір есітіп тұрды сөздің бәрін,  
Шақырды «мұнда кел, – деп, – балаларым,  
Балам жоқ, байым өлген, үйім иесіз,  
Отырсан қалай кіріп, ықтиярың.

Үйімде алағызып тұра алмаймын,  
Мен байғұс үй қыдырып жүре алмаймын.  
Күн сайын жас баланы бір иіскет,  
Сендерден одан басқа түк алмаймын».

Қайысты кемпір алып сүйіп еді,  
Тал бойы жас балаға иіп еді.  
Жіберді сүт сорғалап емшегінен,  
Баланың қолы барып тиіп еді.

Іс болды таңғаларлық мұның өзі,  
Мінеки сондағы айтқан кемпір сөзі:

«Жан берген қара тасқа, құдайым-ай!  
Жетеді құдіретіңе кімнің көзі!

Елуге кемпір едім жасым жеткен,  
Сорлы едім бала көрмей зарлап өткен.  
Тандыры құрып қалған тас желіннен  
Сүт ақса мұнан бұрын қайда кеткен?

Сәлем айт бұл баланың анасына,  
Болайын мен күтуші баласына.  
Емшектен босағанша маған берсін,  
Тапсырып бір алланың панасына.

Таптым ғой таппасам да Қайысты мен,  
Қоймай ма мұны көрсө өзі де ден.  
Көзімнен осы бала таса болса,  
Маған жоқ бұл тіршілік, сөзіме сен.

Қайысты маған берсін, асырайын,  
Жалынып аяғына бас үрайын.  
Пұшпағым қанамаған бір сорлы едім,  
Сырымды енді қайтіп жасырайын.

Сөзімді ұмытпай айт бара сала,  
Көрсетті құдіретін қақ тағала.  
Көзіме жас, кеудеме сүт толтырып,  
Жібіткен тас емшегім осы бала.

Баладан мені айырып зарлатпасын,  
Көзімнен қанды жасты парлатпасын.  
Тағдырдың жазуына қарсы келіп,  
Біреудің қанын жүктеп қарғатпасын.

Ләйліні көтерген қызың қайран қалып,  
Құлағын осы сөзге тұрды салып.  
«Мұны да бір емізіп беріңіз» деп,  
Кемпірге жақын келді баланы алып.

Ләйліні кемпір қолға алған шакта,  
Көнілі тағы емізіп байқамакта.  
Емшектің сүті түгіл өзі құрып,  
Қайтадан бұрынғыдай болды тақта.

Қайыска және емізсе, сүті дайын,  
Кетеді бұлақ болып сорған сайын.  
Дегенде қыз емейін, дөнеме жок,  
Қайран боп біле алмады мұның жайын.

Бұл кемпір ұрғашыдан туган зерек,  
Кісі еken оқымысты жөні бөлек.  
Екеуін бір емшектен емізбеске  
Алланың бір хикметі болса керек.

Ойлады осылай деп кемпір ғаріп,  
Тағдырды шеше алады кім басқарып.  
Екі қыз көргенінің бәрін айтты,  
Баланы үйді-үйіне алып барып.

Мұны есітіп ата-анасы ақылдасты,  
Кемпірге бермек болды Қайыс жасты.  
Кешегі біз сықылды бейшара еken,  
Зарлатып қойғанымыз жарамас-ты.

Қайысты ата-анасы қасына алды,  
Кемпірдің қақпасына қарай салды.  
Зарлының зарлы жайын біледі еken,  
Құдайға тапсырдым деп алып барды.

Қолынан әкеп берді өз баласын,  
Бұлардың ақылына таңғаласың:  
«Мал аяр деп ойлама, тартынбай айт,  
Бәйбіше, сүт хақына қанша аласың? »

— Емеспін бас болмаса, дүниеге зар,  
Бес жұз қой, осы күнде жұз түйем бар.  
Қайыска менің сүтім қарыз емес,  
Сол малды қайта сіздер алыңыздар.

Жоқ еді бұрын менің мирасқорым,  
Басымнан Қайысты алып кетті сорым.  
Оллаңи, маған малдың керегі жоқ,  
Ол малға ие болмақ сіздерге орын.

Сөзіме күә болсын қауымым да,  
Білемін бұл сіздерге ауырын да.  
Малменен енді менің жұмысым жоқ,  
Болады Қайыс болса бауырымда.

Десе де мал алмаймыз, болмайды бір,  
Қазыға есептетіп жазғызып жүр.  
Қойыпты тамам малын Қайысқа арнап,  
Ал енді Ләйлі жайын тыңда да отыр.

Жылады Ләйлі тағы ертең түсте,  
Жолыққан ол бала да мұндей іске.  
Кемпірге даяшы қыз алып келіп,  
Уатты сол арада азар күшке.

Қайыстан бір тынбайды кетсе жылап,  
Байқады анасы да өбден сынап.  
Оны да сол үйге әкеп асыратты,  
Әкесі, шешесімен қабат ұнап.

Ер жетті екі бала сонда тұрып,  
Жасынан тату болды бірге жүріп.  
Балалар тоғыз жасқа келгеннен соң,  
Апарды үйлеріне киіндіріп.

Мектепке оқысын деп берді екеуін,  
Молла да баласындаі көрді екеуін.  
Бірі бай, бірі төре жалғызы деп,  
Қадірлеп ардақтайды ел де екеуін.

Барады екі уақыт сабағына,  
Қайтады мезгілімен тамағына.  
Бұларда махаббаттың нұры бар деп,  
Қарайды жанның бәрі қабағына.

Отырса сабак оқып өңкей бала,  
Қайысқа Ләйлі келер тұра сала.  
«Мына бір сабағынды ұмыттым» деп,  
Өтірік бір оқуға жабар жала.

Сондайды сылтау қылып сөз қатады,  
Іштегі ғашық неге тек жатады.  
Хат жазса, мына жазу дұрыс па деп,  
Біріне-бірі апарып сынатады.

Теріс деп таласқансып шындасады,  
Бірі оқып, кейде бірі тындасады.  
Қапыда балалардың көзін алдап,  
Сөйлесіп қабағымен ымдасады.

Тесіліп оңашада қарасады,  
Есінен, көп қараса, адасады.  
Бір болса іші қандай, тысы да бір,  
Сықылды егіз бала жарасады.

Кітабын ұмытқансып тастап кетіп,  
Келеді іздеген боп қайта жетіп.  
Көріспек, сөйлеспекпен бар ынтығы,  
Нәрсені неше түрлі сылтау етіп.

«Ау», – дейді, «Қайыс», – десе Ләйлі келіп,  
Жауапты Ләйлі үшін Қайыс беріп.  
Жұмысы күні бойы – осындай іс,  
Айтайын қайсы бірін түгел теріп.

Ғашықтық өсе берді барған сайын,  
Бұлардың әркім білді осындайын.  
Ләйліні жібермеді сабағына,  
Шешесі естіген соң қыздың жайын.

«Он үшке жаңа келдің, балам, – деді, –  
Сөзім бар айтатұғын саған, – деді. –  
Біреуге жас басынан болдың ғашық,  
Анықтап айтты біреу маған, – деді. –

Сабакқа жібермеймін енді сені,  
Халқыма қарамастай қылдың мені.  
Сен түгіл үлкендерге лайық емес,  
Шығардың ойымда жоқ неменені?

Түсіп ең әлдекімнің алдауына,  
Сабакқа себеп болды бармауыңа.  
Егерде бұл мінезді тастамасаң,  
Кісендеп, қолынды әкел, байлауыма».

«Әжеке-ау, ғашық деген қандай жұмыс,  
Білмеймін мағынасын, айтшы дұрыс.  
Оқуды ғашық деген оқығам жоқ,  
Ұқтырып бұл сөзінді байқап ұрыс».

«Білмесен онан арман тіпті білме,  
Білсен де білдірмеспін саған мұлде.

Сөзімнің ғашық деген мағынасы –  
Ерекпен жас басыңдан ойнап-құлме».

Шошыды сонда Ләйлі есі шығып,  
Айтқанын шешесінің өбден үғып.  
Мұнан да жерге кірген жақсы ғой деп,  
Ұялып сырт айналып кетті бұғып:

«Ұядан жаңа шыққан қаз едім ғой,  
Ұға алмай бағанадан наз едім ғой.  
Сөз еді бұ не деген, сұхан алла!  
Ондайдан құдайға хақ, таза едім ғой.

Әжеке-ай, көп емеспін, жалғыз едім,  
Болсам да жақсы-жаман хан қызы едім.  
Қойғандай көзің көріп сөз айтасың,  
Артымнан мені қашан андып едің?

Әжеке-ай, ашуланып, налып айттың,  
Зарынды біржолата салып айттың.  
Құдайдан сұрап алған жалғызыңа  
Бұл сөзді қайтіп аузың барып айттың?»

«Қарағым, бұл сөзіңе мен не дейін,  
Демеймін жалғыз сені кейітейін.  
Әншейін үйде отырып ісінде қыл,  
Сабакқа бармай-ақ қой мұнан кейін.

Серт қылдым енді сені шығармасқа,  
Балам жоқ ермек қылар сенен басқа.  
Емессің еркек бала молда болар,  
Жетеді осы оқу да сендей жасқа».

Соны айтып шығармады қызын үйден,  
Ләйліге осы жұмыс қатты тиген.  
Қыз жиып күндіз алаң болса-дағы,  
Түн болса үйқы көрмей жанып-қүйген.

Сабакқа қын болды бармағаны,  
Көрмекке Қайыс еді арнағаны.  
Ләйлінің ғашық оты ішін өртеп,  
Бір үйде жалғыз жатып зарлағаны:

Ай нұры да азаяр,  
Айнала шеті толған сон.  
Ақ жүзіңен нұр таяр,  
Арманда болып онған сон.  
Оңбасыңа амал жоқ,  
Қызыл гүлің солған сон.  
Махаббаттан жаман жоқ,  
Бір айрылмақ болған сон.  
Кешегі біздің күн қайда,  
Күнде жайнап жүретін?  
Ойлағанмен не пайды,  
Медресе қалды кіретін.  
Қас пен ғана қабақтан  
Ымдағанды білетін.  
Айла қылып сабақтан,  
Қайыс жоқ ойнап-күлетін.  
Өшірілмей түнде шам,  
Өз үйім болды абақты.  
Қайысты көріп отырсам,  
Оқымай-ақ сабақты.  
Ғашықтық оты алдыма  
Жасымнан тартты табақты.  
Жайнаған өмір қалды ма,  
Қақтырмай-ақ қабақты.  
Мен зарладым бұл жерде,  
Қайыска үнім жетер ме?  
Жалынсам соққан желдерге  
Сөлемінді алып кетер ме?  
Біз сықылды зарлыға  
Алласы рахым етер ме?  
Көзім жетпес алдыма,  
Осымен өмір өтер ме?  
Қайысым, саған не қылдым,  
Жан, жүрегім сенде тұр.  
Сен не сездің, не білдің,  
Сенің жаның менде тұр.  
Менің жаным өзінде,  
Менде құры қеуде тұр.  
Екі көзім көзінде,  
Бір көрейін деуде тұр.  
Көзімді жұмып жатайын,  
Түсші келіп ойыма.  
Жанымды алшы, сатаіын,  
Тал шыбықтай бойыңа.

Көніліме нұрын келгенде,  
Кіргендейсің қойныма.  
Тілегімді бергенде,  
Тойдым қашан ойныца.  
Қосылмадым, қосылдым,  
Айта алмайсың бекер деп.  
Қосылуға шошындым,  
Жалыным өртеп кетер деп.  
Жанымды аяп қалмадым,  
Өзіме залал етер деп.  
Аузынан сүйіп алғамын,  
Осыным да жетер деп.  
Мен тартайын уайымды,  
Мұнымды Қайыс білмесін.  
Осы көрген жайымды,  
Ол есітіп жүрмесін.  
Қабағын шытып қамығып,  
Қайғылы өмір сүрмесін.  
Мен сорлыны сағынып,  
Медресеге кірмесін.  
Кіріп барса Ләйлі жок,  
Қайысым қайтіп шыдастын.  
Ләйлісіз жерде пайда жок,  
Осыған не амал қыласын!  
Суретімді сонда қыл,  
Құдіреті күшті құдасын.  
Суретке бер және тіл,  
Мен екен деп ұнасын.  
Софан тұрса жұбанып,  
Жалынға жанып жатайын.  
Қайысым жүрсе қуанып,  
Қайғысын мен-ақ татайын.  
Ғашықтықтың дертіне  
Күн сайын өрі батайын.  
Жетпек болсам сертіме,  
Ол үшін жанды сатайын.  
Қындық па, қызық па,  
Білемісің сырымды.  
Алла жазған сызық па,  
Көремісің түрімді.  
Бағасын ешкім біле алмас,  
Рахатқа бермен мұнымды.  
Жан переуат қыла алмас,  
Осы көрген күнімді.

\* \* \*

Мектепке ертең ерте Қайыс барды,  
Жан-жаққа Ләйліні іздең көзін салды.  
Сабакқа келмегенін есіткен сон,  
Фашыққа шыдай алмай талып қалды.

Молда да, балалар да қайран қалып,  
Үйіне науқас па деп қойды апарып.  
Су бүркіп, гүлмен желпіп ата-анасы,  
Отырды Қайыс есін жиып алып.

Айналды ата-анасы баладан кеп,  
Фаріппер зарланып жүр уайым жеп.  
Табиқта жібергелі жатыр еді,  
Баласы безек болды жіберме деп.

«Дәрігерге қаратпаймын жын қақса да,  
Дертімді ойымдағы шын тапса да.  
Құдайдан басқа менің дәрігерім жок,  
Бұл дерттен жазылмайтын кім бақса да.

Байқайын серуендең тауға шығып,  
Сабакқа ішім пісті тым қыстығып.  
Осыдан құдай ондаң жазылмасам,  
Сіздерден науқасымды қойман тығып».

Жалма-жан жабдық-сайман жиып жатыр,  
Құрбысы, құлышы қайда? Бәрін шақыр.  
Елсізге шығып алып Қайыс жатты,  
Бір сайға тігіп алып алтын шатыр.

Ләйлі деп зарланады ұзақ тұнге,  
Жұдеді қайғысы асып күннен күнге.  
Фашықтық ішін өртеп диуана бол,  
Кор болып адамдықтан шықты мұлде.

Бір құлышы әкесіне берді хабар,  
Жиылды өңкей құрбы байбатшалар.  
Ата-ана, елі-жұрты – бәрі барып,  
Қайыстан «қалайсың? » деп сұрады олар.

«Деменіз, халқым, мені құдайға шет,  
Ата-анам, хақынды кеш, мархамат ет.

Дауасы науқасымның сіздер емес,  
Аман бол, үмітінде үз, қасымнан кет.

Дертіме табылмайды сізден айла,  
Кісендер, жынды десен, мені байла».  
Аузынан аһ дегенде жалын шығып,  
Деді де талып кетті: «Ләйлі, Ләйлі!»

Ел білді науқасының не екендігін,  
Байқады дерті қатты, бекемдігін.  
Ләйліні сұрай барды жұрт жиналып,  
Білген соң шыны ғашық екендігін.

«Болыпты Қайыс ғашық балаңызға,  
Көз көрмей өтірікке нанамыз ба?  
Жасында көріспесе жылаушы еді,  
Ойланыз соны салып санаңызға.

Ләйліні жынды болды көрмеген соң,  
Жаны бар кеудесінде өлмеген соң.  
Құдайым іштен туа қылды ғашық,  
Екеуі қабат өлер, бермеген соң».

Бұл сөзге әкесі айтты: «Көнбеймін, – деп, –  
Өлсе де жалғыз қызым, өлмеймін, – деп. –  
Бұл үшін, халқым, маған өкпелеме,  
Қызымды бір жындыға бермеймін», – деп.

Ләйліні бермегенін Қайыс білді,  
Өткізді жылауменен күндіз-тұнді.  
Сауыққа, үйқы, тамақ бір қарамай,  
Айрылып ақылынан болды жынды.

Жалындал ғашық оты өртеді ішін,  
Сол қайғы ақылы мен алды күшін.  
Ғарапша «мәжнүн» деген – жынды демек,  
«Мәжнүн» деп ат қойылды соның үшін.

Бұл дертке ем ойлады жұрттың бәрі,  
Бар екен бір қария адамдары.  
Құшақтап «Байтолланы» тілек қылса,  
Көнілінен шығар дейді ғашық жары.

Мәжнүнге елі-жұрты түгел барды,  
Мекеге жүріңіз деп көп жалбарды.  
Халқы мен ата-анасы зарласа да,  
Олардың тілін алып бармай қалды.

Көнбеді «Байтоллаға» апармаққа,  
Бұл хабар жайылыпты шартарапқа.  
Баяғы асыраған сорлы кемпір,  
Сол есітіп іздең келді Мәжнүн жаққа.

«Көзіңен айналайын, Қайысым-ай,  
Қарлыққан сені жоқтап, дауысым-ай!  
Жібіткен қара тасты, қарашибым,  
Дүниенің көз жұмғанша ауысуы-ай!

Жатыр ем науқастанып есім жимай,  
Кеудеме кетті есітіп қайғым сыймай.  
Қарағым, тілегімді беремісін,  
Көзімнің қоямысың жасын тыймай.

Мекеге тілімді алыш барамысың,  
Ананды көрнеу отқа саламысың?  
Ләйлімен бірге өсірген қарызым бар,  
Хақымды мойның алыш қаламысың? »

Зарлады осылай деп кемпір ғаріп,  
Сүйегін соның сөзі кетті жарып.  
«Жылама, сорлы анам, – деп айтты Мәжнүн, –  
Хақындан құтылайын Меке барып».

Мекеге алыш барды ата-анасы,  
Көзінен тыя алмайды аққан жасын.  
Мәжнүннің зарлап айтқан сөзі мынау,  
Құшактап «Байтолланың» босағасын:

«Арғы атам – Адам Ата, хақ, пайғамбар,  
Айрылып Хаяу Анадан болыпты зар.  
Дұғасын осы арада қабыл қылдын,  
Бере көр тілегімді паруардігер!

Шығарма Ләйлі дертін жүрегімнен,  
Айырма ғашық отын сүйегімнен.  
Зарлатып өмірімде күйіп-жанғыз,  
Өзімнің болды дейін тілегімнен.

Ләйлінің мен атасам құрметті атын,  
Көніліме қатты бекіт махаббатын.  
Жолдасым – бейнет болсын, жауым – рахат,  
Көп тартқыз ғашықтықтың михнатын.

Құн сайын рахатымды қашыра бер,  
Дертімді жалындағы асыра бер.  
Көп жүргіз, бейнет көргіз, жасымда алма,  
Қайғының ең ауырын басыма бер!

Қорықпаймын жас күнімде өлемін деп,  
Айтамын бір Ләйлі үшін көнемін деп.  
Бір алла рахметіңмен уағда қылдың,  
Пендене, шын тілесе, беремін деп.

Жалғанда жануменен өткізе көр,  
Тыныштық, рахатымды кеткізе көр.  
Дүниеде қосылуға жазбасаң да,  
Өлген соң мұратыма жеткізе көр! »

Мәжнүннің осы болды бар тілегі,  
Ләйліден басқа да емес жан жүрегі.  
Ел-жұрты, ата-анаңы құдер үзді,  
Бұл дерттен жоқ екен деп түзелмегі.

Қайтадан елге жүрді қадам басып,  
Құн сайын жынды болды қайғысы асып.  
«Аң болып айдалада жүремін» деп,  
Айрылды халқыменен амандастып.

Жалынған қарамады сөздеріне,  
Жабылса бой бермейді өздеріне.  
«Ата-ана, елі-жұрты аман бол» деп,  
Көрінбей кетті алыста көздеріне.

Қаңғырып шығып кетті елсіз жерге,  
Кез болды осындай дерт қайран ерге.  
Адамнан аң сықылды көрсе қашып,  
Қосылды даладағы киіктерге.

Елсізде аңмен бірге қаңғырыпты,  
Тау мен тас дауысына жаңғырықты.  
Жартаспен жаңғырыққан жауаптасып,  
Лебізі тиген жерді жандырыпты.

«Әй, жартас, мен айтқанды сен де айтасың,  
Дертімді мазақ қылып үлғайтасың.  
Ләйлінің менен өзге ғашығы жок,  
Үктыршы, сен Ләйлі деп кімді айтасың?

Сенің де Ләйлі деген жарың бар ма,  
Ішінде мен сықылды зарың бар ма?  
Атама ғашығымның құрметті атын,  
Ынсап қыл, рахым, үят, арың бар ма?

Жандырма жанып тұрған жүрегімді,  
Ерітпе атын айтып сүйегімді.  
Ләйлінің атын жалғыз мен атайын,  
Зарлатпа, бер жалынған тілегімді?

Сенің де жарың болса Ләйлі аттас,  
Қайғылы сорлы болсаң өзім заттас,  
Сен неге қанды жасты ағызбайсың,  
Болып па ең ғашығыңың дертімен тас?

Көрмеймін көз жасыңың парлағанын,  
Кеуденің біліп тұрмын жанбағанын.  
Қайғылы бір ғаріпті мазақ қылып,  
Жарай ма ғашықпын деп алдағаның?»

Соны айтып Мәжнүн жылап зарлағанда,  
Көзінен қанды жасы парлағанда,  
Ұшқан құс, жүгірген аң шыдай алмай,  
Жиылып тұс-тұсынан андағанда.

Оларға мұнын айтса зарландырып,  
Баршасы жабырқайды тындал тұрып.  
Аңменен өбден үйір болып алып,  
Шөп оттап, су ішеді бірге жүріп.

Ләйлі деп зар қағады күндіз-тұні,  
Жылайды аң шуылдан шыққанда үні.  
Аңың да ақылы бар, хал, тілі бар,  
Жалған деп ойламаңыз, сірә, мұны.

Сол кезде бір саятшы қақпан құрып,  
Бір киік ілініпті оттап жүріп.  
Көрген соң киікті ұстап алғандығын,  
Шыдамай келді Мәжнүн зыр жүгіріп.

Жалынып саятшыга жетіп барды:  
«Ағатай, мен де осындағы едім зарлы»,  
Оқалы алтындаған тонын беріп,  
Өзімдей гаріп қой деп киікті алды.

Аңшыдан алды сатып киім беріп,  
Мәжнүннің кетті киік соңына еріп.  
Ұстаган бір көгершін және біреу  
Жолықты қарсы алдынан кездей келіп.

Қолынан алтын жүзік берді-дағы,  
Босатып қоя берді оны тағы.  
Киік пен көгершінге бас ұрады,  
Зарланып мұнын айтып ойындағы.

«Сендерге сыр айтуға ұяламын,  
Адасқан ақылымнан диуанамын.  
Залалсыз бір ғаріппін, менен қашпа,  
Аңға ерсем, адамға ермей, уанамын», —

Дейді де екеуіне кетеді еріп,  
Шөп жейді хайуанша бұ да теріп.  
Мәжнүннің сырын біліп аң қашпайды,  
Құдайым оларға да ақыл беріп.

Сонымен жүре тұрсын елсіз сайды,  
Баяғы зарлап жатқан Ләйлі қайда?  
Азғана сол туралы сөз айтальық,  
Ол байғұс жатыр екен қандай жәйда.

Мәжнүннің ғашығымен күйіп-жанып,  
Көрмейді үйқы, тамақ мейірі қанып.  
Бір тұні ай жарықта тысқа шығып,  
Білдірмей еш адамға жүр зарланып.

Сөйлесті аспандағы айды көріп:  
«Жүресің жердің жүзін сен тексеріп.  
Бір тұнде дүниені шарқ ұрасын,  
Мәжнүннен қуантсаншы хабар беріп.

Қайда жүр, тірі жүр ме, не қылып жүр,  
Ішімді ғашық оты жандырып тұр.  
Болсаң да сен де мендей күнге ғашық,  
Нұрымен жарқырайсын, жанбайсын құр.

Күн ғашық саган-дағы салды нұрын,  
Бар ма еді өзінде нұр онан бұрын.  
От салды жүргіме менің Мәжнұн,  
Аузынан шықты жалын, көрдің түрін».

Мұнан соң барды аяндал тогай жаққа,  
Жеміс пен ағаш еккен бау-шарбакқа.  
Тұндегі жылы желдің лебізімен  
Сөйлесті жасыл гүл мен жапыракқа:

«Жылы жел, ғашығымның лебіндейсің,  
Сен мені не білесің, не білмейсің.  
Желменен сыбырласқан жапырақтар,  
Шын ғашық болсан неге егілмейсің?

Тұн болса дымқыл шықпен буланасың,  
Өтірік ғашықпын деп қуланасың.  
Қан ағыз ғашық болсан жас орнына,  
Егіліп жыламайсың, суланасың.

Жел, сен де ғашықпын деп дау қыласың,  
Кей-кейде көзден жаңбыр жауғызасың.  
Жасылдың жерге біткен бәрі жарың,  
Көңілінді өркімге бір ауғызасың.

Кейде сен жапырақты ұн қыласың,  
Аямай қызыл гүлді сындырасың.  
Соғасың кейде жұмсақ, кейде қатты,  
Құбылып кімнің көңілін тындырасың».

Сөйлесті онан кейін жұлдыздармен,  
«Жаным-ай, көрдің бе, — деп, — Мәжнұнді сен.  
Жарымды жаным сүйген бір көре алмай,  
Сұрайын бір хабарын көрінгенмен.

Ей, жұлдыз, тұнде тудың, күндіз батып,  
Қасынды кімге ымдайсың қимылдатып.  
Фаріппін мен де өзіндей тұтқындағы,  
Зарлаймын күні бойы үйде жатып.

Қаптайсың тұн болғанда көктің жүзін,  
Сорлымын қатты тартқан қайғы сыйын.  
Сендерге дүниеде таса жер жок,  
Мәжнұннің тым болмаса көрсетші ізін! »

Бір жұлдыз ағып еді жерге таман,  
Дегендей қуанады жарың аман.  
Жүріпті жұлдыз акқан жаққа қарай,  
Жобасын көрсетті-ау деп осы маган.

Алдында бір адам тұр қарандаган,  
Сескеніп Ләйлі жақын бара алмаған.  
Досым ба, дұспаным ба, кім біледі,  
Байкамай жарамас деп арандаған.

Ол келген Мәжнүн екен Ләйліні іздең:  
«Ғашығым, ойлап па едің көреміз деп».  
Ләйлі айтты: «аманатынды ал, қарағым,  
Мұнан соң тірі көрмен, күдер үз», – деп.

Ойлады қызға жақын барайын деп,  
Құшақтап бір сүйгізіп қарайын деп.  
Көрем бе, мұнан кейін көрмеймін бе,  
Сақтаулы аманатымды алайын деп.

Барады, жақындаса, жанып-күйіп,  
Денеге болар емес дene тиіп.  
Екеуі шыдай алмай талып кетті,  
Аузынан алған екен бірер сүйіп.

Көрдің бе шын ғашықтың анық жайын,  
Іштегі от дәуірлейді барған сайын.  
Бұл жерде екі ғашық жата тұрсын,  
Батырдан Науфал деген сөз бастайын.

\* \* \*

Фарапта бір батыр бар Науфал атты,  
Ұстаған шаригаттың жолын қатты.  
Қайдағы қайғысы көп ғаріпті іздең,  
Соларға қылады екен мархаматты.

Жалғыз-ақ шаригатты мықты ұстайды,  
Өлсе де оған қарсы іс қылмайды.  
Шықпайды адалдықтан қылдай тайып,  
Алса да басын кесіп, бұрылмайды.

Мұнлы үшін жанын отқа салады екен,  
Қасына өскер ертіп алады екен.

Бір жерде зорлық көрген жан бар десе,  
Ерінбей әдейі ізден барады екен.

Мәжнүннің ата-анасы жүрді зарлап,  
Ізденіп ем таба алмай елді шарлап.  
Науфалға кемпір бастап алып барды,  
Кісідей суға кеткен талды қармап:

«Ей, батыр, атың шыққан жер-жиһанға,  
Қайдағы болысушы ең гаріп жанға.  
Ісі хак, шаригатқа тұзу болса,  
Таяныш болушы едің жығылғанға.

Ғадалат, рахым қонған жүрегіне,  
Ну біткен тумай тұрып сүйегіне.  
Кем-кетік бейшараның әкесіндегі  
Жеткізбей қоймаушы едің тілегіне.

Зарланып келіп тұрмыз алдыңызға,  
Бір балам ғашық еді хан қызына.  
Қайғыдан қаңғып кетті диуана боп,  
«Жынды» деп бермей қойды жалғызыма.

Екеуі ғашық болды туа сала,  
Көрмесе жылайтұғын болды бала.  
Халқымнан сұрасан да, сөзім рас,  
Осындай күйге салды хак тағала.

Қаңғырып айдалаға кетті балам,  
Өмірі қорлықпенен өтті балам.  
Осыған құдай үшін мархамат қыл,  
Сарғайып өлер халға жетті балам».

Орнынан Науфал сонда атып тұрды:  
«Батырлар, қайдасын? – деп бір ақырды, –  
Жаны үшін жаным құрбан баландық», – деп,  
Әскерін ертіп алып Науфал жүрді.

«Жалғыз-ақ болсын, – дейді, – сөзін рас,  
Жаралған сондай іске бұл гаріп бас.  
Жолына шаригаттың ісім тұзу,  
Құдайым болса жәрдем, ол құтылмас».

Мәжнүнге кешікпей-ақ жетіп барды,  
«Жарыңды өперем» деп ертіп алды.  
Қырамын, қыз бермесе, тұқымын деп,  
Ләйлінің әкесіне хабар салды.

О-дағы намыс қылды қызын бермей,  
Елшіні қайырыпты сөзге көнбей.  
Әскерін жиып алып қарсы шықты,  
Ләйліні бермеймін деп өзім өлмей.

Соғысып, екі әскер араласты,  
Қыз үшін бірін-бірі жарагасы.  
Қайтпаған жаннан беті өмірінде,  
Науфалдың батырлары қайта қашты.

Науфалдың жатқан үйі алтын шатыр,  
Сәждеге басын қойып Мәжнүн жатыр.  
Бір дүбір естіген соң Науфал шықса,  
Алдына келді қашып өңкей батыр:

«Тақсыр-ай! Қашпаушы едік жаудан ығып,  
Женіп ек жау әскерін жерге тығып.  
Шыдатпай, бет қаратпай қайта қуды,  
Ғажайып алдымыздан бір өрт шығып.

Білмедік қайдан шықты осы жалын,  
Мұндай іс болған емес бұрын мәлім.  
Сопыдан кереметті сұранызышы,  
Сол кісі біле ме екен мұның халін? »

Сопы айтты: «Мәжнүн жатыр хақтан тілеп,  
«Әскерін ғашығымның қор қылма» деп.  
Анық-ақ бұл керемет содан болды,  
Сұраныз нанбасаныз өзін әкеп».

Ол айтты: «Тілегенім рас хақтан,  
Бұл әскер келді ғой деп жарым жақтан».  
Мәжнүнге Науфал сонда жалыныпты:  
«Қарағым, дұға қылма, енді сактан.

Жатырмын қырылысып жарың үшін,  
Ойлаймын женеңін деп арым үшін.

Осының бәрі жалғыз сенің қамын,  
Аянып тұрғаным жоқ жаным үшін», —

Деді де өзі бастап Науфал барды,  
Қойдайын қасқыр тиген қырып салды.  
Ұрғызыбай андып жүріп жолдасына,  
Тірідей қыз өкесін үстап алды:

«Бермедің қызды неге сұрағанда,  
Зар қылып елі-жұртың жылағанда.  
Біреудің жалғызының қанын жүктеп,  
Тимей ме қызың байға бұ заманда? »

«Ей, батыр, дәтімді айтқыз, сөзім тында,  
Бермедім намыс ойлап мен басында.  
Амалсыз ойнасына қыз берді деп,  
Дұспаным табалайтын тұр қасымда.

Қаңғырып кетті Қайыс онан кейін,  
Жындыға қыз берем деп мен не дейін.  
Жаңада біреу келіп құда тұсті,  
Халқымнан сұраңыз, мен үндемейін.

Ләйліні айттырды деп Ебнсалам,  
Қалайша жалған айтып тірі қалам.  
Әперсен, кісі хақын өпересін,  
Өзің біл не қылсан да енді, балам».

Науфалдың қаны қашты көзі жайнап,  
Бармағын ыза болып алды шайнап.  
«Сен маган кісі хақын өперме, — деп,  
Бір жағынан Мәжнүн тұр ағатайлап. —

Алмаймын өперсен де кісі хақын,  
Бар еді Ләйліге бір жазған хатым.  
Сенімді жолдасыңнан соны жеткіз,  
Сізге жоқ онан өзге аманатым».

Жеткізбек болды Науфал аманатты,  
Осындай көрдің бе шын бекзатты.  
Шақырып Зәйіт деген бір жолдасын,  
Тапсырды қызға бер деп осы хатты.

Құтылды қыз өкесі шынын айтып,  
Қайтеміз босқа бекер сөзді үзайтып.  
Құдайың қоспаган бір ісі екен деп,  
Еліне Науфал батыр кетті қайтып.

Зарланып қалды Мәжнүн онан жаман,  
Басына қайта түсті ақырзаман.  
Далада тағы қаңғып жүре тұрсын,  
Келелік Ләйлі деген қызға таман.

\* \* \*

Бағана екі ғашық қалған талып,  
Отырган Ләйлі есін жиып алғып.  
Мәжнүнді талып жатқан тұрды құтіп,  
Бетіне торғын шәлін жаба салып.

Тұра алмай ғашық жары қалды есі ауып,  
Ләйліні даяшы қыз алған тауып.  
Мәжнүнді көрмегенсіп жүре берді,  
Өсекке қалармын деп қылып қауіп.

Аздан соң тұрды Мәжнүн есін жиып,  
Әрі-бері шәлді иіскеп жатты сүйіп.  
Онан соң Науфал тауып алғып кеткен,  
Жарынды өперем деп жанды қыып.

Ләйлі қыз үйде отырып күйіп-жанды,  
Айналды бір көбелек жаққан шамды.  
Шам менен көбелекке мұнын айтып,  
Откізді кірпік қақпай ұзак таңды:

«Көбелек, сен де мендей шамға ғашық,  
Боласың қайтіп ғашық менен асып.  
Күйсен де өлмесенші мен сықылды,  
Өлесің екі айналмай мұнша сасып.

Қарамай шыдасаншы жанганина,  
Білген соң жетпесінді арманына,  
Тартсаншы неше жылдай жар күйігін,  
Разы ма жарың өле қалғанина?

Шам, сен де лапылдайсың жанган болып,  
Көнілінде қайғылы дерт арман болып.

Байлаулы қол-аяғын, басың қара,  
Жылайсың көкке назар салған болып.

Жалындап сен жанасың жалғыз тұнде,  
Тұрасың жанбай аман ұзак күнде.  
Жанамын күндіз-тұні мен қайғыдан,  
Рахаттан күдерімді үздім мұлде.

Көзімнен, міне, ағып түр қанды жасым,  
Ғашықтың қайғылы оты – ішкен асым.  
Көзіңнің қаны түгіл жасы да жок,  
Жанғансың тұні бойы май жұтасың.

Досың – май, дұспаның – жел, тез өлесін,  
Жанғанға шыдай алмай жөнелесін.  
Сүйікті досым – бейнет, жауым – рахат,  
Қалайша енді маған теңелесін».

Соны айтып отыр еді жаққан шамға,  
Ұқсады біреу бір хат ұсынғанға.  
Қараса – ғашығының жазған хаты,  
Отырды азар шыдап оқығанда.

Хатты алып Зәйт екен келген кіріп,  
Ысылған мұндай іске талай жүріп.  
Мәжнүннің жазып берген сөзі мынау,  
Айта алсам дәл өзіндей қисындырып:

«Ғашығым, жанға өлшеген Ләйлі жаным,  
Белгілі бір сен үшін зарлағаным.  
Егерде өзің сүйіп тиген болсан,  
Қайырлы, құтты болсын жар тапқаның.

Мен-дағы сен қуансан, қуанамын,  
Күн көрген көленкенде дуанамын.  
Қарағым, жарлымысың, зарлымысың,  
Анықтап сырынды айтсан, уанамын.

Алдаған сөзім емес, байқайын деп,  
Жарыннан көнілінді шайқайын деп.  
Қосылған өзің сүйіп жарың болса,  
Ойладым разылғымды айтайын деп.

Ойымнан махаббатың кетпейді бір,  
Сен сүйсөң бөтен жарды, ол неге тұр.  
Жүрегім әлі өзімнің жарым дейді,  
Хат жаздым сандалақтап сонымен құр.

Бір хат жаз осы хатты апарғаннан,  
Алғанша хабарынды жүрегім қан.  
Шынынды айт, құдай үшін алан қылма,  
Құрбаның болсын енді бұл шыбын жан.

Жылдам бер не де болса хабарынды,  
Топырақ баспай тұрып ажарымды.  
Сен кетсөң өзге жарға, тез өлемін,  
Білмедім онан басқа табарымды».

Бар сөзін хатындағы оқып біліп,  
Қағаз бен қалам алды Ләйлі тұрып.  
Қайтадан ғашығына жауап жазды,  
Көзінің қанды жасын сия қылып:

«Бұл сөзге таңғаламын нанғаныңа,  
Жеткізер кімді жалған арманына.  
Қарағым, қайтіп аузың барып айттың  
Өзгеге сені тастап бармағыма.

Орайым бар ма менің сенен кетер,  
Ондейға алан болмай жүрсөң нетер.  
Әкемнің беремін деп айтқаны рас,  
Әуре боп болмас іске жүр ғой бекер.

Ойладым есіткенде өлейін деп,  
Сен үшін қу жанымды берейін деп.  
Тоқтаттым өзімді-өзім қайта ойланып,  
Құдайым шыны жазса, көрейін деп.

Жаратқан алла мені бір сен үшін,  
Жаралған жар едің ғой сен мен үшін.  
Барам деп өзге адамға ойламаймын,  
Көнілім бір құдайға сенген үшін.

Кім қылды бала күнде саған ғашық,  
Уандым сені көрсем мауқым басып.

Қарағым, соны ойламай неге жаздың,  
Алланың тағдырына қарсыласың.

Қарағым, мен – сенікі, сен – менікі,  
Орайсыз құры үміт қой өзгенікі.  
Алланың бекіткені бұзыла ма,  
Бұра ма құдай ісін пенденікі?

Тағдырда не жазылды, көрейік те,  
Көнілді бір аллаға берейік те.  
Көз бүрмай, көңіл бүрмай, мінез бүрмай,  
Шын ғашық бетімізбен өлейік те.

Өзге ойды, разы емеспін, көп ойласан,  
Кешікпей жолығып кет, мені ойласан.  
Көзінді көріскенде жеткізейін,  
Бұл сөзді шын емес қой деп ойласан».

Ол хатты Зәйт кетті тағы да алып,  
Кешікпей, аялдамай қайта салып.  
Адасып ақылынан жатқан жерде,  
Мәжнүнге Ләйлі хатын берді апарып.

Ол кезде жатыр еді есі кірмей,  
Қолына берді хатты Зәйт білмей.  
Алды да қалтасына сала салды,  
Зәйтті адам бар деп көзіне ілмей.

Жатқанын есі кетіп сонда білді,  
Қасында айықсын деп күтіп тұрды.  
«Ғашығың қатты науқас, шақырды» деп,  
Зәйтке біреу келіп хабар қылды.

Тұра алмай Зәйт кетті, Мәжнүн қалып,  
Жерінен түрегелді жатқан талып.  
Есіне алған хаты сонда түсіп,  
Оқыпты қалтасынан жұлып алып.

Білген соң хатын оқып көңілі тынды,  
Сөзінен таба алмады ешбір мінді.  
Ләйлінің жайын енді сөз қылайық,  
Тоқтатып қоя тұрып Мәжнүнді.

\* \* \*

Ләйлі жүр Мәжнүн үшін жанамын деп,  
Айттырған Ебнсалам аламын деп.  
Бір күні атасына берді хабар  
Қол ұстай бүгін кешке барамын деп.

Той қылып шақырыпты талай елді,  
Қанша сый тартуменен күйеу келді.  
Бір катын Ебнсалам байбатшаға  
Ләйліні кеш батқан соң өкеп берді.

Төсекке күйеу жатты, Ләйлі жатпай,  
«Қарағым, неге отырсың сөз де қатпай?  
Шеш-тағы киімінді қойныма кір,  
Ұялып отырмысың маған батпай».

Ойлады бір айла айтып қарайын деп:  
«Қасыңа ынтық едім барайын деп,  
Бір пері жас күнімнен андушы еді,  
Келіп тұр жақында сам алайын деп».

Төсектен күйеу басын жұлып алды,  
«Қайда тұр ол пері», – деп көзін салды.  
Айтса да алдайын деп Ләйлі өтірік,  
Бір пері тұсі суық келіп қалды.

Мұрны көк, тәменгі ерні жер тірейді,  
Дауысы жауған күндей күркірейді.  
«Ләйлінің құдай қосқан жары емессін,  
Қанеки, маңайынан жүрші! » – дейді.

«Ешқашан бұған жақын келме, – дейді, –  
Өзін де жүзі түгіл көрме, – дейді. –  
Біреудің ғашық жарын аламын деп,  
Корлықпен азап көріп өлме, – дейді. –

Ләйліден, өлтірмеймін, аулак жүрсен,  
Өлесің қолын ұстап, жүзін көрсен.  
Мың жаның болса-дағы сені қойман,  
Осындай іс көрдім деп хабар берсен».

Ант етті Ебнсалам: «айтпаймын, – деп, –  
Сертімнен бір айтқан соң қайтпаймын, – деп, –  
Алланың қоспағанын аламын деп,  
Мойныма кісі хақын артпаймын», – деп.

Деді де «уағдаңдан жүрме тайып»,  
Сол пері болып кетті көзден ғайып.  
Болса да іштен құса Ебнсалам  
Бұл сырын жанға айтпады елге жайып.

Ол-дағы батыр еді ер жүректі,  
Жүргегін ғашық оты елжіретті.  
Ләйлінің жүзін көрмей тұра ала ма,  
Аяғы басқан сайын кейін кетті.

Періден қорықпаса да уағдасы бар,  
Тая ма айтқанынан қайраттылар.  
Сарғайып запырандай солды жүзі,  
Болса да денесі тас қайдан шыдар.

Келсе де Ләйліменен бір жатпайды,  
Қолынан, жүзін көріп, дәм татпайды.  
Жазылмас дертті болды қайран батыр,  
Адамды шын ғашықтық шыдатпайды.

Жүргегін ғашық оты кетті шарпып,  
Күн сайын жүдей берді қайғысы артып.  
Жақындал өлер халге болды дертті,  
Есіл ер ала алмады бойын тартып.

Наукасы барған сайын кетті дендең,  
Дерт емес жазыларлық дәрігер емдең.  
Өлімге таянғанын білгеннен сон,  
Ләйліні шақырыпты жақын кел деп:

«Мен саған жар емеспін, жақыныңмын,  
Қайғымен қапыда өткен пақырыңмын.  
Именбей енді менің қасыма кел,  
Барында қоштасайын ақылымның.

Мәжнүнге ғашығынды білмеуші едім,  
Ортана, оны білсем, кірмеуші едім.  
Ол саған ғашықтығын білсем-дағы,  
Сен оған ғашық қой деп жүрмеуші едім.

Көрсөтті тағдыр маған жасырынды,  
Ашты ғой пері келіп бар сырынды.  
Көңілімді сені алмасқа бекіткенмін,  
Ойлама жалғаншы деп пақырынды.

Періден ойлап едім қашпайын деп,  
Өлермін өзер болса, саспайын деп.  
Білген соң өзімді-өзім тоқтатқамын,  
Ғашықтың сырын елге шашпайын деп.

Сорлы едім бір айтқан соң мойын бүрмас,  
Өлім мен уағда бұзған – бәрі бір бәс.  
Мәжнүнге сөлемімді айт, көре қалсан,  
Құрбы едім бір жыл туған түйдей құрдас.

Мәжнүнге жазып қойған бар бір хатым,  
Тілегім – соны тапсыр – аманатым.  
Артымнан дұға қылсын хақын кешіп,  
Ұмытпасын, Ебнсалам – менің атым.

Сен де кеш әдепсіздік істерімді,  
Көре алман енді қайтып түстерінді.  
Тағдырда қосқан болса, көрісерсіз,  
Қүйдірме қайғы ойлап іштерінді.

Мінеки қайғы ойлаған мен не болдым,  
Гүл едім жайнап тұрған, бүгін солдым.  
Деуші едім жердің жүзін аралармын,  
Жалғаның бір қызығын көрмей өлдім.

Сізді айтса, бізді де айттар кейінгілер,  
Қояды кімді жұтпай бұл қара жер.  
Алланың жазғанына ризамын,  
Атақсыз, атсыз өлер кей пенделер.

Сіздер де сөз боларсыз артқыларға,  
Жаны ашыр, жаны бардың ғашық жарға.  
Аузынан кешу алыш кетер едім,  
Мәжнүнді көрмей өлдім, амал бар ма?

Мен-дағы жеті атадан едім жалғыз,  
Қарағым, жазам болса, естен қалғыз.  
Қалыңға бергенімнің бәрін кештім,  
Малымды әкеңе айтыш жиып алғыз.

Ұзамай маған ажал келер өлі-ақ,  
Қылғамын өлдекашан сені талақ.  
Сендерге менің қылар бөгетім жок,  
Мені ойлап өз жарынан болма салақ.

Мәжнүнге айт, дұниеге қойсын сенбей,  
Жүреді неге тұзде саған келмей.  
Жарына жаны барда бір жолықсын,  
Болмасын қайдан білді о да мендей.

Айттым ғой, адаспасам, білгенімді,  
Сіздердің көрмей өттім құлгенінді.  
Дүние-ай, көрер ме екем ақыретте,  
Мәжнүнмен құшақтасып жүргенінді».

Есіркеп Ләйлі тұрып жақын келді,  
Жүрегі тазасына көнілі сенді.  
«Мен кештім, сіздер де кеш», – деді-дағы,  
Шаһадат иман айтып жөнелді енді.

Тағдырда солай жазған паруардігер,  
Бұл сырды өзге білмес, Ләйлі білер.  
Ләйлінің үйден шыққан үнін естіп,  
Жүгірді тыста тұрған күзетшілер.

Откенін Ебнсалам халқы білді,  
Бірталай, есіткен сон, жұрт жылды.  
Шығарып жаназасын таза арулап,  
Қабірін бек айбаттап күмбез қылды.

Ләйлінің ойындағы ғашық жары,  
Ойлайды байы өлді деп жүрттың бәрі.  
Өлгенін Ебнсалам сылтау қылып,  
Ішінен шықты тысқа қайғы-зары.

Мәжнүнді неге ұмытсын өлгенінше,  
Зарлайды соны жоқтап өз көнілінше.  
Отыр деп байын жоқтап халық ойлайды,  
Жасырмай жылаган соң жұрт көзінше.

\* \* \*

Шаһарға бір күн Мәжнүн келді қаңғып,  
Ойы бар бір жолықпақ Ләйліні андып.  
Бір шалды біреу ұрып жетелеп жүр,  
Кісендеп текпілейді бетін шаңғып.

Жұғіріп Мәжнүн келді «ағатайлап»,  
«Еаріпті неге ұрасың колын байлап.  
Сорлының өлде қандай жазасы бар,  
Үктырып айтыңызшы маган жайлап».

«Әкемді осы өлтірді таспен ұрып,  
Кетіпті ұрган тасы мига кіріп.  
Осыдан кегінді ал деп қазы берді,  
Жазасын тартқызамын өстіп жүріп.

Мұнымды шариғатка сыйғызамын,  
Жетелеп елден қайыр жиғызамын.  
Өлтірсем, қинасам да ерік өзімде,  
Көнбесе қазір мойнын қиғызамын».

«Жүктедің, сорлы-ау, неге адам қанын,  
Есіркеп, шықпай қалды азар жаным.  
Бар еді бұл адамда қандай кегін,  
Әкесін өлтіргенің не қылғанын?»

«Ұрып ем ашу қысып таспен атып,  
Басына жіберген тас кетті батып.  
Қатеден мұндай күйге душар болдым,  
Қайтесің мен сорлыны былшылдатып».

«Бұл шалды не қыласын, мені-ақ айда,  
Кісендер аяғым мен қолым байла.  
Бейнетті мұның үшін маган тартқыз,  
Бар дейсің қайыр сұрап, айтшы, қайда?»

Босатты өзін беріп әлгі шалды,  
Кісенді аягына өзі салды.  
Мәжнүнді шал орнына нокталап ап,  
Жетелеп әр қакпана алып барды.

«Ләйлі» деп зар қағады тынбай жылап,  
Жүреді кешке жақын қайыр сұрап.  
Отырған терезеде Ләйлі көріп,  
Жығылды есі кетіп тамнан құлап.

Дұрс етіп жерге түсті Ләйлі барып,  
Таныды оны Мәжнүн көзі шалып.  
Өлгелі өншейінде жүрген сорлы  
Көрген соң құлағанын қалды талып.

Тырп етпей жатып алды есін жимай,  
Кісі түр жетелеген оны қимай.  
Аузынан «аһ» дегенде жалын шықты,  
Қалың дерт жүректегі ішке сыймай.

Кісенді аяғынан шешіп алды,  
Ноктаны сипыра алмай кесіп алды.  
Жындыны қайтемін деп кетті тастап,  
Сорлының өлмегенде несі қалды.

Бірқатар сол арада жатты талып,  
Аздан соң екеуі есін жиып алып,  
Оңаша, қаранды тұн, еш адам жоқ,  
Ғаріппер мұндасады жақын барып.

«Қарағым, – деді Ләйлі, – қарызынды ал,  
Құшақтап, қойыныма қолынды сал.  
Жолықпақ күнде мұндай табылмайды,  
Бір татқыз тым болмаса тіліңмен бал.

Мәжнүн-ау! Ғашық болсаң сөзіңе жет,  
Дертіме осы арада бір дәрмен ет.  
Тіліңнен сорғыз-дағы бір құшақтат,  
Әйтпесе өз қолыннан өлтіріп кет.

Өлемін қосыла алмай қалсам-дағы,  
Ұмытпаймын ақыретке барсам-дағы.  
Болады сен сау қалсан, мен өлейін,  
Құшақтап шыдай алмай жансам-дағы».

Жақындал келді тілін берейін деп,  
Сорғызып мауқын басып көрейін деп.  
Аузына аузы барып тиген кезде,  
Өртеніп бара жатыр өлейін деп.

Ұмтылды құшақтайын жансам да деп,  
Бұл жерде жанып өліп қалсам да деп.  
Айқасып аш белінен жабысады,  
Өлемін ақыр қайда барсам да деп.

Лапылдал шыдатпады күйіп-жанып,  
Қолдарын кейін кетті жазып алып.  
Қараса біреу жақын келіп қапты,  
Сырт беріп жүре берді Ләйлі қалып.

Мәжнүннен бір қалмайды өлгі жаяу,  
Шаһардан шыққан кезде келді таяу.  
Кідірмей өлдекім деп кетіп еді,  
Сыбырлап «тоқтаңыз» деп айтты баяу.

Тоқтады көрейін деп мұның түрін,  
Білерлік адам ба деп Ләйлі сырын.  
Қараса өні сұрлау, жап-жас жігіт,  
Ұмытпаса, көрген емес мұнан бұрын.

Қасына келіп түрды сәлем беріп:  
«Байқадым құшақтасқан сізді көріп.  
Қойныңнан қосылғанда от шыққан соң,  
Келіп ем білейін деп артыңа еріп.

Білуші ем ғашықтықтың мен де халін,  
Жасынан сенің жайың бізге мәлім.  
Әдейі айырмакқа барып едім,  
Болушы ең мен болмасам күл мен жалын.

Білемін өлім емес саған бүйым,  
Жанынды аямайсың жалғыз тыын.  
Бейнетке шыдай алмай өлді десе,  
Болмай ма бәрінен де осы қыын.

Жолықсан құшақтама, құр жүзін көр,  
Іштегі жалын шықсын, сөйлесе бер.  
Жалғанда қосылуға жазған болса,  
Табады өзі-ақ ебін паруардігер.

Жалынға сен шыдасаң, қыз шыдамас,  
Өлтірсөң өзің өртеп, тіпті ұнамас.  
Еркектен қайда көрсөң әйел нәзік,  
Қаңғырған соны көріп мен бір ку бас.

Бар еді менің де бір сүйген жарым,  
Көрмесем құрушы еді ынтызарым.  
Шыдамай ғашықтыққа өліп кетті,  
Көп айтсам қозғалады іште зарым.

Мен сенен ақылды емен, жол көргемін,  
Қайғыны өз өлімше мол көргемін.  
Ғашығым дүниеден өткеннен соң,  
Біле алмай қайтерімді сенделгемін.

Деменіз өдебі жоқ неткен тантық,  
Айтамын жаңбасын деп ерте қамтып.  
Тең емес бакайына біз бүйткенде,  
Сіздердің ғашықтығың жұз ессе артық.

Сорлының сен де мендей біреуісін,  
Ләйлінің ғашық болған күйеуісін.  
Беремін тым болмаса хабар алыш,  
Сен менің кім екенім білемісін?

Білмесен – Зәйіт еді менің атым,  
Аз емес басымдағы михнатым.  
Бір қызға Зейнеп деген ғашық болыш,  
Күн сайын асып еді маҳаббатым.

Қыз өлді, мен артында тірі қалдым,  
Зарланып моласына күнде бардым.  
Өлгенше жолдас болыш жүрейін деп,  
Артынан өдейі іздел жаяу салдым.

Мен сениң баяғыдан досын өдім,  
Хат тасып хабарынды қосып өдім.  
Ол кезде ақылыңың жоқ кезі өді,  
Азғана айықсын деп тосып өдім.

Зейнептен сонда хабар алыш өдім,  
Деген соң қатты науқас барып өдім.  
Мен сорлы шыдай алмай жөнелгендे,  
Жия алмай сен есінді қалып өдін».

Мәжнүнге жолдас болды қоса зарлап,  
Екеуі екі қызға жылайды арнап.  
Бармаган тау, баспаған жер қоймайды,  
Шарқ ұрып дүниені жүрді шарлап.

Бір күні Зәйіт айтты Мәжнүнге кеп,  
Бір ақыл қөніліме түсіп тұр деп.  
Ләйліге ебін тауып жолығайык,  
Барайық, сен соқыр бол, мен жетелеп.

Мәжнүнді соқыр қылды қөзін тартып,  
Жетелеп, кейде арқалап, мойнына артып.  
Қолына талдан жуан таяқ беріп,  
Шаһардың көшесінде жүр сандалып.

Ләйлі де өлер болды зарлай-зарлай,  
Шыдасын о да қайтіп күйіп-жанбай.  
Қасына бір қыз ертіп тысқа шықты,  
Жатуға күні бойы шыдай алмай.

Жоқтайды Ләйлі жылап ғашық жарын,  
Қараңыз терең оймен қылғандарын.  
Бұлтқа аспандағы мұнцын айтып,  
Болады шығармақшы іштен зарын:

«Қайғырдың, қара бұлт, мұнша неге,  
Келдің бе разы болмай дүниеге.  
Мәжнүнді көре алмаған мен сықылды,  
Жүрмісің ғашық болып бірдемеге.

Қарайып, қамығасың тым құрыстап,  
Күркіреп үхілейсің дертің ұстап.  
Көңілің – от, көзінен жас жаудырасың  
Сағынған ғашық жарын маған ұқсап.

Кей-кейде шатырлайсың қаһарланып,  
Көрсетіп қайратынды тым мақтанып.  
Аузыңдан отты жалын, оқ шығады,  
Қайтесің, біз жазасыз кетсек жанып.

Фаріпке жараса ма осындай жол,  
Ешкімге, ғашық болсан, залалсыз бол.  
Қыласың бірде ашу, бірде рахым,  
Төменсің сен де менен, айтканым сол.

Сен неге күннің көзін жасырасың,  
Қайғысын қайғылының асырасың.  
Нұрымен ғашығының тұрса жайнап,  
Сұрланып жердің өнін қашырасың.

Рахымсыз неткен жаман сенің ниетің,  
Көрмесе жер мұнаяр күннің бетін.  
Күн жерге, жердегі шөп күнге ғашық,  
Дерті зор, улы жүрек болар шетін.

Қызыл гүл бұзылмай ма күн көрмесе?  
Жарынан жарқыраған нұр көрмесе?  
Рахым ет, көз жасыңдан су беріп кет,  
Қайғыдан қурап өлер дым көрмесе.

Көкорай көленкеннен күнгірт тартты,  
Көрдің бе, жер жабырқап қайғысы артты.  
Құйып кет көз жасыңды сорғалатып,  
Бұршақпен шөп қиратып жаума қатты.

Торламай, айығып кет жер мен күнді,  
Мұнайтпа күнді бермей, о да мұнды.  
Қызыл гүл – мен сықылды ол бір зарлы,  
Көре алмай күйіп жүрген Мәжнұнді».

Тұр еді көкке қарап Ләйлі зарлап,  
Жақындал екі жаяу келді барлап.  
Бұл келген бағанағы Зәйтіт екен,  
Мәжнұнді соқыр қылып жүрген алдап.

«Ағам, – деп, – көзі шыққан» айта салып,  
Жетелеп бір соқырды қасына алып.  
Әркімнен көшедегі қайыр сұрап,  
Ләйлінің маңайына тұрды барып.

Соқырға қайыр берді жиылған көп,  
Айламен Зәйтіт тапты осындей еп.  
Ләйліге жақын келді әлгі соқыр,  
«Қарағым, марқабатың болмай ма? » – деп.

Екенін мұның Мәжнұн Ләйлі білді,  
Көзі шын шықты ма деп қайғы қылды.  
Қалтадан пешеттеген бір хат алып,  
Соқырға садақа деп соны берді.

«Санап ап ашып көріп адам жоқта,  
Ішінде ақшасы бар, аз ба, көп пе.  
Қайырды көрінеу берген мақтау болар,  
Пайғамбар жасырын бер деген жоқ па? »

Берген соң сол қағазды алды соқыр,  
Ашпай-ақ қалтасына салды соқыр.  
Алса да садақасын кетіп қалмай,  
Сол жерде табан аумай қалды соқыр.

Ғашығын көре тұра кетсін қайтіп,  
Зәйт тұр алдандырып сөзді үзайтып.  
Әзгелер кет десе де тіл алмайды,  
Ләйліге кетемін деп мұнымды айтып:

«Жоқтаймын бұл көз емес, шын көзімді,  
Кім үғып, кім үқпайды бұл сөзімді.  
Бақыттың жок, дертім қатты бір сорлымын,  
Саламын жанған отқа күнде өзімді.

Бұл көзім жоқ болса да бардай көзім,  
Жоғалған шыны ғашық жардай көзім.  
Қайғыдан босанаңрық уақыттың жок,  
Көміліп топыракқа қалмай көзім.

Көрсем де дүниені көргенім жок,  
Көңілімді өзге жанға бергенім жок.  
Жалғаның рахатынан мұлде бездім,  
Шықпай тұр құры жаным, өлгенім жок.

Көзім тұр, дуа қылсан, көрейін деп,  
Көңілім тұр күйе бермей өлейін деп.  
Қайғыдан қашып өлген ерлік емес,  
Бейнетке жүрегім тұр көнейін деп.

Қалқам-ау! Өлейін бе, өлмеймін бе?  
Ем сұрай мұнан кейін келейін бе?  
Көзімнің дауасының ақысы үшін,  
Жанымды осы арада берейін бе?

Фаріппін, жылап туған өзімді көр,  
Шатасқан диуана боп сөзімді көр.  
Дертіме бұжалғанда дауа бар ма?  
Соқыр деп жиренбесен, көзімді көр».

Көтерді көленкелеп орамалды,  
Ішінен сезді Ләйлі бұл амалды.  
Көзіне құдай үшін қарайын деп,  
Білген соң жақын барды ол амалды.

Деді де көрсетеді міне көзім,  
Қараңыз айла қылып айтқан сөзін:  
«Соқырмын, тұзу тұрмай жығыламын,  
Белінден үстарат, — дейді, — мықтап өзін».

Амалмен аш белінен алды оралып,  
Жығылды шыдай алмай Ләйлі талып.  
Іштегі ғашықтықтың қызуы өтіп,  
Ләйлінің бара жатыр үсті жанып.

Жұғірді көрген жандар тұра сала,  
Соқырды Зөйт кетті сүйреп ала.  
Ләйліні өз үйіне алып барды,  
Әр жері көйлегінің күйген шала.

Ақылын жиып алды біраз тұрып,  
Бұған да айла тапты ойлап жүріп:  
«Салулы қалтамдағы сірінкені  
Жандырды-ау өлгі соқыр қактырынып...»

Бір жерін денесінің жалын шарпып,  
Күн сайын іштегі дерт барады артып.  
Жүре алмай бұрынғыдай түрегеліп,  
Біржола жатып алды төсек тартып.

Мәжнүнді оңашаға алып кетті,  
Ләйліден айрылым деп налып кетті.  
Жарының садака деп берген хатын  
Аулакта қалтасынан алып көрді.

Бір жүзік, екі бөлек салған хаты,  
Біреуі Ебнсалам аманаты,  
Біреуін өз қолымен Ләйлі жазған,  
Қоштасып ғашығына айтқан дәті.

Бұл өлең қызық емес көрер көзге,  
Сырты мұз, іші жалын, мағынасы өзге.  
Жамағат құлак салмай, ойынды сал,  
Ләйлінің хатындағы мынау сөзге:

«Қарағым! Екі хаттың бірі аманат,  
Өзіңе сәлем айтты неше қабат.  
Іші дерт, уағдасы берік, бір сорлы екен,  
Байғұстың қатесін кеш, қыл мархамат.

Өзімнің екінші хат – жазған хатым,  
Қоштасқан біржолата мінажатым.  
Көзіннен айналайын, жылай көрме,  
Мен кетсем, қалды өзінде маҳаббатым.

Қарағым, жерім қын, келе алмайсың,  
Бір келіп тілегімді бере алмайсың.  
Бұрынғы көп сөзінің бірі деме,  
Мұнан соң дүниеде көре алмайсың.

Демеуші ем, қалқам, сені күйгізейін,  
Деуші едім күнде саған сүйгізейін.  
Дененең денем тисе жана бердім,  
Өлген соң құшақтатып тигізейін.

Ғашыққа сендей шыдап жүре алмадым,  
Қойныңа, арманым сол, кіре алмадым.  
Қайтейін атым әйел, денем нәзік,  
Еркектей қайрат қылып тұра алмадым.

Сен жеңдің, мен жеңілдім, бұрын өттім,  
Жолыңа шыбын жанды құрбан еттім.  
Қолына сағынғанда қарасын деп,  
Белгіге жүзігімді беріп кеттім.

Артынан тұнеугіде біреу кетті,  
Шаһардан шыға бере саған жетті.  
Сол барған, енді ойласам, Зәйтіт екен,  
Шошыма мен Зәйтітпін десе нетті.

Сол жерде-ақ аманатың бермес пе едім,  
Құшақтап жатып сені өлмес пе едім.  
Не өліп, не қосылып сол арада  
Тағдырда не жазылса көрмес пе едім?!

Өкініп өткен іске алмас пайда  
Зәйтітей іздесен де жолдас қайда?  
Жүзімді тірі күнде бір көріп қал,  
Бір айла табар Зәйтіт осындейда.

Баптанар жай ойланып заман емес,  
Кешіксен, мен боламын аман емес.  
Зәйтітің сенен гөрі есі дұрыс,  
Зейнепке қосылам деп алаң емес.

Зәйтіке сәлемімді айт, айла тапсын,  
Бір амал жолығуга қылып баксын.  
Шошимын жүргегімнің соғысынан,  
Көре алмай, аялдасан, қалар-ақсын.

Аман бол, жолықпасаң, мұнан былай,  
Бейісте қосылуға жазсын құдай!  
Ішімді іштен тua елжіретіп,  
Еріткен жүрегімді, ғашығым-ай!

Мен үшін Мәжнұн болды-ау Қайыс атың,  
Өзгеден бөлек еді маҳаббатың.  
Көзі – нұр, көнілі майда, қарағым!  
Ішінді күйдірмесін жазған хатым.

Мен үшін кезіп кеттің айдалаға,  
Білмедім кеткенінді қай даалаға.  
Қарағым, ақыретте табысайық,  
Бұл өмір енді қайтып айнала ма?

Қарағым, аманатың кетті менде,  
Сақтап кел қарызымыңды бұзбай сен де.  
Еншалла, кейінгіге жыр болармыз,  
Есіркер, дұға қылар туған пенде.

Қарағым, басқа жарға көзің салма,  
Жалғанда опа бар деп қапы қалма.  
Біреуге аманатым беріп кетіп,  
Бейісте қосыла алмай сонда үялма.

Жалғанда білгеннен соң тұрмасымды  
Жолыңа қылдым құрбан бір басымды.  
Әншейін үлгі болсын деп айтамын,  
Білемін жанға мойын бүрмасынды.

Мен үшін тентіредің, Меке бардың,  
Құдайдан ауыр науқас сұрап алдың.  
Әншейін шала ғашық жаманша өлмей,  
Белгі боп кейінгіге мирас қалдың.

Кім қылар біздің қылған ісімізді,  
Жаратқан өзгеден жат ішімізді.  
Ғашықтың өулиесі деп-ақ айттар,  
Артқылар көрмесе де түсімізді.

Келіп жүр өлсем-дағы құмбезіме,  
Көрінер мен кеткен соң кім көзіңе?  
Әлген жоқ, мен өлсем де, маҳаббатым,  
Кетіп тұр амандастып құнде өзіме.

Кеш, қалқам! Әйел едім, нашар едім,  
Мауқынды тірі болсам басар едім.  
Зарланып қабіріме келіп тұрсан,  
Қойнымды өлім келсе ашар едім.

Құдая, қосылмадым бұ жалғанда,  
Болады мен сықылды кім арманда.  
Қақ жарып қабірімді жібергейсің  
Басыма келіп Мәжнүн зарлағанда.

Қарағым! Мен өлді деп қайғы жеме,  
Білемісің жан өлмейді, өлер дене.  
Келгенде амандаса бейітіме,  
Сөзінді айт тірідегі, өлді деме.

Құр денем білмесе де жаным білсін,  
Жанына өлгендердің мәлім қылсын.  
Сен де өліп, жаным жанға қосылғанша,  
Сағынбай дауысынды сезіп жүрсін.

Қарағым, жаза берсем, жандырармын,  
Дертінді ауырлатып қалдырармын.  
Жылама, құдай қосса, кияметте  
Құшақтап құмарынды қандырармын».

Мәжнүнге қын тиді хатты оқыған,  
Отырды шыға жаздал құр шыбын жан.  
Көзінен жас орнына қан сорғалап,  
Қағаздың беті болды қып-қызыл қан.

Қараңыз ғашығына ауган нетін,  
Махаббат билеген жан қандай шетін.  
Егіліп етпетінен жата қалды,  
Бетіне басып алып хаттың бетін.

Кеттің деп неге тастап мені қып,  
Алады анда-санда хаттан сүйіп.  
Мәжнүнді Зәйіт келіп құшақтайды,  
Көзінің о да ала алмай жасын тыйып.

Ол-дағы ақылынан кетті адасып,  
Жүрегін ескі дерті қайта басып,  
Болса да жаны темір шыдата ма,  
Қоштасып жазылған хат амандасып.

Көтерді есін жиып Зәйіт басын,  
Жек көрді хат сөзінің мағынасын.  
Мәжнүнді уатуға сөз айтады:  
«Ғашығың тірі, неге зарланасың?

Хатында бір жолық деп айтқан жоқ па,  
Бастама жаман ырым, өзір тоқта.  
Онан да жолығуға қам қылайық,  
Үмтылма күні бұрын құрулы оққа.

Бос оймен не қыласың босқа еңіреп,  
Кеттің деп неге тастап зарладың кеп.  
Өлмеген оны өлді деп өзің өлсен,  
О да айтса не дер едің тастадың деп.

Хатынан тірі екені байқалады,  
Оның да көнілі өзіндей шайқалады.  
Сендерде ғашық оты азғана ма,  
Қалайша өлмеймін деп айта алады?

Нана тұр құдай үшін бұл сөзіме,  
Белгілі менің жайым болды өзіңе.  
Кеудемде жаным болса бір қосайын,  
Жарынды көрсетемін бір көзіңе.

Әуелі мен келейін онда барып,  
Онан соң барамыз ғой қайта салып.  
Жолықпақ уағдамен жер дайындал,  
Құмарды бір басалық оңаша алып».

Соны айтып Зәйіт кетті шаһар жаққа,  
Ләйліге тірі болса жолықпаққа.  
Үміттің қауіп пенен арасында  
Теңселіп Мәжнүн отыр сандалақта:

«Тірі ме, өлі ме екен, көремін бе,  
Жолығып аманатын беремін бе?  
Келгенше қайта хабар шыдай алмай,  
Ләйліні бір көре алмай өлемін бе? »

Ойлаши осы кезде Мәжнүн қандай?  
Жанып тұр тұла бойын өрт алғандай.  
Қолымен басын сүйеп сүп-сүр болып,  
Өзінің барлығын да байқай алмай.

Жоғалар дем алысы мұлде сарқып,  
Мандаіын «үһ» дегенде жалын шарпып.  
Өзегі үзілгенше өксігенде,  
Лебізін ала алмайды қайта тартып.

Мәлдіреп екі көзі көкке қарап,  
Білмеймін қай тілекті қылды талап.  
«Ләйлі» деп өлі келсе бір айтады,  
Бетінде қанды жасы түр сорғалап.

Кей-кейде тірілгендей, өліп кетіп,  
Қотерер қайта басын қалт-құлт етіп.  
Суретін келістіріп айта алмадым,  
Қолымды жылы жүрек дірілдетіп.

Көніліне тұсірдім бе шын келбетін,  
Мұндаиды келістірмек тіпті шетін.  
Оқыса бір художник бұл сөзімді,  
Бұлжытпай салар еді-ау дәл суретін.

Жігіттер, кімді аяйсың мұны аямай,  
Шыдайды ол ғаріпті кім аямай?  
Жүрегім, маҳаббатым тоқтатпайды,  
Жазайын десем-дағы тым аямай.

Біржола өлсе, әйтеуір, жұмыс бітті,  
Бұл Мәжнұн екі өлімнің бірін күтті.  
Зәйіт кеп бір хабарын бергенінше,  
Болар ма мұнан қыын уақыт тіпті?

Болсан да шыдар ма едің қандай батыр,  
Осындай күйде болды Мәжнұн пақыр.  
Өлі емес, тірі емес бол отырғанда  
Бір адам шаһар жақтан келе жатыр.

Бір тұрып, бір отырды келгенінше,  
Хабарын не де болса бергенінше.  
Қайғыдан өмірінде бір босамай,  
Қайран жас қанғып өтті-ау өлгенінше!

Зәйіт те жай басады, ентелемей,  
Не тірі, не болмаса өлді демей.  
Мәжнұнге тұсі суық көрінеді,  
Намасын алып келген періштедей.

«Ей, Зәйт, қандай хабар алып келдің,  
Сұрланып, қаның қашып нағып келдің.  
Шынын айт, азар болса өлген шығар,  
Тірі деп болмай іздең барып келдің!»

Жолдасым, көргенінді бұрып айтпа,  
Мені аяп ет-жүрегің жылып айтпа.  
Жүзінде ғашығымның өлімі түр,  
ҚұрбымысЫң, маған айла қылып айтпа!»

«Ғашығың, – деді, – аман, маған нансаң,  
Жалған деп амалым не нанбай қалсаң?  
Күні ертең жолығуға сөз байладым,  
Бақшада жолығасың, кешке барсан!»

Біз барып отырмақпыз көп зиратқа,  
Бақша бар оған жақын шаһар жақта.  
Ымыртта Ләйлі келмек бақшасына,  
Сол жерде уағда қылды жолықпаққа!»

Нандырды не қылса да жылы сөзбен,  
Ғашығы тірілгендей күдер үзген.  
Отырды таң атқанша азар шыдап,  
Қан ағып жас орнына екі көзден!»

Бейнетті рахат десіп ғашық жарға,  
Тегінде, шыны да сол байқағанға.  
Зейнеппен жүргендегі жайын айтып,  
Ермек қып Зәйт отыр ұзақ таңға!»

Бұл Мәжнүн тұра тұрсын таңды күтіп,  
Кетпелік Ләйліні де тіпті ұмытып.  
Бағана төсек тартып жатты деп ек,  
Салмақты болып дерті қайғы жұтып!»

Ол Ләйлі күннен күнге нашарланды,  
Ұйқы жоқ, тыныштық жоқ, астан қалды.  
Бір сүмдық денесінен сезді-дағы,  
Шақырып ата-анасын қасына алды!»

«Ата-анам, бір сөзім бар сіздерге айттар,  
Өмірін ажалдының кім үзайтар?  
Кетейін амандасып сырымды ашып,  
Жалғаннан уақыт жетті енді қайтар!»

Жыбырлап сорлы жүрек қайта сокты,  
Болмаңыз іздең өуре кеткен жоқты.  
Мәжнүнге тұа сала ғашық едім,  
Мінекей болдым соған айтқан тоқты.

Жасымда-ақ шыдамаппын оны көрмей,  
Қойдындар көре тұра мені бермей.  
Бұл сізді табалаған сөзім емес,  
Тағдыр сол, қалған шығар жөні келмей.

Енді мен сыр айтуға ұялмаймын,  
Айтпауға жүргегімді тыя алмаймын.  
Тіріден өлі кісі ұяла ма?  
Әйтеуір дүниеде тұра алмаймын.

Жастықпен болғамын жоқ жүре ғашық,  
Кетпедім тым болмаса мауқым басып.  
Шыдамай бір құшақтап сүйемін деп,  
Өртенді өне бойым дертім асып.

Күйеуге бермей және қоймадындар,  
Той қылып, жүртты жиып ойнадындар.  
Сен бердің, тәнірім бермей сақтап қалды,  
Алды деп Ебнсалам ойладындар.

Хаты бар малын сізге берген қаттап,  
Сырының сонда жазған бәрін даттап.  
Өзімді жүзім түгіл бір көре алмай,  
Сонан да қалып еді құдай сақтап.

Мәжнүннің жанында бар жазған хаты,  
Шықты құр алды деген жаман аты.  
Сарғайып құсаменен өліп кетті,  
Оның да менде болып махаббаты.

Мәжнүнге жас күнімнен бас ұрушы ем,  
Ұйқымды бір сол үшін қашырушы ем.  
Өлгенін Ебнсалам сылтау етіп,  
Дертімді онан бұрын жасырушы ем.

Ата-анам, мен өлемін, сен қаласын,  
Айрылып жалғыз қыздан сандаласын.  
Өлімге таянғанда талып кетсем,  
Бетімнен сүйемін деп қамданасын.

Бетімнен, етімнен де сүйменіздер,  
Біреудің ғашығына тименіздер.  
Денемнің өлсем-дағы оты сөнбес,  
Жалынды сүйемін деп күйменіздер.

Десеніз жанға өлшеген жалғыз балам,  
Кешіндер қарызынды, ата-анам!  
Тілегім, өлерімде сүйме мені,  
Мәжнұннен басқа жанға тәнім арам.

Қиянат қылмаңыздар Мәжнұн жасқа,  
Мен үшін қаңғырды ғой тау мен тасқа.  
Баршасын дүниенің қылды талақ,  
Жалғанның несін алды менен басқа!

Өлген соң қабіріме Мәжнұн келер,  
Маңымнан аулақ кетсін онда өзгелер.  
Жетпей ме тірілікте бермегенің,  
Денемді тым болмаса оңаша бер.

Басымда зарланғанда Мәжнұн келіп,  
Шыға тұр қабірімді оған беріп.  
Күйеуің қызыңменен қосылғанда,  
Тұрғаның ұят болар көзің көріп.

Ол кірер қабірімді ашып қойыныма,  
Айқасып салар қолын мойыныма.  
Болса да ол киімшең, мен жалаңаш,  
Ұнай ма қарағаның ойыныма.

Лақатты кендеу қазғыз сол сыярлық,  
Қылмасын екеуімізге қабір тарлық.  
Мәжнұнмен бір бейітте қосылуға  
Құдайдан, еншалла, болар жарлық.

Бұлжымай осы сөзім келер анық,  
Болса да сізге күмөн, маған қанық.  
Қабірге кіріп өлсе, қозғамаңыз,  
Сыртынан жаназа оқып қайтсын халық.

Мәжнұнге хат жазғамын мұнан бұрын,  
Қоштасқан сол хатта бар барша сырым.  
Көрсөніз, үш қайтара сәлемімді айт,  
Аласарт жастығымды енді ақырын».

Әкесі уағда берді: «Ұнадым, — деп, —  
Қарағым, айтқаныңды қыламын» деп.  
«Қош, — деді, иман айтып көзін жұмды, —  
Сөйлеуге бағанадан шыдадым», — деп.

Болғанын бір сүмдықтың көзі көрді,  
Ойбайлап ата-анасы жылай берді.  
«Мәжнүн!» деп жан шығарда үш айтты да,  
Жалғаннан Ләйлі сүйтіп жөнелді енді.

Немене айтып-айтпай, дүние шолак,  
Адамның осы жүрген бәрі қонақ.  
Еріткен тас жүректі қайран Ләйлі,  
Алды-арты өмірінің болды сол-ак.

Есіркеп елі-жұрты көп жылады,  
Ләйлі үшін қатты уайым жеп жылады.  
Мәжнүнге сұрағанда бермей қалған  
Обалы өкесіне деп жылады.

Арулап ертең түсте жаназалап,  
Қабірге алып жүрді солай қарап.  
Ішіне бір күмбездің қойды-дағы,  
Сандықтап мәрмәр таспен қойды қалап.

Сіздерден білген сөзді аянбалық,  
Бұл бітті, Мәжнүнге аяндалық.  
Бақшада жолығам деп күтіп еді,  
Біз енді соның жайын баяндалық.

Отырды таңды күтіп талай заман,  
Күн шығып, жақыннады түске таман.  
Айналып өңгімеге отырғанда,  
Бұзылды Мәжнүн өні тіпті жаман.

Қадалды сұп-сұр болып көкке қарап,  
Зәйт жүр не болды деп жанасалап.  
«Ләйлінің жаны келіп шақырып тұр,  
Қасында бірталай жан жүр анталап.

Зәйт-ау, Ләйлі саған кез келді ме,  
Шынымен мәні тастап жөнелді ме?  
Ләйлінің өткеніне көзім жетті,  
Дұрыс айт, кеше өлді ме, жана өлді ме? »

«Қарағым, – деді Зәйіт, – кеше кеткен,  
Кезімде өткен еken жана жеткен.  
Болған соң өбден қойып айтайын деп,  
Мен сізден жасырып ем со себептен.

Кеше айтсам кешікпейсін, тез баrasын,  
Ләйліні өліп жатқан бас саласын.  
Құшақтап өліп кетер деп ойладым,  
Өлімге онсыз-дағы қасқарасын».

«Зәйіт-ау! Енді отырмыз кімге айналып,  
Мен тірі жүре алам ба онан қалып?  
Жүр-жүрлеп жаны келіп шақырып тұр,  
Қабірін тұра көрсет тез апарып».

Тоқтамай соны айтты да кетіп қалды,  
Ләйлінің бейітіне жетіп барды.  
Тұлкі алған қыран бүркіт сықылданып,  
Құшақтап қу моланы жатып алды:

«Қарағым! Неге кеттің ала кетпей,  
Қор болып мұратыма қалдым жетпей.  
Сен үшін тыным алмай үш жыл жандым,  
Артыңа тастанап кеттің рахым етпей!

Қарағым! Мен өлген соң, неге өлмедің,  
Білесің, бір сен үшін не көрmedім.  
Жаныңнан жанымды артық көргенім жок,  
Тартайын бейнетінді деп өлмедім.

Сөзіңе не де болса көнбес пе едім,  
Жанымды сұрасаң да бермес пе едім?  
Көзімше ең болмаса өлсен етті,  
Құшақтап жатып сені өлмес пе едім!

Ғашығым, неге кеттің мені тастанап,  
Шақырып алып келді жаның бастап.  
Қабірдің астында сен, үстінде мен,  
Қосылмай өлейін мен мола жастап!

Қалқам-ай! Қайта тұрып, жүремісің,  
Қабірге мені де ала кіремісің?

«Өлген соң тигізейін денемді», – деп,  
Хатында жазғанынды білемісін?

Өлсөн де келгенім жоқ қашайын деп,  
Мауқымды келіп түрмyn басайын деп.  
Хатында алдамасаң, тагы айтқансын,  
«Сен келсөң, қойынымды ашайын», – деп.

Сен кеттің, тірі қалдым, ұлғайды арман,  
Айрылып сорлы болдым ғашық жардан.  
Айтқаның қате болып көріп пе еді,  
Өлген соң бола ма енді сөзің жалған.

Тіліңнен сорғыз дедін, бермедім бе,  
Жеріне уағдаласқан келмедім бе.  
Карызым мойынында кеткен жоқ па,  
Жұзінді шыныменен көрмедім бе?

Деме сен «өліп қалдым, сен менен қаш»,  
Айтқаның рас болса, қабірінді аш!  
Жаталық бір орында құшактасып,  
Болсак та мен киімшөң, сен жалаңаш».

Жіберді сол қабірді тәнірім жарып,  
Ләйліні құшактады Мәжнүн барып.  
Қайтадан қалыбына түсті сандық,  
Қосылды осылайша екі ғаріп.

Қабірдің Зәйіт-тагы басында еді,  
Кете алмай жолдасының қасында еді.  
Жалғаннан сөйтіп өтті Ләйлі, Мәжнүн,  
Сол жылы дәл он алты жасында еді.

Сыртынан жаназа оқып халқы кетті,  
Бұл өлім талай жанды еніретті.  
Аямай ажал шіркін кімді алмайды,  
Ол тұғіл пайғамбарға қаза жетті.

Зәйіт пен Ләйлі, Мәжнүн ата-анасы  
Зарлаумен сонда тұрып өтті жасы.  
Мәжнүнді асыраған сорлы кемпір,  
Оның да сол арада бітті жасы.

Жігіттер, ендігі сөз – менің сөзім,  
Мәжнүннен аз-ақ кейін көрген күнім.  
Мен ондай қызға ғашық болмасам да,  
Ғаріппін дерті қалын, шын осыным.

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,  
Берейін атын атап, ұқсаныздар:  
Махаббат, ғаделет пен таза жүрек,  
Бостандық, терен ғылым, міне, осылар.

Жарамас сөз үғуға сыртқы құлак,  
Іштегі құлағынмен тында, шырак!  
Бұлар жоқ дүниеде деп ойлама,  
Қазақта ол бесеуі болмас бірак.

Ол қайдан табылсын деп ойына алма,  
Елде жоқ нәрсе ғой деп айта салма.  
Ақылға мүмкін істің бәрі «мәужіт»,  
Өлгенше ізденіп бак, қапы қалма.

Махаббат бұрын өлді, мен тірімін,  
Көп иттің жұлып жүрген жемтігімін.  
Баста бак, қолда дәulet болса-дағы,  
Осы елдің өз ойымша кемтігімін.

Ақ жүрек, ғаделетке қолым жетпей,  
Қу жаным қуарып жүр өліп кетпей.  
Ішінде көп арамның жүргенімше,  
Құдайым тез алса екен тентіретпей!

Дегенім «қол жетпейді» ақым емес,  
Жорысан қозғалысінде олай, макұл емес.  
Таппадым таза жүрек, арманым сол,  
Адалға елі-жүртүм жақын емес.

Қазақта қайдан болсын терен ғылым,  
Түбі арам айла қуган өнкей жылым.  
Іздеген бес ісімнің бірін таптай,  
Не болды қайғы болмай көрген күнім?

Өзім де тап баспаймын ғаделетке,  
Үрғызбай кетейін деп көп жендетке.

Сонымен өз бойымды арамдадым,  
Айтарлық емің бар ма мұндай дертке?

Құбылдым, қүйқылжыдым, шатып бақтым,  
Бір мезгіл білмегенсіп жатып бақтым.  
Шыдатпай шымбайыма батырган сон,  
Ол атса, мен де оларды атып бақтым.

Жынданды бәрі бірдей барған сайын,  
Теренге кете берді салған сайын.  
Көнілім дүниеден суи берді,  
Халқымнан күдер үзіп қалған сайын.

Алған жоқ ешкім жеңіп өзімді өлі,  
Кеткен соң не қылайын елдің сәні.  
Махаббат, жылы жүрек, ақ пейіл жоқ,  
Құрысын мені бүйтіп «хан» қойғаны.

Мәжнүннен менің дертім болды қалай?  
Басымда бар емес пе қайғым талай?  
Мал емес, мансап емес іздегенім,  
Жазылмас жара берген құдайым-ай!

Бостандық – бойымдағы бір арманда,  
Өзімді-өзім билеп жүре алғанда.  
Еріксіз не сүйдіріп, не қүйдірмей,  
Қоя ма қазақ тыныш бұ жалғанда?

Не кулық, не сұмдықпен жұмысым жоқ,  
Алдаған айла қылып бір ісім жоқ.  
Арсызben араны ашық арпалысып,  
Жалғанда тақатым жоқ, тынысым жоқ.

Басында Мәжнүн болды барға ғашық,  
Жолында бір Ләйлінің жанталасып.  
Мен сорлы жокқа ғашық болып өттім,  
Менікі кеткен жоқ па онан да асып?

Қазақта ғаделетті ғалым бар ма?  
Бұл күнде момын жемтік залымдарға.  
Мұным не, жокқа ғашық болған емей,  
Мәжнүнше зарламасқа халім бар ма?

Болса да сыртым бүтін, ішім тұтін,  
Үзеді тірі жаннан кім үмітін.  
Өлі деп есеп қылсаң болар мені,  
Деуші едім туысқанға ерте күтін.

Мұнымды ескермеді бірде-бірі,  
Кояды естиді де оны құры.  
Талайдан сөзім анау, өзім мынау,  
Жүрер деп ойлайды екен қанша тірі.

Ақ жүрек таба алмадым елді шарлап,  
Халқым деп жабырқадым күнде зарлап.  
Ләйлінің қабіріне барғандаймын,  
Табамын мен де қабір бір күн қармап.

Дертімді асырманыз, бөгеніздер,  
Мактайды өзін-өзі деменіздер!  
Оны айтсан, сүйегімді кеміргенің,  
Жемтікті иттен қалған жеменіздер.

Оның же, кімің жесен жемтігімді,  
Тоймасаң толтыра бер кемтігінді.  
Адамға адам еті халал емес,  
Өзің біл ойламасаң ең түбінді.

Қуансаң етім саған бұйырғанға,  
Қасқырша табандап тарт сыйырғанда.  
Мені жеп тірілікте тоймасаң да,  
Тоярсың көзіңе құм құйылғанда.

Тағы жұт қарыныңды томпайтпасам,  
Болмассың біржолата шоңқайтпасам.  
Қыл көпір, тас таразы құрылғанда,  
Аузым жоқ өзір менің, сонда айтпасам!

## ҚОДАРДЫҢ ӨЛІМІ

Ой қозғайды оңаша таудың басы,  
Откеннің ойға түсіп тамашасы.  
Қолтығына қабағын түйіп қарап,  
Әнен түр Қодар өлген құз-жартасы.

Тастан тайып өлген жоқ, құздан құлап,  
Оны өлтірген ағайын қарындасы.  
Ел бұзатын ерсі істі өршітпеске  
Дарға асып, таспен атқан өз агасы.

Ол Қодар барымташы ердің басы,  
Жыртылмасын деп жүрген ел жағасы.  
Ар сүймейтін бір істі қылғаннан соң,  
Аямаған Олжайдың кәрі-жасы.

Ойласаң, бұл істің көп мағынасы,  
Не қылған ескі жақсы, соны ойлаши.  
«Алтынды ер атқа тисе, отқа жақ» деп,  
Өз бауырын өлтірген ел данасы.

Не күндеңстік, немесе кек қуған жоқ,  
Ел бұзбауға ойлаған бұл айласы.  
Осы күнгі «жақсының» бірталайы –  
Ұры, қары, қу, сүмның жан жолдасы.

Қазақ қайтіп ел болар, қарағым-ау?  
Бұл ұзамай құриды, сөздің расы.  
Некалайдың иісі осы елде тұр,  
Ондыра ма сәулесіз өңкей масы.

\* \* \*

Арғы атамыз Олжайдан үш үл болар,  
Айдос, Қайдос, Жігітек, міне, осылар.  
Қайдостың бір баласы Борсақ деген,  
Соның бір тұқымы еді батыр Қодар.

Бар еді сол кісінің бір жақсы ұлы,  
Қаза жетіп өліпті сол бір жылы.  
Жесір қалған келінін Қодар алып,  
Қылмайтын істі қылған құдай құлы.

Жасырмай айта берсем, сөздің шыны –  
Құдайға ерегісіп қылды мұны.  
«Баламды алсан, мен де алдым келінімді,  
Қане, ата ғой деп қылдым, – дейді, – осыны».

Осы сөз жайылышты елге тарап,  
Кемітіп, мін қыларлық іске жарап.



Тобықтыны билейтін Құнекенің  
Бетіне басты осыны төре Барак.

Әділ деп ел мақтаған Құнанбайды,  
Көзінше жан әдепсіз іс қылмайды.  
Ұрлық, зорлық, зұлымдық – бөрін тыйып,  
Арам деп атқызбаған насыбайды.

Ол кезде орыс онша кіріскен жок,  
Қазақтың еркі өзінің қолында бол.  
Тамам жақсы жиылып Құндыздыда,  
Арғын, Найман бас қосып жасапты топ.

Құнекең Баракпенен жасы құрбы,  
Қатты тату, қалжындалп ойнап жүрді.  
Насыбайын атамын деп төре Барак  
Шақшасын тықылдатып үстелге ұрды.

Мұнысын Құнекемнің көзі шалды:  
«Ей, төре, неге атасың? – деп-ақ салды, –  
Әрі арам, әрі ысырап, бір былғаныш,  
Бұл құрғырда қалайша сертің қалды?»

Мінеки сондағы айтқан Барак сөзі  
(Ойнайтын оңаша емес, көптің көзі):  
«Мұны көрсөң, қойдым, – деп отқа салды, –  
Көрмейсің өз келінін алса да өзі».

Құнекең білмеуші еді Қодар жайын,  
Ойланып, аң-тан қалды қылмай пайым.  
Аулакта сұрап еді, Барак айтты:  
«Мұны қылған жат емес, өз Олжайың».

Еліне келе сала сұрастырды,  
Әркім-ақ айтып берді анық сырды.  
Олжайдың бас адамын жиып алып,  
Осы Хан өзенінде кенес құрды.

Қайдос, сірә, көп жүрмей жасында өткен,  
Үлкен ұлы Бекенші ерте ержеткен.  
Сондыктан Қайдос аты аталмайды,  
Ол тапты Бекенші деп атап кеткен.

Сүйіндік – басты адамы Бокеншінің,  
Кажы айтты: «Мына жұмыс бізге бір сын.  
Ел бұзарлық іс кылды естілмеген,  
Мұнысына не айтасыз інініздің?»

Сүйекен айтты сонда: «Ей, көп халык!  
Мынау іс бола берер бетке салык.  
Кейінгіге жұқтырмай кеселдерін,  
Екеуінің көзін де жоғалталық».

Жөн көріп осы сөзге бәрі ұнасты,  
Ешкімге білдірмеске баталасты.  
Қодарды алдап ұстап әкелуге  
Жұмсады Олжайдагы құрбыласты.

Ол жүрген өз келінін алып қашып,  
Жастар барып косылды араласып.  
«Молдадан пәтуа сұрап ел жіберді», –  
Дегенге нанды Қодар кара басып.

«Семейге кеткеніне бес күн болды, –  
Деді олар, – келетүғын мезгіл толды».  
Соны айтып алдандырып отырғанда,  
Асығып ат терлетіп біреу келді.

Караса, Керей жорға Жұмабай ол,  
Құнекеннің атшысы, айласы мол.  
«Бес-ақ күнде әкелдім пәтуа, – дейді, –  
Сүйіншімді аламын – жұмысым сол.

Мен барған соң молдалар көп кенесті,  
Аяғында мәнісін өбден шешті.  
Құрым іліп би үйін жеті айналса,  
Оған неке киюга мүмкін десті.

Бізге кисық болса да істін басы,  
Дұрыс көрді Семейдің ғұламасы.  
Бетімізге енді ешкім баспайды деп,  
Куанып жүр Олжайдың көрі-жасы.

Тез әкел деп қуанды Құнанбай да,  
Деп отыр шаригатшыл Барак қайда...»

Үйретінді сөзді айттып тамылжытты,  
Айлакештің керегі осындайда.

Өтірік шаригатты айтты жайлап,  
Куанып Қодар ер де оттай жайнап.  
«Сүйіншім» деп қанжарын алдап алып,  
Келген соң Қодекенде алды байлад.

Сүйекең Құнекенде айтты сонда:  
«Мұндайда не жаза бар тұра жолда?  
Қылайық шаригаттың бұйырғанын,  
Өзгеміз емеспіз ғой сіздей молда».

Қажы айтты: «Бұлар сөйтіп қаза таппақ –  
Жиылып осы қауым таспен атпақ.  
Зинақордың жолы осы шаригатта,  
Жаназасыз солайша шіріп жатпақ».

Екі антқа жаны ашысын кім елжіреп,  
Беттеріне түкірді бәрі де кеп.  
Борсақтың басты адамы батыр Қиял  
Болмады «таспен атпай, дарға асам, – деп. –

Екеуін өлтірмеймін құр қинамай,  
Бейнетті көрсетемін бұған талай».  
Екі атанға арыспен арқан артып,  
Жүрді жының жылқы айдар шатқа қарай.

Анау жартасқа апарды елден таса,  
Терең құз Хан өзенге қойған аша.  
Қатын сонда Қиялға жалыныпты:  
«Қодарды бір сүйгіз, – деп, – тым болмаса».

Ауызға «сөйлеме» деп қойып қалды,  
Екеуінің мойнына арқан салды.  
Арыска артып атанды тұргызғанда,  
Жиырылып, бір созылып көп қиналды.

Жаны ашып кім қылады бұған жәрдем,  
Қиналғаны үнайды онан да арман.  
Қу ағаштай сіресіп қалған кезде,  
Өлді ғой деп босатып алды дардан.

Қатын өлді, ол бір қу сүйекке есеп,  
Байқаса, ышқынады, Қодарға кеп.  
Бір-екі жас құрбысы жүгіріпті,  
«Бір кісіге екі өлім болмайды» деп.

Тайлақбай сол кезінде жастау бала,  
Жақсыларға сөз айтты тұра сала:  
«Құнекем мен Сүйекем, мынаны өлтір,  
Бөбен болсын демесең шын масқара».

Қодардың есі кірді көзі жайнап,  
Жалынды тұрған көпке ағатайлап.  
Алып шығып, жартастан домалатты,  
Қол-аяғын артына мықтап байлап.

Барып ойға түскен соң таспен атты,  
Көпке шейін тыптырлап тулап жатты.  
Әбден өліп болған соң отын әкеп,  
Екеуінің сүйегін отқа жақты.

# МАЗМУНЫ

## Өлеңдер

Жастық туралы .....	6
Көрілік туралы .....	9
Жастарға .....	11
«Жаз келер, қысты құнгі қысым өтіп...» .....	21
Арман .....	22
«Жырыма үш жасымда...» .....	23
Ашу мен ынсап .....	26
Шаруа мен ысырап .....	31
Анық пен танық .....	33
Махаббат пен құмарлық .....	35
Дүние мен өмір .....	36
Мактау мен сөгіс .....	39
Міндеу мен құндеу .....	40
Өзіме .....	41
«Көкіректе толған шер, көніл қаяу... » .....	42
Бай мен кедей .....	43
Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым .....	45
«Қазақтың жаманы болмас...» .....	49
«Көкорайға қонғанда...» .....	49
«Амандаса келісіп...» .....	49
«Бағылан етін балқытып...» .....	50
«Мен бір – тілсіз көлікпін...» .....	50
«Мен кеттім де, сен қалдың...» .....	50
«Жоқ болса ақың өзімде...» .....	50
«Біреудің мінін кешірсөң...» .....	51
«Мен өтермін, кетермін...» .....	52
Өмір .....	52
«Үш-ақ түрлі өмір бар – бәрі де мас...» .....	53
Мал жимақ .....	53
Насихат .....	54
Сәнқойлар .....	55
«Бір салмойын сал келер...» .....	56
Ызақорлар .....	57
Еріншек .....	58
Құмарлық .....	60
Қалжыңшыл қылжақбас .....	62
«Сөз сынап, өлең өлшемек...» .....	63
Ажалсыз өскер .....	64
«Өлімнің хак екенін көрсөң де...» .....	65
«Шаранамен туып едің...» .....	66
«Достыңыз зор, дұспаның қор...» .....	66
Насихат .....	67
Бояулы суыр .....	69
Қаншыр мен бөдене .....	71

Ақылшы тортай :.....	73
Талап пен ақыл .....	75
«Көрілік – шал деген бір, ат қылғандай...» .....	76
«Ей, көп халық, көп халық...» .....	77
«Мен қорқамын, қорқамын...» .....	77
Мұнды шал .....	78
Ақындарға .....	80
«Жасымнан жетік білдім түрік тілін...» .....	81
«Адамның ең жақсысы...» .....	81
«Мен жатырмын онаша...» .....	83
«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына сөз жазушыларға .....	83
«Жапанда жалғыз жаттым елден безіп...» .....	86
«Адамнан артық жандық жаралмаған...» .....	86
«Тұмақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы...» .....	87
«Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нүр...» .....	88
«Наушеруан анда жүріп киік атқан...» .....	89
«Ескіден қалған сөз теріп...» .....	90
«Өлім шыққан ауылға...» .....	91
«Ойбайлап шабу мақұл ма?» .....	92
«Көрілік – құтылмайтын бір қазған ор...» .....	93
Шын бақ қайсы? Күншіл кім? .....	94
«Айна қойдым алдыма...» .....	94
Қазақ .....	95
Насихат .....	96
Қош! .....	97
Шошыма, ойым, шошыма! .....	99
«Кейбіреу безді дейді елден мені...» .....	99
Адам немене? .....	101
Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы .....	103
«Анадан алғаш туғанымда...» .....	105
«Бұл ән...» .....	107
«Қай жолдассың, айтшы, сен?» .....	109
Көніл .....	111
Тау басындағы ой... .....	112
«Күннен неге түсіп түр мұнша жарық...» .....	113
«Қаранды мен жарықты жүрміз өлшеп...» .....	113
«Шымды жерде көресіз қара топырақ...» .....	114
«Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?» .....	114
«Бұл кездегі діндердің бәрі нашар...» .....	115
«Бейіс, дозақ молда айтқан сияқты емес...» .....	115
«Ұждандыны мақтайды тамам адам...» .....	116
«Тура жолда қайғы түрмас...» .....	117
Адамшылық .....	120
«Қаламым – қарындастың – жан жолдасым!» .....	120
«Тан» журналына жаңа әнмен байгазы .....	121
«Молдалар өзгелерді көпір дейді...» .....	123
«Тан» журналына тагы бір әнмен байгазы .....	124
«Адамның еркі қайда», – деп ақылдан сұраганым .....	125

Ақылдың жауабы .....	127
«Аңшылық өуелінде кандай тәтті...» .....	128
Корқыттың сарыны .....	128
Тіршілік, жан туралы .....	131
«Кетті—келді...» .....	138
«Аурусыз жанға айла жок...» .....	139
«Мал да аяулы...» .....	139
Иманым .....	139
«Шошыма, достым, сөзімнен...» .....	141
«Шын асықтың әрбірі...» .....	142
«Әлемді түгел мен көріп...» .....	144
«Күндегі таныс күн мен түн...» .....	145
«Шыннан өзге құдай жок...» .....	145
«Анық асық — әулие...» .....	146
«Тәңіріні іздеп бір мұнғыл...» .....	147
«Бейісте бар сұлу жар...» .....	148
«Өртейін деп отқа көмдім...» .....	149
«Жар көрмеген надандар...» .....	149
«Сиқыр сөзбен арбасан...» .....	150
«Өмір сырын көздесен...» .....	150
«Жүректен аққан қанымнан...» .....	151
«Ақылдан бойға сыр тарап...» .....	152
«Ғылымсыз адам — айуан...» .....	153
«Қобызым неге сарнайды?» .....	154
«Зұлымдық қылып елді жеп...» .....	155
«Әбден толып жарық ай...» .....	156
«Қырық жылдан өтіп жасым...» .....	157
«Ақыл құсы адаспай аспандаса...» .....	160
«Тауық неге шақырар сағат сайын?» .....	161
Дін .....	163
Тәңірі мен жан .....	164
Адамдық борышың .....	167
«Ойдан шығарылған бар түрлі әндерім...» .....	167
Қош, жұртым! .....	169
«Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей ...» .....	169
...ға жауап .....	170
Жайлаудың баласымен айтысқан өлеңі .....	171
Жұмбактар .....	175
Жұмбактардың шешуі .....	177

## Поэмалар

Қалқаман — Мамыр .....	180
Енлік — Кебек .....	191
Нартайлақ пен Айсұлу .....	211
Ләйлі — Мәжнүн .....	235
Қодардың өлімі .....	286

ШАКАРИМ АКАУЛДЫҚ КАЛАМАРЫ  
СТИХИИ И ПОЭМЫ  
Сборник стихий и поэм Шакарима  
Казахский язык - казахский перевод  
Анна Борисова, Альбина Тимашева  
Составитель: Альбина Тимашева  
Издательство «КазАзат»  
Адрес: 050000, г. Алматы, ул. Абая, 10  
Телефон: 255-22-22  
Факс: 255-22-22  
E-mail: kazazat@mail.ru  
Сайт: [www.kazazat.kz](http://www.kazazat.kz)  
**Художественное издание**  
**Шакарим**  
**ҚАЗАҚ АЙНАСЫ**  
**Стихи и поэмы**  
**(на казахском языке)**

Бас редакторы *Ә. Пірманов*  
Редакторы *Қ. Лұқпанұлы*  
Көркемдеуші редакторы *Д. Нұрышев*  
Техникалық редакторы *М. Оразбекова*  
Корректоры *Ә. Кенжалина*

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия  
комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.